



**ХАЛЫҚТАРДЫҢ РУХАНИ
ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА
ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ РӨЛІ**

ұжымдық монография

**ХАЛЫҚТАРДЫҢ РУХАНИ
ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛЫ ЖІБЕК
ЖОЛЫНЫҢ РӨЛІ**

ұжымдық монография

Астана, 2023

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Каз.)
К 14

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған монография ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR10965370 «Ұлы Жібек жолы тарихи топонимдерін ғылымдар тоғысында зерттеу» жобасы аясында әзірленді.

Жауапты редакторы Кенжалин Қ.К.

Пікір жазғандар:

Жұмағұл С.Б., филология ғылымдарының докторы, профессор
Шамильоглу Ю., ғылым докторы, профессор

Қайыркен Т.З., Жанақова Н.Т., Сыздықов С.М. Халықтардың рухани және материалдық мәдениетін қалыптастыруда Ұлы Жібек жолының рөлі. Ұжымдық монография. – Астана: «Таңбалы» баспа орталығы, 2023. – 259 бет.

ISBN 978-601-337-949-4

Көптеген ғасырлар бойы сауда және мәдени алмасу процесінде Ұлы Жібек жолы тауарлардың қозғалысына ғана емес, білім мен идеялар, діни нанымдар, өнер және дәстүрлердің алмасуына да ықпал етті. Зерттеу еңбегінде Ұлы Жібек жолының осы бағытта өркендеген мәдениеттердің, тілдердің және діни нанымдардың әртүрлілігіне әсері талданады. Халықтардың рухани және материалдық мәдениетін қалыптастырудағы осы тарихи маршруттың рөлін зерттеу оның мәдени бірлік пен әртүрліліктің символы ретіндегі маңыздылығын көрсетеді.

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

© «Таңбалы» баспа орталығы, 2023

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
I тарау. Орта Азиядағы дәстүрлі шаруашылықтың отырықшылық мәдениетке әсері және қазақ жеріндегі байырғы қалалар	8
1.1. Ортаазиялық отырықшы шаруашылықтың, қала мәдениетінің өзіндік дәстүрлері мен белгілері	8
1.2. Қазақ жеріндегі көне қалалар түрлі дерек көздерінде	15
1.3. Қазақ даласындағы отырықшылықтың сипаттары	22
1.4. Көшпенділердің отырықшы мәдениетке әсері	26
II тарау. Шығыс Түркістан оазистеріндегі ертедегі отырықшылық мәдениеті	37
2.1. Шығыс Түркістанның тарихи-жағрапиялық ерекшеліктері	37
2.2. Жібек жолы және Шығыс Тянь-шань, Алтай тауларының етектеріндегі елді мекендер	44
2.3. Тянь-шаньның оңтүстігі мен солтүстігіндегі көне балықұлыстардың саяси-экономикалық өмірі	53
III тарау. Орталық Моңғолиядағы Қарабаласағұн және Қарақорым қалалары	65
3.1. Түркі қағанатына дейінгі отырықшылық мәдениет іздері	65
3.2. Қарабаласағұн қаласының салынуы	68

3.3. Қарабаласағұн қаласының сипаттамасы	70
3.4. Қарабаласағұн қаласының материалдық және мәдени дамуы	74
3.5. Ортағасырлық Қарақорым қаласы	85
IV тарау. Рухани мәдениетті қалыптастырудағы Ұлы Жібек жолының маңызы	95
4.1 Ұлы Жібек жолының тарихи рөлі	95
4.2. Ұлы Жібек жолындағы қалалардың қалыптасуы	110
4.3. Ұлы Жібек жолы бойындағы халықтардың мәдениеті	129
4.4. Ұлы Жібек жолы бойындағы әйгілі ғұламалар мен олардың еңбектері	139
4.5. Әмір Темір және оның ұрпақтарының Ұлы Жібек жолының мәдени өміріне ықпалы	191
4.6. Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихшы ғалымдар мен олардың еңбектері	203
V тарау. Көне қалалар мәдениеті және Жібек жолына иелік үшін күрестер	220
5.1. Көне қалалар мәдениеті	220
5.2. Ұлы Жібек жолының батыс бағыты және Иранның Жібек жолы саудасына кері әсері	240
ҚОРЫТЫНДЫ	271

Кіріспе

Ұлы Жібек жолы – Шығыс Азиядан Шығыс Еуропаға дейін мыңдаған шақырымға созылатын сауда және мәдени алмасудың ежелгі желілік бағыты адамзат тарихындағы ең үлкен құбылыстардың бірі. Мистикалық құпиялар мен тарихи аңыздарға толы бұл жол әр түрлі аймақтар арасындағы байланыстырушы көпір болып қана қоймай, сонымен бірге халықтардың рухани және материалдық мәдениетін қалыптастырудың негізгі элементі болды. Көптеген ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолы тек сауда жолына ғана емес, сонымен қатар Шығыс пен Батыс арасындағы білім, өнер, дін және мәдени дәстүрлермен алмасу жолына айналды. Бұл бірегей сауда желісі тауарлардың қозғалысына ғана емес әлемнің әртүрлі бөліктері арасында өзіндік мәдени көпір құра отырып, тілдердің, әдет-ғұрыптар мен идеялардың таралуына ықпал етті.

Бұл зерттеу жұмысында Ұлы Жібек жолының халықтардың рухани және материалдық мәдениетін қалыптастырудағы рөлі зерттеледі. Біз бұл тарихи маршруттың мәдени артефактілердің, өнердің, діни нанымдардың және тілдердің алуан түрлілігіне әсерін қарастырамыз. Сонымен қатар, жібек, керамика және зергерлік бұйымдар сияқты материалдық тауарлардың сәнді өнер мен қолөнерді қалыптастырудағы маңыздылығына назар аударамыз. Ұлы Жібек жолының халықтар мәдениетін қалыптастырудағы рөлін зерттеу оның әртүрлі этникалық топтар арасындағы мәдени байыту мен түсінудің

қайнар көзі ретіндегі маңыздылығын көрсетеді. Бұл бағыт біздің өткеніміздің кілті ғана емес, сонымен бірге мәдени бірлік пен әртүрліліктің символы ретінде қызмет ете отырып, болашаққа шабыт сыйлаушы болып қала береді.

Ұлы Жібек жолының пайда болуы мен дамуының тарихи контексті қарастырылады. Біз оның географиялық орналасуын, эволюциясын және өркендеу мен құлдырау кезеңдерін зерттейміз. Бұл бағытқа қандай өркениеттер мен мәдениеттердің әсер еткендігі сипатталады. Ұлы Жібек жолындағы мәдени-материалдық аспектілерді талдауға арналған бұл еңбек адамзат өркениетінің дамуына да ықпал етті. Ұлы Жібек жолының халықтардың рухани мәдениеті мен діни сенімдеріне әсерін талданады. Буддизмнің, исламның, христиандықтың және басқа діндердің маршрут бойында таралуы да сөз болады.

Ұлы Жібек жолының лингвистикалық аспектісі тілдер мен диалектілердің таратылуына әсер етті. Ұлы Жібек жолының қазіргі маңызы мен әсері зерттеледі. Адамзат мұрасы ұлттар мен аймақтар арасындағы мәдени алмасуды, түсіністік пен ынтымақтастықты қалай шабыттандыратынын талқылаймыз. Отырықшылық мәдениет пен қала өмірінің мәдени-рухани аспектілері тарихи, мәдени, этнографиялық, лингвистикалық тұрғыдан қарастырылады. Байырғы қалалардың қазіргі өнер мен білімге әсері талданады. Зерттеу төмендегідей бөлімдерден тұрады:

- Орта Азиядағы дәстүрлі шаруашылықтың отырықшылық мәдениетке әсері және қазақ жеріндегі байырғы қалалар;
- Шығыс Түркістан оазистеріндегі ертедегі отырықшылық мәдениеті;
- Орталық Моңғолиядағы қарабаласағұн және қарақорым қалалары;

- Рухани мәдениетті қалыптастырудағы ұлы жібек жолының маңызы;

- Көне қалалар мәдениеті және жібек жолына иелік үшін күрестер.

Әр бөлімде Ұлы Жібек жолының адамзаттың мәдени өмірі мен шаруашылығына, өнеркәсібі мен өнертабысына қалайша әсер етіп, рухани білімді қалыптастыруға қалайша ықпал еткені талқыланады.

I ТАРАУ. ОРТА АЗИЯДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ОТЫРЫҚШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ БАЙЫРҒЫ ҚАЛАЛАР

1.1. Ортаазиялық отырықшы шаруашылықтың, қала мәдениетінің өзіндік дәстүрлері мен белгілері

Шығыс Түркістан тарихи-географиялық тұрғыдан Орта Азияға жатады. Онда ғасырлар бойы қалыптасқан ортырықшылық өркениеті өзіне көршілес жатқан аймақтағы көшпенді өркениеттің әсеріне ұшыраған. Осы өңірді ғасырлар бойы мекен етіп келе жатқан қазақ халқының дәстүрлі кәсібі негізінен мал шаруашылығы болып, оған қосымша егіншілік те әр кезде, әр аймақта түрліше дамып, бірде жойылып, бірде қайта жаңданып отырды. Бүгінгі Қазақстан мал шаруашылығы мен егіншілік қатар дамыған ежелгі өлкелердің бірі. Бұл өлкеде қола дәуірі кезеңінде кешенді малшылықпен қоса отырықшы шаруашылық түрі қалыптасты. Шын мәнінде, қазақтардың арғы аталары мекендеген бұл өлке – тіршілікті қамтамасыз етудегі негізгі кәсіп мал шаруашылығымен айналысу мүмкіндігіне мейлінше қолайлы еді. Шаруашылық мәдени типтің қай-қайсысы болсын, өзінің табиғи ортамен қоян-қолтық байланысы арқылы біртекті этникалық нышандарды қалыптастырады.

Этнос табиғи ортамен араласа, оны игере отырып, өзінің дәстүрлі мәдениетін жасайды. Бұл өз жағдайына бейімделген табиғи ортаны жасау арқылы этнос өзіндік дәстүрлі қоғамын қалыптастырады деген сөз. Яғни, дәстүрлі мәдениет өзінің табиғи негізі болған табиғи ортаға мейлінше бейім болып келеді. Осыдан келіп этногенетикалық процестің басты белгілері адам hareketінің “заттанған” нәтижесінен көрініс тауып, материалдық және рухани иіліктерге белгілі бір этникалық даралық қасиет береді. Этнос пен табиғи орта қатынасы

арқылы пайда болған дәстүрлі мәдениетке сол этностың еңбегі мен ақыл-ойы сіңген болады. Жасалған, өндірілген өнім этностың “материалдық-рухани жаны” ретінде қызмет етеді. Өнім атаулының бәрінен этностың табиғи-рухани шындығы көрінеді, немесе субъектінің қолтаңбасы байқалып тұрады. Қазақтың дәстүрлі шаруашылық кәсібі – көшпелілікке негізделген мал шаруашылығы болып табылады. Халықтың еңбек тәжірибесі, әдеті, салты, мінез-құлқы, бір сөзбен айтқанда рухани-шаруашылық келбеті сол негізгі кәсібінен туындайды. Әрбір халық және оның ұрпақтары өзіне дейін жасалған мәдениетті игеру арқылы, ондағы сақталған мүмкіндікті, тәжірибені пайдаланып, өзінің жеке қабілетін шыңдай түседі. Мұнда адам өмір сүрген аймақтың өзіне тән табиғи шаруашылық типі басты рөл атқарады.

Қазақ жерінің табиғи ерекшеліктері де жалпы Орта Азияға тән негізгі үш шаруашылық-мәдени типке бөлінеді: 1) Белсенді суармалы егіншілікпен шұғылданып, малшылықты да қоса ұштастырған, көгалды ойпаттарды мекендейтін отырықшы шаруашылық; 2) Тау мен дала, шөлейтті жерлерді мекендейтін малшаруашылық; 3) Тау мен жазық жерлерді мекендейтін, егіншілікті мал шаруашылығымен қатар жолға қойған жартылай отырықшы шаруашылық.

Қазақ жерінің таулы, далалы, шөлейтті болып келетін түрлі зоналары мен белдеулерінде ертеден мал шаруашылығының табиғи негіздегі үш типі – көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы мал шаруашылығы қалыптасқан. Жетісу мен Сырдария, Талас, Шу, Іле өзендері аңарларында тым ертеден-ақ, ортаазиялық егіншілік мәдениет ықпалымен диханшылық тез дамып, егіншілікпен айналысатын шағын қалалар мен елді мекендер қалыптасты. Сонымен бірге, егінші жатақтарда да отырықшы малшылық кәсібі болды. Далалық ерекшеліктерге байланысты жартылай отырықшы, жартылай көшпелі деген ауыспалы шаруашылық түрлері барлық жерде кездесетін. Бұл Орта Азия мен Шығыс Түркістанға, Шығыс Тянь-шань аймағына

бірдей тән құбылыс. Егіншілік алқаптары көбінде көшпелі мал шаруашылығы дамыған жартылай шөлейт және шөлейт далалардың ортасында болып келді. Отырықшы мен жартылай отырықшы мал шаруашылығының жартылай көшпелі және көшпелі мал шаруашылығына ауысуына байланысты, бағымдағы түлік құрамы да өзгеріске түсіп, көшіп-қонуға қолайлы қой, жылқы және түйе түліктері басым бола түсті.

Жаратылыстық ортасының қолайлылығына байланысты, Тарым ойпаты мен Жоңғарияның, Іле өлкесінің, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның тұрғындары ертеден егіншілік ісіне ден қойды. Қазақстанның оңтүстігінде егіншіліктің дамуы Іле, Сыр, Шу және Талас өзендерінің бойында қала өмірінің өркендеуімен тығыз байланысты болды: Ақ Ордада XIII асырдың аяғында байқалған шаруашылықтың жандану процесі XIV ғасырда жаппай қарқын алды. Сығанақ, Ясы, Сауран, Отырар, Сайрам және т.б. басқа қалалар қалпына келтіріліп, егіншілік пен қолөнер кәсібі өркендеп, онымен бірге сауда айналымы да қауырт өсті.

Жоңғария мен Қашқарияның, Шығыс Дешті-Қыпшақ пен Сыр бойының, Жетісу мен Күнгей Тянь-шаньның экономикалық байланыстарының жиілігі барған сайын арта түсті. Көшпенді тұрғындардың күннен күнге ұлғайып келе жатқан мал шаруашылығы өнімдерін өткізуге, өз кезегінде өздерінің де қолөнер мен егіншілік өнімдеріне деген сұранысын қанағаттандыруға ұмтылуы мал шаруашылығымен айналысатын өңірлердің отырықшы аудандармен экономикалық-мәдени байланыстарын берік орнықтырып, оңтүстікте қала мәдениеті мен егіншіліктің қатар жандануына жағдай жасады.

Осындай егіншілік орталықтарының бірі Сығанақ қаласының төңірегінде орналасты. Монғол шапқыншылығы кезінде қираған Сығанақ қаласы кейін қайта көтеріліп, XIV ғасырда Ақ Орданың астанасына айналды. Бұған Түркістанның Шығыс Дешті-Қыпшақтың

көшпелі аудандарымен шектесетін жерде орналасуы игі әсер етті. Орыс ханның тұсында қайта бой көтерген Сығанақ қаласы XIV-XV ғасырда ірі бекіністі қамалға, сауда мен қолөнер орталығына айналды. Осылайша Сырдарияның орта ағысының ең солтүстігінде орналасқан Сығанақ XIV ғасырдан бастап ел өміріндегі аса маңызды орталыққа айналды.

Оңтүстік Қазақстандағы егіншіліктің келесі бір орталығы – Ясы (Түркістан) қаласының маңы еді. Мұндағы шаруалар астық пен және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерімен өз мұқтаждарын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар астықты Түркістанның базарларына да шығарып сатып отырды. XIV ғасырда Ясыда суландыру жүйесі айтарлықтай жолға қойылды. Осында Мірарасу, Сығанақ, Шорнақ, Қарабұлақ, Созатбұлақ, Ақтөбе, Үржар, сондай-ақ Көктас бұлағынан ағып шығатын Қияшы, Бохаршы, Шатдарбаза, Ташана, Шақа және Құшқорған арықтары жұмыс істеп тұрды. Бұл арықтардың көбімен дін басыларына тиесілі немесе мазарларға еншіге берілген жерлер суарылатын еді. Темір жарлығымен берілген грамотада аталан арықтар арқылы суарылатын жер телімдері Ясы маңындағы егістік алқабының бір бөлігі ғана болатын.

Ол кезде Отырар, Сауран және Сайрам өңірлері де егіншіліктің ірі ошақтары болды. Сауран қаласы мен оның маңындағы егістік жерлерді суландыру үшін Қаратау сілемдерінен ағып келетін өзеншелер мен кәріз сулары пайдаланылды. Демек, кәріз Орта Азияда ежелден бар суландыру технологиясы болып табылады.

Көне Қытай деректерінде аты аталатын Испиджаб қала жұртының орнында орналасқан Сайрамда егіншілік пен ірі сауда және қолөнер орталығы болды.

Егіншілік дамыған аудандарда белгілі дәрежеде қала өмірі де сақталып қалды. Көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара қатынастары қазақ халқының этникалық даму процесінде маңызды

қызмет атқарды. Бұл процесс Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай ордасы тұсында жақсы дамыды.

Демек, ежелгі және ортағасырдағы Қазақ даласы Орта Азиядағы егіншілік пен қала мәдениеті бірдей өркендеген өлкелердің бірі еді. Ерте, ортағасырларда қазақ халқын құраған түрлі этностар ата-бабасынан өз отанында малшаруашылығымен қоса, егін шаруашылығын өркендетуге көп үлес қосты. Оған дәлел қазақ халқы арасында әлі күнге отырықты шаруашылыққа қатысты кездесетін әр түрлі рәсім-кәде, салт-жоралғылар. Қазақ дихандары да өзге Орта Азия халықтары секілді егіншілік пірі Дихан бабаға сиынады. Ол қазақтар өмірінде Қызыр (Қыдыр) атаға сенуден байқалады. Олар егіншілікті әдеттен тыс тылсым күштің күдіреті, Тәңірдің ісі деп санаған.

Ежелден тіршілік пен егіншіліктің тотемі (иесі) өгіз болған. Өйткені ол жер жыртуда, тасымалда қолданылатын алып күштің иесі еді. Сол себепті, алғашқы жер жыртар алдында өгізді ерекше күтіп, жем-суымен толық баптаған, мүйізін майлаған. Бұл егін түсімінің мол болуына магиялық әдіспен ықпал ету шарты еді.

Қазақ ауылдарында өсіп тұрған егістің ортасында малдың басын қарақшылыққа қою рәсімі егінді сырт көзден сақтау ниетінен туған. Қазақ арасында көк өгіз өзінің мүйізімен жерді қазып, жер бетінде суды алғаш шығарған деген аңыз бар. Қазақтар құрбандыққа барлық жағдайда еркек малды ғана сойған. Халық арасында Қыдырдың орны бөлек. Егінші немесе бақташы жұрттар болсын, олардың бәрі Қыдыр әр түрлі жақсылық сыйлайды, ол байлық, бақыт әкелуші, шөлден сақтаушы, жол көрсетуші деп есептейді. Ел ішінде кең тараған ұғым бойынша Қыдыр Ата таңертең отардың алдында, кешке соңында жүреді. Сондықтан жолаушы отарға кездескенде, таңертең отардың алдын орайды, кешке соңында жүреді. Олар Қыдыр Ата жүріп өткен жерлерде қашан да көк шығып, өсімдік өнеді, төл көбейеді, қырман толады деп есептейді.

Қыдыр – диқандардың қамқоршысы. Олар егіс жұмысын “Қыдыр жолдасымыз болсын”, “Қыдыр қолдасын”, - деп бастайды. Халық ішінде жылан Көк Тәңірінің жерге түскен асатаяғы деген түсінік бар. Сол себептен, жаңбыр жаумай қойса жыланды ұстап алып, оны арықтағы суға жіберетін болған. Керісінше, бақа жолықса оны өлтіріп, құрғақ жерге лақтырады. Өліп жатқан бақа жаңбырдың хабаршысы делінген. Егін майсасы 20-30 см көтеріле бастағанда “көк жағыс” деген мейрам өткізіп, мал сойып, оның қанын егістікке шашады. Өйткені құрбандық малдың қаны егістікті дерт-дербезден, арам шөптерден, жамандықтан сақтайды деп есептеген.

Диқандар құрғақшылықтан құтылу үшін ертеден ел арасында қалыптасқан наным-сенім бойынша “тасаттық” жасайтын. “Тасаттық” (тас алу) – араб тілінде құрбандық, “құрбан шалу”, «мінәжат етіп жалбару» деген сөзден шыққан. Ерте заманда халық арасында киіктің, таутекенің, ақ жылыңның, сиырдың ішінен шыққан тасты бір ыдысқа салып, үстіне су құйып, дұға оқып, бұлт-жел шақыратын, сол арқылы жаңбыр жаудыратын өнер болған.

Күзді күні орақ аяқталған соң, жұрт “қырман қандайтын” болған. бойынша, шаруалар қырман басында бір малды құрбандыққа шалып, көрші-қолаң, ауылдастарын шақырып, қырман тойын жасаған. Бұдан өзге, көктемдегі егіске дайындық кезінде “кесек лақтыру” дейтін де ырым болған. Шаруалар лақтырылған кесек (кірпіш) топыраққа тереңірек батса, егіннің түсімі мол болады деп болжаған.

Тарихи әдебиеттер, саяхатшылар жазбалары қазақтардың арғы ата-бабаларының түрлі дақылдарды еккенін айғақтайды. Олар бидай өсірумен бірге, далалы жерлерге тары егетін болған. Дешті-Қыпшақ көшпелілерінің шаруашылығына бұл дақылдың барынша жалпыласқанын ортағасырлардағы көптеген авторлар дәлелдейді. Әл-Омари: “Оларда егіс аз, бәрінен азы бидай мен арпа, бұршақ мүлде табылмайды. Оларда көбінесе тары егіледі, соны тамақ етеді” - дейді.

И.Барбаро да дептілік көшпелі ұзақ жолға шыққанда лақ терісінен жасалған тұлыпқа тары талқаннан, аздап бал салып, қамыр сияқты иленген тамақ алып жүреді деп жазады. Бұл әрине «жент» деп аталатын тамақ түрі. Ол ұзақ сақтауға шыдамды, алып жүруге қолайлы, дайын әрі тойымды тамақ.

Қазақ жеріндегі егіншілік мәдениетінің дәстүрлі ошақтары Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда, әсіресе Сырдария, Арыс, Шу, Талас өзендері бойында шоғырланды. Алатау мен Қаратаудан басталатын өзендердің аңғарларында, сол сияқты Ұлытау төңірегінде, Атбасар даласында да сондай егіншілік орталықтары болды. Зайсан көлін жағалай «егін егумен» шұғылданатындар жайлы 1654 ж. орыс елшісі Федор Байков жазып кетті. Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы егіншілік, әдетте суармалы болған. Мысалы, Сырдарияға жақын жатқан өңірлердегі егіс алқаптарын тарам-тарам каналдар мен арықтар арқылы суарылған.

Әлбетте, егіншіліктің дамуы қалалардың дамуынсыз болған емес. Орта Азияның көне қалалары туралы мәлімет беретін VII ғасырдағы буддист, Қытай жиһангезі пірәдәр Суан Цзан еді. Ол Қытай қамалының сыртынан Сұябқа дейінгі қалаларды бір бірден атап, олардың ара қашықтығына дейін хатқа түсірген.

Қазақтар көбінесе «көшпелі халық» деп есептеледі, бірақ, олардың ауыл шаруашылығы (егіншілігі), қолөнеркәсібі мен саудасы мал шаруашылығының дамуына сәйкес дамып, өркендеп отырғандығы да ақиқат-дейді қытай ғалымы Су Бэйхай. Ол өзінің «Қазақ мәдениетінің тарихы» деп аталатын еңбегінде мынандай мәліметтер келтіреді: Әлеуметтік жағдайдың орнықтылығы мен экономика-лық-мәдени байланыстардың арта түсуі мал шаруашылығына жат-пайтын өндірістің осы саласына деген қажеттілікті күшейте түскені мәлім. Сөйтіп, мал шаруашылығына жатпайтын өндіріс салалары да көшпелілердің экономикалық өмірінің

құрамдас бөлігіне айналды. Аталмыш өндіріс тәсілі арқылы өмірге келген мәдениет үлгілері де көшпелілер мәдениетінің мазмұнын байыта түсті. Сонау VI–XI ғасырлар кезеңінде-ақ үйсіндер мен қаңлылар қоныстанған өңірлерде недәуір жоғары деңгейдегі қала өркениетті өмірге келді. Бұл өркениеттердің қалыптасу барысында Батыс пен Шығыс мәдениетінің өзара алмасуы өз әсерін тигізбей қойған жоқ[1, 217].

Қазақстандағы археологиялық зерттеулерге негізделгенде байырғы үйсін, қаңлы жұрттарының VI–XI ғасырлар аясында дамудың белгілі деңгейіне жеткен кезде қоныстанған өңірлерінен жүздеген көне мекендер мен қала жұрттары байқалған[1,159].

1.2. Қазақ жеріндегі көне қалалар түрлі дерек көздерінде

Орта ғасырдағы кейбір шетел тарихшылары мен саяхатшыларының еңбектері де: «Талас, Қырғыз, Іле, Жоңғар Алатауының етектеріндегі, Қаратаудың кунгей және теріскей жағында және Сыр, Арыс, Шу, Талас, Сарысу, Кеңгір өзендерінің сағасында егіншіліктің, қала құрылысы мен архитектурасының недәуір жоғары деңгейге көтерілгендігін» растайды [1,159].

Бұл қалалардың алғашқы құластар (қалыптасу) кезеңі түгел дерлік VI ғасырдан басталады. Заманымыздың 582 жылы Батыс Түрік қағанаты құрылғаннан кейін тоғыз жолдың торабына орналасқан Жетісу өлкесінің сауда-сатығы мен экономикасы қарқын ала дамыды. Мұндай дамудың нәтижесі бұл өлкеде көптеген қалалардың қалыптаса бастағанынан дерек береді. Бұл қалалар экономика мен сауда-сатықтың тең өркендеуі негізінде қалыптасқан шаруашылық һәм мәдени орталықтар еді.

«Ұлы таң патшалығы. Батыс өңір баяны» (大唐西域传) атты кітапта осы Жетісу өлкесіндегі кейбір маңызды қалалар былайша естелікке алынған:

Сұяб (Сүй-ие 碎叶) қаласы. Шиң-шиден солтүстік батысқа қарай 500 шақырым жүргенде Сұябқа жетеді. Қаланың айналасы 6–7 шақырым. Әр елдің саудагерлері, көшпелілер аралас қоныстанған.

Талас (Далосі 咄罗私) қаласы. Мыңбұлақтан (千泉) батысқа қарай 50–60 шақырым жүргенде Талас қаласына жетеді. Қала жамбылы (қорғаны) 8–9 шақырым. Әр елдің саудагерлері мен көшпелілер аралас қоныстанған.

Ақсу (Бай шүй 白水) қаласы. Қала жамбылы (қорғаны) 6–7 шақырым.

Гоң-иү (恭御) қаласы қала жамбылы (қорғаны) 5–6 шақырым.

Ну-шә-жияны 斡赤建 қаласы (мемлекеті деп алынған – ауд). Айналасы мың шақырымнан астам бірнеше ауданға бөлінеді, әрқайсысының өз-өз әкімдері бар, олар бір-бірімен қатынас-пайды, бір-біріне әмірі жүрмейді.

Шаш (Жә-Шы 石国) қаласы (немесе Таң-ян-шы 唐言石国 мемлекеті, қазіргі Ташкент аймағы). Айналасы мың шақырымнан астам. Ондаған ауданға бөлінеді, өзді-өзінің бектері (әкімдері) бар.

982 жылы парсы тілінде жазылған «Хұдұд әл-ғалам» атты кітапта Қазақ даласындағы кейбір қалалар туралы мәліметтер кездеседі:

(«Хұдұд әл-ғалам»): «Қарлық қағанатының шығыс шекарасы Тибеттің кей алқаптарымен, Яғма және Тоғыз онғыздардың жерімен шектеседі, оңтүстігі яғмалардың біраз жерімен, әрі Мәуреннахр өлкесімен, батысы оғұздармен, солтүстігі түркеш, сикүл, тоғыз оғұздармен шектеседі» дейді (Хұдұд әл-ғалам, Қарлық мемлекеті мен қала-кенттер, XV тарау). Бұл айтылған өңірлер түтeliмен қазақ жеріне

тәуелді еді. Ал, ондағы қалалар жайлы аталмыш кітапта былай делінеді:

1. Құлан – бір шағын аймақ, мұсылман әлемімен шек-теседі.
2. Мерке – қарлықтар қоныстанған шағын ауыл, сауда-герлер де осында жиі болып тұрады.
3. Нұн кат (жаңа қала) – қалашық. Ұзын Шарх тауының маңында.
4. Бархұй (Барысхан) – көл бойындағы кент, дамыған һәм көркем, патшасы қарлықтардан шыққан, бірақ елі тоғыз оғұздарға адал (берілген).
5. Тамкент – қарлық еліндегі қалашық, құм жағасына орналасқан.
6. Ақраққыр – халқы көп қала. Бір тау мен бір өзеннің аралығына орналасқан.
7. Сикұл – қарлықтар мен Ші-чилердің шекарасындағы үлкен қала, бір жағы мұсылман әлеміне жақын. Ол гүлденген бақарлы-шаһарлы жер. Саудагерлер көп тұрады.
8. Сұяб – үлкен қала, онда 20 мың жасақ тұрады.
9. Беглілі – бір үлкен қала.

Қазақ даласына әр ел саудагерлерінің көптеп, келуі қала құрылысына да өзіндік әсер етті. Ол дәуірдегі қала архи-тектурасы Орта Азиялық өзгеше түрге сүйенді. Яғни, қала құрылысының орналасуы белгілі тәртіпке сай болды. Ішкі қала «Шахарстан» деп аталып, онда ақсүйектер, тарқандар тұрды. Қала Қорғаны Шахарстанға жақын салынып, онда билеушілердің орда-сарайы орналасты. Ал, сыртқы қала «Рабат» деп аталды. Сауда-саттықтың дамуына сәйкес қала орталығында, Шахарстан маңында көптеген ұсақ жатақтар қалыптасты. Көп өтпей олар қаланың хан базарына айналды. Шахарстан биік мұнарамен қоса төрт құбыласын дуалмен қоршаған

үйлерден тұрды. Кейін Шахарстанның айналасынан қалыптасқан базарлар кеңейіп, сыртқы қорғанды қалыптастырды.

Бұл тектес өзгеше үлгі ислам діні кіруден бұрынғы Самарқан, Бұқара қалаларының бейнесіне ұқсайды. Бұл Орта Азияда бұрыннан бар қала мәдениетінің қазақтың жаңадан қалыптаса бастаған қала мәдениетіне жасаған әсерінің зор болғандығын әйгілейді.

Яғни, ислам діні Қазақ даласына таралмас бұрын да онда недәуір дамыған қала мәдениеті болды.

VIII ғасырдан соң Қазақ даласына ислам діні кең таралды. Соның нәтижесінде бұрынғы феодалдық бытыранқы жағдай бірте-бірте өзгеруге бет алып, біркелкі экономикалық, мәдени байланыстар қалыптаса бастады. Ислам дінінің таралуы ислам мәдениетінің қазақ жеріне таралуына жол ашып, Қазақ даласына тыңнан күш бітірді. Исламдық дәуірдің алғашқы ғасырларында Түркістанның дамуы ерекше тез болды. X ғасырға келгенде онымен байырғы мәдениетті елдердің арасында ешқандай айырма қалған жоқ. Ол кезде қалалардың көлемі ұлғайды, сауда мен қолөнеркәсіп қарқын ала дамыды.

XI ғасырда өмір сүрген Парсы мемлекетінің бас уәзірі Низами Мөрке де: «Баласағұн қаласы 940 жылдың айнала-сында әлдеқашан ислам қаласына айналып болған еді» деп жазады [3, 79].

Қалалардың дамуы қазақ жерінде Қарахандар мемлекеті билік құрған дәуірде зор мүмкіндік алды. Қарахан мемлекеті ислам дінін қабылдағаннан кейін билік басына отырған хандардың бірсыпырасы қала салып, кенттер тұрғызумен әйгілі болды. Олардың қатарында Шаміс Мөрке Насырханды (1068–1080), Арсыланхан Мұхамбетті (1102–1130) айрықша атауға болады. Бұл кезде Жетісу өлкесінің саяси-экономикалық бет-бейнесі жақсарып, Қарахан мемлекетіндегі қалалар саны көбейе түсті. Бұрынғы қалалар негізінде жаңадан Қара-шоқ, Қарнақ, Қаялығ, Екі-Өгіз, Ашнас қалалары қалыптасты.

Археологиялық деректерге негізделгенде Іле алқабында X–XII ғасырлар аясында 56 қала-кент бой көтерген. Бұл қалалар IX–X ғасырлардан бастап қалыптасып, XI–XII ғасырларға келгенде тең өсіп, төл өркендеу дәуіріне қадам басты. Бұл кезде қалалардың аумағы барған сайын кеңейді. Қалалар бұрынғы тау етектерінен көгалды өзен алқаптарының орта, төменгі аңғарларына қарай ойысты. Бұрынырақ қалыптасқан егінші жатақтардың бір бөлігі кейін келе қалаға айналды. Бұл қалалардағы қол өнеркәсібі бұйымдары оның айналасындағы жатақтар мен көшпелі шаруалардың қажетіне жарап жатты. Қорытып айтқанда, Іле алқабындағы қала экономикасының дамуындағы басты себеп – оның айналадағы көшпелі шаруалармен байланысының өте тығыз болғандығынан болды.

Дейтұрғанмен, ендігі жерде бұл қалалардың көркеюіне ислам мәдениетінің ықпалы болмай қойған жоқ. Ислам діні Орта Азияға таралған соң ондағы архитектура өскелең деңгейде дамыды. Құрылыстарға көбінесе кірпіш (кесек) қолданылды. Сол кезде салынған құрылыстардың төбесі күмбез, қақпалары еңселі, биік болып келетін. Соның нәтижесінде кейбір сәулетті сарайлардың іші кең де, еңселі көрінеді, қабырғалары әр түрлі сапалы бояулармен нақышталды. Бұл бұрынғы қарапайым әрі жатаған құрылыстарға қарағанда әлдеқайда әсем, айбатты көрінді. Бұл кездегі қалалардың тағы бір ерекшелігі, оларда құбыр жолы тартылып, монша салына бастады. Бұл тектес ерекшеліктер әсіресе, Тараз бен Отырар қалаларына, Жетісу өлкесіндегі байырғы қалалардың бәріне тән.

Тараз қаласының тарихы тым ертеден басталды. Бұл атау тарихи деректерде 568 жылдан бастап кездеседі. Атақты Қытай жиһангезі, пірәдәр Суан-зан Батысқа саяхат жасаған кезде осы қалаға келіп дамылдаған. VII ғасырдан бастап ол Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды базар-бекет ретінде белгілі болды. 751 жылы арабтар бұл қаланы уақытша басып алды. 893 жылы... ол (Исмайыл Ибн Асад) Тараз

қаласына шабуылдап, өлшеусіз бодау берді. Ақыр аяғында Тараз әмірі оған бас иіп, өз бұқара-жұртымен бірге ислам дінін қабылдады.

Тараз керуен жолына орналасқандықтан, әрі оның топырағы құнарлы жер жағдайы қолайлы болғандықтан, оған қоса маңындағы таудан алтын кені шығатындықтан, мұның бәрі оның экономикасының өркендеуіне оңды ықпал етті. X ғасырда өткен Әл-Махдиси: «Тараз биік жамбылмен (қор-ғанмен) қоршалған үлкен қала, байлары бау-бақша баптаумен шұғылданады, халық саны көп. Айналасы су толтырылған терең канал. Қала рабаттан басқа төрт бөліктен құралған... Көшенің қақ ортасында бір мешіт бой көтеріп тұрады» деп жазады. Археологтар қаладағы Шаһарстанның оңтүстік-шығыс жақ бұрышынан байырғы шомылатын көлшіктің орнын тапқан. Ондағы құлап түскен төбелікке қарағанда ол сопақ құмбез тақылетті келген. Моншаның архитектуралық ерекшелігі, жылу жүйесінің пайдаланылуы, қабырғадағы әр түрлі әшекей нақыштар оның XI–XII ғасырда, яғни, қала-лардың өркендеу дәуірінде тұрғызылғандығын айғақ-тайды.

Бұл арадан тағы да ұзындығы 12,8 метр келетін су құбыры табылған. Оның жасалу әдісі де көңіл аударарлық. Су құбырының астына жаңқа және малта тастар, балшық төселіп, үстіне ұзыншақ тастар қаланған, екі бүйіріне шағыл тастар толтырылған. Су құбыры күйдірілген қыштан (керамикадан) жасалған. Құбырдың бір басы жуан, бір басы жіңішке, бұл өзара тасымалдауға ыңғайланып жасалған. Құбыр суы Талас өзенінен алынған. Алдымен Талас өзенінен тоспа жасап, су деңгейін жоғарылатқан. Ондағы су деңгейі қаладағы суды пайдалану аумағының деңгейінен табиғи түрде жоғары болғандықтан, тоспа суы қаланың барлық жеріне еркін жетіп тұрған. Хорезм де ежелгі қалалардың бірі. Археологтар ол арадан биіктігі 1,8 метр, кеңдігі 1,5 метр келетін доғаша жерасты жолын және онда орналастырылған екі қатар су құбырын тапқан [1, 221].

XVI ғасырдың басында Сығанаққа жолы түсіп, қаланы өз көзімен көрген Фазлаллаһ ибн Рузбихан Исфханидың айтуына қарағанда “ертеде бұл тұрғындары көп, көрікті қала болыпты ... қалада тыныштық орнап, барлық қажетті игіліктер өндірілген”. Қала мен оның төңірегіндегі қыстақтардағы халық суармалы егіншілікпен айналысты, жақын маңайдағы суармалы өңірлерде бау-бақшалар мен бақша дақылдары өсірілді, дәнді дақылдар егілетін суармалы және телімді жерлер одан алысырақ орналастырылды. Фазлаллаһ ибн Рузбихан Исфхани: “Сығанақ төңірегіндегі өңделген егістікті – суландыратын каналдардың ... бәрі Сейхун өзенінен таралатын еді”, - деп жазады. Солардың бірі ежелден келе жатқан Төменарық каналы айналаны сумен қамтамасыз етіп қана қоймай, алысырақ жерді де суландырып отырды. Бозылұза дейтін канал Сырдария тасыған кезде жайылған сумен толатын Бозұлұза деп аталатын көлден бас алып, қалаға мол су әкелетін еді. Бұл каналдардың аты 1400-1401 ж.ж. Темір жазды деген сый грамотасында аталған. Каналдар елдімекендерге келгенде өңделген жер учаскелерін суландыратын сансыз ұсақ арықтарға таралып кететін. Қаланың солтүстік-батысы мен оңтүстігінде жатқан жер Қаратаудан ағып шығатын, реттеліп отыратын шағын тау өзендерінен бас алатын арықтармен суландырылатын. Мысалы, сол кездегі сый грамоталарында Ордакент, Қызылтал, Келте Шалия, Арысланды, Шөлек арықтарының, сондай-ақ Тоқтамыс, Қараш, Қысаршы су көздерінің (құдығар, бұлақтар) аты аталады. Олардың қалашығы атына қарағанда XIV ғасырға жатады.

XIV-XV ғасырларда Сайрам қаласы көркейді. Бұл қала көшпелі Шығыс Дешті Қыпшақ пен Түркістан, Батыс Моғолстан мен ортаазиялық Темір ұрпақтары мемлекеттерінің қарама-қарсы мүдделері тоғысатын географиялық жағынан қолайлы жерде орналасты. Барлық парсы түрік тілді шығармаларда аталған мемлекеттердің арасындағы өзара қақтығыстар Сайрам қаласын

иемдену үшін болғаны айтылады. Зерттеушілер Сайрамда көне заманның өзінде егіншілік мәдениетінің жоғары деңгейде болғанын атап өтеді. Сайрамның өзінде екі қабат етіп қоршалған қорған ішіндегі алқапта бау өсірілді, ал қорған сыртында дәнді дақылдар егілетін көлемді егістік жер жатты.

1.3. Қазақ даласындағы отырықшылықтың сипаттары

Қалалардың өсіп өркендеуі, сауданың дамуы, ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұранымды арттырған. Мұның өзі егіншілікпен мал шаруашылығының дамуына себепкер болды. Жауын-шашынның аз болуына байланысты Қазақстанда егіншілік көбінесе суармалы негізде дамыды. Егін шаруашылығы елдің оңтүстігінде, Сырдария, Арыс, Бадам өзендері алқабында, Жетісуда, Іле өзені бойында біршама жақсы дамыды. Орталық Қазақстан егіншілікпен судың тапшылығына байланысты тек өзен алқаптары мен тау баурайларындағы жерлерде ғана шұғылданды. Елдің барлық жерлерінде егіншілік кәсіптері мал шаруашылығымен ұштасып жатты.

IX-XII ғасырларда Отырар өңірі суармалы егіншіліктің орталығы болды. Мұнда егістік көп тармақты суландырмалы жүйемен жабдықталды. Су жолы Арыс өзеніндегі су қоймасы арқылы жүргізіліп, оның бір саласы Отырар қаласына келді, екінші саласы Құйрық төбе, Алтын төбе, Жалпақ төбе, Марданкүйік қалаларына барды. Отырарға баратын су жолы төңіректегі рабадтарды сумен қамтамасыз етіп, сонымен бірге қаланың солтүстігіндегі алқапты суландырған. Ал Сырдариядағы су жолы Сауран мен Сығанақты және сол жағалаудағы Сүткентті, Аркөкті, Аққорған және Үзкентті сумен қамтамасыз еткен. Талас жотасының тау бауырларындағы жерді суландыру үшін Бадам, Сайрамсу, Арыс, Ақсу өзендерінің суы пайдаланылған.

Жер кетпен тәрізді темір шоттар және темір, не шойын ұштары бар, жер жыртатын құралдармен /омаш/ өңделіп, егін темір орақпен орылған. Дәнді ұнтақтау үшін тас диірмендер қолданылған. Қолдан суару негізінде Жетісу тұрғындары астық өсіріп, жүзім шарушылығымен және шарап жасаумен айналысты, бақша және бау дақылдарын екті. Таудың төменгі етектерінде Талғар, Есік, Қаскелен, Үлкен және Кіші Алматы, Бақанас, Көксу, Лепсі өзендерінің орта және төменгі ағыстарының бойында да суландыру құрылыстары болған. Талас өзенінен Тараз қаласына тартылған су каналы арқылы қаланың айналысындағы бау-бақшалар суғарылған.

Қазақстан жерінде халықтар өздерінің даму дәрежесіне қарай қолөнер кәсібімен де шұғылданды. Құмыра жасаушылардың, ұсталардың, ағашқа, сүйекке, тасқа өрнек салушылардың істеген заттарына халықтың сұранымы жоғары болды. Саз балшық бұйымдар өндірісі ерекше дамыды. Отырар алқабында және Қаратаудың баурайларындағы қалаларда керамиканы өңдеудің қалыптасқан дәстүрі сақталған. Сырдарияның төменгі бойындағы қалалардан табылған саз балшықтан жасалған заттарда әсем өрнектер басым. Керамикадан кесе, тостаған, аяқ-табақтар, тағы да басқа ыдыстар жасалынып, сырты оюланып, неше түрлі қызыл, жасыл, сары, қоңыр түсті өрнектер жалатылды. Аңдар мен құстар бейнеленген құйма ыдыстар тіптен көзтартарлық. Мәселен, Тараз қазбалары кезінде арыстан бейнелеген тамаша табақша шықты. Отырарда өсімдік ою-өрнегімен әшекейленген құмыра табылды.

Шын мәнінде, орта ғасырда Тараз қаласының аты аспаңдап тұрды. Бұл қала VI ғасырдағы қытай саяхатшыларының еңбегінде белгілі болды. Осында түрік Істеми қаған 568 жылы Византия императоры Юстиниан II-нің Земарх бастаған елшілігін қабылдады. Тарихшылар Таразды саудагерлер қаласы деп атаған. Өйткені ол

түріктердің, түркештердің, қарлұқтар мен қараханииттердің астанасы болды.

XI ғасырдың бірінші ширегінде ақша айналымының қалыптасуына орай, Қазақстандық екі теңге сарайы Тараз және Испиджаб қалаларында болды. Сол кезде ішкі саудада мыс теңгелер айналымда жүрсе, күміс теңгелер қалааралық сауданы қамтамасыз етіп, басты айналым құралы қызметін атқарды. XI ғасырдың 70 - жылдарынан кейін күміс теңгелер айналымнан шығарылып, оның орнына алтын манеталар қолданылды. Ол кезде Талас алқабынан Шуға дейінгі жолда Құлан, Мерке, Құл-Шуб, Жұл-Шуб, Аспара, Нүзкет, Ақыртас тәрізді қалалар орын тепті. Тек VI-XIII ғасырларда Шу алқабында соғдылар, түріктер, сириялықтар, парсылар мекендеген үлкенді-кішілі 25 қала болған. Олар Навакет, Бунджикет, Харанжуан, Жұл, Құрмырау, Суяб, Жоғарғы Барысхан, Баласағұн қалашықтары еді. Іле алқабындағы ірі қалалардың қатарында Қойлық, Тальхиз (Талғар), Дунгене, Алмалық (Алмату), Лебалық (Елбалық), Көк-Тума қалалары болды. VII-XIII ғғ. қала мәдениеті тек қана оңтүстікте және оңтүстік-шығыста емес, Қазақстанның басқа өңірлерінде де дамыды. Сырдарияның төменгі сағасында Яңикент, Жент, Асанас, Сығанақ, Барлыш-кент секілді қалалар орналасқан.

Қазақстандық К.Ақышев басқарған археологиялық экспедиция жерді қолдан суару әдісі Сыр бойында ерте темір дәуірінде-ақ қолданылғанын дәлелдеді. К.Байпақов, В.Грошев сияқты ғалымдардың зерттеулері бойынша, суармалы егіншілік Отырар алқабында б.д. I-VI ғасырларында-ақ дамыған. Отырар қаласына таяу жердегі Арыс өзенінің Сырдарияға құяр сағасында ертедегі егіншілік өркениетінен мәлімет беретін әрі магистральды каналдар жүргізуге негіз болған су жүйелерінің орны табылды. VII-IX ғасырларда Оңтүстік Қазақстанда қала мәдениетінің өрістеуіне байланысты, бөгендер арқылы тасқын суды пайдалану әдісі қолданысқа енген. Жергілікті тұрғындар Арыс

өзені бойынан алғашқы магистральды каналдарды қаза бастаған. Бұл өз кезегінде Отырар өңіріндегі елдің қоғамдық шаруашылығында егіншіліктің маңызының артуына ықпал еткен. Шағын арықтар бір-бірімен жалғастырылып, су тікелей Арыс өзенінен ұзындығы 30-40 км магистральды каналдар арқылы тартылып, оның бойына егістікке су шығаратын шығырлар орнатылатын. Бұл әдіс ертеде ғұндардың, түріктердің Хуанхэ атырабында егіншілікпен шұғылданған кезінен бері қарай қолданысқа енген. Жалпы Орта Азия, Қазақ даласы, монғол үстірті және Хуанхэнің орта бассейні көшпенділер мәдениеті мен отырықшылық мәдениетінің аралас дамыған аймағы болып табылады. Хуанхэ, Іле, Ертіс, Шу, Талас және Сыр дария алқабында шығырдың «өгіз немесе түйе шығыр» және «су шығыры» деген екі түрі болған. Кейде оны қашыр мен есекке де пайдаланған. Оның алдыңғы түрі ағысы баяу өзендер мен каналдарда, көлдерде пайдаланылған. Ал «су шығыры» тікелей ағынды судың жағасына орнатылатын болған.

Орталық және Шығыс Қазақстанда, оның ішінде Кеңгір, Нұра, Торғай, Жыланшық, Жезді, Сарысу өзендерінің бойында бүгінге дейін 78 қаланың орны табылды. Зерттеулерге сәйкес, Нұра алқабында Ақсикент, Сарысу жағалауында Жұбаныш пен Ұлыбағыр, Торғайдың төменгі сағасында – Қарақорым, Қаңлыкент, Борсық қалалары болғаны белгілі болды. Ертіс бойында 16 қимақ қаласы кездесе, солардың ішінде Хакан мен Хакан-Қимақ қалалары қағанаттың ордакенті болған. Ортағасырлық қала сәулетінің артуы сол кезге тән жекелеген архитектуралық ескерткіштерден де байқалады. Мысалы, Тараз маңындағы Бабаджа-хатун (X-XI ғғ.), Айша-биді (XI-XII ғғ.), Қарахан кесенелері, Сырдарияның төменгі сағасындағы Сырлығам, Орталық Қазақстандағы Домбауыл кесенесі ортағасырлық сәулеттік ескерткіштер болып табылады.

1.4. Көшпенділердің отырықшы мәдениетке әсері

Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы байланыс мәселесі тарих ғылымында әр түрлі пікірлер туғызып келеді. Біраз зерттеушілер көшпелілер мен отырықшылар қарым-қатынасын бір жақтылы түрде олардың арасындағы түрлі қақтығыстар мен соғыстар, жаулап алу әрекеттерімен байланысты қарайды. Сол негізде көшпенділерді ылғида жабайы, жаулап алушы, тонаушы, отырықшы өркениеттің қас жауы ретінде бағалап келді. Сол арқылы осынау табиғи қарым-қатынастағы көшпелілердің орнын төмендетіп көрсетуге тарысады. Бұл ретте «Көшпелілер отырықшылардың мәдени жетістіктерін қиратушылар, не болмаса өздеріне қабылдап алушылар болды» деген пікірлер де жиі кездеседі.

Шын мәнінде, көшпелілер мен отырықшы халықтардың арасында табиғи һәм тығыз байланыс болған. Бұл байланыс кейде шапқыншылық, бұлаңшылық, ауыр алым-салық түрінде болса, кейде бейбіт қарым-қатынас, сауда-сатық түрінде іске асты. Көшпелі және отырықшы шаруашылықтың өзара әсері шекаралық аймақтарда жедел жүрді. Көшпенділер мен отырықшы жұрт түрлі шаруашылық-экономикалық, мәдени байланыстар арқылы бір-бірінің мәдениетін байытты.

Дегенмен, көшпелі және отырықшы жұрттардың арасындағы қатынас әр кезде, әр аймақта әрқалай болды. Олардың қарым-қатынасында қақтығыс, соғыстармен қатар бейбіт сабақтастық, шаруашылық, сауда, мәдени өзара әсерлер аз болған жоқ. Мал өнімдеріне мамандандырылған көшпелі экономика егіншілік өнімдерін, қолөнер бұйымдарын отырықшылардан алса, отырықшылар мал өнімдерін, кейбір қолөнер заттарын, қолөнерге қажетті шикізаттарды көшпелілерден алып отырды. Мұндай сауда, айырбас қатынастары, әсіресе, отырықшы халықтар мен көшпелі елдер

көршілес орналасқан шекаралық, аймақтарда пәрменді түрде іске асып отырды.

Көшпелі мәдениет пен отырықшы өркениеттердің жиі, тығыз араласуына Ұлы Жібек жолындағы қалалар үлкен өсер етті. Солтүстік Азия мен Орта Азиядағы көне қалалардың дамуы шығыстан батысқа, батыстан шығысқа және оңтүстіктен солтүстікке бағытталған осы сауда керуен жолдарының дамуымен байланысты болды. Бүтінгі Қазақстан көне «Жібек жолының» сан тараптан түйіскен жеріне орналасқан. Екі мың жылдың алдына осы өлкеде Батыс пен Шығыс өркениетінің тоғысуы басталған. Сол себепті, ол экономиканың, мәдениеттің бір-біріне белсенді әсер ету аймағы болып келді. Бұл жерде түрлі ғылым саласы да өзара әсер ете отырып, динамикалы түірде дамыды. Орта Азия ежелгі адамзат өркениеті бесіктерінің бірі. Сондықтан ол өзінде бар мәдениетті жан-жаққа таратумен бірге, Батыс пен Шығыстың озық ғылымы мен мәдениетін өзіне тартты және оны осы екі әлемге өткізуші рөл ойнады. Бұл жерде адамзат баласының түрлі нәсілдері де бір-бірімен қою араласып, есесіне жаңа нәсілдер дүниеге келді.

«Жібек жолы» ертеде Қытайдың көне астанасы Чан-аннан шығып Хэси дәлізімен Тарым ойпаты арқылы Орта Азияға келетін. Бұл жол Қытайдың Хан патшалығының елшісі Чжан Цянь “Батыс аймаққа” (Қытай деректеріндегі Шығыс Түркістан мен Орта Азия) елшілікке барған соң, Хан Уди патша У-и, Чжан-ие, Цзючуан, Дунхуан бекеттерін құрғаннан кейін ашылған еді. Тарихта бұдан бұрын да «Далалық жібек жолы» барлығы мәлім болатын. Өйткені Ішкі Қытайда Жібек өндіру қолға алынысымен, ол жібек маталар алдымен Солтүстікке, одан соң батысқа, яғни Шанси өлкесінің солтүстігімен Монғол үстіртіндегі және Орта Азиядағы көшпенділерге барып жетті.

Қытайдың алдыңғы Хан патшалығы кезінде (б.з.д III ғ.) Чақылық арқылы Іле өзенін бойлап ежелгі Үйсін жеріне, одан соң Қаңлыға, Қыпшаққа жететін [4, 35].

Алтайдың солтүстік қанатындағы Пазырық, Катон өзендері бойындағы көне кесенелерден байырғы Қытайы жібектің табылуы соның айғағы. Торғын атласқа салынған самұрық суреттері бұлардың біздің дәуірімізге дейінгі III-V ғасырларға тән екендігін көпрсетеді.

Қытай археологтары Ішкі Монғолиядағы Ежина ауданынан байырғы жібек атластарды тапты. Ежина Хэси дәлізген соншама шалғайда жатыр. Алтаймен Ежинадан жібек маталарының табылуы және тарихтағы көшпенділер аймағына жібек маталарды көптеп тасу фактілері «Далалық жібек жолы» тарихының тіптен арыда жатқандығын дәлелдейді.

Түріктердің көшпенділерді бір орталықтандырған билікке қаратуы және кейінгі кезде Суй, Таң патшалықтарының Орта Азияға дейін кеңеюі нәтижесінде «Даладық Жібек жолы» тез көркеие бастады. Батысқа қарай тасылған жібек маталарының мөлшері бұрынғы әрқандай кезеңнен арта түсті.

Осы орайда Гоби шөлінің оңтүстігінен Қазақ даласына қарай созылған «далалық жібек жолына» тоқтала кетейік:

Сол бір ықылым дәуірде жібек жолының ең негізгі тармағы Тянь-шань тауының қапталымен батысқа қарай жүлгелеп жататын. Онда жүретін керуендерді арнаулы жасақталған әскерлер қорғап жүретін. Шығыс Түркістандағы Шонжы арқылы Жемсарыдан өтіп, одан ары қарай Фуқанды басып батысқа кететін әскери бекіністер бойымен зерттегенде, кендігі 6-7 шақырымға созылған Таң дәуірінің жібек жолы бұл бекіністердің солтүстігінде жатқаны анықталды. Ондағы ел күні бүгінге дейін бұл жолды «Табғаш жолы» деп атайды. Бұл тұрғыларда керуеннің қауіпсіздігін бақылайтын бақлаушы жасауыл тұрған. Алда-жалда барымта бола қалса, ондағылар тұрғыларға от жағып, бірбіріне хабар берген. Әрбір қарауыл керуен жолын ұры-қарақшылардан қорғайтын әскери бекініс спетті еді. «Таңнама. Жағрапиялық баянында-4»: Бэйтин басқағының қоластындағы әрбір тұрғы бекеттердің тізімі

жазып қалдырылған. Онда Тинчжоудан батысқа беттегенде Синсите дейінгі 30 шақырым жерде Сабо қарауылы, Фэнло қарауылы, ары қарай 40 шақырым жерде Иели қарауылы, тағы да 50 шақырым жүргенде Лунтай ауданы, одан ары 75 шақырым жерде Чжанбао қарауылы, одан соң Лидэцзян өзенінен өткенде 35 шақырым жерде Уцзай қарауылы, Баян өзенінен өткен соң 35 шақырым жерде Цинцзин қарауылы, Иэиэ өзенінен өткен соң 35 шақырым жерде Иехэ қарауылы, одан ары Қарасу өткелінен өткен соң 35 шақырым жерде Қарасу қарауылы, тағыда 35 шақырымнан соң Дунлин қарауылы бар. Одан соң Хуансаупто (Қоғалы көл), Дамо (Үлкен құм), Сяоси (Кіші құм) деген жерлерді басып, Сисихэ (қара малта тасты өзен) өзенінен өтіп, Юэчэлин (бәлкім Талқы асуы), Гуние (Алмалық) қаласына барады. Цыхуэй өзенінен өтіп, Чэшимань қаласына барады. Одан ары Или (Іле) өзенінен өтіп, Диди өзеніне барғанда Сұяп жерінің шекарасына жетеді. Одан ары тағы да 4 шақырым жүргенде Сұяп қаласына барады. Ол жақта өзен біткеннің бәрі солтүстікке қарай ағып, құмға немесе Ибо теңізіне (Балқаш) құяды” деп жазылған [5].

Сырттай қарағанда бұл Таң империясының Орта Азияны тізгіндеуге арналған әскери бекіністері секілді көрінгенімен, іс жүзінде бұл байырғы жібек жолының бір сұлбасы болып есептеледі. Сондай-ақ, бұл солтүстікте Жемсары басқағын орталық еткен жібек өнімдерінің таралу аймағы батысқа қарай ойысып, Сұябқа барғаннан кейін, Қазақ даласын орталық еткен жібек өнімдерінің таралу аймағын қалыптастырады деген сөз. Бұдан ары жібек маталар Араб теңізі арқылы Жерорта теңізіне, енді бір жағынан Қазақ даласының батыс қиыр шеті арқылы Еділ, жайықтан өтіп Еуропаға барып жететін.

Бірақ «далалық жібек жолы» бұл бағытпен ғана шектеліп қалған жоқ. Оның тағы бірнеше тармақтары болды.

Оның бір тармағы Баркөлден батысқа қарай беттеп, Жемсарыға барғасын, Еренқабырғаның таулы қойнаулары арқылы Қайыңды өзені

мен Алатау қобысынан өтіп, Балунтай бекінісі арқылы Үлкен және Кіші Жұлдыз жайлауларына шығады. Содан Күнес өзенін бойлап отырып, Алмалық қаласына барады. Алмалық қаласы оңтүстік пен солтүстік бағыттағы жібек жолының түйісетін жері. Алмалық қаласынан оңтүстікке беттегенде Күсәнге, батысқа беттегенде Сұябқа барады.

1966 жылы Тұрфанның Астана көне қала жұртынан табылған 665-673 жылдары жазылған бір сарғайған қағаз жапырақшада Алмалықтан Күсәнге баратын сауда жолы туралы мәліметтер жазылған.

Аталған қағаз жапырақшадағы жазуларда Іле бойындағы Алмалық қаласында сақталған жібек маталар санының өте көптігі, ол арадан кез-кедген уақытта жүздеген топ жібек мата алып шығуға болатындығы жазылған. Бұрынғы тарихи мәліметтерде Алмалық қаласынан Тянь-шаньды асып, оңтүстік өлкедегі Күсән еліне баратын жібек жолы туралы ешқандай дерек кездеспейтін. Ал аталған тарихи құжатта осы жол жайында ашық көрсетілген.

Бұдан басқа Алтайдың күн беті мен теріскей бетін бойлап жүретін екі жол болған. Чананнан шығып, солтүстік дала өлкесін басып, Таң дәуірінде салынған «Саньтянь қаған жолы» деп аталатын жол арқылы Орхон өзені бойына дейін жетіп, онан соң Хангай тауының теріскей қапталымен Қобда ойпатына түсіп, Алтай асатын осы жолдың бір бөлігі Қара Ертістің ұзына бойымен Зайсанға дейін келіп, онан соң Балқаш пен Арал теңізінің солтүстігіндегі Дешті Қыпшақ арқылы Каспи мен Қара теңізге, Оңтүстік Орыс жазығына жетеді. Бұл бағзыдан бар Далалық жібек жолы. Оның енді бір тармағы Қобда ойпатынан шығып, Үліңгір көлі арқылы Сауырды басып, Дөлбіржіннен өтіп, Алмалыққа қарай ойысатын. Ертеде бұл алқапты мекендейтін қазақтарға қатысты торғын-торқа, ақтық бұйымдар осы жолдар арқылы жетіп жататын. Алтай қаласы маңындағы Шеміршектен қазып алынған мыс айна мен Таң дәуірінің матасы соның айғағы дерлік.

Тағы бір жол Байқал көлінің оңтүстігінен батысқа беттеп, Енесай өзенінің жоғарғы саласындағы Таңну-ұранхай өлкесі арқылы, Ертіс өзенін жебелеп, Қыпшақ даласымен Еуропаға кетеді. Бұл «Орманды жібек жолы» деп аталады. Балқаштан шығып, Қанды жерімен Мәуреннахрді басып, Африканың солтүстігімен Еуропаға беттейтін бір жол да болған. Аталған далалық жолдар VI-XI ғасырлар аясында гүлденіп дамып отырды. Батыс пен шығысты тұтастырған осынау жолдар «торғын жолы», «тері-терсек жолы» деп аталатын.

«Чжоу кітабы, түріктер баянында»: “Еркін (Мұқан қаған) дәуірінен бері қарай бұл ел қуаттанып алды. Енді Ся еліне (Кіндік Қытай) тізе батырғысы келеді. Патша ағзам олармен бейбіт қатынаста болуды қалап, жыл сайын торғын-торқа, асыл атластарға қарық қып келеді,” - деп жазылған [6]. Осынау қыруар бұйымдарды бек-тарқандар өз игілігіне жаратып, көп бөлігін соғды саудагерлеріне басқа заттарға айырбастайтын.

Батыс Түркі қағанатына қарасты елдің көбі Балқаш көлі маңында қоныстанғандықтан, бұл өңір жібек керуен өтетін тоғыз жолдың торабы болды. Сөйтіп, олардың ханы да, қарасы да осындағы сауда-саттықтың игілігін көрді. 628 жылы Сұяб қаласында тұратын Тон-ябғұ қағанның сән-салтанатын өз көзімен көрген Суан Цзан былай деп жазады: “Сұябқа барғанымда қаған аңға шыққан екен. Ат-әбзелі, қару-жарағы көз сүріндіреді. Қаған үстіне көгілдір жібек тон киіп, шашын бір саржан ұзын торғынмен түйіп тастапты. Қасында кілең үлде мен бүлдеге оранып, айдарын өрген екі жүздей бай-бағланы бар. Олардан соң өңшең аппақ жұрыңды күрең жарғақ киген жасауылдар бес қаруын сайланып, ат-атанға мініп, ереуілдеп алған. Соларды көріп қайран қалдық...Қаған алтынмен апталған көз жауын аларлықтай әйдік сарайда тұрады екен. Оның қарысы алданда өңшең торғын-торқадан малына киінген бекзат төрелер қақ жарылып, ұзыннан ұзақ тізіліп отырады екен. Ал бөкеуілдер олардың арт жағында...” [1. 211].

Бұл заманымыздың 568 жылы Шығыс Рим императоры Юстин II-нің Батыс Түрік қағаны Істемиге жіберген елшісі Земаркустің өз көзімен көрген жағдайларына тіптен ұқсайды. Ондағы Істемидің киізден тіккен ордасы да көз жауын аларлықтай әр түрлі дүрді-атластармен безендірілген-ді. Земаркус онда керегесіне айналдыра адамның, әр түрлі нәрселердің бейнесі кестеленген әсем жібек түскііз ұсталған киіз үйді де көрген.

Ерте кезде жер бетіндегі күллі халықтар жібек шағиларды ең әсем, ең қымбатты бұйымға балаған. Сондықтан ол таралымы кең, сұранымы ең күшті қат бұйымға айналған. Әр ел саудагерлері одан ырғын пайдаға кенеліп отырған. Азиядағы Арсак (Анси), Яоши (Иүзейлер), Соғды жұртының тұрғындары саудаға шебер еді. Олар жібек саудасындағы басымдылыққа жету жолында бір-бірімен тынбай күресіп отырды. Парсы жері Еуразия құрлығындағы бір ұрымтал өңір. Кіндік Азияға шоғырланған жібек өнімдерін Қиыр Батысқа жөнелту үшін керуендер Парсы жерін басып өтуі тиіс болатын.

Көне түріктер күшейген кезде, арнаулы жібек саудасымен шұғылданатын соғдылар түркі ақсүйектеріне сауданы өз бақылауына алуды өтінді. Сөйтіп, қаңлы Манияхты Парсы патшасы Хсрау Анашерванға елшілікке жіберіп, олардың жерінде жібек саудасын жасау талабын білдірді. Пасылар олардың талабын кері қағып, сауға-сәлемге апарған торғындарын да өртеп жібереді. Бұдан беті қайтқан соғдылар енді жерде Түрік қағанын Шығыс Римге елші жіберуге көндірді. Қаған Манияхты тағы да елші ретінде жібереді. Ол Кавказ арқылы 567 жылы Шығыс Римнің астанасына жетіп, оларды түріктермен жібек саудасын жасасуға көндіреді. Осыдан соң түріктер мен римдіктер арасында алты мәрте елшілік барыс-келіс болады. 571-590 жылдары Парсылар мен Римдіктер арасында 20 жылдан астам уақыт соғыс болды.

Парсы, Түрік, Рим елдерінің «жібек жолына» таласу тұрғысынан жүргізген бұл соғыстары өз кезінде осы жолдың қаншалықты маңызға ие болғанынан дерек береді.

VIII ғасырдың орта шенінен IX ғасырдың ортасына дейін, түріктер мен соғды саудагерлері «Жібек жолындағы» сауданы жүз жылдан астам өз уысында ұстады. Арада тибеттер бұл сауданың Тарым ойпаты, Памир үстірті және Ферғана өлкесіндегі бір бөлігін өз уысында ұстады. Осы кезде Тарым ойпатының оңтүстігі мен солтүстігін айналып өтетін жібек жолының оңтүстік сілемі тосылып қалғандықтан, түріктер мен соғдылар Гоби шөлейтінің солтүстігі арқылы Сұябты басып Мауреннахрге өтетін далалық жібек жолының бойында Бесбалық, Алмалық, Сұяб сынды үш ірі жібек саудасының орталық базарын қалыптастырды. Бұлар сауда байланыстарының арқасында дамып, ірі қалаларға айналды. Бұл дәуірде дала жолының енді бір тармағы Алтай тауының күнгей бетімен Сарарқаны бойлап, Еуропаға жетіп жетті. Демек, Қазақ даласы осы бір тарихи кезеңде Еуразияны тоғыстыратын үлкен Жібек жолының орталық аймағына айналды.

Ал байырғы қазақ жеріндегі Сұяб қаласы да Ферғана тараптағы жібек жолы тосылғаннан кейін, Орта Азиядағы жібек саудасының қайнаған хан базарына айналды. Сондықтан ол қала жайындағы мәліметтер тек Қытайдың ғана емес, Араб елдері мен өзге де шалғай мемлекеттердің тарихи құжаттарынан көптеп кездеседі. Сұяб шаһары Таң империясы кезіндегі Қытай ақындарының тамсана жырлайтын тақырыбына да айналды.

Таң әулеті ыдырағаннан кейін, IX ғасырда Білге Көл Қыдырхан Баласағұн қаласында Қарахан мемлекетін құрды. Қытай мен ортағасырлық әлем тарихында бұл мемлекеттің абройы асқақ тұрды. Сол дәуірде де «далалық жібек жолы» қыр өлкесін мекендеген халықтардың тұрмысын байытуға қызиет етті.

Жібек жолы тек ерте, орта ғасырларда гүлденіп қана қоймастан, Орта Азия мен Шығыс Түркістанда Қазақ және Жоңғар хандығы өмір сүріп тұрған кезде де жақсы дамыды. Бұл кезде жаңа теңіз жолының ашылуы керуен жолының Еуропаға дейін жетуіне кері әсерін тигізгенімен, Қазақ және Қоқан хандығы, Жоңғар мемлекетінің Цин патшалығымен болған саудасы бір күн тоқтаған емес. Бұл кезде Далалық жібек жолы бұрынғыдай өз маңызын жойған жоқ. Тек қазақтардың ғана Цин патшалығына жылма-жыл жіберіп отырған жықысының саны неше он мыңдап саналатын. Есесіне қазақ байлары қытайдың жібек өнімдерін, фарфор бұйымдарын, шәйін және дәрі-дәрмектерін алдыратын.

Дала өркениетінің қарыштап ламуында жылқы шаруашылығы айырықша рөл ойналы. Көшпенділер «ат мәдениеті» арқылы отырықшы мәдениетке әсер етті. Ат мәдениеті отырықшылар үшін әлде қайда қол жетпес, озық мәдениет болды. Атты әскер дәстүрі, қару түрлері, қылыш, ат әбзелдері де көшпелілерден келген. VI ғасырда түркі тайпалары пайдаланған темір үзеңгілі ертоқым келесі ғасырларда бүкіл Еуропаға таралды. Отырықшы елдер көшпелілердің қару-жарағына, киіміне еліктеді. Көне түркілердің кісе-белдіктері хуанхэ бойынан қосөзен алқабына дейінгі аралықта кеңінен қолданылды. Таң әулеті кезіндегі Қытайда көшпелілердің киім үлгісі, етік кию кең таралды, еуразияның көшпелі этностары тек шаруашылық үрдісімен ғана емес, өздерінің рухани-эстетикалық артықшылықтарымен, киім үлгілерімен де отырықшы аймақтарға, алыстағы елдерге әсер ете алды. Еуропада орыс, поляк, венгр ақсүйектері киім киісінде, шаш қоюында көбінесе көшпенділерге еліктеді. Көшпенділерде б.з.д. 1-мыңжылдықта пайда болған өнердегі «аң стилі» Қытайдан Дунайға дейінгі аралықтағы отырықшы елдерге жалпыласты.

Көшпелілер отырықшы халықтардың өзара мәдениет алмасуына, олардың мәдени үдерістердің бірінен екіншісіне ауысуына

себепші болды. Отырықшы аймақтарды бір қалыпта қойып қоймай оларды ұдайы сілкілеу, ұйқысынан ояту отырықшы өркениеттің жалаң жер игерумен ғана дамуын өзгертті. Малшаруашылығы белгілі деңгейде отырықшылар арасында да тамыр тартты. Көшпелілердің миграциясы, олардың отырықшы елдерді бірінен соң бірін жаулап алуы олардың арасындағы мәдени алмасуды, қан араластығын жеделдетіп отырды. Сол себептен өз кезінде отырықшы халыққа қарағанда көшпенділердің көзі ашық, көкірегі ояу болды. Білетін нәрселері де көп еді. Олар ерте, ортағасырлар заманында отырықшылармен тек қана соғысып қойған жоқ, сонымен қатар өзара тығыз, бейбіт байланыста болды. Көшпенділер отырықшы елдер шеберлеріне өздеріне қажетті құрал-сайман, жабдықтарға тапсырыс жасаумен қатар оларды қажетті шикізатпен де қамтамасыз етіп отырды. Сонымен бірге, көшпенділер отырықшы халықтардан түрлі қолөнерді үйренді. Сондықтан кейде, тіптен, адамзат мәдениетін отырықшы, және көшпенді өркениет деп бөліп тастаудың өзі қате. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз органикалық байланыста дамыған және бірінсіз бірі өмір сүріп тұра алмаған.

Аралдың шығыс маңы, Сырдың төменгі сағасы, Шу, Талас өңірі, Жетісу көшпелілер мен отырықшылардың ежелден және ұзақ уақыт тоғысқан аймағы болды. Көшпелілер мен отырықшылардың қарым-қатынасы қалаларды жаулап алудан бастап, қарапайым айырбасқа дейін әр түрлі сипатта болды. Бұл кезде қала мәдениетінің өсуі, мүлік теңсіздігінің күшеюі көшпелілерді одан сайын қызықтыра түсті.

Ендігіде қалалар көшпелілердің сауда-саттық жасайтын орталықтарына айнала бастады. Ежелгі Қазақ жерінде қарлұқтардың, тоғыз-оғыздардың жартылай отырықшылыққа айналғаны жөнінде ортағасырлық деректер сақталған. Яғни, біздің даламыз үшін қала көшпенділердің сауда жасайтын, қолөнерді дамытатын орталығы болған.

II ТАРАУ. ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ОАЗИСТЕРІНДЕГІ ЕРТЕДЕГІ ОТЫРЫҚШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

2.1. Шығыс Түркістанның тарихи-жағрапиялық ерекшеліктері

Азия құрлығының ішкі бөлігі–Тянь-шань тауын орталық еткен байырғы Шығыс Түркістан мен оған көршілес жатқан аймақтар, Тарым және Жоңғар ойпаттары, Шығыс Тянь-шаньнан Хэси дәлізіне дейін созылған аймақтар тарихтан бері жауын-шашыны аз, өсімдік жамылғысы сирек болып келетін типтік құрғақ аймақ болып табылады. Оның үстіне, осынау құрғақ аймақ ендік және бойлық бағыттар бойынша бірнеше мың шақырымға созылып жатар. Соған қарамастан, ол ертеден адамзат өркениетінің өткізуші аймағы болып есептелді. Байлық пен өмір сүруге деген талпыныс, басқа өңірлерге қарай ірге кеңейту пиғылдары адамдарды бұл өлкелермен тығыз байланыстырды. Жаратушы өз кихметін әйгілеу үшін және адамдарға тұнық су мен жасыл нудың қадірін ездіру үшін олардың өзегі талып жетер жерлерге кіші-гірім оазистер пайда қылып қойған еді. Бұл жерлер кейін келе Батыс пен Шығыс қатынасының ең қабағат нүктелеріне айналды. Ішкі Азиядағы отырықшы мәдениет пен көшпенділер мәдениетінің қиысқан тұсы, үлкен суайырығы немесе алып белдеуі деп Тянь-шань тауын айтуға болады. Батысы Орта Азиядағы Ташкент маңынан басталып, шығысы Қытай қабырғасына жақын Аратүрікке дейін озылып жатқан, ұзындығы 2 мың 500 шақырым, көлденеңі 250-300 шақырым келетін Тянь-шань тау сілемінің солтүтік қапталы малшаруашылығына, оңтүстігі егіншаруашылығына қолайлы болып келеді. Яғни оның солтүстігі аумақты жайылымдар болса, оңтүстігі көбінесе құмдықтағы оазистер. Оның ең биік нүктелері Темір жотасы

(7444 м.) мен Хантәңір (6995 м.) шыңы. Көктем мен жаз айларында осы тектес мұзарт шыңдардың басындағы еріген қар мен мұз суы, тау өзендері етекке қарай құлай ағып, Тарым мен Жоңғар ойпатының алқабын жасыл желекке бөлейді. Тарым ойпатына қарай жол тартқан дәрия суы құмға жеткен соң айырықтарға бөлініп, көптеген көгалды алқаптар (оазистер) қалыптастырады. Тянь-шаньның таза суы құмдағы ыстыққа ұрынғанда, күн нұрын бойына мол сіміріп, егін шаруашылығы мен бау-бақша кәсібіне қажетті ең құнарлы суға айналады. Жылы алқапта суды жеткілікті сімірген дәнді дақылдар мен көкөністер, жеміс-жидектер тез өсіп, тез піседі. Және сапасы да айырықша болатын. Ал солтүтік оңтүстікке қарағанда өзінің көгалды, жайылымды алқаптарының ауқымдылығымен ерекшеленеді. Әдетте қар оңтүстікке аз жауса немесе жаумаса, солтүтік қыста шымқай ақ көрпеге оранып жатады.

Сондықтан Тянь-шань тауын екі түрлі шаруашылықты бөліп тұрған және бір-бірімен байланыстырып тұрған тіршілік арқауы деген орынды. Бұл оны жер бетіндегі басқа таулардан парықтандырып тұратын бірден бір ерекшелігі. Сонымен бірге, тауды оңтүстіктен солтүстікке немесе керісінше кесіп өтетін әлде неше ондаған тау жолдары, қиын асулар бар. Бұл оның оңтүстігі мен олтүстігін бір-бірімен тұтастыратын негізгі һәм табиғи, ертеден келе жатқан қатынас жүлгесі деуге болады. Бұл оның жағрапиялық маңызы мен тарихи бет-бейнесін тіпті де айқындай түседі.

Тянь-шаньның оңтүстігі мен теріскейіндегі осынау өзендерің сала-сала болып аққан аңғарларының бойындағы елдімекендерді қуалай шығыс-батыс қатынасының екі үлкен күретамыры – «Жібек жолының» екі тармағы қалыптасқан. Оның бірі күнгейдегі жібек жолы, енді бірі теріскейдегі жібек жолы.

Тянь-шань өзінің солтүстік және оңтүстік бағыты бойынша ғана емес, шығыс-батыс бағыты бойынша да мәдениеттердің тоғыстырушы

және бір-бірінен парықтандырушы аймақ. Мысалы, оның батысына қарағанда шығыс бөлігінің мәдениет белгілері өзіндік ерекшелікке ие. Сондықтан ол Азиядағы Гималай тауы немесе Янцзы мен Хуанхэ өзендері секілді тарихи географиялық және мәдениеттік ұғым. Өйткені оның батыс мүйісінде адамзат өркениеті бесіктерінің бірі болып табылатын Мауреннахр–Әму және Сыр өзендерінің алқабы жатыр. Өзінің табиғи жылы және егін, мал және бау-бақша кәсібіне қолайлы табиғи шарт-жағдайымен ол өлке тым ерте кезден-ақ дамудың өзіндік жолына түскен және тек осы аймаққа тән мәдениет жаратқан. Бұл мәдениет өзіне көрші жатқан шығыстағы Тарым мәдениеті мен және Тянь-шаньның солтүтігіндегі аралас типтегі көшпелі және отырықшы мәдениетпен тығыз қырым-қатынаста болды. Орта Азиядағы аталмыш қос өзен мәдениеті Азияның басқа да шалғайында жатқан өзге екі бірдей қос өзен мәдениетімен–Хуанхэ мен Янцзы және Тигр мен Евфрат мәдениеттерімен тығыз байланыста болды. Бейне қазақтың ұлы ақыны О. Айтанұлының Тянь-шаньды «Жібек жолында» келе жатып шөгіп қалған түйелерге ұқсатқаны секілді, ол өзінің шығыс-батыс бағыты бойынша да мәдениеттерді тасымалдаушының рөлін ойнады.

Тянь-шань тауының айналасындағы мәдени-тарихи кеңістікте өмір сүрген ұрпақ үшін мақтануға тұрарлық тарихи құндылық–ол осы өлкедегі отырықшы өркениет іздері. Ол белгілі маңадан алғанда өзі өмірге келген табиғи ортаға байланысты қалыптасқан. Ол –Тянь-шань.

Бұдан бұрын әлемдік өркениеттің тарихын жазушы авторлардың бәрі дерлік бұған сәл қарап келді. Өйткені олар Тянь-шаньды сезінбеді. Тянь-шаньды сезіну үшін онда туу, өмір сүру, оның шығысы мен батысына, оңтүстігі мен солтүстігіне сапар шегу керек. Бұл бір. Екіншіден, ғылымдағы центристік көзқарастан аулақ болу керек. Бұл тұрғыдан Тянь-шань тау сілемінің өркениеттік маңызын төмендетуге еуроцентристік және азиялықцентристік көзқарастардың әсері болып келді. Ғалымдар біріншіден білмеді немесе білсе де маңыз

бермеді, ол туралы жазғылары келмеді. Мысалы, В.В.Бартольд та Орта Азияның көне мәдениетін ариандар мәдениетімен байланыстырады. Олардың пікірінше бұл өлкеге қалайда өзге сырттан келген өзге бір мәдениет әсер етуі керек. Олар құдды мұнда да су барын, топырақ барын, ертеден адам баласы жасағанын ұмытқан секілді. Бірақ В.В. Бартольд өзінің «Орта Азия тарихы» атты еңбегінің кіріспесінде: «Геродот еңбегінен де (III, 117 ж.) көруге болатындай, ертеде Перия империясы құрылмай тұрыған кезде Хорезм аймағы Орта Азияда ерекше маңызды саяси мәнге ие болған. Бұл тарихтың өз болмысына сәйкес келеді. Яғни, өркениет ошақтары құдды Ефрат және Ніл бойы өркениеттері секілді, алдымен ірі өзендердің төменгі ағысында пайда болады»[7,2] дейді. Мұны мойындағысы келмесе де амалсыз мойындау деп түсінген жөн. Тянь-шань төңірегіндегі мәдениет іздерін, олардың бастауларын осы өлкенің өз тарихынан емес, қайдағы бір шет жұрттар мәдениетінің ықпалынан деп қарау Қытай тарихшыларынан да кездеседі. Ол туралы Жапон ғалымы Матсуда Хисау өзінің «Ежелгі Тянь-шаньның тарихи-географиясы туралы зерттеу» (古代天山历史地理研究) атты зерттеуінде: «Дәстүрлі түрде айтылатын шығыс және батыс мәдениеттерінің ошағынан шалғай жатқандықтан, қай жағынан алып қарасаңыз да ол өте оқшау көрінеді. Сондықтан шығыс-батыс өркениеті ұғымының әсерімен жүрген адамдардың назары ылғида сыңар жақты болып келеді. Әсіресе, Азия тарихының жазып қалдырушысы әрі сақтаушысы болып келген қытайлықтардың өзі осындағы көптеген жайларға тым қанық емес. Бұл әрине, өкінішті жағдай. Осылайша, осынау заңғар-биік Тянь-шаньның тарихи рөлі ұмыт қалып келді»[8,2] дейді. Дәл сол себептен, Тянь-шань және оның төңірегіндегі көне мәдениеттер, мемлекеттер, қала қорғандары, шаруашылық өңірлері туралы деректер тым сирек кездеседі. Бұл сирек деректер қытай жазбалары арқылы бүгінге жеткен. Шығыс Тянь-шаньның жағрапиялық жағдайы, елдімекендері, қала мемлекеттері, қытай

отарлары туралы деректер батыстық, византиялық, парсылық, арабтық не болмаса үнділік жазба құжаттарда жоқтың қасы. Тянь-шань тарихының трагедиялы беттері мұнда сақталған көне мәдениет жәдігерлерінің көптеп тоналуы. Кездейсоқ адамдар тарапынан қолды болуы.

Шығыс Тянь-шань тарихының деректері Қытайдың Хан, Вэй дәуіріне қатысты жазбаларда көзге түседі. Хан мемлекетінің солтүстікке және батысқа қарау ірге кеңейтуінде Шығыс Түркістан мен оған көршілес аймақтарға жасалынған географиялық, этнологиялық зерттеулердің және елшілік барлау материалдарының орны ерекше. Бұл материалдар кейінгі «Ханшу» (汉书), «Хоу ханшу» (后汉书.西域传) және «Вэйлуэ. Батыс роңдар баяны» (魏略.西戎传), «Вэй кітабы. Батыс өңір баяны» (魏书.西域传) секілді кітаптарға жинақталған. Шығыс Тянь-шаньдағы отырықшы мәдениет үлгілерін зерттеуде бұл материалдар алғашқы дерек көзі болып табылады. «Ханшуда» Тянь-шаньдағы алғашқы мемлекеттер туралы деректер бар. Шын мәнінде, ол кездегі мемлекеттердің көбі балық ұлыстар (шағын қала мемлекеттері) еді. Тұрғындар жиі шоғырланған ондай елдімекендерде шаруашылық құрылысының әр алуан элементтері қатар өмір сүрді. Ең алғаш «Ханшудағы» Тянь-шаньға қатысты жер атауларына талдау жасаған неміс ғалымы А.Херман болды. Ол XX ғасыр басындағы география ғылымындағы жетістіктерден пайдаланып, негізінен Тарым ойпатындағы көне балықұлыстар мен олардың бір-бірінен арақашықтығын зерттеді[9,59].

Бұдан кейінгі деректер түркі дәуіріне тән. Тянь-шаньның VI-IX ғасырлардағы тарихы, ондағы елдімекендердің жағдайы туралы Қытайдың Таң дәуіріне тән жазба мұрағаттары біраз деректер береді. Дегенмен, «Көне Таң кітабы» және «Жаңа Таң кітабында» жазылған бұл деректердің бәрі ұғымға оңай емес. Бір-бірімен қайталанған, дәлдігі күмән тудыратын деректер тым шытырман болып келеді. Қытайдың

Таң дәуірі Орта Азияның түркілік кезеңімен тұспа-тұс келеді. Түріктер Алтай тауын орталық етіп Түркі қағанатын құрған кезде таң мемлекеті әлі құрылмаған болатын. Бірақ Суй патшалығының Корейге бағытталған жорығынан сескенген түріктер өз ішіндегі әскери ақсүйектердің патшаға қарсы көтерілісін қолдады. Сөйтіп, Суй патшалығын аударып тастап, Ли фамилиялы төрелердің Таң әулетін құрып берді. Бұл тарихи факті. Таң мемлекеті алғашқы патша Тан Гаоцзудың кезінде Түрік қағанатына бағынышты еді. Кейін келе екінші патша Тан Тайцзунның кезінде біртіндеп күшейіп, түріктердің өзіне қарсы шабуылға шықты. Ақыры Шығыс Түрік қағанатын жойып оны өз қоластына қаратты. Одан соң жедел түрде батыс Түрік қағанатына ауыз салды. Осыдан кейін батыс Түрік қағанатының қол астындағы Шығыс Тянь-шань мен Батыс Тянь-шань алқабы тан империясының қоластына өтті. Таң мемлекеті бұл өлкені «батыс аймақ» деп атап, онда әскери-әкімшілік мекемелерін құрды. Сол себепті, аталған кезеңдегі шығыс Тянь-шаньдағы елдімекендер екі топқа бөлінеді: яғни, олар пайда болу неіздеріне қарай тұрғылықты елдімекендер және табысшылық тұтықмекемелеріне тәне елдімекендер болып табылады. Тұрғылықты елдімекендер осында ертеден тіршілік етіп келе жатқан жергілікті түркі тілді тайпалар тарапынан өзен бойлары мен көгалды алқаптарда біртіндеп қалыптасқан елдімекендер. Ал табысшылық елдімекендер болса, таң империясының он оқтарды басқару үшін құрған әскери-әкімшілік аппараттары тұратын және оған қойымша пайда болған елдімекендер. Пайда болу себептерінің әр түрлі болуына қарамастан, бұл елдімекендердің-шағын қалалар мен кенттердің шаруашылық формасы бірдей болды. Атап айтқанда, онда егіншаруашылығы мен мал шаруашылығы, қолөнеркәсібі тел өркендеді. Ішінара қалаларда, сондай-ақ, қаламаңы елдімекендерінде бау-бақша кәсібі кең дамыды (Тұрфан, Күңгіт қаласы, Қызылқорған қаласы т.б.).

Шығыс Тянь-шаньда егін шаруашылығына қолайлы жерлер деп Іле бойын, Боратала тұйығын, Еренқабырға етектеріндегі Манас, Құтыби, Санжы өзендерінің сағасын, Тұрфан ойпатын, Тарым шөлейтінің айналасындағы көгалды аймақтарды, Ертіс, Еміл өзендерінің бойын т.б. атауға болады. Ол жерлер өзінің тарихтан бері келе жатқан жаратылыстық шарт-жағдайына байланысты, егін шаруашылығына аса қолайлы жерлер болды. Батыс Түрік қағанатының алғашқы қағаны Істеми қағанның ордасы Шығыс Түркістандағы Жұлдыз аңғарында болған. Кейін ол жерден көшіп Сұябқа қоныс аударған. Жұлдыз жайлауы Іле өзенінің жүйірік басы Күнес алқабынан Тянь-шанның күнгей бетіне қарай асып түскен соң басталатын көгалды аймақ. Ол ерте заманнан Тянь-шанның солтүстігінен оңтүстігіне қатынайтын стратегиялық маңызға ие жол торабына орналасқан. Оның үстіне, Жұлдыз жайлауы және оған көршілес жатқан өңірлер тарихта көшпенді малшы қауымның қыстың күні мал отарлататын жылы қонысы болған. Бұл жақтың қысы таудың теріскейіне қарағанда әлде қайда жылы. Тянь-шанның оңтүстік беткейіндегі мұндай жылы қоныстардың қатарына Тұрфан ойпаты мен Боғда, Баркөл тауларының күнгейін, құмыл өңірін және Ақсу аңғарын жатқызуға болады. Ерте заманнан бастап бұл қоныстарда егін шаруашылығымен қоса мал шаруашылығы қатар дамыды. Өйткені барлық ерте, ортағасырлық отырықшы шаруашылықта мал түліктерінің қолданылмайтын жері жоқ. Мал мініске, жепіске және сойысқа пайдаланылды. Күш-көлігінсіз егін егіліп, өнім жиналмайтын. Қырман бастырылмайтын. Оның үстіне мейлі шағын типтегі балықұлыстар болсын, немесе ірі, ауқымды мемлекет болсын бәрінде жылық, түйе секілді ірі қара малдар соғыс қажеті үшін өсірілді. Сондықтан, орасан зор жағрапиялық кеңдікте, бір-бірінен оқшау жатқан және бір-біріне бағынышты елдімекендер арасындағы қарым-қатынас үшін күш және мініс көліктерінің орны айырықша. Бір-бірімен

хабар алысу, өнім тасымалдау және соғыс қажеттері үшін тянь-шань төңірегіндегі елдімекендер тарихтан бері малшаруашылығынан қол үзген емес. Ендеше, бұл өлкедегі отырықшылық мәдениетті көшпелі мәдениеттен бөліп қарауға болмайды. Демек, Ішкі Азиялық отырықшылық дүниенің басқа аймақтарындағы отырықшылық мәдениетіне көп жағдайда ұқсай бермейді. Яғни, мұндағы дихан бірде қыр сахарада малшы, бірде ат үстіндегі салт атты жауынгер болуы мүмкін. Сондықтан орта азиялық және Шығыс Түркістандық отырықшылық аймақтарындағы тұрғын халықтың тарихтан бері қалыптасқан менталитеті жартылай көшпенділік менталитет.

2.2. Жібек жолы және Шығыс Тянь-шань, Алтай тауларының етектеріндегі елдімекендер

Егер біз Таяу Шығыс пен Иранның, Араб елдерінің тарихына жиі үңілсек, көптеген көгалды аймақтардың даму тарихының куәгері боламыз. Бірақ дәл осы тұрғыдан алғанда Тяньшань мен оны айнала жатқан көгалды аймақтардың тарихы осы тақылеттес дамудың типтік мысалы бола алады.

Тянь-шань туралы деректер ең алғаш там-тұмдап болса да Геродотта кездеседі. Бірақ бұл өлкенің нағыз тарих сахнасына шығуы б.д.д. II ғасырға, Қытайдың Батыс Хан патшалығының осы аймақтағы көптеген балық ұлыстармен, көне Үйсін мемлекетімен қарым-қатынас орнатқан кезімен тұспа-тұс келеді. Осы тұста басын ашып алатын тағы бір сұрақ туындайды. Атап айтқанда, «Жібек жолы» Қытайдың «Шицзи. Бактерия баяны» атты көне дерегінде жазылғанындай, Чжан Цяньның батысқа сапарына дейін ашылмаған ба? Немесе оған дейін Батыс пен Шығыс арасында ешқандай да қарым-қатынас болмаған ба? деген мәселе. Қытайдың ең ертедегі жазбаларында көптеген батыстық деректердің кездеуі бізді қалыптасқан тұжырымға күдікпен қарауға

жетелейді. Осы мәселені тереңдей зерделеген Матсуда Хисау Батыс пен Шығыстың жақындасуы алыста жатқан мемлекеттердің тікелей қарым-қатынасы арқылы емес, қайта аралықтағы мемлекеттердің араласуы арқылы жүзеге асқан дейді [10, 5]. Бұл өте орынды пікір. Өйткені бұдан бұрынғы зерттеушілер «жібек жолын» айтқанда тек Батыс пен Шығысқа ғана маңыз беріп оның екі аралығындағы тарихи-мәдени кеңістікке көңіл бөлмей келді. Оның бірін біріне жалғаушы, өткізуші, байытушы, жаңғыртушы және өзінде бар жасампаздық рөліне сәл қарап келді.

Б.д.д. III ғасырда Тянь-шаньның оңтүстігі мен солтүстігіне бығырай орналасқан көптеген көгалды алқаптардағы елдімекендер дәстүрлі шаруашылықтың кемелденген сатысына өткен еді. Көгалды алқаптардағы тұрғындар өздерінің шағын тиіптегі мемлекеттік құрылымына– патшалығына сүйеніп, егін және малшаруашылығымен шұғылданды. Мұндай шағын көлемдегі патшалықтар қытай деректерінде «батыс аймақтағы» балықұлыстар деп аталды. Олардың ұзын саны 36 еді. Олар бірінші болып аймақтық деңгейде Тянь-шань тауының күнгей және теріскей жақ қапталын бойлай батыс пен шығысқа созылып жатқан сауда керуен жолын ашты. Ол жол Чжан Цяньның батысқа сапарынан бұрын да бар болатын. Дәл осы жолдар кейін келе «жібек жолының» негізіне айналды. Тянь-шань аймағына, Орта Азияға шалғай батыстан келіп қойылған сауда керуен жолдары кейін келе Хэси дәлізі, Моғол үстірті арқылы жеткен жолдармен тоғысып, тұтас бір бүтін артерияны құрады. Бұдан басқа тағы бір жол далалық жол деп аталды. Ол Солтүстік Қытайдан шығып, Монғол үстірті, Алтай тауы, Дешті-Қыпшақ арқылы Еділ бойына дейін жететін. Бұдан өзге Такламакан шөлін оңтүстігінен айналып, шығысы Дунхуаннан (Мағатха) батыста Сарымсақты асуы (葱岭) арқылы Ферғана ойпатына дейін жететін тағы жол бар. Көне заман мен ортағасырларда бұл жолдар да көбінесе түркілердің бақылауында

болды. Бұл жолдар Қытайдың Суй дәуіріне тән деректерде тілге тиек етіледі. Сол кезде өмір сүрген Орталық Азияның білгірі Пэй Цзуй (裴矩) өзінің «Батыс өңір картиналары» (西域图记) атты еңбегінде осы жолдар жайлы баяндайды. Бірақ оның бұл еңбегі кейін жоғалған. Тек «Суй кітабының»⁶⁷ бабының «Пэй Цзуй баянында» оның алғашқы тарауларынан үзінді келтіреді. Онда баяндалуынша солтүстік жол Құмылдан шығып Тянь-шаньнан асып түсіп, Баркөлге жетіп, одан ары батысқа беттеп Жемсары, Үрімжі, Іле аңғары арқылы Сыр бойына жетіп, одан ары тағы да Шығыс Римге (Батыс теңізге) бағытталатын болған. Осы жолдың бойында телек тайпалары және Түрік қаған ордасы бар дейді. Ал ортаңғы жол Идікұттан (Гаочаннан) шығып, Анге, Күсән, Күшар, Қашқар арқылы Памир тауларынан асып Ферғана ойпатына, одан ары Соғдияна жерімен Персия еліне жететін болған. Ал оңтүстік жол Лопнор құмдығының оңтүстігімен Қотанға, одан соң Қарғылық арқылы Ташқорғанға жетіп, ол арадан Памир тауларынан асып түсіп, Вахан аңғары арқылы Әму дәрия жағасымен жүріп отырып, Үндістанға қарай бұрылып кететін болған.

Бұл жазбаның маңыздылығы сол – онда Пэй Цзуй жол бойындағы іргелі аймақтарды түгелдей көрсетіп шыққан. Бұл аталған жолдар туралы ең алғашқы дерек болуымен бағалы. Бірақ бұған дейін де б.д. III ғасырда Юй Хуан (鱼豢) деп аталатын автор өзінің «Вэй луэ» (魏略) деп аталатын еңбегінде осы жолдар туралы баяндаған еді. Дей тұрғанмен, оның баяндауы өз зерттеуі емес, түгелдей «ханшудан» көшіріп алған болатын[11]. Ендеше, хан дәуірінен бастап қытайлар Шығыс Тянь-шаньмен саяси қарым-қатынасқа түскен және жоғарыда аталған жолдар туралы зерттей бастаған. «Шицзи. Ферғана баянында» : «үйсіннің батысынан Парфияға дейінгі елдер Ғұнға жақын болғандықтан, оның үстіне ғұндар юэчжилерге (月氏) тізе батырып, айналасындағыларға сес көрсеткендіктен, қолында тәңірқұттың таңбалы куәлігі бар Ғұн елшілеріне ондағы елдердің қай-қайсысы да

азық-түлік беріп, бәйек болып жататын. Ал хан елшілері теңге немесе торғын –торқасынан бермесе аш қалатын. Ат-көлік сатып ала алмай жаяу қалатын. Олар хан елін тым алыс әрі өте бай деп ойлағандықтан осылай істеді. Хан елшілері өзіне қажетті нәрселерді сатып қана алды. Себебі олар Хан елшілерінен гөрі ғұндардан көбірек қорқады» [12, 190-191]-дейді. Мұнда хан патшалығы елшілеріне қарағанда Ғұн елшілерінің беделі жоғары екені, олардан қорқатыны үйсіндердің әлі де болса ғұндардың ықпалында екенін көрсетеді. Бұдан ғұндардың Құмылдан Тянь-шаньның солтүстігі арқылы Парфияға дейінгі жолды өз бақылауына алып тұрғанын көруте болады. Ғұндардың ол кезде Тянь-шаньның оңтүстігіндегі балықұлыстарды да өз қоластында ұстағаны тарихи факті.

Сол кездегі Парфия туралы қытай дерегі былай дейді: Парфия – Ұлы Юэчжилердің (иүзейлердің) батысында, қашықтығы одан шамамен бірнеше мың ли. Халқы отырықшы. Егіншілікпен шұғылданады. Күріш пен бидай егеді. Жүзім шарабын ашытады. Қала құрылысы ферғаналықтарға ұқсайды. Үкенді-кішілі жүздеген қаласы бар, аумағы бірнеше мың ли келетін аса ірі ел. Жері Оксусқа дейін созылады. Сауда базарлары да бар. Адамдары арбамен және кемемен көрші елдерге, тіпті, арақашықтығы мыңдаған ли келетін алыс елдерге барып сауда жасайды. Ақшасы күміс теңге. Теңгелеріне хандарының бас бейнесі салынады. Ханы өлсе, жаңадан теңге құйылып, оған жаңа ханның бас бейнесі салынады. Хат-қатынас пен естелік жазуға жарғақ тері пайдаланылады. Жазуы көлденең жазылады» [12, 182]. Бұл өңір сол кездегі Орта Азиядағы отырықшылық мәдениеттің ең типтік ортасы еді. Осы айтылған дерекке негізделгенде, ондағы тұрғындар күріш пен бидай егіп, жүзім өсірумен және жүзімнен арақ ашытумен айналысқан. Оған қоса, қалаларының соншама көптігіне, сауда қатынастарының, ақша айналымының өркендегеніне және жазудың ерте пайда болғанына қарағанда бұл өңір сол кездің өзінде-ақ отырықшылық

мәдениеттің жоғары даму деңгейіне жеткен. Бұл әрине көрші аймақтарға әсер етпей қалуы мүмкін емес. Парфиялықтардың «мыңдаған ли келетін алыс елдерге барып сауда жасайтындығына» қарағанда, Тянь-шаньның оңтүстігі мен солтүстігіндегі елдімекендер олар үшін «мына тұрған жер» болған. Ол кезде Ферғаналықтар да егіншілікпен, қолөнермен шұғылданып, киіз үйлерде емес, қалаларда тұратын болған. Бірақ қала тұрғындары ғұндар секілді шетінен садақшы болған. Хан әскер басылары дад-уандықтардың (ферғаналықтардың) ұшқыр аттарын көріп тәнті болған [13, 11].

Біз шығыс Тянь-шань аймағы туралы сөз еткенімізде міндетті түрде Алтай тауы туралы да тоқталмай кете алмаймыз. Өйткені Алтай тауы Тянь-шань тауымен қатар бір географиялық кеңілікте жатқан тау. Тянь-шань тауы секілді, ол да құрғақ Азияның апай төсіне тіршілік нәрін таратушы, өзінің айналасында көгалды аймақтар қалыптастырушы тау болып табылады. Ол Тянь-шань тауымен Жоңғар ойпаты арқылы бөлініп жатыр. Оның үстіне, ол далалық жібек жолы басып өтетін аймақ. Жібек жолы Алтайды шығысынан батысына кесіп өтсе, енді бір сауда керуен жолы Алтай тауының күнгейінен Сауыр, Тарбағатай, Майлы-Жайыр, Ботаның сазы (Қоңыр-оба) және Еміл, Алакөл арқылы Жоңғар Алатауының теріскейі арқылы Жетісуға қатынап тұратын. Бұдан сырт, Алтайдың күнгейінен Күбінің құмы арқылы Тұрфанға, Пішәмшан мен Жұлдызға, Іле өңіріне тіке тартатын керуен жолы болған. Жаз айларында Алтай өңірінде Ертісті бойлап керуендер толас таппаған.

Б.д.б. III ғасырға дейін жазылған «Мутяныцзы аңызында» баяндалатын Кунлун тауын көптеген ғалымдар Алтай тауы деп түсіндіреді. Қытай ғалымдары Ма Юн (马雍) мен Ван Бинхуа (王炳华) бұл көзқарастар шындыққа анағұрлым сәйкес келеді деп қарайды. Олар археологиялық материалдарға негізделіп, ертедегі «Мутяныцзы баяны» (穆天子传) және «Шанхайцзин» (山海经) атты кітаптардағы

Кунлун тауы және оған жалғас жатқан салалас таулар туралы деректерді зерттей келе, онда көрсетілген осы аталған таулардың жаратылыстық ерекшеліктері Алтай тауына көбінесе сәйкес келеді, яғни «Мутяныцзы аңызында» айтылатын әңгімелер Алтай тауында болған деп есептейді [14, 2-5]. «Мутяныцзыда» Кунлун тауында «патша ордасы» және бірнешедеген биік әрі көлемді қорғандар, сонымен қоса, саздар, бұлақтар, жолбарыстар мен сусарлар, айпо-қасқырлар, құландар мен қодастар, тауешкілер мен қабандар және қой мен бұғыларды бүріп жейтін алып қыран бүркіттер бар деп суреттейді. Алғашқы Цинь дәуіріндегі деректер де Кунлун тауын әлде қандай бір тылсым орда-тұрақтары бар пері-машайықтардың тау етіп көрсетеді. Қазіргі археологиялық ашулар тек Алтай тауында ғана ежелгі тайпалар қалдырған көне мәдениет іздері сақталып қалғанын дәлелдейді. Мысалы, Алтай тауындағы көне алып тас қабірлер өз кезінде осындағы тұрғылықты елдің аса жоғары деңгейдегі мәдениетке ие болғанын дәлелдейді. Ендеше, Кунлун тауы туралы ғажайып әфсаналар Алтай тауындағы көне мәдениеттерді шегінен шығара асыра суреттеу деп түсінген жөн. Яғни, Алтайды айтамын деп Кунлунды айтқан. Өйткені Цилян тауы мен Кунлун тауынан қиял-ғажайып ертегіге негіз болатындай қандайда бір көне өркениет ізі байқалған емес. Ендеше, олардың жағрапиялық орны мен табиғи ортасы да көне әдебиетте көрсетілген деректерге сәйкес келмейді. «Мутяныцзы баянында» айтылатын жол Алтай тауының орталық бөлігіндегі шығыс жақ беткейден асып түсіп, батыс беті арқылы Қара суды (黑水) бойлап батысқа беттейтін жол. Қара су– Ертіс өзенінің ең жоғарғы саласы (қазақтар оны Қара Ертіс дейді-авт.). Осында малға өте қолайлы бір жазық жайылым бар. Онда ...ши деп аталатын тайпа мекендейді. Олардың жылқысы, сиыры, қойы, иті өте көп. Бұдан басқа тағыда қодас пен құлан аулап күн көреді. Олар егіншілікпен де айналысқан секілді. Өйткені олардың өндірген заттарының ішінде тағы да тары (稌) бар. Бұл

бір түрлі жабысқақ емес дақыл. Осыдан тағы батысқа қарай жүргенде бір сайдан өтіп, Сиванмудың еліне жетесің. Мұнда киелі Жақұт көлі (瑶池) бар. Бұл Зайсан көлі болуы бек мүмкін. Бұл б.д.д. V ғасырда Галикарнастық Геродот (б.д.д. 484-430) жазған теріскейдегі «жалғызкөзділердің» елімен сәйкес келеді. Аңыздың бас кейіпкері Чжоу Муван қалың қолын бастап Жақұт көлінің маңындағы ұлан-байтақ жазық далада аса ауқымды аңшылық-саятшылықпен шұғылданады. Осында сан-санақсыз құстар көл жағасында өздерінің мамықтарын түлетіп жатады. Муван сол мамықтарды жүзден астам арбаға тиеп қайтады. Бұл Геродот жазбасындағы скифтердің аспаннан құс мамықтары бұрқап тұратын өлке туралы естігендерін еске салады. Онда автор жалғызкөзділердің терістігінде қысы қатты бір жер бар. Аспаннан құс қауырсындары жауып тұрады. Адамдар одан өте алмайды деп естігенін айтып, бұл бәлкім өтірік болуы керек, әңгіме аспаннан жауған қар туралы болса керек дейді. Бірақ «Мутяңызы баянындағы» құс мамықтары туралы эпизот Геродоттың құс қауырсындарын аспаннан жауған қар болса керек деген болжамын терістеп тұрғандай. Дейтұрғанмен, аты белгісіз шығыс авторы мен Геродоттың жазбасы осы арада қалай да бір қисын тауып тұрғандай. Олардың бар білетіндері де осы жермен аяқтайды. Одан ары айтпайды. Бұл б.д.д. V ғасырдың алды-артында скифтер мен қытайлық сауда керуендерінің осы өлкеде – Ертіс өзенінің жоғарғы сағасында түйіскенінен, бұлдыр да болса, дерек беріп тұрғандай.

Б.д.б. V ғасырда «Жібек жолының» Алтайдан өткенін Таулы Алтайдағы Пазырық көне қорымынан табылған сол кезге тән нәзік жібек мата мен самұрық құстың суреті салынған қамқадан, сырлы ыдыс пен мыс айнадан анық көруте болады [15,16]. Біздіңше, қытай жібек маталары осы араға дейін жетіп, одан ары скифтер арқылы Еуропаға барған.

Сонау ертеде, Цинь патшалығынан бұрынғы кезде (б.д.д. V-IV ғғ.) Қытайда солтүстіктегі жалғызкөзділер мен тақырбастар елі туралы аңыз тараған. «Тау-өзендер шежіресі» (Шанхайцзин) атты кітапта: қиыр солтүстікте жалғызкөздер елі бар. Ондағы халықтың тек жалғыз көзі бар, екі бетінің ортасына біткен дейді [16]. Осындай бір ғажайып дерек «Чжуанцзы» деген кітапта да кездеседі. Ең шалғай терістікте бір ел бар, оның аты чиоң-фа (穷发) дейді [17]. Осындағы «чиоң-фа» яғни тақырбастар елі деген сөз. Шалғай терістіктегі елдер туралы мұндай дерек Геродот жазбасында да кездеседі. Ол солтүстіктегі халықтардың бірін жалғыз көзділер (армастейлер) және алтынды күзетіп тұратын грипондар деп атайды. Тақырбастар туралы айта келіп, олар ұшы-қиыры жоқ жазық даланың шетінде, скифтердің арғы жағында жартасты таулардың етегінде тұрады, бірақ скифтердің киімін киеді, бастары ер-әйел демей, түгел тақырбас. Олар ағаштың сөлін сүтпен қосып ішеді. Оны «Асқы» деп атайды. Қыс келгенде киіз күркелерді паналайды дейді [18, 274-277]. Ендеше, Қытай көне жазбасы мен Геродот жазбасындағы тақырбастар елі мен жалғызкөзділер елі және құс мамықтары туралы ғажайып әфсаналар бір-бірін кездейсоқ қайталап тұр ма? Әлбетте, олай болуы мүмкін емес. Бұл аңыздар Қытайға сауда керуендері арқылы тараған болуы әбден мүмкін. Геродот скифтердің адамның бас сүйегіне алтын жалатып, ыдыс ретінде пайдаланатынын жазады. Бұл ғұндарда бұрыннан бар әдет. Б.д.д. V ғасырда дилердің Дай мемлекетін жеңіп, Шансидің олтүстік-батысындағы тайпаларды бағындырған Чжао мемлекетінің ханы Чжао Сянцзы (赵襄子) өз қарсыласы Чжэбоньның бас үйегін сырлатып, оны тостаған ретінде пайдаланған. Бұл оны ғұндардан, ғұндар арқылы скифтерден үйренген. Ол заманда иүзейлер мен ғұндар Алтай тауына, Хэси дәлізінің теріскейіндегі маңғар далаға, Алатау (阿拉山) Құлантау (贺兰山), Бөрітау (狼山), Барқынтау (阴山) аймағына көп таласқан. Өйткені бұл өңірлер Гоби шөлінің оңтүстігіндегі тау бөктерлері болғандықтан, онда мал-

жанға керекті су көздері мен шалғынды жайылымдар бар еді. Тарихи деректер ғұндардың осы өлкеде егіншілікпен де шұғылданғанын дәлелдейді. Ұлы иүзейлер алғашында Алтай тауынан Цилян тауына дейінгі аралықта көшіп-қонып жүрген. Олар түіе керуендері арқылы Алтай тауының асыл тастарын, әсіресе қас тасын Ішкі Қытайға көптеп апаратын болған. Сондықтан «Гуанцзы» деген көне кітапта бірнеше жерде «қас тасы иүзейлер тұратын тауда өндіріледі» дейді. Олар иүзейлерді(月氏) иүчжи(禺氏) деп жазған. Шын мәнінде бәрі бір атау (Бірақ біз оны тура дыбысы бойынша аударып жүрген жоқпыз).

Демек, б.д.д. V ғасырдан бастап Қытайдың Орта Жазық аймағынан шығып, Ордос үстірті арқылы Хуанхэдан өтіп, одан ары тағы да монғол үстірті арқылы Ханғай және Алтай тауына дейін келетін көне жібек жолы болған. Батыс елдері сол кездің өзінде-ақ скифтер арқылы Алтай тауына жетіп, ол арадан қытай жібегі мен Алтай тауының алтынын өз елдеріне алып кететін болған. Бұл жол оңтүстіктегі Тяньшанның теріскейі мен күнгейін басып Орта Азияға, Иран мен Үнді ойпатына кететін жолдан әлде қайда ертерек ашылған.

Бұдан шығатын қорытынды: мейлі қай бағыт болмасын, жібек жолы өткен өңірлердің бәрінде елдімекендер, шағын қала-кенттер көркейген. Соған сәйкес, отырықшы шаруашылық белгілері пайда болған. Бұл кейінгі кезде Тяньшанның оңтүстігі мен солтүстігінде тарихи жазбаларда аты мәлім болған қала-кенттерінің пайда болуына негіз болды. Декмек, Тяньшанның оңтүстігі мен солтүстігіндегі, Алтай тауының күнгейіндегі жібек жолы тек сауда жолы ғана емес, бір елдімекеннен келесі елдімекенге отырықшылық мәдениетін, өндіріс тәжірибелерін, мәдениеттерді тасымалдаушы жол болды. Алтай мен Тяньшан тауларының етегіндегі сулы, нулы өңірлер мен көгалды алқаптарға тек шығыстан Қытай мәдениеті ғана емес, батыстан көне Грек, Рим, Парсы және Қосөзен мәдениеттері бірдей әсер етіп отырған.

2.3. Тянь-шаньның оңтүстігі мен солтүстігіндегі көне балықұлыстардың саяси-экономикалық өмірі

Б.д.д. I ғасырға дейін Тянь-шаньның шығыс бөлігінде, қазіргі Шығыс Түркістанның оңтүстігі мен солтүстігінде көптеген балықұлыстар (қала мемлекеттері) болған. Қытай деректері оларды 36 шағын ұлыс болған деп жазады. Жалпы, Еуразия кеңістігінде б.д.д. III-I ғасырларда осындай шағын көлемді мемлекеттердің өмір сүріп тұруы заңды құбылыс болған. Ол кезде Қытайдың орталық аймағында 140 шағын мемлекет өмір сүрсе, Еуропа түтелдей өз алдына дараланған көптеген шағын княздіктерге бөлінетін. Орта Азиядағы жағдай да бұдан қағыс қалмайтын. Азия даласының орталық аймағын, Қытайға дейінгі кең-байтақ жерледі өз қоласыта қаратқан Ғұн империясы кейін келе Еуразия кеңістігіндегі шағын бектіктердің, қала мемлекеттерінің бірігуіне негіз болды.

Осы қала мемлекеттері мен шағын бектіктер ерте заманнан бастап Орта Азиядағы Қос өзен алқабымен, Іле және Жетісу өлкесімен, Ішкі Қытаймен тығыз сауда-экономикалық, мәдени қарым-қатынаста болған. Бір өкінерлігі, осы қарым-қатынастарды айғақтайтын батыстық және жергілікті дерек көздері тым тапшы деуге болады. Есесіне, қытайлық дерек көздері көптеп кездеседі. Бірақ бұл дерек көздері де біржақтылықтан, бұрмалаудан ада деп айта алмаймыз. Онда көбінде империялық басабилеу пиғылы, қытайлық центристік көзқарас басым. Ол бойынша Бүгінгі Шығыс Түркістан «Батыс өңір»(西域) деп аталған. Бірақ қытай жазбалары бұл атауды кей кезде Орта Азия мен Батыс Азияға, Жерорта Теңізінің шығыс бөлігіне, тіпті Африкаға дейін кеңейтіп қолданатын болған[19, 4].

Атаудың мұндай қолданылуы Қытай тарихындағы ең алғашқы империя Шығыс Хан әулетінің күшейіп, оның ықпалының бүгінгі Шығыс Түркістанға дейін жеткен кезіндегі сыртқы саяси доктринасына

байланысты болды. Ол кезде Қытай императорлары мен әскери қолбасшыларының өздерінің дәстүрлі территориясынан сырт жерлерді қоластына келтіру және империяның ықпалын одан сайын кеңейту амбициясы болды. Сол себепті, жоғарыда аталған жерлерді тойымыздықпен өздерінің «батыс өңірі» етіп жариялады және соған сәйкес басқыншылық саясат қолданды.

Бұл саясат, бір тараптан Ішкі Қытайдан Батыс елдеріне баратын сауда керуен жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін болса, екінші тараптан, «батыс өңірді» мәңгілік иелеп қалу үшін қажет болды. Сол үшін қытай деректерінде және тарихнамасында «батыс өңірдегі» кез-келген жаңалықты және дамушылықты Орта жазық мәдениетінің әсерінен болды деп көрсету тенденциясы пайда болды. Шын мәнінде, Шығыс Түркістандағы тұрғын халықтар егіншілік пен отырықшылық мәдениетіне Хан империясы осында басқақ және тұтық мекемелерін құрудан бұрын-ақ қол жеткізген болатын. Бұған дәлел Хан армиясы басып кіруден бұрын осында әлде қайда дамыған, гүлденген қалалар мен олардың маңында егіншілік және бау-бақша кәсібінің кең өріс алғаны болатын.

Шығыс Түркістанның байырғы тұрғындары сонау көне және жаңа тас құралдар дәуірінен бастап, ата қонысын өздерінің ақыл-парасаты және қос қолдарымен игере бастады. Археологтар Құмылдағы Тараншы, Жетіқұдық; Тұрфандағы Астана, Ярғол, Сіңір; Үрімжі маңындағы Саяпыл; Тянь-шаньның солтүстігіндегі Мори, Шонжы, Жемсары, Аратүрік, Баркөл және Іле өзенінің бойы; Тянь-шаньның оңтүстігіндегі Күшар, Маралбасы, Кәлпен; Байынғолдағы Бағраш көлінің бойы; Күноун тауы мен Қарақұрым тауының етектері, Тарым ойпатының оңтүстік жиегіндегі Шәршән, Ние, Ұдүн, Гума т.б. жерлерден табылған молаларға талдау жасай келе, осында табылған мұралардың бәрі дерлік жаңа тас құралдар дәуіріне тән екенін анықтады және оларды төмендегідей үш түрге бөлді:

1) сыпайы тас құралдар: бұлар Құмылдағы Тараншы, Жетіқұдық, Үрімжі маңындағы Саяпыл, Мори аудан қалашығының оңтүстігі, Тұрфандағы Астана, Ярғол қатарлы орындарға, Тянь-шань тауының қойнауындағы шағын ойпаттарға таралған. Онда табылған заттар негізінен тас жебе, тас пышақ, қыру-жону құралдары, үшкір құралдар, тас шот, үш қырлы найза, құмнан жасалған қыш ыдыстар (аузы дөңгелек тостаған, күбі, шелек), т.б. Олар түгелдей екінші қайтара өңдеуден өткен. Бұл осындағы адамдардың малшаруашылығымен қоса егіншілікпен және қолөнермен де шұғылданғанын көрсетеді.

2) Егеп жасалған ірі тас құралдар: бұлар Қашқар Көнешахар ауданының Ақдала, Өңгөлек, Құрықдала, Дөулек, және Ақсу ауданының Қаражұлғын деген жерлеріне таралған. Мұндағы тас құралдар көлем жағынан үлкендеу болғанымен, түгелдей егеліп жасалған. Олардың қатарына тас балта, тас шоқпар, тәрелке, тас ұршық, тостаған, пышақ, орақ т.б. жатады. Егін оруды қолайлы болу үшін тас орақтың сырт жағы доға тәріздес, жүз жағы ойқыл, жаңа туған ай формалы етіп жасалған. Бұл орыннан тағыда тас құралдармен бір дәуірге жататын көп мөлшердегі қыш ыдыстар-күбі, тәрелке, шылапшын, шелек, тостаған, шәугім, т.б. табылды. Бұлар негізінен құмнан, балшықтан жасалған. Бұл өз кезінде осы өңірде егіншілік кәсібінің жетекші орында болғанын айғақтайды.

3) Бояулы қыш ыдыстар: Бұл түрдегі көне бұйымдар негізінен Құмылдағы Қаратөбе су қоймасы, Янбұлақ; Аратүріктегі Тұрғын, Баркөздегі Шырынзы, Күйсу; Пішандағы Ламжын, Лукчүн; Тұрфандағы Астана, Ярғол, Айдынкөл, Үрімжі маңындағы Еуірғол, Арағұл; Шонжыдағы Банжагу, Мори ауданындағы Теректі және Хошут, Күшар, Гума т.б. жерлерге тараған. Қазып алынған бұйымдардың қатарында қос құлақты қызыл қыш күбі, сыңыр құлақты қара қыш тостаған, шелек, шылапшын, егеліп жасалған тас және қола құралдар бар [19,7-9]. Бұл жаңа тас құралдар дәуірінің соңғы кезіне тән өркениет

ізі болып, тас құралдар мен қоса металл құралдар да өндіріске ене бастағанын, бұл өңірде адамдардың отырықшы егіншаруашылығын негіз еткенін көрсетеді.

Бұдан шығатын қорытынды: жаңа тас құралдар (неолит) дәуірінің мәдени қоныстары бүкіл Шығыс Түркістан аумағына тараған. Осы кездің адамдары малшаруашылығымен қоса егіншаруашылығын қатар жолға қойған. Кей жерлерде тіпті егіншаруашылығы жетекші орынға шыққан. Мысалы, көне жұрттардан табылған ыдыстардың ішінде су тасуға және қандайда бір затты салуға арналған екі немесе бір құлақты күбі, тәрелкелер, тұтқалы тостағандар бар. Ыдыс-аяқтардың бәрі қолда жасалған болса да, саны одан ілгерідегіге қарағанда әлде қайда көбеіе түскен. Оп-оңай сынып қалатын балшық ыдыстар күнделікті тұрмыстағы негізгі құралға айналды. Мұның өзі оларды істетушілердің бір жерде тұрақтап тұрмай, көшіп жүріп балықшылықты және малшаруашылығын кәсіп ететін адамдар емес, қайта отырықтаса бастаған адамдар екенін түсіндіреді [20,16]. Демек, Шығыс Тянь-шань атырабында, Шығыс Түркістанның ұлан-байтақ даласында, бұдан 6-7 мың жыл бұрын адамзат егіншаруашылығымен шұғылдана бастаған. Бұл белгілі мағнадан алғанда, осы өңірлерде отырықшылық мәдениет белгілері қалыптаса бастағанын көрсетеді. Археологиялық ерекшеліктері, дәуірі, табылған жері т.б. белгілері бойынша бұл қоныстар Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі көне жұрттарға, олардан табылған көне жәдігерлерге ұқсас келеді. Бұл жағдай тарихта аталмыш өңірлердің бір тұтас тарихи-мәдени аймақ болғандығын көрсетеді.

Б.д.д. III ғасырларға жеткенде Тянь-шаньның солтүтіі мен оңтүстігіндегі бұл елді мекендер біртіндеп дамып шағын көлемдегі, бір-бірінен тәуелсіз қала мемлекеттеріне айналған. «Хан кітабы. Батыс өңір баянында» (汉书·西域传) жазылуынша, Батыс Хан патшалығының алғашқы жылдарында, «Батыс өңірде» жасайтын халықтар, көбінесе,

бір-бірінен оқшау жағдайдағы қала бектіктері және көшпенді елдер болып тұрды. Бұлар тарихта 36 бектік деп аталған. Кейін келе олардың саны 50-ден астамға жеткен. Кунлун тауының солтүстік етегі мен Тарым шөлейтінің оңтүстігіндегі оазистерде Чаркылық (若羌), Кроран (楼兰)¹, Шәришән (且末), Андыр (小宛), Ния (精绝), Роңлу (戎卢), Ұзынтәті (拘弥), Тохар (渠勒), Үдүн (于阗), Пасан (皮山), Сака (沙车) бектіктері болған. Тянь-шаньның күнгейі мен Тарым шөлейтінің солтүстік жиегінде Құрықтақ (山国), Аргина (焉耆), Ұшақ (危须), Варрия (尉犁), Чадір (犁渠), Урояб (乌垒), Күсән (龟兹), Ақсу (温宿), Құм (姑墨), Сапарбай (尉头), Сулы (疏勒) бектіктері болған. Тянь-шаньның солтүстігі мен шығысында Баркөл (蒲类), Артқы Баркөл (蒲类后), Алдыңғы Ғұз (车师前国), Ғұз жасақбек (车师都尉), Ғаға (狐胡), Артқы Ғұз (车师后国), Артқы Ғұз қалабектігі (车师后城长国), Үлесте (郁立师), Беклүк (卑陆), Артқы Беклүк (卑陆), Қаписа (劫国), Шығыс Чеми (东劫弥), Занғуан (单桓), Батыс Чеми (西且弥), Атым-зела (乌贪髻离), Үйсін (乌孙) бектіктері болған.

«Хан кітабы. Батыс өңір баянында» аталатын қалған мемлекеттер Памир тауында және оның батысында орналасқан мемлекеттер. Олар қытай дерегінде Одияна(乌), Дарда (难兜), Иоларық (西夜), Зеғып (子合), Сарықол (蒲犁), Сықынақ (依耐), Муалор (无雷), Еркештам (休循), Уандук (捐毒), Даруаз (桃槐), Ферғана (大宛) бектіктері. Одан ары батысқа қарай барғанда тағы да Каписан, Александрия, ұлы иүзейлер, Қаңлы, Арсак т.б. мемлекеттер бар делінген. Бұлардың көпшілігі таза егін шаруашылығымен (Шәришән, Ния, Ұзынтәті, Үдүн, Пасан, Сака, Аргина, Ұшақ, Вария, Чадыр, Урояб, Күсән, Ақсу, Құм, Сулы, Артқы Баркөл, Алдыңғы Ғұз, Ғұз жасақбек, Дарда, Ферғана), кейбіреуі егін және малшаруашылығымен (Кроран, Роңлу, Тохара, Сапарбай, Баркөл, Артқы Ғұз, Ғұз қала бектігі, Ғаға, Артқы Браки, Қаписа, Батыс Чеми, Шығыс Чеми,

¹Кроран қала мемлекеті кейін Пішамшан деп өзгертілген.

Ұдияна, Каписан, Ұлы Иүзей, Қаңлы, Арсак), қалған бөлігі негізінен малшаруашылығымен (Чарқылық, Құрықтақ, Үлеспе, Беклүк, Зангуан, Атым-зела, Үйсін, Зегит, Сарықол, Сығнақ, Муалор, Еркештам, Уандүк) шұғылданған. Аты аталмағандарының шаруашылық үрдісі қазірше мәлім емес.

Бұл елдердің жер аумағы, халық саны және әскери әлеуеті түрліше болған. Тұрғындары негізінен сақтар, үйсіндер, ғұндар, динлиндер, қаңлылар т.б. этностар еді.

Жаратылыстық ортаның түрліше болуына байланысты, мұндағы шаруашылық формасын тек екі түрге жіктеуге болатын. Оның біріншісінде текегіншілік негіз етіліп, адамдар қалашықтар мен шағын елді мекендерде тұрақтаған. Тарихи кітаптарда мұндай үрдіс «қала бектіктері» (балықұлыстар) деп аталған. Бұл жерлерде бидай, тарыарпа, бұршақ, жоңышқа, жүзім, анар және басқа да жеміс-жидектер өндірілді. Шаруашылықтың келесі түрі малшаруашылығын негіз еткен болып, тарихи кітапта мұндай елдер «көшпенді елдер» деп аталды. Бұл кезде тарым ойпатының айналасындағы және Тянь-шанының солтүстігіндегі елдердің қас тасын өңдеу, қыш бұйымдарын жасау, былғары өңдеу, арақ ашығту, жүн тоқыма бұйымдарын өндіру, металл қорту секілді өздеріне тән қолөнеркәсіптері болып, олар түрліше дәрежеде дамыды. Егін-малшаруашылығы және қолөнеркәсіптің дамуына сәйкес, сауда-сатық істері де өркендеді. Шеттен келетін бұйымдардың да саны артты. Бұл өз кезегінде осы елдерде сауда базарларының көркеюіне жол ашты.

Бектіктер қоғамының ішкі бөлігінде үтемдік жүргізушілер негізінен бектер, орда мансаптылары, жасауылдар болған. Ел аумағындағы тұрғындар жай халық, қолөнершілер, сатуға және сатып алуға болатын құлдар болды. Бектіктердің өзіне тән билік құрылымдары, әкери бөлімдері, қылмысты істер заңы және абақтысы болды. Бектіктердің арасын шөл жазиралар мен асқар таулар бөліп

тұратындықтан, салыстырмалы түрде олар бір-бірінен оқшау жасады. Тарихи деректе жазылғандай: «әр бірінің өз алдына әмірлері болған. Әскері мен бұқарасы бытыранды да, әлсіз болып, бірлікке келе алмаған. Ғұндарға тәуелді болғанымен, тым іштесіп кете алмаған» [21, 672-673]. Міне, бұл жағдай кейін келе Хан империясының ғұндардың ықпалын бұл жерден ығыстырып шығуының бірден бір мүмкіндігі болды.

Б.д.д. 138 және 119 жылдардағы Хан әулетінің Шығыс Түркістан мен Орта Азияға жіберген барлаушы елшісі Чжан Цянь екі реткі сапары арқылы аталған елдердің жаратылыстық ортасы, жол қатынасы, халық саны, әскери жағдайы, басқару жүйесі, ел ауаны, шаруашылығы, өзге елдермен қарым-қатынасы т.б. жөнінде кең көлемді мағлұматтар жинап, император сарайына жеткізді. Мақсат «Батыс өңірдегі» ірі ел Үйсін мемлекетімен саяси-экономикалық қарым-қатынас орнатып, қалған елдерді сол арқылы бағындыру еді.

Хан империясы б.д.д. 121 жылы Хэси дәлізін және Хуанхэнің терістігін ғұндардан тазатқаннан кейін, жедел түрде Шығыс Түркістандағы өзіне қосып алуға әрекеттенді. Ол үшін ең алдымен ғұндардың осы өлкедегі үстемдігін құлатуға кірісті. Сол мақсаттағы жойқын соғыстардың бірі б.д.д. 104-102 жылдардағы Ферғана соғысы. Хандықтар осы оғыста жеңіске жеткеннен кейін, Хэси дәлізінен Лопнорға дейінгі жерлерге белгі от беретін, хабар-ошар алатын және атты жасаққа қарсы тұратын қорғаныс лениясын ортатты. Қарап жатпай тың жер ашып, әкерді азық-түлікпен, қару-жарақпен және мініс көлікпен қамтамаыз етті. Б.д.д. 89-жылы Хан қосындары Ғұндардың одақтасы Тұрфандағы отырықшы мемлекет Ғұз (车师国 –Каси елі деп те аталады.) бектігін жойды. Келесі жойқын шабуыл б.д.д. 72-жылы болды. Хан империясы 150 мың қолмен үйсіндерді қорғау деген желеумен атқа қонды. Нәтижесінде табиғат апаты қабаттасып, ғұндар жеңіліке ұшырады. Осыдан бастап ғұндардың Тянь-шаньның солтүстігі мен оңтүстігіндегі ықпалы әлсіреп, керісінше Хан

империясының аймақтағы ықпалы арта түсті. Ендігі жерде жоғарыда аталған елдімекендер, балықұлыстардың бір сыпырасы Хан әулетінің империялық билігін, бодандығын қабылдауға мәжбүр болды. Б.д.д. 60-жылы Хан әулеті «батыс өңір басқақтығын»(генерал губернатор) құрып, аталған аймақты түбегейлі өз ықпалына қаратпақ болды. Сол мақсатта Ішкі Қытайдан көптеген егінші жатақтар мен тың игеруші қосындарды әкеліп, қатаң әскери-әкімшілік тәртіп енгізді. «Хан кітабында»: «Батыс өңірдегі» 50-ден астам бектіктердің Қаңлы, Ұлы Иүзейлер, Арсақ, Каписан, Александриядан басқалары түгелдей басқақ мекемесінің қарамағында болады делінген. Бірақ, хан әулетінің осы аталған елдердегі билігі бәрі бірдей тұрақты болған жоқ. Оның арты ылғида жергілікті халықтың отаршылық үстемдікке қарсы көтерілістеріне ұласып отырды. Арақашықтықтың шалғайлығына және өз елінің ішкі қайшылықтарының күн санап асқынуына байланысты, Хан әулеті бұл өлкелерді мәңгілік ұстап тұра алмады. Бірақ Хан әулетінің 70 жылдық үстемдігі аймақтың шаруашылық үрдістеріне көптеген өзгерістер әкелді.

Тарихи деректерге қарағанда, сол кезде Шығыс Түркістанда егіс дақылдарынан, негізінен, жүгері, тары, бидай, арпа, сөк, түйе бұршақ, зығыр қатарлы астық және майлы дақылдар, сарымсақ, усарымсақ, қияр, сәбіз, боцай, ашкөк секілді көкөністер, жүзім, жаңғақ, алмұрт, шаптол, анар, өрік қатарлы жеміс-жидектер және жоңышқа секілді жем-шөп дақылдары болған. Чжан Цянь осы өлкеге елшілікке келгенде Ферғанадан жүзім мен жоңышқа ұрығын ала кетіп, қытай астанасы Чан-ань мен оған көрші өңірлерге ектірген. Нәтижесінде жоңышқа мен жүзім ағаштары Ішкі Қытайдың климаттық ерекшелігіне сәйкес келіп, жақсы өнім берген. Император Хан Уди Шығыс Түркістаннан барған елшілерді жүзіммен күтіп, ат-көліктерін жоңышқамен бақтырған деген де дерек бар [19, 86]. Осы кезде, зығыр, соя бұршақ, анар, усарымсақ,

сарымсақ, ашкөк, жаңғақ қатарлы егіс дақылдары да Орта Азия мен Шығыс Түркістаннан Қытайға тараған.

Археологтар Тянь-шанының күнгейіндегі Чаркылық, Лобнор, Бүгүр, Шаяр, Аргина қатарлы оазистерден б.з.д. I ғасырға тән бірыпыра көне заманғы арық-тоғандардың ізін тапты. Мысалы, Шаяр ауданы шегінен сол кезге тән ұзындығы 200 шақырым, ені 8 м., тереңдігі 3 м. келетін ерте заман тоғанының орны табылды және тоған маңында ауқымды егіс атыздары болғаны дәлелденді. Мұндай суландыру жүйесі бар көне жұрттар көне Мираннан да табылды. Ондағы тоғанның жалпы ұзындығы 37 шақырым болып, суландыру қажетіне бола соңынан бірнешедеген тармақ тоғандарға, арықтарға бөлінген. Тексеру нәтижелері бойынша, бұл суландыру құрылыстарының қауіпсіздігін қадағалау үшін, оның бойына әр жерден күзет қойылғаны да белгілі болды.

Егіншіліктің дамуы қолөнеркәсіппен, металл өңдеумен тығыз байланысты. Археологтар Күшар, Ния, Лоб қатарлы жерлерден б.д.д. I ғ. – б.д. II ғасырлары арасына тән кезеңдегі кен рудаларын байыту пештерінің орнын тапты. Мысалы, Күшардың Ағы тауындағы темір қорту жұртынан металл ерітетін қазан, темір қиыршықтары, рудалар және балқымаларға арналған желдеткіш қыш түтік қазып алынды. Ния ауданына қарасты Ния көне жұртынан темір рудасы, күйдіріліп шала балқытылған темір кесектері, руда қиыршықтары, тас қашау, тастан жасалған домалақ шар, тозған темір күрек секілді экспонаттар қазып алынды. Бұдан сырт, Күшардан мыс кенінің орны байқалды. Күсәнда көмір арқылы темір қортылып, одан алуан түрлі құрал-жарақтар, өндіріс аймандары жасалған. Осылайша Күсән Тарым ойпатындағы темір қорту орталығына айналды. Б.д. V ғасырында Жоңғар ойпатының терітігінде, Алтай тауының күнгейінде өмір сүретін көк түріктер де темір саймандарын жасау және істету әдісін әлде қашан меңгерген болатын. Ал оы кезде Іле өзені бойында жасаған үйіндер де егіншілікте

темір соқаны пайдаланған. Тянь-шаньның оңтүстігіндегі Бай ауданы шегіндегі III-V ғасырларға тән буддалық «Қызыл мыңұй» қабырға суреттерінде сол кездегі шаруалардың қос өгізбен жер жыртуы және кетпен секілді өндіріс құралдарын істеткені бейнеленген [19, 134]. Қазып алынған жазба деректерге негізделгенде, сол кезде соқа және шағын типтегі тырнауыш құралдар тұрғылықты жерде өндірілетін болған. Бұл фактілер V ғасырда Тянь-шаньның оңтүстігі мен солтүстігінде темір соқаны пайдаланып өгізбен жер жырту техникасының кең жалпыласқандығын көрсетеді. Бұл егіншілік аласындағы үлкен ілгерілеу деуге болады.

Тянь-шаньның оңтүстігінің ауарайы құрғақ болғандықтан, ауыл шаруашылығында суармалы егістің алар орны айырықша болған. Сондықтан, жергілікті билеушілер су құрылысына айырықша көңіл бөліп, атыз-арық істерін кеңінен жолға қойған әрі осы іске жауапты арнаулы мансаптылар тағайындап отырған. 1957 жылы Тұрфаннан табылған б.д. 406 жылға тән бір жазба деректе жергілікті жерде атыз-арық істеріне жауапты арнайы мансапты болғаны жазылған. Аймақ мекемесіне қарайтын атыз-арық мансаптылары егістік жерлердің суландырылуын қадағалайтын болған. Көне қабірлерден табылған осы дәуірге тән қарушпа жазуында жазылған бір құжатта «бөгендерді қорғау», «тоспаларды көбейту», «егіс атыздарын суару», «егістік жерлерді баптау», «су бастау», «су қоя беру», «суды тоқтата тұрып майса өсіру», «егістік жерлерді су бастап суару», т.б секілді көптеген мазмұндар жазылған.

Бұл кезде сауда базарлары «тарту базары» және «өзара саудаласу базары» деп аталатын екі түрге, саудагерлер де «керуен саудагерлері» және «тұрғылықты саудагерлер» деп аталатын екі түрге бөлінетін.

15. Руденко С.И. 中国与阿尔泰部落的古代关系 (Relations between Ancient Altai tribes and China) // 考古学报, 北京, 1957. № 2. –160 б.
16. 山海经, 卷八, 海内北经, 卷十二, 海外北经.
17. 庄子, 逍遥游篇.
18. Herodoti (希罗多德). Historiae (历史: 希腊波斯战争史. 王以铸译), 北京: 商务印书馆, 1 т., 1985. –344 б.
19. Синьцзянның жергілікті тарихы. Үрімжі: Синьцзян университетінің баспасы. 1992. –452 б.
20. Синьцзянның қысқаша тарихы. Үрімжі: Синьцзян халық баспасы. 1983. –618 б.
21. Хан кітабы. 96-бума. Батыс өңір баяны-II// Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. Пекин: ұлттар баспасы. 1998. –916 б.
22. У Баогуй 吴玉贵 . Түркі қағанатының Суй, Таң патшалықтарымен болған байланысы. 突厥汗国与隋唐关系史研究, 中国社会科学出版社. –Пекин, 1998. –312 б.
23. Ма Чаншоу 马长寿. Түріктер және Түркі қағанаты 突厥人和突厥汗国. –Шанхай, 1957. –425 б.
24. Лин Ган 林干. Түрік тарихы 突厥史. 内蒙古人民出版社. –Кокход, 1988. –316 б.
25. Суэ Цзунчжэн 薛宗正. Түрік тарихы 突厥史. 中国社会科学出版社. –Пекин, 1992. –213 б.

III ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАРАБАЛАСАҒҰН ЖӘНЕ ҚАРАҚОРЫМ ҚАЛАЛАРЫ

3.1. Түркі қағанатына дейінгі отырықшылық мәдениет іздері

Шығыс Түркістанның солтүстік-шығысында сонау ғұн заманында шағын қалалар бой көтерген. Олардың көбі ерте ғұн заманында салынған. Көлемі айтарлықтай үлкен болмағанымен, бұл шағын мекендер осы өңірдегі қала мәдениетінің бастауы деуге болады. Сондай қалалардың бірі б.д.д. I ғасырда Селенгі өзенінің бір тармағы болып келетін Эурға өзенінің төменгі ағысындағы ғұндардың көне қаласы. Археологтардың есептеуі бойынша оның көлемі 200 x 348 м. болған. Осы тектес ғұн дәуірінің шағын қалалары оңтүстік Сібірден де көптеп табылған. Диаметрі бірнеше он метрден 200 метрге дейін болып келетін төмпешіктер тегінде қалалардың орны болғаны дәлелденді. Бұл қалалар өте ерте замандікі болғандықтан олардың мәдениет қабаты таяз, әрі қазып алынған археологиялық мұрағаттардың саны да аз болып келеді. Бұл қаласымақ төбелер өз кезінде тек тайпа басшыларының, ақсүйектердің ғана қыстан қысылмай шығатын тұрақтары болған. Ал, былайғы халық киіз үйлерде, тері киімдерін шешпей қыстан шығатын болған. Ол заманның адамдары бүгінгідей қысқа азық және жем-шөп дайындауды көп біле бермеген. Нағыз кең көлемді, ішінде тұрғын халқы бар, қарасы да, ханы да аралас тұратын қалалардың пайда болуы түркі қағанаты кезінен басталған. Бұл кезде қалалар тек әскери қорған болып қана қалмай, сауда мен қолөнердің, ауылшаруашылығының өзара ұштасқан орталығы болды.

Түріктердің қала салуына бір тараптан Монғол даласында жүз жылға жақын орныққан бейбіт жағдай әсер етсе, екінші жақтан көрші елдердің (Қытай, Корей, Тибет, Парсы, Византия т.б.) қала мәдениеті әсер етті. Сөйтіп Қасқалдақ өзенінің бойындағы Мәлике және Мэйцзян қаласы, Эргина өзенінің бойындағы тағы бір Мәлике қаласы, Кроран өзені бойындағы Қатұн қаласы секілді қалалар бой көтерді. Бұдан өзге Енисей өзенінің жоғарғы сағасында, Таңнұр-ұлан көлі маңында жиыны 15 орында көне қаланың орны табылды. Қытай ғалымы Ян Шэнминнің пікірінше, VIII-IX ғасырларда Шығыс Түркістанның шығысы мен солтүстік-шығысында көне оғыз түріктері (ұйғырлар) жасаған осы тектес қалалардың саны жиыны 24 болған [1, 112].

Өйткені Түрік қағанаты сол кезде Еуразия кеңістігіндегі мемлекеттілік дәстүрдің тамаша үлгісіндей еді. Түркі қағанатының кезінде мемлекеттің атағы мен айбыны жер жүзіне белгілі болды. Біздің ойымызға кірмеген ғажайып дүниелер, ол мейлі ақыл-ой, елдік ұстанымдары, мемлекетшілдік қағидаттары болсын, немесе заттық мәдениет болсын, бәрінде өз заманына тән ғажайып ілгерлеушіліктер, тың жетістіктер болды. Түркі қағанатының басты елдік қағидаты ата-бабаларынан келе жатқан мемлекетті, елдікті мәңгілік сақтап қалу, «қағандықты қағансыратпау», «елдікті елсіретпеу». Яғни, мемлекет (қаған) пен халық егіз ұғым болған. Барлық күш-жігер—әскери іс-қимылдар мен шаруашылық амалдары, сыртқы қарым-қатынастар, т.б. түгелдей мемлекетті, халықты сақтап қалуға қызмет етті. Сондықтан, Түркі қағанаты көп жағдайда көшпенді-әскери сипаттағы өмір сүру формасын таңдады.

Түркі қағанатының тарихынан қарағанда, VII ғасырдың 630-680 жылдары Таң бодандығына түскен кезең. Осы елу жыл

туралы Күлтегін ескерткішінде де айтылады. Түріктер өз тәуелсіздігін алып, Екінші түркі қағанатын (681-745) қайта құрған кезде, өздерінің не себепті Таң бодандығына түскені туралы зерделеген. Оның түрлі объективті және субъективті себептерін атап көрсеткен. Соның бірі «Табғаштарға жақын отырып, жайсыз билікке үйір болғаны». Табғаш қағаннан атақ аламыз деп, империяның жемсауына түсіп кеткені. Табғаштарға жақын отырудың тағы бір кесепаты — оның қаптаған қалың қолына бет келе алмай, қырылғандары. «Шұғайқұзының оң жағы, Төгулден бергі жазығы түркі халқы сенің үлесінде. Қонайын десең түркі халқы өз үлесінде. Дұшпан кісілер былайша азғырған еді: жырақ кетсең жаман ақық берер, жақын болсаң жақсы ақық берер деп азғырған еді. Біліксіз кісілер сол сөзге сеніп, жақын барып көп қырылды. Ол жерге барсаң түркі халқы өлмішісің сен!» дейді[2, 178]. Яғни, табғаштың жер қайысқан қалың қолы жақын отырған түріктерді ылғида басып қалып отырған. Олардан бала-шағаны, мал-жанды арашалап алу қиын болған. Сол себептен, олар мемлекетке қауіпсіз, халыққа алаңсыз өмір сүруге керекті жайлы қоныс іздейді. Нәтижесінде ондай жайлы, ұйық жұрт ретінде Өтүкен қойнауын таңдайды. «Түркі қаған Өтүкен жынысында отырса елде мұң жоқ. Шығыста Шандун жазыққа дейін жорық жасадым. Теңізге сәл жетпедім. Түстікте Тоғыз ерсенге дейін жауладым. Түбітке (Тибетке) сәл жетпедім. Батыста Інжу өзенін кеше Темір қақпаға дейін жауладым. Терістікте Жер Байырқу жеріне дейін жауладым. Мұншама жерге дейін жорық жасадым. Өтүкен жыныста игі ие жоқ еді. Ел тұтатын жер осы Өтүкен жынысы. Бұл жерде отырып, Табғаш халқымен иық тіресіп қатар түздім... Өтүкен жерінен керуен аттандырып қойып отырсаң елде мұң (қорқыныш) болмас.

Өтүкен жынысында отырсаң мәңгі ел тұтып отырасың сен!»[2, 178]-дейді.

3.2. Қарабаласағұн қаласының салынуы

Түркі халқы тәуелсіздік алғаннан кейін, Өтүкен қойнауын жазғы жайлауы, Орхон бойын қыстауы етіп, жартылай көшпелі, жартылай отырықшы өмір сүрген. Өйткені Күлтегін ескерткішінде атап көрсетілгендей, Өтүкен қойнауы шынымен ел тұтатын, алаңсыз өмір сүретін жер еді. Бұл жерге қыстың күні ту алыстан, Қытай қамалының ішкі бөлігінен жау аяғы жетпейтін. Жазды күні жау келіп қалған күнде де, түркілер қапысыз қамданып, бала-шағасы мен мал-мүлкін қауіпсіз жерге көшіріп үлгіретін. Тарихи деректерде түріктердің Өтүкен қойнауына барғаннан кейін табғаштар тарапынан ауыр ойраншылық көрген кезі болған емес. Керісінше, түріктер осында ес жиып, шаруашылығын шалқытып, халық саны өскені, соған сәйкес, әскери қуатының артқаны, қала салып, түрлі кәсіппен шұғылданғаны туралы деректер бар.

Түріктердің мемлекет қуаты артқан кезде, олар Қытайдың солтүстігі мен Орта Жазық өңіріне басып кіріп, анағұрлым мол мал-мүлікпен қоса қыруар ер-әйел шаруаларды олжалап кетіп отырған және оларды өз елінде құл есебінде істеткен. Тарихи деректер түріктерде құлдық тәртіптің болғанын және құлдардың негізгі келу қайнары қытай шаруалары болғандығын дәлелдейді. Сондай деректің бірінде Екінші Түрік қағанатының қағаны Қапаған (Бөгчор) Чжаочжоу, Динчжоу дуандарын шауып қайтып бара жатқан жолында артынан қуғыншы келе жатқанын біліп, алып бара жатқан 80-90 мың құлды тірідей көміп, Ухэй бұлығынан сытылып шығып кетті делінеді [3,513].

Мұндайда, көне түріктер әр жолғы жорықта осыншама көп құлды не үшін әкетіп отырған деген сұрақ туады. Біздіңше, түріктер оларды мал бағу, отын-су тасу, қой күземін алу, киіз-кешек басу т.б. жұмыстарға салудан сырт, кен қазу, металл байыту, орда-сарай салдыру, мәңгітастар орнату, егіншілікпен шұғылдану т.б. секілді ауыр дене еңбектеріне де салып отырған.

Орхон бойындағы Қарабаласағұн қаласы міне, осындай арзан жұмыс күшін кеңінен пайдалану арқылы салынған. Мұндайда тарихтан бері «судың тұнығын, шөптің шүйгінін сағалап көшіп-қонып жүретін», «киіз үйде» отыратын көшпенді түріктер қайда жүріп қала салды екен деген сұрақ тууы мүмкін. Бұған біз ылғида сенім артып келген қытай деректері кінәлі. Өйткені олар көне түріктердің қала мәдениеті болғанын өздерінің тарихи деректеріне жазбай кеткен. Неше мың жылдан бергі қытай тарихшылары олар туралы тек шолу сипатты, бір жақтылы деректер берумен ғана шектелген. Өйткені көшпенділерді ұдайы жабайы көрсету, сол арқылы өз халқын үрейлендіріп, сақтандырып отыру, жәйі келсе сол «жабайыларды» ептеп құртып жіберу олардың басты мақсаты болған. Қытай тарихшыларының бір сөзді ұдайы қайталай беруі адамдарда бір түрдегі қате көзқарасты қалыптастырып, көшпенділер өмірінің екінші қырына сәл қараушылық нысайы пайда болған. Яғни шарт-жағдайы пісіп-жетілген кезде олардың да жартылай отырықшы тұрмысқа көшіп, қыр сахарадағы бытыранды жұрттарды бір орталыққа шоғырландырып, ірі қағанат құрғаны, тіпті, бақарлы-шахарлы ірі астаналар салғаны көңілден көмескі қалған.

1618 жылы алғаш рет Қытайға жіберілген орыс казак дипломаты Иван Петлин Монғол үстіртінің орталық аймағына дейін барған еді. Сол сапарында ол ұшы-қиырына көз жетпейтін

ұлан-байтақ даланың Ханғай тауы мен Орхон өзені өрнектеген төңкелі қойнауына жеткенде қарсы алдында кездескен әйдік һәм ғажайып көне қала жұртын көріп, өз көзіне өзі себей, аң-таң қалады. Бұл ғажайып туралы ол өз естелігінде: «қала төрт тарапынан дуалмен қоршалған екен. Оның әр қабырғасында адам тұратын үлкен тұрғы мұнаралары бар. Қала тағаны әдеттегі тастан қаланып, үстіне кесек (крпиш)...Орда қабырғасы крпиштен өрілген. Орданың күмбезіне ерте күнді еске түсірерліктей неше түрлі өрнектер сызылған» [4, 48]. Ол туралы осында келген араб жиһангезі Тамим ибн Бахр ал-Муттаваи де жазды: мен тек құдық суы мен шөбі ғана бар шөл-жазирада 20 күн жол жүргеннен кейін, бір-біріне тығыз орналасқан ауыл-қыстақтарда және егін жайларда тағы да 20 күн сапар шектім... Арада бірнеше күн өткен соң, патшахтар қаласына жеттім». «Мен (қағандық) қаласына 5 парсах келетін жерде қағанға тиесілі бір киіз үйді көрдім. Ол алтыннан жасалған екен. Бұл киіз үй қаланың үстіне салынған болып, оған 100 адам емін-еркін сияды екен». «Мен бұл бір үлкен қала, ауылшаруашылық өнімдері мол. Маңындағы атыз-арықтары бір-бірімен тұтасып кеткен, қыстақтары өте жиі, қала қорғанында дәу 12 темір қақпа бар, тұрғындары өте көп, өте абат, барлық ауылдары қайнаған базар, сатылатын өнімдері әр түрлі, бірақ соның бәрі манихэй дініне сенеді деп баян еттім» деп жазады [5,35].

Бірақ дәстүрлі сыңаржақты көзқарастың кесірінен олардың жазғандары адамдардың күдігін тудырмай қойған жоқ.

3.3. Қарабаласағұн қаласының сипаттамасы

1949 жылы Кеңес археологтары ол жерден аса үлкен аумақты алып жатқан көне қала жұртын қазып шықты.

Аталмыш көне қала жұрты Орхон өзенінің жоғарғы сағасының оң жағында болып, аумағы 25 шаршы шақырымды құрайды. Қала сыртқы рабат, ішкі рабат және шахаристаннан (орда-сарайдан) тұрады. Ішкі рабаттың көлемі 1 шаршыкилометр. Оның айналасын қала дуалдары көмкеріп тұр. Бұл араның адам тығыз орналасқан тұрғындар аймағы болғаны бірден байқалады. Шахаристанның аумағы да 1 шаршы шақырымды құрайды. Онда сақталып қалған қала дуалдарының кейбірінің биіктігі 10 метрге жетеді. Ал шахаристанның ішіндегі қорғаныс дуалының ұзындығы 12 метр. Шахаристанның ортасында биіктігі тіпті 14 метрлік алысты бақылауға арналған тәж мұнара болған. Археологтар шахаристанның іші мен сыртынан көптеген қала қирандыларын тапты. Өз кезінде қала тамдары Қытайдың кейінгі Таң дәуіріндегідей түрлі көркем суреттермен нақышталған қыш плиталармен қапталған екен. Қаланың оңтүстік-шығыс бұрышындағы қирандыларға талдау жасағанда осында жылу жүйесі бар, тамдары қатты сұр топырақпен сыланған, босағалығы нәзік өңделген мыс әшекейлермен қапталған, іші-сырты көркем безендірілген әлде қандай көп қабатты құрылыстың болғаны дәлелденді. Табылған қыш құбырлар мен әсем оймышталған гранит тастар соның айғағы. Бұл құрылыстардың төбесіне төселген қаңылтақ кебіктердің және өзге де нақыштардың бедері Таң еліндегі осы тектес өнімдерге ұқсайды. Бұл екі арадағы қарым-қатынастың жиі болғандығының белгісі. Құдды бүгінгідей, ол кезде де сауда байланыстары, өнер алмасулары жиі болып тұрған. Түріктердің өздері де табғаш (таң) шеберлерінің ықпалымен, тас бедерлеп, мәңгітастар бәдіздеген.

Шахаристанның оңтүстігінде тасаттық алаңы орналасқан. Археологтар бұл жерде қағанаттың негізгі тәу ету шаралары

өтетіндігін дәлелдеді. Оның маңында қабірстан болған. Шахарстан мен ішкі рабаттан сырт, тағы да аумақты тұрғындар кварталы және базар алаңқайы орналасқан. Сыртқы рабаттың сырты кең көсілген атыздар мен қыстақтар болып, қыстақтағы әр отбасында үн тартатын диірмен болған [6, 2]. Қала қорғанының іш жағындағы алаңқайлардан археологтар үйлер мен қолөнер шеберханаларының орнын қазып алды. Ол жерлерден көптеген қыш және металл бұйымдардың сынықтары, қолөнер саймандарының қалдықтары табылды. Қала қирандысынан табылған заттар мен белгілердің бәрі өз кезінде оның адам қолымен, аяқ астынан құрып кеткенін дәлелдейді. Қала қирандысының әр жерінен-қамал мен қарауыл тұғырдан, барықтар мен басқа да орындардан, қысқасы қаланың кез-келген аумағынан өз кезінде мұнда алапат өрттің болғанын байқауға болады.

Ең назар аударатын нәрсе мұнда қала іші мен оның маңындағы егіншілік аумағы. Онда қирап қалған, әдейі тасталқан етілген егіншілік құралдары, тас диірмендердің қалдықтары байқалады. Қабірліктердің маңына қойылған тас ескерткіштер де қиратылып тасталған. Осында табылған көне ескерткіштің үш тілде жазылуына көне түріктердің өздерінің де мәдениет алмасуға деген ынтасы мен ашық сыртқы саясаты әсер етсе керек. Олар өздері жасап жатқан аймақтың айналасының бәрімен жиі қарым-қатынаста болып отырғаны себепті, осы аймақтардағы әр түрлі мәдениеттің бәрімен етене араласып кетті. Өздерін төңіректің төрт бұрышындағы елдерге жақсы таныстыру үшін, олардың тіл-жазуын үйренді. Маңызды тарихи ескерткіштерді екі немесе үш тілде жазып қалдыруды дағдыға айналдырған (1). Осында табылған металл теңгелердің ең соңғы құйылған дәуірі 840 жылға тура келеді. Бұдан кейінгі дәуірге тән

заттардан еш әрсе байқалмайды [1, 91-101]. Демек, қала сол жылы күйретілген. Содан кейін оны қалпына келтіру жұмысы жүрілмеген. Кезінде жылдың әр кезінде тірлігі қайнап жатқан осынау абат қала енді әп-сәтте жым-жырт қирандыға айналды.

Қаланың оңтүстігіндегі қиранды жұрттан көне түрік, соғды және қытай тілінде жазылған алып ескерткіштің сынған қалдығының табылуы осынау әйдік қаланың иелері түріктер болғанын дәлелдейді. Екінші Түрік қағанаты және Біріккен түркі қағанаты кезінде бұл жер қағанаттың саяси, экономикалық және мәдени орталығы болған. Төңіректің төрт бұрышынан ағылған сауда керуендері осында келіп түйісетін және осы арадан әлемнің әр шалғайына сапар шегетін. Ол кезде мұнда сәулетті орда-сарайлар, ғибадатханалар, өте ретті салынған көшелер, базарлар мен қолөнер шеберханалары, ұлықтардың тұрақ жайлары мен қарауыл мұнаралары, қала сыртында егін-жайлар, арық-тоғандар, жолдар, қыстақтар болған. Қытай деректері осынау абат байтақтың 840 жылы солтүстіктен келген қырғыздар тарапынан қиратылып, қирандыға айналғанынан дерек береді. Олар жүз мың атты жасақпен келіп, қағанаттың астанасын ғана емес, оның өзін де тарих сахнасынан жойып жіберді.

Қала - өндірістік қатынастардың жіті дамуының нәтижесі. Егер қолайлы жаратылыстық, сауда-экономикалық және саяси шарт-жағдай болмағаса қаланың да өмір сүріп тұруы екіталай. Осы тұрғыдан алғанда көне Қарабаласағұн қаласы өзіне қолайлы жаратылыстық ортасы мен мемлекеттің саяси басымдылығының арқасында, сондай-ақ, Орхон бойының табиғи шарт-жағдайына сүйеніп өз кезінде біршама дамушылықтарға қол жеткізді. Белгілі мағнадан алғанда оны Түркі империясының астанасы деуге тұрарлықтай еді. Себебі, Түркі қағанаты күшейген кезде оның ықпалы шығыста Қыырхан тауынан

батыста Темір қақпаға дейін, оңтүстікте Ордос үстіртінен солтүстікте Байқал бойына дейін жетті. Осыншама кең аумақтағы байлық пен өнер, ғылым-мәдениет, ақыл-ой қазыналары осында жиналды. Дамуға сеп болған ең басты фактор сауда қатынастары болды. Тарихи деректер көне түркі заманынан бастап қидан, си(奚) тектес халықтар осы аймақпен жиі қарым-қатынаста болғандығын растайды. Мысалы, бұршақ (豆都), қарбыз(西瓜) сияқты көкөніс және жеміс түрлері ұйғырлар аймағынан қидандарға таралған [7]. Қидандардың сүйіп жейтін сазандары(大鱼) Байқал көлінен шығатын болған. Қидандардың қытай ордасына тарту еткен ақ ұлпа маталары (白细布) батыс аймақтан шығып ұйғырлар жері арқылы жеткізілетін еді.

3.4. Қарабаласағұн қаласының материалдық және мәдени дамуы

745 жылы Екінші Түркі қағанаты күйреп оның орнына Біріккен Түркі қағанаты құрылғаннан кейін, билікке шыққан оғыз түріктері мен Қытайдың орталық аймағының сауда қатынасы жиілеген. Әсіресе, Таң мемлекеті Ан Лушань мен Сы Шимин бүлігіне тап болып, мемлекеттің жойылу қаупінен оғыздар алып шықаннан кейін, Біріккен түркі қағанатының қағаны Алып Көл Білге қаған бүлікті жаныштаудағы өз рөлін өте жоғары бағалап, Таң патшалығын өзінің талаптарына мойын ұсынуға көндірмек болды. Сондай ауыр талаптардың бірі өздеріне саудада жеңілдік беру талабы. Ол бойынша табғаштар түрік қағанатынан барған жылқыларды сатып алуға міндетті болды. Сатымсаққа айдалған жылқының көптігі сондай, табғаштар жылқыға айырбас жасалатын торғын-торқалардың

және шайдың санын толтыра алмай әбігерге түсетін еді. «Жаңа Таң кітабы. 196 бөлім. Ло Юйдің өмірбаянында»: «олар кейін келе шай ішуге әдеттенді. Осы кезде оғұздар хандығымызға келіп, атқа шай айырбастап алатын болды» делінсе, Таң дәуірінде жасаған Фэн Янның «Көрген-білгендерден естеліктер» атты еңбегінде: «оғыздар жыл сайын патшалығымызға келіп, атақты аттарын шайға айырбастап алады» делінеді. Бұл жерде үкіметаралық ресми саудаға байланысты айтылса керек. Бұдан өзге, әр екі тарап өкілдерінің елшілік орайынан пайдаланып шекарадан кіргізген және алып шығып кеткен қосымша сауға-сәлемдерінің де саны мен түрі өте көп болатын. Мысалы, 792 жылы Түркі қағанының асыранды ұлы Яғлақар Таң патшалығына барғанда өз атынан көптеген жылқы апарып сатқан және осы жылқылар үшін 70 топ жібек матаға ие болған. Таң хандығы Сянян мәликені Түрік қағанына ұзатып, Гуан Буды бас құда, Чжао Чжэнді орынбасар құда етіп белгілейді. Кейін осы құдалық жайлы жазылған орда естелігінде: бұрындары елшілікке барған мансаптылардың көпшілігі өз аттарынан дүние ала баратын. Ол дүниелеріне ат айырбастап ала қайтып, Орта жазыққа әкеліп қыруар пайдаға кенелетін. Тек Чжао Чжэн ғана олай істемеді» (Жаңа Таң кітабы, 50-том. Чжао Чжэннің өмірбаяны) деп жазды. Бұл сол кезде екі ел арасындағы сауданың тым күсет болғандығынан дерек береді.

Көне яғлақар түріктерінің Таң патшалығымен болған саудасында жылқыға жібек айырбастау бәрібір жетекші орында тұрды. Ан Лушань, Сы Шимин бүлігі жанышталғаннан кейін, түріктердің жылқы саудасы одан сайын жиілеп, табғаштардың берешегі көбейді. Яғни жылқы саудасы табғаштардың қажетінен артып кетті. Солай бола тұрса да, табғаштар түріктердің бүлікті жаныштауға сіңірген еңбегін ескеріп, олардың талабынан бас

тартуға шарасыз қалды. Бұл туралы тарихи материалдарда былай делінеді: «Цянюань жылдарынан (758-759) кейін, түріктер біздің үлесіміз бар деп есептеп, жыл сайын жылқы айдап келіп, жібек маталарға айырбастайтын болды. Олар әкелген жылқының көбі арық-тұрақ әрі ауру болғандықтан жұмысқа жарамайтын», «түріктер цянюань жылдарынан бастап, өзара сауда жасасуды талап етті. Бір жылқы 40 топ шағиға алмастырылды (Бай Цзуй-идің өлеңінде бір жылқы 50 топ шағиға алмастырылды делінген). Неше ондаған мың жылқы айдап әкелінсе де, көбі арық, аурушаң болғандықтан жұмысқа жарамады. Орда қиын жағдайға дөп келді. Базардағы жылқының есебіне сан жетпейтін. Түріктерден мүдделік (бұратана халықтар ісі жөніндегі) мекемесіне барғандардың аяғы үзілмеді. Осы кезде (773 ж.) Дайцзун патша түріктердің көңілін аулау үшін базар біткеннің есігін ашық ұстауды бұйырды. Шілде айында түріктер қайтпақ болды. Тарту етілген және атқа айырбастап алған дүние-мүліктерін 100 неше арбаға тиеп алып қайтты» (Жаңа Таң кітабы. Ұйғырлар туралы баян). Сондықтан кейінгі уақытта ақын Бай Цзуй-и мыныдай деп өлең шығарған еді:

*Шұғай жолы, Шұғай жолы, жырақ жолдар,
Қара дөңде тұнық сулы бұлақ қайнар.
Түрік елі сатымсаққа мал айдаса,
Ол дөңнің де жон арқасы тулақ болар.
Сусыз шөл, құба түзді басып келген
Қу сүйек таңба қарған не жарытар.
Баспа бас елу топқа бағаласа,
Бергенше бәрін тауып сорың қайнар.
Он жылқының жетеуі арық-тұрақ,
Жыл айланбай сүйегі қурап қалар.*


Мұндай зорлап таңылған сауда Таң мемлекетінің экономикасына ауыр дәрежеде нұқсан келтірді. Керісінше Біріккен түркі қағанатының экономикасының дамуына зор серпін берді. Оғұз түріктерді артығымен тасып әкелінген торғын тоғанақтарын, шайды өздерінен былайғы Батыс елдеріне саудалап, одан қыруар пайда тапты. Сол арқылы батыс елдерінің, арабтың қыруар қолөнер бұйымдары, алтын әшекейлері, үй жиһаздары, ыдыс-аяқтары мен түрлі дәрі өнімдері, қару-жарақтары Қарабаласағұнға үйіліп-төгіліп келіп жатты. Сауданың дамуымен қоса ол елдердің түрлі мәдениеті, ғылым-білімі Түркі қағанатына тарады. Осылайша Қарабаласағұн қаласы өз кезіндегі шығыстың айтулы қалаларының біріне айналды. Мұнда Шығыс пен Батыс мәдениеті өзара тоғысты. Түрлі діндер мен ақыл-ой мұғжизалары таралды. Ол замандағы Қарабаласағұн тұрғындарының мәдени деңгейі барынша жоғары болды. Әлемнің қай бұрышының адамдары болмасын, олармен иық тіресе алатындай деңгейде болды. Иық тіресіп қана қоймай, белгілі жақтарда олардан олардан озып алға шықты. Яғни, олардың бойындағы мәдениеттің далалық компоненттері басқа ешбір қалықтың бойында жоқ еді.

Біріккен Түркі қағанатында темір қорыту (байыту) кәсібі жоғары дәрежеде дамыған. Өз кезінде Қара Баласағұнға барған Тамим ибн Бахр ал-Муттавави осы қалада 12 айбатты темір қақпа барын бекер жазбаған. Көне түркілер мекендеген қала қирандыларынан темір қорыту, өңдеу мануфактураларының орындарын, қылыш, кездік, найза секілді темір құралдарын кездестіруге болады. Оларға қажетті темір рудалары Енисей өзенінің жоғарғы саласындағы, Алтайдағы және Күсән мен Боғда тауы, Ыстықкөл маңындағы темір кендерінен алынатын. Түрік

қағанаты кезінде осы өңірден алынатын және өңделетін темір бұйымдары Өтукенге дейін жеткізілетін. Тарихи деректердің бірінде Енисей өзенінің жоғарғы жағында жаңбыр жауған кездерде темір табуға болады, елдер оны каса дейді. Одан өте өткір құрал жасалатын. Үнемі түріктерге сатылатын делінсе [8, 725], енді бірінде Тәңіртауының батысындағы Ыстықкөлден темір шығатын болғандықтан, ол «Темір көл» деп аталған. Батыс өңірдегі Күсән, Қожудағы Солтүстік таудың (Боғда) бәрі темір шығатындығымен атақты. Осындағылар әр жылы түріктерді темірмен қамтамасыз етіп отырады [9] дейді. Көне түркілердің биік доңғалақты арбалары металшылық пен ағашшылық қолөнеркәсібінің бір-бірімен жақсы сәйкесуінің туындысы. Тарихшы Лин Гань былай дейді: «оғыздардың атты әскерлері үнемі істететін жауынгерлік құрал-жарақтар (мысалы қылыш, қанжар, садақ т.б.) және ат әбзелдері (жүген-ноқта, ертоқым т.б.) мыстан немесе темірден жасалғанына қарамай, барлығы дерлік металл байыту және құрал-жарақ соғу технологиясы арқылы (оның өзінде де соғуға қажетті түрлі металл саймандар болуы керек) жасалатын. Сондықтан оғыздардың қолөнеркәсібі көне түркілер және ғұндар заманындағыдай белгілі көлемге және дәстүрге ие еді»[10, 88] -дейді. «Тан мемлекетінен әкелінген товарлар тым көп болғандықтан, олардың саны он мың топтан, неше он мың топқа жеткен. Олардың бір бөлігі бөгде қауымдардың базарында және қағандықтың ішкі бөлігінде сатылғаннан басқа, көп бөлігі «ғұз саудагерлері» немесе «тоғыз ғұз (оғыз)» саудагерлері арқылы батысқа апарып сатылған болуы мүмкін» [10, 99].

Сауда – қала дамуының басты факторы. Сауда дамыған жерде түрлі мәдениеттер тоғысып қана қалмай, адамдардың өндірістік іс-тәжірибесі де байиды. Мұның бәрі қаланың

абаттануы мен көркеюіне, жан саны тығыздығының артуына ықпал етеді. Біріккен Түркі қағанаты кезінде ел ішінде саудасатық істерімен діни насихат қатар жүрген. Көптеген манихэй дінінің мүриттері сауда байланысы арқылы дін таратумен айналысқан. Бұл жағдай Біріккен Түркі қағанатының күйреуіне, Қарабаласағұн секілді сол заманда шығыс пен батысқа аты әйгілі қаланың құрып кетуіне негіз болды. Осы қауіпті алдын ала сезген түркі атқамінерлерінің бір бөлігі соғды саудагерлеріне тістырнағымен өш еді. Қағанаттың уәзірі Тонбаға тархан тарапынан 2 мыңнан астам соғды саудагерлерінің өлтірілуі соның бір мысалы. Олардың өлтірілу себебі саудагерлердің мемлекет ісіне араласуынан болған. Бұл жағдай, Қарабаласағұндағы соғды саудагерлерінің аз емесітіген дерек береді. Егер бір ғана соғдылықтардың саны осыншалық болғанда, олардан басқа елдерден келген саудагерлердің саны да едәуір болса керек. Демек, бұл жағдаяттар Қарабаласағұн қаласының өз кезінде сауда базары жақсы дамыған ірі орталықтардың бірі болғанын дәлелдейді.



Сурет: Ордабалық (Қарабаласағұн) қаласының ішкі рабаты

Қаладағы сауда істерінің дамуы, басқа аймақтармен болған қарым-қатынастың жиілеуі саудагерлер арасындағы дау-шарларды көбейткен. Түрік саудагерлеріне қатысты сондай деректердің бірі Таң дәуіріндегі құжаттарда кездеседі. «Таң Вэнцзунның тайхэ жылнамасының 5-жылы (831) маусым айында, ұлы санғұн Ли Шэннің абыройы айрандай төгіліп, Суанчжоуға уәли болды. Ол әсілінде түрік саудагерлерінен 11 мың 400 тізбек жармақ қарыз алып, қайтара алмағандықтан, түріктер арызданып, оның жүзін жерге қаратты. Сол себептен жарлық түсірілді: Мансаптылардың туыс-туғандары, саудагерлер және жай бұқаралар! Сендер астанаға келіп, бұратана жұрттардан нәрсе-керек қарыз алып, өз уақытында қайтара алмасаңдар, олар астанадан кетпей жатып алады. Сауда істерімізге зияны тиеді. Қазір оларға мән-жады түсіндіріп, реніштен ада болу, алыстан келгендерді ығыр қылудан сақ болу әрі мұндай істердің енді қайталануынан сақтану ләзім. Бұдан кейін түсті көзділерге бұрын көрсетілген базарларда сауда-сатық қылуға рұқсат ету, одан басқа жерлерге барып сауда жасауына тиым салу керек. Тәртіпбегі мен астана уәлиін бұл мәселені қатаң бір жайлы етуге жібердім. Басқалай жағдай туылса дереу ордаға мәлімденсін. Бұрынғы қарыздарды аудан дәрежеліден жоғары мансаптылар тез арада өтеп қайтарсын» (Кітаптар жауһары. 999-жылд. Жат жұрттық тұлғалар. Сауда). Бұл жағдай түрік саудагерлері мен табғаш саудагерлерінің қарым-қатынасының тым жиі болғанын әрі алым-берім саласында араларында өзара сенімнің болғанын дәлелдейді.

Түркілер Қытай жерінен жібек пен шай өнімдерінен басқа, астық та сатып алып отырған. Демек, осы кезде түріктер

арасында астыққа деген мұқтаждық пайда болған. Өз елінде егістік жерлер көп болмағандықтан, оның үстіне, жаратылыстық шарт-жағдайлардың шектемелігінен, астық өндірісі бәрібір қағанаттың қажетін қанағаттандыра алмайтын. Б.д. 842 жылы сәуір айында Ұка қағанның астығы таусылып қалғандықтан, Таң патшалығы оның Цзину қорғанынан жылқының нарқына сындырып, 7 мың дән астық сатып алуына жол қойған. Тағы бір мысал: 840 жылы қыркүйек айында, Ұка қаған өлтірілгенде, інісі Өзміш пен уәзірлері әскер бастап Тяньди (қазіргі Ішкі Монғолияның У-юань қаласы) қорғанына барып, тұйғын, сатар, таңғыт, чияндардан астық сатып алған (Жаңа Таң кітабы. 50-бума. әскери істер баяны).

Көне түркілердің егіншаруашылығы туралы қытай деретерінде ешқандай мәлімет қалдырылмаған. Алайда қапаған қағанның императрица У-Цзытяньнен ұрықтық астық және өндіріс құрал-саймандарын сұрайтыны бар. Нәтижесінде, 697 жылы көктемде У-Цзытянь алты дуандағы «ел болған» түркі қауымынан бір қанша мың түтін мен 100 мың батпан астық, 50 мың тоғанақ араласпа жібек, 3 мың дана егіншілік сайманын, неше ондаған мың батпан темірді түркілерге сыйлайды [11,189 б.]. Түріктердің егіншілік саймандарын және ұрықтық астық талап етуі олардың жеріндегі бір қауым елдің егіншілікпен айналысатындығын көрсетеді. Бұдан өзге, түрікше «Терхын» мәңгітасында «Сегіз дәрия арасында менің мыңғырған малым мен егістік жерлерім жатыр. Селенгі, Орхон, Тоғла қатарлы сегіз судың саласы мені шаттандырады» (4-жол) деген сөздер кездеседі. Бұдан түркілердің Гоби шөлейтінің терістігіндегі өзен алқаптарында ертеден малшаруашылығымен қоса егін шаруашылығымен де шұғылданып келгенін байқауға болады. Бірақ, көне түркілердің егін шаруашылығы ауқымы мен еңбек

өнімділігі жағынан табғаштарға жетпейтін. Олардағы егіншаруашылығы көбінде шағын көлемде және жаратылыстық ортаның әсеріне тәуелді болды. Егіс дақылдарының түрі де ішкі Қытайға қарағанда аз еді. Сондықтан мұндай шағын көлемдегі егіншілік көбінесе Ордабалық секлді елдімекендердің маңына шоғырланды.

Ордабалық өңіріндегі егіншаруашылығының дамуында біз ескермеген мынадай фактор да маңызды рөл ойнаған болуы мүмкін. Атап айтқанда, ол көбінесе діни сенімге байланысты. Халықтың бір бөлігі манихэй дінінің енуіне қарсы болғанымен, бірақ билік басындағылар, қағаннан бастап оны халық арасында күшпен насихаттаған. Манихэй дінінің қағидасы бойынша адам күллі жануарларға жанашырлықпен қарауы керек. Сол үшін малдың етін жеуге болмайды. Бұл климаты қатал солтүстіктегілер үшін тым қиын болғанымен, бүкіл халық болып, оны орындауға ниет қылған еді. Мұндай жағдайда азық-түліктің басқа қайнары болмайды. Тек егіншілікке сүйеніп күнелтуге тура келеді. Қарабаласағұн және оның маңындағы өзен алқаптарында егіншіліктің қарқын алуы халықтың астыққа деген қажеттілігінен туындады. Бұл туралы В.В. Бартольд: «Шаман діні тіпті адам өлтірсең де ол дүниеде игілігін көресің десе, манихэй діні адам өлтіруге жол қоймаудан сырт, тіпті хайуанаттарды өлтіруге және оның етін жеуге тиым салады. Мәңгітаста бұрын ет жейтін ұлт қазір көкөніс жейтін ұлтқа, бұрын адам өлтіруден тайынбайтын мемлекет енді ізгі мемлекетке айналды дейтіні сондықтан»[12,1026.]-дейді. В.Бартольд тағы да Тамим ибн Тахр ал-Муттавави Түркі қағанатының көне жұртына келгенде тоғыз оғыздар жерінде зооастризм мен манихэй діні тамыр тартып үлгірген, әдетте алдыңғысы ауыл-қыстақтарда, ал соңғысы қалаларда үстем

орында тұрды деп жазады [12,104 б.]. Бұлай деудің қисыны бар. Өйткені сегіз оғыздар түгелімен Орхон бойында қалып қойғаннан кейін, олар өздерінің бұрыннан бар шаруашылық дәстүрін сақтап қалды. Манихэй діні мен қоса несторианшылдық та етек алды. Кейінгі кезде будда, манихэй, несториан және зооастризм діндерінің ішінен несториан діні ғана бәсекеге қабелетті болып, осындағы Керей және Найман мемлекетінің негізгі дініне айналды. Мұндайда бұрыннан егіншаруашылығына үйреніп қалған халықтың бір бөлігі астанасы өртеніп, мемлекеті күйреп кетсе де, кейіннен пайда болған жаңа мемлекеттің құзырында тыныш қана өздерінің қалаған кәсіптерімен шұғылдануға мүмкіндік алды.

869 жылы қайтыс болған араб жазушысы Жаһиз тоғыз оғыздар манихэй дініне сенуден бұрын өте жауынгер халық еді. Олар қарлықтармен болған соғыстарды өздері сан жағынан аз бола тұрса да ылғида жеңіске жетіп отырды. Бірақ манихэй дініне сенгеннен кейін, біртіндеп жауынгерлік күш-қуатынан айырылды,-деп жазады. Бұл жағдай оғыз түріктерінің манихэй дінін қабылдай отырып, шынымен де бұрынғы елдік жігерінен айырыла бастағанын көрсетеді. Мұның басты себебі ет жейтін халықтың ет жемейтін халыққа, бұрын адамды жазым қылыудан тайынбайтын қанқұйлы халықтың енді мал екеш малды сойып жеуге батылы бармайтын көңілі нәзік халыққа айналуынан еді. Ендеше ет жемейтін халық немен күн көрді деген сұрақ туындайды. Әрине, егіншілікпен. Бұрын даланың қатты аязы мен бұрқаған қысында тек ет жеп, сорпа ішу арқылы күш-қуатын сақтаған халық өзінің физикалық қаблеті тарапынан табиғи түрде әлсірейді.

Біріккен түркі қағанаты шегінде қала мәдениеті мен егін шаруашылығының дамуын белгілі мөлшерде құлдар еңбегінен

бөліп қарауға болмайды. Көптеген ғалымдар Біріккен түркі қағанатының қоғамдық сипаты құлдық тәртіпке негізделген деп қарайды. Бұл дұрыс баға емес. Өйткені қағанаттың ішкі бөлігінде өз түркі нәсіліне қарата құлдық тәртіп қолданылмаған. Құлдық тәртіп тек сырттан бұлап әкелінген қытай және қытан секілді бұратана халықтарға қаратылған. Түрік ақсүйектері бұл құлдарды ауыр дене еңбегін қажет ететін салада пайдаланған. Бұлар негізінен қала салу, қорған соғу, егін егу, металл қорыту, қолөнер бұйымдарын жасау, мәңгітастар тұрғызу, т.б. кәсіп түрлері болды. Осы кәсіп түрлерінің тез қарқынмен дамығанын сырттан әкелінген құлдардың күн санап көбейіп отырғанынан байқауға болады. «Көне таң кітабы. Ұйғырлар туралы баянда»: «олардың табиғаты жауыз, ...екібеткей. Басқаларды бұлап-талаумен күн көреді» деп жазылған. Ол кезде түріктердің құлдарға зәру екені Таң мемлекетіне бес қолдай мәлім еді. Сондықтан «Ан Лушань- Сы Шимин бөлігі» туылған кезде Таң мемлекеті түріктердің көмегімен оны жаныштай алды әрі екі бірдей астанасы Лоян мен Чананды көтерілісші армияның қолынан қайтарып алды. Бұдан алдын Таң мемлекеті астанасын жаудан қайтарып алу үшін, түріктермен «қаланы алғаннан кейін ...жер Таң мемлекетіне қалады...бала-шаға түріктерге тән болады» деген мазмұнда келісім жасайды. Демек, Таң патшалығы астананы қайтарып алу үшін, халқынан баз кешеді. Шығыс астана Лоянды қайтарып алған кезде түрік сардарлары қалаға кіріп қалың қолын адам бұлауға үш күн бойы қоя береді. 772 жылы көктемде түрік аттылары табғаш жеріне тағы да баса-көктеп кіріп, әйелдер мен балаларды бұлап-талаған. Бұл бұлап-таланған әйелдер кенеп дағарларға салынып, жәй бұйым ретінде тасып әкетілген. Түрік аттыларының 768 жылы көктемде Тайюаньға басып кіріп, адам бұлағаны және 780 жылы Таң

мемлекеті күшіне енген кезде де хандықтың оңтүстігіне өтіп адам талағаны жазылған.

Құлдарды көп мөлшерде тасып әкелу және олардың еңбегін тегін пайдалану қағанаттың экономикасын тез қарқынмен дамытуға қызмет етті. Жаратылыстық ортаның қолайлығы мен халықаралық сауда қатынасының тығыздығы, тегін еңбек күш ағыны Орхон бойындағы Қарабаласағұн қаласының тез арада көркейіп, әлемдік сауда мен мәдениет орталығына айналуына әсер етті.

3.5. Ортағасырлық Қарақорым қаласы

Монғол даласындағы осындай абат қалалардың бірі кейінгі ортағасырдағы Монғол империясының астанасы болған Қарақорым қаласы. Ол Қарабаласағұн қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 27 шақырым қашықтықта жатыр. Қарақорым (Qorım=Qara-Qorım) көне түркі тіліндегі атау. Кейбіреулер оны таудың аты, Орхон өзені бастау алатын Ханғай тауынан басталады десе, енді біреулер өзеннің аты, Орхон өзенінің жоғарғы саласы осылай аталған, Өгедей хан қытай шеберлерін әкеліп Орхон өзенінің бойында қала салғаннан кейін, бұл қала «Қарақорым» деп аталды дейді(2). Дегенмен, қаланың қашан іргесі қаланғаны туралы зерттеушілердің арасында түрлі пікірлер де жоқ емес: Бәрінен бұрын қаланың құрылған жылы ретінде 1235 жыл атап көрсетіледі. «Юан хандығының тарихы» (元史-Юаньши) бойынша, онда ең әуелі Ванангун (万安宮 мәңгілік тыныштық) сарайы салынып, артынан оның сырты биік дуалмен қоршалған. Кей тарихшылар империяның болашақ астанасының қай жерге салынатынын 1220 жылы ұлы әмірші Шыңғыс ханның өзі белгілеп кеткен деседі. Ол туралы 1246

жылы Қарақұрым қаласына қойылған ұстын мен «Юаншиде» деректер кездеседі.

Ғалымдардың біразы қала салу шешіміне Шыңғысханның өзі келгеніне күмән келтіреді. Бірақ Шыңғысханның Монғол мемлекетінің келешегіне қатысты осынау айырықша маңызға ие мекен туралы ойланбауы мүмкін емес болатын. Өйткені Қарақорым қаласы Монғол империясының дүниеге келген жерінде, империяның жүрегінде орналасқан. Ол монғолдардың ата-бабасынан өз қолайына жағатын табиғи шарт-жағдайы бар қоныс еді. Онсыз монғолдардың түпкі хан ордасының басқа жерде болуы мүмкін емес еді. Монғолдар үшін Пекин, Нанкин, Самарқант, Бұхара, Сарайшық қалалары жат болатын. Олар бәрібір өздерінің кең жазиралы самал ескен қыр даласын сүйетін. Дүние жүзінің қай қиырынан көрген сәулетті қалаларды өз жерінен, сахараның дәл төрінен көргісі келетін. Өздері өмір сүрген кезден не бары 400 жыл бұрын қыр сақарада еңсе көтеріп, кейін келе қирап қалған Қарабаласағұн қаласының көне жұрты оларға шабыт беретін. Осы далада қала салу дәстүрінің болғаны, сауда мен егіншаруашылығының, қолөнеркәсіптің өркендегені оларды таң қалдырмайтын. Өйткені Шыңғысханға дейін осы өлкені билеп-төстеген көне сегіз оғұздар мен тоғыз оғұздардың ұрпақтары наймандар [13] мен керейлердің [14] осында қала бекіністерін салғаны тарихи шындық еді. Сонымен бірге, Поль Пеллионың пікірінше, Шыңғысхан Орталық Азияны бағындыруға кеткенде, осында оның әйелдері мен балалары, күндері тұратын тұрар жайлар, барақтар салынған болуы әбден мүмкін[15].

1948-1949 жылдардағы С.В. Киселевтің Қарақорым қаласын зерттеуге арналған экспедициясы қаланың ай далаға салынбағанын, 1235 жылы салынған Үгедейдің сарайы негізінде

кеңейтіп құрылғандығын, мұнда бұрыннан буддалық ғибадат орындары болғанын және XII және XIII ғасырдың бас кезіне тән құрылыстардың жұқанасы қалғанын жазады [16, 23-58]. Буддалық миссионерлер мұнда Шыңғысханға дейін де келіп, орын тепкен. Олар бұл шалғай өлкеге жайдан-жай келмеген. Мақсаттары осында тамыр тартып, будда ілімін Қытайдың солтүстік және солтүстік-батысында көркейту болған. Сондықтан, X-XII ғасырлар аясында шағын буддалық монастрлар бұл жерлерде құрылып дами бастаған. Оған дәлел Шыңғысхан дәуіріне дейін, яғни 1206 жылға дейін осында өмір сүріп келген Найман мемлекеті шегінде түрлі діндердің қатар өмір сүргені. Бұлар осында Қарабаласағұндай алып қала тұрғызған Біріккен Түркі қағанатынан қалған сегіз оғыз бірлестігінің негізгі тұрғындары еді. Оларда қала салу дәстүрі болған. Сол себепті, екінші кезекте олар жаңа қаланы Қарабаласағұнның күйреп қалған көне жұртынан салуды құп көрмеген. Тыңнан, бірақ түріктің көне қонысынан тым алыс емес Қарақұрым етегінен салған. Екі қаланың да көне жұртының ара қашықтығының тым алыс емес екеніне қарай отырып осындай қорытындыға келуге болады. Демек, VIII-IX ғасырларда іргесі қаланып, кейін тарих бетінен біржолата жоғалған Қарабаласағұн мен XIII ғасырда тарихи жазбаларға іліккен Қарақорым қаласының арасында белгілі тарихи, мәдени сабақтастық бар деген сөз.

Өкінішке орай, Біріккен Түркі қағанаты тарих сахнасынан жоғалғаннан қайтіп Шыңғысхан дүниеге келгенге дейінгі кездің дерегі тым аз болғандықтан, бұл аралықтағы тарихи оқиғалардың сұлбасы тым өшкін, бұлыңғыр. Бірақ шын мағнасындағы тарихи оқиғалардың үдерісі тым тез болды. Мұны солтүстік Қытайда алма-кезек ауысқан хандықтардың

тарихынан көруге болады. Бұл теріскейдегі жүржіт, сяньби, таңғұт, қидан секілді халықтардың арт-артынан тарих сахнасына шығып, қытайлық Орта Жазық мәдениетімен белсенді қарым-қатынасқа түскен кезі. Қыр даланың кіндігіндегі түркі ұлыстары Оңғұт, Найман, Керей, Меркіт және Қырғыз мемлекеттері де бұл кезде қытай қамалының ішкі бөлігінен мемлекет құрған саяньби, таңғұт, қидан, жүржіт секілді халықтармен тату болды. Өйткені оңтүстіктегі Сун әулетіне жету үшін осы елдердің жерін басып өтуге тура келетін. Сондықтан қидандар жүржіттермен соғысып Орта Азияға қарай шегінгенде наймандар олардың өз жерлерін басып өтуіне жол қойды. Кейін келе наймандар Шыңғыс шапқыншылығы кезінде Ханғай мен Алтайдан, Орхон бойынан айырылған кезде Күшліктің Қара Қидан (Батыс Ляо) патшасы Гурханды келіп паналауы және Гурханның оған қызын беруі, сол арқылы Гурханның Қара Қидан мемлекетінің тағына отыруы- бәрі кездейсоқ нәрсе емес. Сол кезде Найман елінің көне түркінің кіндікті қонысындағы ең дамыған, құдіретті әрі өркениетті ел болғанын Қытайдың және батыс елдерінің тарихи деректері түгел растайды. Мұндай мемлекетте қала құрылысының, егіншаруашылығы мен қолөнеркәсіптің, сауданың дамымауы мүмкін емес. «Жамиғ ат тауарихта» найман ханының қыс қыстауы мен жаз жайлауы, және орда-сарайы, тұратын жері туралы жазады [17,136 б.]. Демек, сегіз оғыздардың кейінгі ұрпақтары Орхон бойында егіншілік дәстүріне ғана мұрагерлік етіп қалмастан, қала мәдениетін де шама-шарқынша дамытуға ат салысқан. Бұған дәлел бүгінде Орхон өзенінің бойында қай кезде, кімдер тарапынан іргесі қаланғаны белгісіз көне қала бекіністерінің орындарының сақталып қалғаны. Олар ғылым әлемінде өздерінің ашылуын күтіп жатыр.

Түсініктер

1. Қарабаласағұн (Ордабалық) көне қала жұртынан табылған бұл ескерткіш ғылымда “Тоғыз оғыз Білге қаған ескерткіші” деп те аталады. Осы ескерткіштің осы арадан табылуы кезінде қала өркениетінің жоғары деңгейге жеткенін көрсетеді. «Тоғыз оғыз» және «Білге қаған» сөзі осы ескерткіштің иесіне және оның шыққан тегіне қаратылған. Ескерткіштің маңдайшпалығына жазылған ескі қытай тіліндегі толық аты “Ай Тәңірде құт болмыш Алып Білге қағанға арналған қасиетті тіл, тылсым қару ескерткіші” (九姓回鶻愛登裏羅汨沒蜜施合毗伽可汗聖文神武碑). Осындағы “Тоғыз оғыз” яғлақар түріктерінің ең негізгі тайпа одағы, яғни, яғлақар бастаған тоғыз тайпадан құралған бірлестік. (愛)“Аі” сөзі аспандағы айды меңзейді. Оғыз түркілері Ай мен Күн терминін басқаларды құрметтеу үшін қолданған. “登裏” (Tängri) – Көк Тәңірі; “羅” (dä) -жатыс немесе шығыс септік жалғауы; “汨” (qut) – құт, бақыт; “沒蜜施” (bulmyš) – болатын, болушы; “合” (Älp) – алып, күшті, батыр; “毗伽” (Bilgä) – білгі, дана; “可汗” (Qahan) – қаған, хан. “Көне Таң кітабы. Ұйғырлар баянында” кездесетін “愛登裏羅汨沒蜜施合毗伽可汗” деген сөз осы ескерткіштегі “Ай Тәңірде құт болмыш Алып Білге қаған” (төменде – Алып Білге қаған) деген сөздің дыбыстық аудармасы, яғни, “Тәңір силаған қасиетті де құдіретті, ақылды қаған” деген сөз болып шығады [Зәкенұлы Т. Ордабалық түркі жазба ескерткішінің тарихи негізі // С.Торайғыров атындағы Повлодар мемлекеттік университеті Ғылыми журналы. – Повлодар, – 2005. – № 2. – 18-26 бб.]. Алып Білге қаған ескерткіші 814 жылы оның көзі тірісінде, Біріккен түркі қағанаты күшейген кезде тұрғызылған. 1890 жылы Фин ғалымы А.О. Гейкель Монғолияға жасаған экспедициясы кезінде бұл ескерткішті байқап, 1892 жылы ондағы жазбаларды өзінің «Орхон ескерткіштері» атты атласына енгізді [Heikel A.O. Inscription de L' Orhon recueillies par l' expedition Finnoise 1890 et publiees par la Societe Finno-ougrienne. – Helsingfors. 1982. – 38 p.]. Байырғы түркілердің астанасы

Қарабалғұсын қаласының (суретте) маңындағы Көше Цайдам өңірінен табылған бұл ескерткіш тастағы жазбалар түрік, соғды және қытай – үш тілде нақышталған. Себебі ерте кезден түрлі діни ағымдар, этностар, олардың мәдениеті Жетісу, Шығыс Түркістан және Орталық монғолия аймағына дейін әрекет етіп келген болатын. Сол қатарда оңтүстік азиялық мәдениет пен діни сенімді таратушы байырғы соғдылар да болды.

В.В. Бартольд соғдылықтардың Орта Азияға қоныс аудару себебі сауда деп санады [Бартольд В.В. К вопросу об языках согдийском и тохарском. – Соч., – Т. II, ч 2. – М., 1964. – С. 461-470 бб]. Түрік тілді ортаға түскен соғдылар жергілікті түркі мәдениетіне тез үйірлесіп кетті. Түптеп келгенде, соғды топтары отырықшы жерлердегі түріктермен сіңісіп кетті. XI ғасырдағы М.Қашқаридың соғдылықтардың ішінде түрікше сөйлемейтіні жоқ деуі де сондықтан дейді С.Л. Болин [379, 83 б. Болин С.Л. Сведения арабских сточников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах. – ТИИАЭ АН Каз ССР, 1960. – Т VIII. – С.83.]. Алғашқы Түркі қағанаты заманында соғды жазуымен қатар қытай иероглифімен, брахми жазуымен де бірнеше ескерткіштер қалған. Б.з. V-VII ғасырлар аралығында Орталық және Оңтүстік Азияда ресми қатынастар қытай, брахми, соғды графикасымен жасалып тұрған. Сондықтан да, Алғашқы Түркі қағанаты заманында байырғы түркілер осы жазулармен ел мен ел тұлғаларының тарихын жазып қалдырған. VI ғасырға жататын Орталық Монғолиядағы Күйіс-Толоғай ескерткішінің тас ұстынындағы жазба брахми жазуының кхашора графикасымен, Орталық Монғолиядағы Қарағол ескерткіші қытай иероглифімен қашап қалдырылған [Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – I т. – Астана, 2003. – 392 б. 103 б.].

Гэн Шиминнің пікірінше, Монғол үстемдігі дәуірінде көне түрік тілі де халықаралық қатынас тіліне айналған [Гэн Шиминь 耿世民. Ұйғырлардың ежелгі әдеби-тарихи мұраларын зерттеу 維吾爾古代文獻

研究.北京. – Пекин, 2003. – 546 б. 479 б.]. Бұл әрине Орталық Монғолиядағы қала мәдениетінің өркендеуімен тығыз байланысты. Бізге жеткен ескерткіштің көп жері ауыр дәрежеде зақымдалған. Әсіресе, ескерткіштегі соғды жазуының жарымындай бөлігі, түрікше жазбаның азғантай үш бұрышты бөлігі ғана сақталып қалған. Ал ескерткіштің оңтүстік бетіндегі қытайша жазба ғана едәуір толық. Қытайша жазба алғаш байқалған кезде сегіз бөлікке бөлініп сынып жатқан. Олардың арасынан екі үлкен сынығы 1909 жылы Ресей экспедицияшылары тарапынан Санкт-Петербургке артып әкетілді. Кейін ресейлік В. Радлов, голландиялық Г. Шлегель, франциялық Э. Шаванн (Chavannes) , қытайлық Ли Вэньтянь, Ван Говэй секілді ғалымдар тұс-тұсқа тарап кеткен бұл нұсқаларды өзара біріктіріп, әр түрлі альманақтарда жариялады. Бұған дейін тұтас жазбаның кей тұстарын түгендеу мүмкін болмаса да, тұтас жазбаның бас-аяғы толықтанып, жалғап оқуға болатындай жағдайға келді. Жоғарыдағылармен бір уақытта Жапон ғалымы Ханеда Тору да өз алдына зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ол «Таң дәуіріндегі ұйғыр тарихы туралы зерттеуде» (唐代回鶻史之研究:史學論文集) жарияланған «Тоғыз оғыз Білге қаған ескерткішінің» реттелген нұсқасы мен Пекин Орталық ұлттар институтында сақталып келген XX ғасырдың бас кезінде аталмыш ескерткіштің өзінен алынған эстампажды салыстыра зерттеп, түсініктеме жазды.

Біз кезінде бұл нұсқаны Қытай ғалымы Чэн Суло ұсынған нұсқа [程溯洛.釋漢文九姓回鶻毗加刻漢碑中有關回鶻和唐朝的關係//中央民族學院學報. –Пекин, 1978. –№2. –11-21б.] мен Ресей ғалымы В.Васильев 1897 жылы жазған «Китайские надписи на Орхонских памятниках в Кошо-Цайдаме и Карбалгасуне» атты зерттеуінде берген нұсқаға сай толықтырдық. Қарабаласағұндағы бұл тас ескерткіште қашап қалдырылған қытайша жазба негізінен Екінші Түркі қағанатынан соң бой көтерген Біріккен Түркі қағанатының Хошу (護輸) хан, Құтлық Көл

Білге хандардан (Құлбойла, қытайша 骨力裴羅) бастап, кейінгі Баянчұр Горхан (Тәңірде болмыш Ел-етмыш қаған 葛勒可汗 немесе 磨延巉), Бөгу хан (牟羽可汗, Тәңір қаған немесе Ай тәңірде Құт болмыш Көл Білге қаған), Ай Тәңірде құт болмыш Алып Білге қағанға дейінгі кездегі тарихын қамтиды.

2.Көне қытай тілі және монғол тілінде жазылған мәтіні бар осынау алып ескерткіштің фрагменттері 1889 жылы сібірлік өлкетанушы Н.М.Ядринцевтің көне монғол астанасының орны туралы берген ақпарынан соң, В. В. Радлов тарапынан 1890-1891 жылдардағы экспедиция кезінде табылған. (*Ядринцев Н.М. Путешествие на верховье Орхона и к развалинам Каракорума // Известия Русского географического общества. Т. XXVI, Вып.1, СПб.,1890*). Ескерткіштің В.Радлов Монке заманына (1209-1259, Ұлы хан 1251 жылдан.) тән деп есептеген монғол тіліндегі екі фрагменті 1892 жылы жарияланды (*Радлов В. В. Атлас древностей Монголии. Труды Орхонской экспедиции. Вып. I, СПб, 1892. Илл. 41*). 1912 жылы қирап қалған Қарақорым қаласына В.Л. Котвич келді. Ол бір бетінде монғолша, екінші бетінде қытайша жазуы бар ескерткіштің үш фрагментін тауып алды. Ол қытайша мәтіннің біраз бөлігі Қытайдың Юань дәуірінің атақты ақыны Суй Юанрэннің 許有壬 (1287-1364) (оның биографиясы туралы қараңыз. *Сун Лянь, Ван Вэй и др. Ор. cit. Цз. 182, с. 333*) өлеңдерінен тұратындығын анықтады. Және оның аты-жөні де осы ұстында жазылған болатын. Мәтін 1346 жылы жазылған. Монғолша мәтін қытайшасының аудармасы болса керек. Мәтіннің тақырыбы *Чи цы Син-Юань зэ бэй 勅賜興元閣碑* «Императорлық декрет бойынша Гүлденген Юань патшалығына мадақ ұстыны» (*Суй Ю-рэнъ. Чжи-чжэн цзи* (Чжичжэн жинағы [чжичжэн девизіндегі басқару жылдарында құрастырылған]. «Сы-ку цюаньшуде» (四庫全書 Собрание книг четырёх хранилищ), Тайбэй, 1986. Т. 1211. Цз. 45, с. 323-324) Монкэ ханның 1256 жылы Қарақорымда 5 қабатты, биіктігі 300 чи (93.5 м.) келетін алып тұғыр орнату туралы

пәрмен түсіргені туралы айтылады. 1311 жылы бұл құрылыс қайта жөндеуден өткен. 1342 жылы император оны қайта жаңалау туралы жарлық берген. 1346 жылы құрылыс жұмыстары бітісімен оған «Синюань-гэ» (興元閣 гүлденген Юань патшалығының тұғыры) деген атақ берген және Суй Юрэнға осы байланыспен ескерткіш құлыптасқа мәтін жазу тапсырылады. Осы ескерткіштегі мәтіндердің зерттелуі туралы мынаған қараңыз: *Pelliot P. Note sur Karakorum // Journal Asiatique. T. CCVI (1925, №1)*. Ескерткіштегі қытайша мәтіннің және монғолша мәтіннің сақталған фрагментінің аудармасы мен жан-жақты түсінігі туралы тағыда мына материалда жазылған: *Cleaves F. W. The Sino-Mongolian Inscription of 1346 // Harvard Journal of Asiatic Studies. Vol. 15. 1952.. p. 1-123*.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ян Шэнминь 扬圣敏. Көне ұйғырлар тарихы 回纥史. 桂林: 广西师范大学出版社, 2008. -171 б.
2. Күлтегін ескерткішінің аудармасы // Сартқожа Қ. Орхон мұралары. Астана: Күлтегін. 2003. -392 б.
3. 中国史书中有关哈萨克族族源史料选译 Қытай тарихындағы қазаққа қатысты деректер. ПУБ: Пекин. 2003. -997.
4. Ф. И. Покровский, Путешествие в Монголию и Китай сибирского казака Ивана Петлина в 1618 году, СПб., 1914, -210 С.
5. История Казахстана в арабских источниках: арабские географы и путешественники в IX-XII. II т. Алматы: «Дайк-Пресс», 2010. -323.
6. Кисилев С.В. Древние города в Монголии//Советская археология. 1957, № 2. -160.
7. (宋)叶隆礼. 契丹国志. 25-27 卷.
8. 唐会要. 结骨国. Таң жарғылары-100. Қырғыздар //中国史书中有关哈萨克族族源史料选译 Қытай тарихындағы қазаққа қатысты деректер. ПУБ: Пекин. 2003. -997.

9. 隋书. 西域传//戴逸主编. 二十六史. 吉林人民出版社, 2011.
10. Лин Гань. Қедимқи ұйғурлар тарихы. Синьзян халық неширияты. Урумчи. 2000. -661 б.
11. Линь Гань 林幹. Ұйғыр тарихы 回紇史. 内蒙古人民出版社. – Кокход, 1994 年. -245 б.
12. В.В.Бартольд. Орта Азия тарихы 中亚简史(耿世民译). Үрімжі: СХБ, 1981. -168.
13. Рашид ад-Дин. Сборник летописей / Пер. А. К. Арендса, Л.А. Хетагурова. М.-Л., Т. III: 1946; Т. I, ч. 1-2: 1952; Т. II: 1960. Т. I, ч. 1, - с. 136.
14. Wuyngaert, Anastasuis van den, Sinica Fransiscana, vol. I: Itinera et Relationes Fratrum Minorum Saeculi XIII et XIV, Firenze-Quaracchi, 1929. P. 207; Рашид ад-Дин. Op. cit. Т. I, ч. 1, с. 129.
15. Pelliot, P. Notes on Marco Polo. Vol. I. Paris, 1959; Vol. II. Paris, 1963; Vol. III: Index. Paris, 1973. Vol. I, p. 167.
16. Киселев С. В., Евтюхова Л.А. и др. Древнемонгольские города. М., 1965. С. 23-58.
17. Рашид ад-Дин. Сборник Летописей. М., 1952.1-1, 136 б.

IV ТАРАУ. РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

4.1 Ұлы Жібек жолының тарихи рөлі

Дүние жүзі тарихында әлемнің бүкіл аймақтарын географиялық жағынан ғана емес, экономикалық, мәдени қарым-қатынастар тұрғысынан тығыз байланыстырып, аймақ, өңір, облыс деңгейінен мемлекетаралық мәртебе санатына дейін көтерілген, ерте кездегі патшалықтар, хандықтар, княздықтар мен дербес мемлекеттер арасындағы сауданы жандандырып қана қоймай, ежелгі заманнан басталған бұл ерекше өркениет үрдісін қазіргі ғаламдану жағдайындағы заманауи мәдениетпен және әлеуметтік, инфрақұрылымдық мәселелердің кешенді жүйесімен тығыз ұштастырған, еш уақытта ұмытылмайтын, ұрпақтар жадында мәңгілікке қалатын адамзаттың тарихи жолы – Ұлы Жібек жолы екендігі бұрыннан дәлелденген ақиқат. Еуропаның барлық үлкенді-кішілі мемлекеттерін түгел дерлік қамтып, Қиыр Шығысқа дейін ұзыннан ұзын болып созылған ұшы-қиыры жоқ керуен жолдары түйіскен аймақтық, трансқұрылықтық ауқымдағы мағынасы өте зор бірнеше саланы кеңінен қамтыған халықаралық қатынастар жүйесі ХХІ ғасыр көгінде де өз мәнін жоймай, әлемдік мәдени, әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі көкейтесті мәселелерін шешуге ықпал ететін факторға айналып отыр. Ұлы Жібек жолы мыңжылдықтар басындағы Еуропа, Азия құрылықтарындағы тарихи өңірлер мен көне шаһарлардың өзара сауда-саттықпен айналысып, мемлекеттік деңгейде саяси, мәдени, экономикалық байланыстар орнатуына бірден бір себепкер болған, осы

үрдістің негізін қалаған төтенше маңызды халықаралық қатынас жолы екендігі баршаға аян. Сол себепті дүниежүзілік тарихта болсын, тәуелсіз Қазақстан тарихында болсын, туысқан елдер орналасқан Орталық Азия мен Қап тауындағы түркі тілдес халықтар тарихын қоса алғанда Еуразия аймағындағы мемлекеттер арасындағы ежелден жалғасып келе жатқан өзара түсіністік тұрғысындағы халықтардың рухани мәдениетін қалыптастырудағы Ұлы Жібек жолының маңызын осы аймақтағы терең бауырластық байланыстың жұртшылыққа беймәлім ерекшеліктерімен ұштастырып, егжей-тегжейлі зерделеп тұжырымдаудың үлкен мән-маңызы бар. Осы ретте Ұлы Жібек жолын бүкіл адамзат тарихындағы феномен мәдени құбылыс ретінде айқындау көкейтесті мәселе екендігін ғылыми қауым жақсы біледі.

Жалпы адамзат тарихында Қытай мен Орта Азия қалаларын Жерорта теңізі мемлекеттерімен байланыстыратын Ұлы Жібек жолы ғасырлар бойы Еуразия құрылығындағы осы өңірлер арасында аймақаралық тауар мен мәдениет алмасу үдерісінде маңызды рөл атқарды. Осы орайда «Жібек жолындағы түрлі ескерткіштерді қазған кезде музыка және театр саласындағы даму барысымен өзара бірін-бірі байытып отырғанын дәлелдейтін көптеген айғақ заттар табылды» (Байпақов, Нұржанов: 1992: 29).

Бұл тарихи жол біздің заманымызға дейінгі екінші ғасырда Қытай мен Ферғана алқабының қалалары арасында сауда жолы ретінде қалыптасып, одан кейін Шығыс пен Батыс арасындағы ерекше көліктік күретауар мәртебесін иеленді және орта ғасырларға дейін жұмысын тоқтатпады

Ұлы Жібек жолын қалыптастырып өркендетуде өзіндік орны бар «түркілер әлемдік тарихқа көшпелі өркениетті берді.

Ал алып даланы жарып өтетін Сырдария, Шу, Талас, Арыс т.б. өзендер алқабында қаз қатар қонған Отырар, Тараз, Сығанақ, Сайрам (араб географтарының айтуы бойынша – Испиджаб), Асы, Құлан, Баласұғын, Мерке, Сауран, Ордакент сияқты т.б. қалалар Еуропа мен Азия аралығындағы «трансконтинентальдық жол торабының үстінде бой көтеріп, жалпы адамзаттық дамуға баспалдақ болды» (Қозыбаев: 1998: 149).

Міне осы трансконтинентальдық жол торабы болған Ұлы Жібек жолын дамытқан түркілердің ежелгі және орта ғасырлардағы тарихын жете зерттеген көрнекті ғалым Л.Н.Гумилев өзінің «Көне түркілер» атты іргелі еңбегіндегі әлемдік өркениет тарихындағы таңғажайып құбылыстардың бірі – Ұлы Жібек жолы туралы арнайы тарауында: «Эфталиттер мен солтүстік қытай патшалықтарын талқандаған түркілер саяси жағынан ғана емес, экономикалық жағынан да қуатты болды. Себебі олардың қолында Батыс пен Шығысты жалғаған ұлы керуен жолы болды» деп Ұлы Жібек жолының маңызын ерекше атап көрсеткен еді (Гумилев: 1967: 42). Ғалым осы құнды монографиясында ежелгі түркілердің шығу тегіне дендеп барып қана қоймай, олардың мақала өзегі болып отырған Ұлы Жібек жолына үстемдік етуін жан-жақты әңгімелейді.

Әлем тарихында дүниежүзілік маңызы зор тарихи оқиға ретінде бағаланған Ұлы Жібек жолы арналары Еуропа мен Азия алып құрлықтарының бір тізбек бойында орналасқан үлкенді-кішілі мемлекеттерінің астаналары мен ежелгі қалалары арқылы өтіп, б.з. бірінші мыңжылдығының бас кезінде, нақтылап айтқанда, әсіресе VI-VIII ғасырларда осы аймақтардағы Қытайдан бастап Азия, Таяу Шығыс, оңтүстік-батыстағы Еуропа елдерінің экономика мен мәдениеттің түрлі

салаларында көп жылдарға созылған кең көлемді достық қарым-қатынастар мен түркі тілдес халықтар арасында тығыз туысқандық байланыстарды берік орнатып, тұрақты түрде жалғастыруға баға жетпес қыруар еңбек сіңірді. Осы тұста сол ғасырларда мемлекеттер арасында болған қырғын соғыстардың өзі Ұлы Жібек жолының қызметіне айтарлықтай әсер етпей, қалыпты түрде жұмыс істей бергендігін атап өткен жөн.

Әлемдік тарихта Ұлы Жібек жолының үнемі жұмыс істеуінің басы ретінде біздің заманымыздан бұрынғы екінші ғасырды атайды. Сол мыңжылдықтың 138 жылы ежелгі Хань, яғни Қытай елінің патшасы, яғни У-ди есімді император Еуропаның бұған дейін өздеріне беймәлім елдеріне арнайы жасақталған елшілігін аттандырады, соншалықты ұзақ сапарға шыққан бұл елшілік керуені алғаш рет батыстан шығысқа қарай, Қытайдан қазіргі Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан аумақтары арқылы тура жолға шықты. Қытай императоры атынан ұзақ сапар шеккен елші Чжан Цянь жол-жөнекей сюннулардың қолына түсіп, одан он жылдан кейін қашып шыққаннан кейін сапарын одан әрі жалғастырады. Жергілікті саудагерлермен жақын араласу барысында көршілес Үндістан, Азия хандықтары мен алыста жатқан батыс елдері туралы естіп біліп, әбден қызыға түседі. Бұл елдердің Қытайды «жібек елі» ретінде танып, саудагерлер аспан асты елінен жібек маталар әкеліп сататынын естіп анықтайды. Ұлы Жібек жолының осылай аталуы да осы оқиғаға байланысты шыққан.

Қытай елшісі Чжан Цянь отанына он сегіз жыл өткен соң оралады, осы сапарында алдына қойған мақсатына толық жете алмағанымен әлем тарихында өшпес із қалдырды. Чжан Цяньның батыл сапары арқасында ежелгі Қытай мемлекеті

өздеріне осыған дейін белгісіз болып келген елдер туралы көп мағлұмат алды.

Чжан Цяньның алғашқы және б.з.б. 119 жылы жасаған екінші елшілік сапарының нәтижесінде Қытайпатшасына мемлекетаралық деңгейде аймақтар арасында сауда ісін ұтымды түрде ұйымдастыру мақсатында осы жол бойынша оңтайлы бағыттар нақты белгіленіп, жолға қойылды, Еуропа мен Азияның көптеген мемлекеттерімен ынтымақтастық байланыстар орнатылды. Сапар барысында айқындалған жоспарлы жолдар Ұлы Жібек жолының негізіне айналды. Аспан асты елі атанған Қытайдың императоры жіберген елші сапарынан соң оның салған ізімен Еуропаға сауда-саттық жолы айқара ашылып, Еуропа құрылығына бағыт алған жібек керуендері көбейді. Осы атақты елшілік сапар әлемдік өркениет тарихына ғажап құбылыс болып енді, сөйтіп, «Ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолы арқылы саудагерлер, миссионерлер саяхат жасап, осы сапарлар нәтижесінде түрлі байланыстар орнады. Сауда байланыстары ғана емес, мемлекеттер мен халықтар арасында дүниетанымдық көзқарастар мен мәдени алмасулар жүрді, қолөнер ісі, технологиялар, діни нанымдар тарады» (Қазақстан энциклопедиясы: 2007: 48).

Халықаралық жаңа сауда жолының ашылуына байланысты Ұлы Жібек жолы бойымен кәрі құрылықтағы Рим, Византия елдерінен, Азияның Иран, Үндістан, Араб халифаты сияқты сол кездегі ірі мемлекеттерден қымбат бұйымдар мен заттар, жеміс-жидек әкелінді. Сол ежелгі дәуірде осы халықаралық трансконтиненталды керуен жолымен қазақ даласына Еуропа елдерінен шыққан әдемі әшекейлер мен бағалы киімдер және парсы жерінде тастан жасалған мөрлер келіп жетті.

Ұлы Жібек жолының заман ағымына қарай дүниежүзілік деңгейде атқарған негізгі міндеті – ұзақ қашықтықты қамтыған осы өте ауқымды керуен жолының өне бойында орналасқан мемлекеттерді, түрлі наным мен сенімдегі халықтарды және мәдениет түрлерін жақын етіп, өзара бір-бірін толықтырып қана қоймай, сала-сала бойынша дамып өркендеудің биік сатысына көтерілуіне зор ықпал етті.

Ерте заманда тауар атаулының басты түріне айналған жібек ақша есебінде жүрген алтынмен қатар бір деңгейде мемлекеттер арасындағы халықаралық валюта есебінде жұмыс істеген ерекше мәнге ие болды, оның құнының артқаны соншалық, жібекті өте қымбат сыйлық ретінде мемлекет тізгінін ұстаған елбасыларына – патшалар мен королдерге, хандар мен төтенше және өкілетті елшілерге тарту-таралғы жасады, мемлекет басшылығы жанында жалдамалы түрде ұсталған әскер адамдарына осы жібек арнайы жалақы мен мемлекеттік қарыз есебінде төленді. Сондықтан да жібек матасы салмағы жағынан жеңіл, соншалықты қолайлы, әрі жұртшылық арасында кеңінен таралып, үлкен сұраныспен сатылымға шығуына байланысты және осыған орай қымбат бағалануы себепті мемлекетаралық, белгілі бір өңірлер мен аймақтар арасында сауда саласын жоспарлы деңгейде дамытудың және шалғайда орналасқан елді мекендерге апарып жеткізудің басты заты міндетіне ие болды. Бұдан өзге де тауарлар көпшілік сұранысын қанағаттандыра бастады. Соған қарамастан Жібек жолы сол дәуірдегі көне мәдениет пен өнер туындыларын, осы салаларда аттары әлемге жайылған әйгілі ғұлама ойшылдар мен ақындардың, мүсіншілер мен суретшілердің тұлғалық қасиеттері мен танымал еңбектерін насихаттап таратушы қызметтерін де атқарды.

Зерттеу барысында ғылыми дереккөздерді пайдалана негізінде жалпылама эмпирикалық әдістер, сонымен бірге талдау, жүйелеу, тарихи-салыстырмалы әдістері кеңінен қолданылды. Ұлы Жібек жолының тарихы мен тағылымы қазіргі әлемдік даму үрдісімен салыстырмалы түрде талданып, жүйеленіп қарастырылды.

Орта ғасырларда өмір сүрген шетелдік саяхатшылар мен тарихшылардың пайымдаулары мен археолог-ғалымдардың ежелгі қалалар мен қоныстар орындарында жүргізген қазба жұмыстарының қорытындысында трансқұрылықтық мәндегі Ұлы Жібек жолы бағыттары бойында кең ауқымда дамыған мемлекеттер арасындағы халықаралық деңгейдегі сауда көлемі тоғызыншы ғасырдан басталып, он үшінші ғасырдың басында өз өркендеуінің ең жоғары сатысына жетті. Қазақстан аумағындағы ежелгі Баласағұн, Науакент, Отырар, Испиджаб, Кедер, Тараз қалалары сол заман өлшеміндегі ірі сауда және мәдениет ошақтары ретінде кеңінен танылды. Бұл сауда орталықтары легінде Жетісу аймағының солтүстік-шығыс бөлігінде орын тепкен Қоялық, Екі-оғыз қалалары да болғандығын айту керек.

Жоғарыда аталған дәуірде Сырдария, Шу, және Талас алқаптарында қала орталықтары бой көтерді. Арал теңізі бойындағы құрғақ шөлейтті өңірде салынған қалалар бұрынғы қалпында дерлік сақталып келді. Бұл қалалардың мүлдем тозып біткен ескі қабырғалары қазірдің өзінде алыстан болса да биіктен көзге түседі, одан төменірек шоқылар астында көлемі үлкен көне қорымдар әлі де бар. Таразға жақын Жамуқат деген қала болғандығын археологтар қазба жұмыстары нәтижесінде дәлелдеді. Жамуқат қаласының қалдық бөлшектері Талас алқабының Қостөбе деп аталған жерінен табылды. Осылайша Жібек жолының бойында жаңадан бірнеше дерлік қала

қалыптасты да, алдында салынған қалалар дамыған үстіне дамыды.

Ұлы Жібек жолының елеулі бөлігі Азияның шөлді аймақтарынан өтті. Керуен бастаған саудагерлер бағалы жүктерді тасымалдау үшін қызған құмның үстінен жүруге бейімделген түйелерді пайдаланды. Сол ежелгі заманда саяхатшылар кезігетін басты мәселенің бірі – шөл даладағы сутапшылығыболса, бұл жағынан алғанда, түйелердің үстінде су құйылған ыдыстарды тасып жүрмес үшін сәулет өнерінің кәнігі шеберлері қатты қызған құм дала ортасынан ерекше құдықтар қаздырған. Бұл құдықтар «сардоба» деп аталды. Парсы тілінде «sard» – «мұздай» және «ab» – «су» деген екі сөзден құралған. Сардоба Жібек жолы бойымен әрлі-берлі өткен саяхатшыларды үнемі салқын сумен құамтамасыз еткен.

Ертедегі араб саяхатшыларының естеліктерінде айтылғандай, шөл даладағы құдықтың іші әрдайым салқындықты сақтап, ыстық ауа суығанда тамшыға айналатын болған. Таза суыған су тас төбешіктермен құдықтың түбіндегі арнайы қуысқа ағады да, дәл сорл жерден жолаушылар шөлін басу үшін және түйелерін суару үшін су алған. Мұндай ерекше инженерлік құрылыстар Жібек жолының әр 12-15-ші шақырымында орналасып, 150-200 түйеден тұратын керуенді суара алды. Бұл құдықтарда су жер асты су көздерінің арқасында емес, атмосфералық ауадан су алу мүмкіндігі бар бірегей құрылымның көмегімен толтырылған.

Ежелгі және орта ғасырлардағы мемлекеттерде өмір сүрген ұлттар арасындағы өзара шыдамдылық, әлемдік бәрнеше діндердыңбейбіт өмір сүруі, халықтардың салттары мен дәстүрлерін қошаметтеу Ұлы Жібек жолы бағыттары бойынша орналасқан қалалардың негізгі өзгешелігі еді. Керуен жолымен

саяхат жасап жүрген әр саудагер, көпес, жиһангез осы елді мекендерде өзі туып өскен туған елі мен халқының тарихынан мәлімет беріп, төл мәдениеті мен салт-дәстүрінің ерекшеліктерін емін-еркін насихаттады.

2-5 ғасырларда Ұлы Жібек жолы Қытай аумағындағы Хуанхэ өзенінің аңғарындағы аймақтан басталып, Ұлы Қытай қорғанының батыс шеті арқылы Қашқарияны қамтып, Іле өзенінен Ыстықкөлге жетті. Одан әрі Қазақстан аумағынан Ферғанаға, содан кейін Самарқанд, Бұқара қалалары арқылы Сирия еліне өтті де, Қара теңіздің солтүстік-шығыс жағын айналып, Еуропаға өтті.

Ұлы Жібек жолы алтыншы және он үшінші ғасырларда үлкен қарбалас даму үстінде болды. Оның бұлай ерекшеленуі мынадай жағдайларға байланысты еді: біріншіден, Жетісу аймағында орналасқан Түрік қағандарының ордалары осы трансұрылықтық сауда бағыттарының қауіпсіз болуын үнемі қадағалады; екіншіден, 7 ғасырда Ферғана алқабымен өтетін жол арнасы сол кездегі өзара жанжалдар мен соғыстар кесірінен саяхатшылар мен саудагерлер үшін қауіпті екендігі белгілі жайт болатын; үшіншіден, түрік елінің байлығы асқан ақсүйек шонжарлары Еуропа, Азия елдерінен әкелінген тауарларды көтерме бағамен сатып алушылар кездесті.

Жалпы алғанда, зерттеуіміздің басты нысаны болып отырған Жібек жолы магистралы бірнеше ғасыр аралығында сандаған өзгерістерді бастан кешті: бұл халықаралық керуен бағытының үлкен бір бөлшегі айрықша мәнді иеленді, өзгелері мүлдем құрдымға кетті, басқа кейбір қалалар құлдырауға түсті. Мысалы, 6-8 ғасырларда осы жолдың бұрыннан танымал басты бағыты Батыс Түрік қағанаты мен Византия елдерінің Иранға қарсы біріккен одағының құрылуы себепті қауіптердің алын алу

мақсатында парсы елінің сыртынан айналып өтті. Осыған байланысты Ұлы Жібек жолы бойындағы қоғамдық-саяси жағдай елшілердің, саудагерлердің және саяхатқа шыққан басқа жиһангездердің жол арналарын белгілеуінен анық сезілді.

Б.д. алтыншы ғасырының екінші жартысында Түрік қағанаты империясын әлемге танытып, дәуірлеу үстінде болған түркілер Ұлы Жібек жолының біршама бөлігінің нақты қожайыны болды. Түрік кезеңі деп аталған осы тұста Қытай елінен Жетісу аймағын көктей өтіп, батыс мемлекеттеріне және қазақ даласының оңтүстік бөлігіне жеткен трансұрылықтық мәндегі Ұлы Жібек жолы бойында қайта өрлеу жағдайы өзінің биік деңгейіне жетті. Түрік кезеңі атымен белгілі басты жол бөлігі негізгі бағыт ретінде танылды да, көпестердің қызу керуен саудасы мен мемлекеттердің басшылары арнайы жіберген елшілерінің сапарлары 6-8 ғасырларда осы аймақтар арқылы өтті.

Ұлы Жібек жолын қалыптастырып өркендетуде өзіндік орны бар түркілер әлемдік тарихқа көшпелі өркениетті берді. Ал алып даланы жарып өтетін Сырдария, Шу, Талас, Арыс т.б. өзендер алқабындағы Отырар, Тараз, Сығанақ, Сайрам (араб географтарының айтуы бойынша – Испиджаб), Асы, Құлан, Баласұғын, Мерке, Сауран, Ордакент сияқты т.б. қалалар Еуропа мен Азия аралығындағы трансконтинентальдық жол торабының үстінде бой көтеріп, жалпы адамзаттық дамуға баспалдақ болды. Түркі қағандығы тұсында Ұлы Жібек жолы түркілердің билігіне өткен соң, жаңа қалалар салына бастады. Таразбен іргелес Жамукат, Барысхан, Жікіл, Құлан, Мерке сынды ортағасырлық қалалар да түркі тарихы мен өркениетінде маңызды рөл атқарды.

Эфталиттер мен солтүстік қытай патшалықтарын талқандаған түркілер саяси жағынан ғана емес, экономикалық жағынан да қуатты болды. Себебі олардың қолында Батыс пен Шығысты жалғаған ұлы керуен жолы болды. Қытайдан Жерорта теңізіне дейін халықтарды байланыстырушы артерия қызметін атқарған бұл трансконтинентальды Ұлы Жібек жолы өте ұзын қашықтықты қамтыды. Мәуереннаһр бойымен Парсы шығанағы порттарына апаратын құрлық жолы Жібек жолын Кіші Азия және Сирия қалаларымен байланыстырды. Парсылар мен көшпелі түркі тайпалары Жібек жолы бойындағы қозғалыстарға белсене қатысты. IV-IX ғасырларда жібек саудасының Орталық Азия жолы болды да, ол бүкіл Орталық Азияны оңтүстіктен солтүстікке кесіп өтіп, Каспий теңізінің солтүстік жағалауымен, одан әрі Солтүстік Кавказ тау бөктерімен және Батыс Кавказ асулары арқылы Абхазияға өтті. Бұл жерден олар Түркия аумағындағы Трабзонға жетіп, Константинопольге не құрлық, не теңіз арқылы жетті.

Орта Азияны мекендеген халықтардың рухани мәдениетін қалыптастыруда Ұлы Жібек жолының маңызы артып, Жібек жолымен мәдени дақылдар тарады. Жібек жолымен тауарлардан басқа діни идеялар, өнер, музыка тарады.

Б.д. алтыншы ғасырының екінші жартысында Түрік қағанаты империясын әлемге танытып, дәуірлеу үстінде болған түркілер Ұлы Жібек жолының біршама бөлігінің нақты қожайыны болды. Түрік кезеңі деп аталған осы тұста Қытай елінен Жетісу аймағын көктей өтіп, батыс мемлекеттеріне және қазақ даласының оңтүстік бөлігіне жеткен трансұрылықтық мәндегі Ұлы Жібек жолы бойында қайта өрлеу жағдайы өзінің биік деңгейіне жетті. Түрік кезеңі атымен белгілі басты жол бөлігі негізгі бағыт ретінде танылды да, көпестердің қызу керуен

саудасы мен мемлекеттердің басшылары арнайы жіберген елшілерінің сапарлары 6-8 ғасырларда осы аймақтар арқылы өтті. Түрік қағандығы Византиямен одақтаса отырып, Ұлы Жібек жолына дербес бақылау жасау мақсатымен Иранмен соғысты. Естеми бастаған түріктердің 571 жылы Иранға жасаған жорығынан соң шекаралық шеп болып Әмудария бойы белгіленді. Осылайша Ұлы Жібек жолы түріктердің бақылауына түсті. жібекпен сауда жасау түрік қағандары мен соғды көпестеріне қыруар табыс келтірді.

«Сөйтіп, халықаралық сауданың едәуір көлемін бақылап, Қытайдан Рим мен Жерорта теңізіне дейінгі сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқара бастады. Византия мен Қытай қағанаттың негізгі сауда серіктестері болды» (Докашева: 2020: 90)

Бұл жайт Жетісу мен Қазақстанның оңтүстік өңірінде жаңадан қала орталықтарының салынуына себепкер болды, осы кезге дейін жер жаһанға белгілі болып келген қалалардың қарыштап өркендеуіне игі ықпалын жасады. Жібек жолының түрік бөлігі бағыттарындағы аумақтардан осы өңірлерде көне заманда ерекше белсенді түрде жүргізілген қызу керуен саудасының көптеген заттық айғақтары табылды.

Орта ғасырлар кезіндегі Сыр бойындағы шаһарларда ұйымдастырылған археологиялық жұмыстар нәтижесінде қазып алынған заттар мемлекеттер, аймақтар арасындағы сауданы халықаралық деңгейде жүргізілу жағдайын бағамдар саралау ісінде құнды ғылыми мағлұмат болып танылды. Сондай тарихи ерекше жаңалықтардың бірі – ескі Отырар қаласы орнынан табылған күміс көмбе. Көмбенің теңгелер жиынтығында ежелгі Түркістан шаһарының, Еуропа, Кіші Азия, Еділ бойы қалаларында салынған ақша сарайларының белгілері кездеседі.

«Оған дәлел – археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілген кезде қалалардан әр елдің тұтыну бұйымдары, теңгелер мен әшекей, сәндік бұйымдар табылған. Мәселен, Тараздан табылған қытай фарфорлары, Византияның сәнді әшекей бұйымдары мен күміс құмыралары бұл қалалардың басқа елдерден келген саудагерлердің бас қосқан жері болғандығын көрсетеді» (Садықов, Жолдасбаев: 2007: 78-79)

Ұлы Жібек жолы жүйесіне енген керуен тармақтарының көптеген тармақтары биік тау асулары арқылы шөл даланы айналып өтті. Жібек жолы қай жақпен жүрсе де, оның негізгі сілемі Арал теңізі тұсынан Сырдария өзені жағаларымен, содан соң Шу бойынан Жетісу алқабынан асып, Жоңғар қақпасына дейін барды. Бұл маңай Үндістандағы Ганг өзенінің «Дәм-татым жерлері» деп аталатын тарихи мекеніне және аспан асты еліндегі (Қытай) Сары өзеннің тұт ағашы жайқалған жағасына жеткізетін соншалықты өте қолайлы жолға айналды.

Қытайдан жөнелтілген жібек, Үндістан елінен жіберілген тағам қоспалары мен бағалы тастар, парсының күміс заттары мен византиялық түрлі тауарлар тиелген керуендер шетсіз, шексіз Сарыарқаның сахара кең даласы арқылы жүріп, Алтай мен Қаратау тауларынан өтті. Екі үлкен құрылықты жалғастырған осы ұзын қашықтықтағы халықаралық жол бойында Талхиз, Баласағұн, Тараз, Сауран, Отырар, Үргеніш, Бұхара және өзге де биік даму сатысындағы бай қалалар болды.

Ұлы Жібек жолымен жүргізілген сауда жолдары көне Тараз қаласынан солтүстік бағытта Ертіс өзені өңіріне –Қимақ мемлекетінің қаған ордасына, содан кейін Енисей алқабындағы қырғыздар еліне өтті.

Жетінші ғасырдағы Қытайдың сапар кезінде пайдаланылатын кітапшаларында «Ақ өзендегі қала» деп

аталған Испиджаб қаласы кездеседі. Ал кейінгі деректемелерде бұл қаланы «Сайрам» деп те атапты. Сол замандағы үлкен әрі басты сауда орталықтарының бірі болған Испиджабтан созылған жол содан соң Сырдария өзені жағасымен төменге ойысып, Арал теңізіне дейін жалғасты. Бұл бағыт бойындағы керуен жолында болған Отырар (Фараб) мен Шауғар (Түркістан қаласының іргесінде, небәрі сегіз шақырым тұста) сияқты ежелгі дәуірдегі ең ірі шаһарлардан Ұлы Жібек жолының бағыты қазіргі Қазалы қаласына жақын жерде орын тепкен оғыздар астанасы – Янгикент қаласына жетті. 10-12 ғасырларда аталған жол тармағында Жент, Сауран, Ашнас сияқты жаңа қалалар салынды.

Оңтүстік Қазақстанның Жетісу өлкесінде Науакент, яғни Жаңақала, ірі қалалардың бірі ретінде әлемге танылып, Ұлы Жібек жолының басты арнасы болғандығы тарихтан белгілі. Бұл көне шаһардан жалғасқан жол әрі қарай Суяб қаласына әкелді. Бүгінгі жағдайына келсек, ескі сарайлардың, мешіттер мен мұнаралардың қирандылары, құлпытастары бар қорымдар өз заманында бұл жақта үлкен тіршілік болғандығынан хабар береді.

Жібек жолының бағыттары қазіргі Алматы, Қаскелең қалаларының бұрынғы жерлерінде болған кенттер арқылы өтіп, Алматыға алыс емес Талғар қаласына таяу тұстағы Талхиз қаласына дейін жетті. Осы қалада Жібек жолы бірнеше тармаққа бөлінді. Оңтүстік бағыты Есік, Түрген арқылы Іле өзенінің өткеліне өтсе, солтүстік жағы Талхизден Талғар өзенін жағалай Қапшағай шатқалына жетті де, әрі қарай Қарлұқ жабғуының ордасы –Қоялықта жалғасын тапты. Өз заманында базарларымен мәшһүр болған бұл көне қала қирандылары қазіргі Жетісу облысы аумағындағы Антоновское ауылы

маңында орналасқан. Осыдан кейін Ұлы Жібек жолы Алакөл көлді айналып өтіп, соның ар жағындағы атақты Жоңғар қақпасы деп аталған тау аңғарымен Қытайдың ішкі аудандарына ойысты.

Ұлы Жібек жолының қашықтығы 7 мың шақырымнан 12 мың шақырымға дейін созылды. Осыған байланысты сапарға шыққан саудагерлердің басым бөлігі жол бағыттарымен толық саяхаттамады. Жалпы алғанда, саудагерлер мақсатты түрде алып шыққан заттары мен тауарларын үлкен жолдың ортасында ауыстырып алуды үнемі назарда ұстады.

Жібек жолының түрік бөлігі халықаралық сауда саласында үлкен маңызға ие болып, мемлекеттердің қалыптасуында, әлемдік өркениеттің дамуында үлкен рөл атқарды, Шығыс пен Батыс мәдениеттері арасындағы байланыстырушы көпір болды.

Жібек жолымен діни идеялар да кең таралып отырған, ал миссионерлер өз дінін тіпті теңіздің арғы бетіндегі елдерге барып таратқан. Үндістаннан Орта Азия мен Шығыс Түркістан арқылы Қытайға буддизм келген, Сирия мен Ираннан, Аравиядан - христиан діні, сосын барып ислам жеткен. Қытайға буддизм Индиядан Орта Азия мен Қазақстан арқылы барған. Бұл әрекет б.з. бұрынғы 1 ғ. басталған. Шығыс Түркістан мен Қытайға будда дінін таратуда соғдылар, қаңлылар көп еңбек сіңірген.

Түріктер 6 ғасырдан бастап буддизмнің қатты ықпалын өз бастарынан өткізген. Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда буддизм едәуір дәрежеде кең тараған. Будда ескерткіштері Шу алқабының Ақбешім, Қызылөзен, Новопокровск, секілді қала жұрттарынан кездесті: олар ғимараттар, монастырьлар, мүсіншелер, шіркеулер.

Жібек жолы бойымен, Батыстан Шығысқа қарай жылжып отырып, буддизмнен қалмай христиан діні де тараған.

4.2. Ұлы Жібек жолындағы қалалардың қалыптасуы

X-XII-ғғ. Орта Азия мен Қазақстанда қалалар тез өсті. Олар сауда мен қолөнердің, дін мен мәдениеттің тірегіне айналды. Батыс Түркістан жерінде Суяб, Құлан, Мерке, тараз, Отырар, Исфиджаб сияқты қалалар болды. Солардың арасында Жібек жолында маңызды ролі болған қала Исфиджаб/Сайрам/ еді. Ол туралы араб авторы Әл-Макдиси айтады. Қаланың мешіті, рабады/күзеті/, базары, төрт қақпасы бар: Нуджакент, Фархан, Шахранны, Бұхара.

Сыр бойындағы қала Отырар болды. Ол араб-парсы деректерінде Фараб, одан бұрын Тарбан деп аталған. Тағы бір ірі қала Тараз болды. Ол жазба деректерде 568 жылдан басталады. Византия императоры Юстинианның елшісі Земарх Килликискийдің Батыс түркі қағаны Дизабұлға берген есебінде Таразда аталады. 630 жыл шамасында қытай саяхатшысы Сюань Цзань Таразды (Далассы) шеңбері 8-9 лиге /4-4,5 км/ жеткен маңызды сауда орталыпы дейді. Ол 7 ғасырда ҰЖ жолындағы ірі мекенге айналды. Таразда монша, су құбырлары, Айша бибі, Қарахан мазары бар. Оның төңірегіндегі Талас, Асса сияқты өзендердің бойында төменгі Барысхан, хамукет, Жікіл, Адахкет, Ден, Нуджикент, Құлан, Мерке, Аспара, Жұл, Баласағұн сияқты қалалар тізбектеліп жатты. Сондай-ақ Іле өзені алқабында Қойлық, Талхиз, Екіоғыз сияқты қалалар болды.

11 ғасырда Ясы (Түркістан) Шауғар округы орталығы саналды. Мұнда 12 ғ-дың соңында Ахмед Яссауи мешіті салынды. Сыр бойындағы ірі қала Сығанақ. Қаз-ң солтүстігі мен солт-

шығысына баратын керуен жолдары қиылысында орналасқан ол 12 ғасырда қыпшақ бірлестігінің орталыпы болды. Қазір Сығанақ орнында Сунақ ата жұрты бар.

X-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда тағы жаңа қалалар Қарашоқы, Қарнақ, Ашнас, Баршынкент пайда болды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы ежелгі шаһарлардың бірі – Тараз Самарқанд, Бұхара, Мерв, Фустат, Киев, Каффа сияқты ірі қалалармен бір қатарға қоюға болатын Еуразияның ең танымал қалаларының бірі. Бұл қалақарлұқ, түргеш, түркі тайпаларының алғашқы мемлекеті Батыс-түрік қағанатының саяси орталығы, қараханидтер мемлекетінің астанасы болды. Дәл осы уақытта Тараз маңында сәулет өнерінің аса көрнекті туындысы Айшабибі, Қарахан, Бабаджа-хатун кесенелері пайда болды. Тараз қаласы мен жалпы бұл аймақ Қазақ хандығының қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Ежелден Тараз Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі экономикалық орталық болды. Мұнда ең көне ақша сарайларының бірі орналасқан. Сондай-ақ мұнда қолөнер, жергілікті және халықаралық ауқымдағы сауда дамыды. Тараздың отырықшы-егіншілік және көшпелі мал шаруашылық екі аймақтың ортасында болғанын атап өту маңызды, бұл Қазақстанда бірегей дала өркениетінің қалыптасуына себепші болды. Тараз мәдениет орталығы болды. Мұнда зороастризм, христиан, манихейлік, ислам, тәңіршілдік және шаманизм сияқты діндер дамыды. Таразда ең алғашқы мешіттер мен медреселер ашылды.

Тараз туралы ортағасырлық көптеген географтар, тарихшылар мен саяхатшылар жазып кеткен. Бұл аса таңқаларлық жаңалық емес, себебі қала Ұлы Жібек жолындағы орталық орындардың бірі болған. Сондықтан да оны сипаттау

кезінде авторлардың бірінші кезекте Тараздың сауда қатынастарындағы маңызын атап көрсетуі кездейсоқтық емес.

Археологтардың соңғы жылдардағы жұмыстары Тараз қалашығының орталық бөлігіндегі цитадель мен шахристанға жүргізілуде. Зерттеу барысында үш құрылыс қабаты анықталды: біріншісі – VIII-IX ғғ., екіншісі – XI-XII ғғ., үшіншісі – XIX ғғ. жатады. Бұл қабаттар Тараздың гүлдену кезеңіне келеді. уақытта қалада су құбыры жұмыс істеп, басты көшелерге тас төселді. Түргештер тұсында Тараз кең қолданысқа ие болған қола тиындар шығарды, Тараздың ақша сарайы қарлұқтар мен қараханидтер дәуірінде де тиындар шығаруды жалғастырды.

X-XII ғғ. қабатқа қазба жұмыстарын жүргізу барысында керамикалық бұйымдардың бірегей коллекциясы табылды. Көп мөлшерде арабтың өрме жазуы жазылған керамика сынықтары табылды, оның жанынан бетінде крест бейнеленген керамика ыдыстардың сынықтары қазып алынды. Көлемі жағынан аса ауқымды болмаса да, маңызы орасан зор қазба кезінде археологтар діндердің бітім шарттарының іздерін тапты. Белгілі бір діни мағынаны білдіретін табылымдар қаланың осы бөлігінде ондаған жылдар бойы, мүмкін тіпті жүздеген жылдар бойы мұсылман және христиан діни қауымдастықтарының бірге тату өмір сүргендігін білдіреді. Ал көптеген дін мен діни ағымдар Иранда, Иракта және басқа да елдерде қуғынға ұшыраған кезде, христиан, буддизм және зороастризм дінінің жолын қуушылар егер жазбаша деректерге сенетін болсақ, Жетісудан, әсіресе Тараздан өздеріне қорғаныс тапты. Бұл дерек ортағасырлық Тараз қаласының тұрғындарына тән толеранттық пен діни төзімділіктің жоғары деңгейін дәлелдейді.

Археологиялық зерттеу барысында XI-XII ғғ. жататын жылыту және су беру еден асты жүйесі өте жақсы сақталған

хамам-моншаның бір бөлігі қазылды. Күйдірілген кірпіштен салынған хамам-моншаның сақталған үйінділері, сондай-ақ еден асты жылыту жүйесі осы аумақта тұрған адамдардың жоғары әлеуметтік мәртебесін, сондай-ақ қала құрылысының зерттелетін аумағының орталықта орналасқандығын білдіреді.

Қазба жұмыстарының бірінде XII ғасырға жататын ортағасырлық медресенің қираған үйіндісінің бөлшектері табылды, бұл бүгінгі таңда Қазақстан аумағында анықталған рухани оқу орнының ең ежелгісі болып табылады. Қарлұқ кезеңіндегі Таразды фортификациялау жүйесінің бір бөлігін білдіретін б.з. VIII-IX ғғ. Ортағасырлық Тараз қамалының қабырғалары тазартылды. Қамалдың өңделмеген кесектен тұрғызылған қабырғаларының сақталуы мен оңтүстік-батыс Жетісу өңірінің тарихында бұл кезеңнің аз зерттелгендігі ерекше қызығушылық тудырады.

Ортағасырлық Тараздың магистралды көшелерінің бір бөлігі зерттелді. Магистралды көше кез келген ортағасырлық қала инфрақұрылымының негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Қазылған көше бірнеше ғасырлар бойы жұмыс істеген. Қазіргі таңда оның IX және X-XI ғасырларда пайда болғандығы анықталды. Магистралды көше қоғамдық сипаттағы құрылыстар мен ауқатты қала тұрғындарының иелігіндегі үйлер басым болатын қалалық құрылыстың жүйе құрушы белгісі ретінде ерекше қызығушылық тудырады. Осыған байланысты қазбаның кеңеюі және оның ашық магистралды кешенің маңында тереңдеуі көлемі мен функционалдық ерекшеліктері жағынан айтарлықтай маңызға ие сәулет құрылыстарының табылуына алып келуінің ықтималдығы жоғары.

X-XII ғғ. қараханид кезеңінің тұтас қалалық ауданішілік құрылысын зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. X-XII ғғ.

хронологиялық кезеңі бойынша Ежелгі Тараздың шахристан бөлігіне (қамалдар айналасында орналасқан қабырғалармен қоршалған аумақ) жүргізілген зерттеулер негізінде қараханидтер дәуіріндегі қала құрылысын зерттеуге ғана емес, сонымен қатар музейлендірілген нысан ретінде көрсетуге де мүмкіндік туды. IX-XIII ғасырлардағы мұсылман мәдениетінің ең жоғары гүлдену кезеңі болған бұл кезеңді белгілі шығыстанушы Адам Мец «Мұсылман Ренессансы» деп атады. Мұсылман Ренессансы дәуірі зерттеулерінен бастап, нақ осы қала мәдениеті сана мен өнердің гүлденуінің негізі болып табылатынын байқауға болады және бұл құбылыс мұсылман елдерінде үнемі байқалады, әсіресе Дамасқ, Бағдад және Каирден бастап Альгамбра мен Толедо, Самарқанд пен Агра, Тараз, Отырар, Сауранға дейінгі қалаларда анық байқалады.

Қазақстан аумағынан табылған VIII-IX ғ. жататын ең ежелгі медресе, фортификациялық құрылыстар, монша-хамамдар, магистралды көшелер, қараханид кезеңінің кварталдық құрылыстары мен керуен-сарайлардың қираған үйінділері мен қаланыкөркейту жүйесінің, ортағасырлық сәулет пен көркемөнердің көптеген элементтері (көркемдік сапасы жоғары керамикалық тақта атпен аң аулау көрінісін бейнелейтін көпкұрамды панноның бір бөлігі табылды) және тағы да басқа табылған заттар зерттеудің қысқа мерзім ішінде жинақтаған бай материалын ғана емес, Қазақстан Республикасы үшін айрықша мәнге ие Көне Тараз қалашығының аумағындағы археологиялық жұмыстардың даусыз жетістігін көрсетеді. Табылған жәдігерлердің жиынтығы Тараздың көрнекті қала және сауда орталығы ретінде Испиджаб деп аталатын ауқымды округ жүйесіндегі маңызын дәлелдейді.

Орта Азия мен Қазақстанды орта ғасырларда мекен еткен халықтардың рухани мәдениетін қалыптастыруда Ұлы Жібек жолы бойында болған ежелгі Сайрам қаласының маңызы зор. «Ақ өзендегі қала» немесе «Испиджаб» VIII ғ. басындағы қытай және араб дереккөздерінде кездеседі. XI ғасырда Махмұд Қашғари Испиджаб пен Сайрам – бір қаланың атауы деп көрсеткен. «Маданият ал-Байда» — Испиджаб - Сайрам қалалары шығыс пен солтүстік-шығысында Шуға дейінгі және солтүстік-батысында орта Сырдарияға дейінгі жерді алып жатқан үлкен аумақтың орталығы болды. VIII-XII ғғ. қала қазіргі Оңтүстік Қазақстан аумағы арқылы өтіп жатқан Жібек жолындағы ірі сауда орталығына айналды. Испиджаб аумағында Кедер, Сығанақ, Сауран және Янгикент сияқты Сырдария бойының қалалары, сондай-ақ Қаратаудың солтүстік беткейінде орналасқан Баладж, Берукет және Жетісудың Тараз, Құлан, Меркі, Суяб қалалары болды. Испиджаб (Сайрам) аумағы мен оған жақын қалалар халық тығыз қоныстанған аудандардың бірі болды. Археологтардың есептеуінше, қала мен қала маңында 40 мыңға жуық адам өмір сүрген. Қала халқы арасында IX-XII, ислам діні кең таралған. Сондықтан да Ибн Хаукалдың еңбектерінде маңызды қала құрылыстарының қатарында мешіт көрсетілген. Әдет-ғұрыпқа мұсылманша жерлеу дәстүрі кірді. Араб жазуы пайда болды. Алайда исламмен қатар халық ескі діни көзқарастар мен пұтқа табынушылықты ұстанды. Бұған дейін Испиджаб христиан дінін тарату орталықтарының бірі болған, бұл жерден монахтар паналаған қала сыртындағы монастырьлар мен үңгірлердің қалдықтары табылды.

XIV-XVII ғғ. Сайрам қаласы өмір сүрген кезеңдерді баяндайтын жазба деректер толық емес. Алайда кейінгі

ортағасырда Сайрам Орта Азиядан солтүстікке қарай Ақ Орда қалалары мен көшпелілеріне, ал шығыста – Моғолстанға дейінгі жолдардың түйіскен жерінде жатқандығы анық. Бұл осы ауданның қалалық және отырықшы өмірінің рөлін арттыра түсті. Іс жүзінде ол сауда жолдарын ғана емес, сонымен қатар оңтүстікке, ортаазиялық иеліктерге, сондай-ақ Қазақ даласына ететін негізгі жолдарды бақылайтын мықты стратегиялық орталық болды. XV-XVIII ғғ. қала Қазақ хандығының құрамында болды.

Ұлы Жібек жолының керуендерге арналған аса маңызды бөлігі Сырдария, Арыс және Бугуни секілді үш негізгі құнарлы су көздерімен қоректенетін Отырар алқабының қасиетті Фараб жері болды. Ежелгі Отырар алқабы Қазақстан Республикасы Түркістан облысының қазіргі Отырар ауданында орналасқан. Оның шекарасын сыза отырып, оның жерлері Сырдарияның орта ағысы жағалауларында орналасқандығын анықтауға болады. Сырдария бойымен Шаш, Ферғана және Соғдыға баратын ежелден жол болды, соның бойымен солтүстікте Арал теңізі арқылы Хорезмге, Еділ даласына, таулы Орал өңірі мен Солтүстік Қара теңізіне жол өтті. Бұл жолдар Ұлы Жібек жолының магистралды жолдарының бір тармағы болды. Археологтар аумағы 2500 шаршы шақырымнан асатын, аумақ шекарасында үймелеп орналасқан 150-ден астам қалалар мен қоныстарды тапты.

Отырар қаласы мен Отырар аумағының ескерткіштерін археологиялық зерттеу жылдарында зерттеушілер археология мен ежелгі және ортағасырлық тарихтың іргелі мәселелерінің шешімін тапты. Соңғы жылдардағы ең жарқын жаңалықтардың қатарына Темір дәуіріндегі Отырардың үлкен жұма мешітіне жүргізілген қазба жұмыстары жатады. Мешіттің жекелеген

бөліктеріндегі қабырғалар мен мұнаралардың биіктігі 10 метрден асады, оңтүстік-батыс кіреберістің фортификациялық жүйесі жақсы сақталған.

Отырар – керуен жолдарының қиылысатын орталығы. Жібек жолы арқылы тасымалданатын көптеген тауарлар қалаларда тұрақтады. Отырардан табылған археологиялық жәдігерлер соның айқын дәлелі. Олардың қатарында шығыс Түркістан қалаларының тиындары (Алмалық, Пулад, Эмиль, Орда ал-Азамаз) кездесетін Отырарда жасалған күміс көмбе, Жентте жасалған тиындар, Қырымда жасалған Еуропалық тиындар, Поволжьеде жасалған өрілген білезіктер, Орта Азияда жасалған оралған білезіктер, ұйғыр жазулары бар жиынтық белдіктерден жасалған айылбастар, сондай-ақ, сақинаға оралған жолбарыстың немесе барыстың бедерлі бейнесі бар Қытайда жасалған нефритті әшекей, таңдаулы қола бұйымдар (айналар, мойынтұмарлар, сиясауыт), шыны бұйымдардың дәстүрлі орталығы болып табылатын Сирияда жасалған әсем шыны графин және т.б. болды.

Отырар қаласы мен Отырар аумағының тарихи-мәдени маңыздылығы төменде аталған фактілермен анықталуы мүмкін. Отырар аумағы және оған іргелес өңірлер отырықшылықтың, суармалы егіншіліктің және Қазақстанның қалалық өркениетінің ежелгі орталығы болды. Бұл мәдениеттің бастауын іздеу кейінгі қола дәуіріндегі Сырдария маңындағы тайпалар мен жыл санауымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта сол жерлерді мекендеген отырықшы сақтардың ежелгі мәдениетіне алып келді. Сырдарияның төменгі жағында, Жаңадария мен Іңкәрдария өзендерінің атырауларында б.з.д. VIII-III ғғ. жататын сақтардың көлемді көпкамералы жерлеу құрылыстары ашылып, қазба жұмыстары жүргізілді. Шикі кірпіштен салынған,

күмбезді жабыны бар Түгіскен, Баланды, Шірік-Рабат, Бәбіш-молда секілді бұл ежелгі кесенелер оңтүстік Қазақстанның ежелгі халқы шикі кірпішті дайындау техникасын біліп қана қоймай, одан күрделі ғибадатханалар сала білгендігін, құрылыс салуда техникалық тәжірибелерінің болғандығын көрсетеді. Әрине, бұл тәжірибе мен икемділік оларға тұрғын үй және шаруашылық үй-жайларды салу, қалалар мен қоныстарды сәулеттік безендіру нәтижесінде келді.

Археологиялық деректер жыл санауымызды бірінші мыңжылдығының бірінші жартысында ерте орныққан қоныстар Оңтүстік Қазақстанның барлық аумағы бойынша таралғанын көрсетеді. Қостөбе, Төрткүлтөбе және Қарауылтөбе, Көк-Мардан қоныстарындағы қазба жұмыстары қоныстардың топографиясын, олардың құрылысын ашты, олардың шаруашылық және мәдени даму деңгейін анықтады.

Енді Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларының дамуында б.з.д. I мыңжылдықтағы ерте қоныстардан б.з. I мыңжылдығының бірінші жартысындағы дамыған қалаға дейін генетикалық сабақтастық орнағанын нақты айтуға болады. Әрине, бұл даму жолы ортағасырлық қаланың пайда болуының жалғыз жолы болған жоқ. Бірақ жасалған қорытынды қаланың генезисін зерттеу және оның мәдениетінде дәстүрлер орнату мен жаңалықтар енгізу үшін өте маңызды.

Дамыған ортағасыр кезеңінде Оңтүстік Қазақстан Отырар аумағымен бірге Қазақстанның және бүкіл Орталық Азияның қалалық өркениетінің ірі орталықтарының біріне айналды. Аумақтың экономикалық және мәдени даму ауқымына 180-нен астам қоныстар мен қалалардың қираған орындары, қуатты және кең тармақталған суару жүйесінің іздері дәлел бола алады. Археологиялық деректер бойынша, Отырар қаласының

хронологиялық шектері I-XVIII ғғ. кезеңін қамтиды. Отырар қалашығының екімыңжылдық тарихы бар, бұны оқиғаларға бай жазбаша дереккөздер дәлелдейді.

Отырар Ұлы Жібек жолындағы ірі орталық болды, Қытай, Еуропа, Шығыс мәдениеттері мен өркениеттерінің, христиан, мұсылман, зароастризм діндерінің бас қосқан орталығы болды. Фараб аумағы адамзатқа ұлы ғалым-энциклопедист Әбу Насыр әл-Фарабиді берді. Кейбір мәліметтер бойынша, Отырарда өзінің кітап қоймасы болған деген болжам бар. Отырар тек экономикалық және мәдени өмірдің орталығы ғана емес, сонымен қатар ортағасырлық Қазақстанның ғылыми санасының орталығы болды. Отырар қаласы мен Отырар аумағының мәдениеті барлық Сырдария өңірінің өміріне әсер етті.

Отырар қолөнершілерінің көркем өнер өнімдері Қаратаудың солтүстік және оңтүстік бөктеріндегі – Созақ, Құмкент, Сүткент және Иқан қалаларының, Сырдарияның орта ағысындағы – Яссы, Сауран, Сығанақ, Құджан, Аққорған, Өзгент қалаларының, қазіргі кезде Қараспantөбе, Жуантөбе, Шортөбе деп аталатын қалашықтың орынында орналасқан Арыс өзені алқабының нарықтарына түсті.

Отырардың географиялық жағынан Орта Азияның отырықшы-егіншілік аумақтары мен Дешті-Қыпшақтың көшпелі мал шаруашылығы арасында орналасуы маңызды рөл атқарады. Дәл осы ауданда, ежелден бастап еш жерде болмаған тайпалардың шоғырлануы, мәдениеттердің араласуы мен өзара бір-біріне әсер етуі болды. Егер отырықшы тұрмыс пен егіншілік мәдениеттің және орныққан қоныстардың пайда болуы жыл санауымызға дейінгі бірінші ғасырларда басталған болса, онда олардың дамуына әсіресе V-VIII ғ. бастап, яғни мұнда соғдылар қоныс аударған кезеңде, түркі қағаны Истеми (560 ж.) биліктен

кетіп, Абохан (587 ж.) Бұқараны басып алғаннан кейін егіншіліктің пен қала құрылысын ежелі дәстүрінен мол тәжірибесі бар қоныс аударушы соғдылар әсер етті. Нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанда өзіндік қала өркениеті қалыптасты, онда негізгі қабаттар мен сырттан келген мәдениет элементтері айқын ажыратылды.

Қазақстанның оңтүстігі, Сырдарияның төменгі жағы мен орта ағысы, Отырар аумағы және Жетісудың солтүстік-батысы ертеден мал шаруашылығымен айналысқан көптеген тайпалардың қыстаулары, ал кейіннен қазақ рулары мен тайпаларының ауданы болды. Бұл дәл осы жерде Қазақстанның көптеген тайпаларын біртұтас халыққа шоғырландыру процесі басталғанын және аяқталғанын анықтады. Оңтүстік Қазақстанды қазақ халқының бесігі деп атайды.

Көне Сауран қаласы да Еуразия аймағындағы мемлекеттер арасындағы ежелден жалғасып келе жатқан өзара түсіністік тұрғысындағы халықтардың рухани мәдениетін қалыптастырудағы Ұлы Жібек жолының маңызын арттыруда үлкен рөл атқарды. Отырардан солтүстік-батысқа қарай, керуен жолында орналасқан Сауран үлкен қала орталығы болды. Археологиялық әдебиетте ежелгі қалалардың сипаттамасын «ежелгі қаланың қалдықтары... орналасқан» деген сөзбен бастау қалыптасқан. Сауран туралы олай айта алмайсың. Қала екі жүз, үш жүз жыл бұрынғы тұрған қалпында тұр, тек айналадағы күйген дала мен кеуіп қалған су арналары ғана қаланың өлі аймақ екенін білдіреді. Оқ атуға арналған орны бар, сақталған тісті бекініс қабырғалары анық көрінеді, ал көлемді дөңгелек мұнаралар сыртқа қарай шығыңқы орналасқан.

Қалаға екі жағынан кіруге болады: солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс. Қақпасы жиырма метрлік дәліз тәрізді қабырға

бөліктерінен сыртқа қарай иіле тұрғызылған. Өту жолдарының ені 15-18 м. Бекініс қабырғасы шикі кірпіштен жасалған қаламалармен алмастырыла отырып, саз балшықтан жасалған. Қабырғаларының биіктігі 6 метрге, іргетасының қалыңдығы – 3 метрге дейін жетеді. Алаңдары, көшелері, тұйық көшелері, үйлердің қалдықтары бар қала жоспары көзге өте жақсы көрінеді. Қоқыс пен ақауы бар бұйымдардың көптеп шығуына қарап, бұл жерде қыш және мыс шеберханалары болғандығын болжауға болады, ал күйдірілген кірпіштің шоғыры ауқатты адамдардың үйлері мен әкімшілік ғимараттардың қалдықтарын көрсетеді.

Қала туралы құнды мәліметтер осында 1514-1515 жылдары өмір сүрген ақын және жазушы Васифидің ғұмырнамаларында қамтылған. Ол ең керемет қала құрылыстарының бірі, 2 тербелмелі мұнарасы бар медресе туралы «Оның төбесінің иығында ерекше биіктіктегі және өте қасиетті болып саналатын екі биік мұнара қойылған. Бұл мұнаралар тірек мұнараға шынжырмен бекітілген, ал әрбір мұнараның күмбездерінің астында бөрене қойылған, біреу күшпен бөренені қозғалтса, шынжыр тербеледі және қарама-қарсы мұнарада тұрған адамға мұнара құлайтындай әсер береді, ал бұл әлемнің кереметтерінің бірі» деп жазады. «Тербелмелі» мұнаралар Орта Шығыс сәулет өнеріне және ерте дәуірге тән.

Солтүстік-шығыс қақпадан басталатын магистралды көше қалашықтың аумағын солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа тең екі бөлікке бөледі. Оңтүстік-батыс қабырғаға 150 м жетпей, ол оңтүстік-шығыс қақпаға апаратын оған көлденең жатқан көшеге тіреледі. Қаланың топографиясында екі магистралды көшеден басқа қаланың күрделі тармақталған көше желісін құрайтын көптеген көшелер мен тұйық көшелер байқалады.

Археологтар көпжылдық зерттеулерден кейін таңқаларлық жаңалыққа қол жеткізді. Қалашықтың солтүстік-шығыс кіреберісінен 210 м қашықтықта, магистралды көшенің сол жағынан күйдірілген кірпіштен және қырдан жасалған ауқымды құрылыстың қалдықтары қазылды. Ол өлшемі 100х100 м болатын үшбұрыш пішінді болған. Зерленген қаптама фрагменттерінің көп табылуына қарағанда, археологтар анықтағандай сол «әлемнің кереметі», яғни Васафи сипаттаған екі тербелмелі мұнарасы бар медресе дәл осы жерде орналасқан. Қазба жұмыстары оның қабырғаларының қасбеті мен екі мұнарасынан медресе орталық алаңда болғанын анықтады. Васафи Қазақстан үшін таңқаларлық жер асты құбырлары арқылы қаланы сумен қамтамасыз ету жүйесі туралы жазады, ол арқылы жер асты сулары сыртқа шығарылады. Бүкіл әлемді құрлықта да, теңізде де айналып өтіп, осындай адамдарды көрмегенін айтады.

Кәріздердің көзі Саураннан фарсах қашықтықта болды, оның үстінде қамал салынды, оның ішінде тереңдігі 200 гязь болатын құдық қазылды, оның жер бетінен суға дейінгі қашықтығы 50 гязь болды, құдықта 150 су бағанасы болды. Суды шығыр арқылы көтерді. Шығырды бұқаның күші арқылы қозғады. Кәріздің бастауында су қоймасы болды. Кәріздердің бірінің суымен суарылған жердің бір бөлігіне саябақтары, жүзімдіктер және шаруашылық құрылыстары бар жеке үйлер салынды.

Кәріз құрылғыларының көптеген бөлшектері археологиялық зерттеулерден алынған нәтижелерді Васафидің сипаттамаларымен салыстыру кезінде анықталады. Мәселен, кәріздердің бастауында салынған бекініс Мыр (Міртөбе) қирандыларына сәйкес келеді. Оның атауында Мир-Араба аты

сақталған, яғни оның атынан және қаржысына құрылыс жұмыстары жүргізілген. Міртөбеден қашықтығы 7-8 км-ге тең және кәріздердің көрсетілген 1 фарс ұзындығына да сәйкес келеді.

Сауран мықты бекініс және Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда орталықтарының бірі болды. Рузбихан бұл жерде даланың, Орта Азияның, Қытайдың сауда жолдары болғандығын, оған көпестер әртүрлі тауарларды әкелгендігін айтады. Ол «Өзбек (қазақ жерлері) жағынан Әндіжанға апаратын жолдармен қытай шекарасына дейін... Йасыға тауарлар мен сирек кездесетін заттарды тасымалдайды. Мұнда олармен сауда қатынастары жүреді. Бұл көпестер үшін әртүрлі елдерге тауарды ауыстырып тиеу орны, әртүрлі елдерден келген саяхатшылардың орны» - деп жазады.

Ұлы Жібек жолының халықтар тарихындағы рухани мәдениетті қалыптастырудағы маңызы туралы ой қозғағанда сол заманда үлкен қала орталығы болған ортағасырлық Сығанақ қаласының мән-маңызы ерекше екенін атап өткен жөн. Бұл қала Дешті Қыпшақтың (XI-XIII ғғ.), Ақ Орданың (XIV-XV ғғ.), Қазақ хандығының (XV-XVI ғғ.) астанасы болды. Қ.А.Ақышевтің пікірінше, Сығанақ өзінің ғылыми маңыздылығы бойынша Отырардан кейінгі екінші қала болып табылады. Сығанақ – ислам дінін енгізу тарихындағы айқын заттай айғақ. Археологтар мешіттер, медресе, сопылық шіркеу және кесенелерді қазып алды. Исламның танымал уағызшысы Сунақ ата мен оның ұрпақтары болды. Сығанақтан шыққан атақтылар Шейх баба Сығанақи және Хусам ад-дин ал-Хусейн ас-Сығанақи болды. Рузбихан «Киіз үйлері ескі Түркістанға жақын болған шайбанилерден шыққан өзбек хандарының барлығының қабірлері Сығанақ пен оның аумағында орналасқан... Қайтыс

болғанда Дешті хандарының әрбірінің табыты міндетті түрде Сығанаққа жеткізіліп, оның қабірінің үстіне күмбезге ұқсас ғимарат тұрғызылды» - деп жазады.

Сығанақта Ақ Орданың ханы Ерзен, белгілі Шайбанилер, сондай-ақ «Шибан ұлысы» немесе «көшпелі өзбек мемлекетінің» негізін қалаушы Әбілхайыр хан сияқты көптеген даңқты тарихи тұлғалар жерленген. Әбілхайыр мен оның әулетінің қызметімен өзбек және қазақ халықтарының мемлекеттілігінің қалыптасуына қатысты маңызды оқиғалар байланысты. Сондай-ақ, Шайбанилер Орталық Азиядағы Темір билігінің құлдырауында басты рөл атқарғанын және соның салдарынан қуылған Темір әулетінің бүйір тармағы болып табылатын Ұлы Моғолдардың билігіне Үндістанды біріктіру үшін алғышарттар жасағанын атап өту керек.

Үнемі қайнап жатқан шекарада, тынышсыз далада орналасқан Сығанақ стратегиялық маңызды мәнге ие болды. Бұл жерде тек Сығанаққа және қала айналасындағы егіншілер қоныстанған және күтілген құнарлы, жазық жерлерге иелік еткен жағдайда ғана үстем болуға болады. Сығанақ саяси және стратегиялық қана емес, сондай-ақ ірі экономикалық орталық болды. XV-XVIII ғ. Сығанақ қазақтарға тиесілі және Сырдарияның төменгі сағасындағы ең ірі қала болды.

Ортағасырлық Қазақстанның тарихында ежелгі түркі тайпалары оғыздар маңызды рөл атқарды. Олардың IX-X ғ. соңында мемлекет құрғанын араб тіліндегі тарихи-географиялық шығармалар айғақтайды. Оғыздар мен селжұқтар мемлекетінің оғыз және түрікмен тайпалары Еуразия тарихында маңызды рөл атқарды. Бұл тайпалар Қазақстаннан Орта Азияның оңтүстігіне, Иран мен Ауғаныстанға, Кавказ елдеріне, Кіші Азияға кетіп, сол жақта түрікмен, әзірбайжан

және түркі халықтарының қалыптасуына атсалысты. Оған дейін олардың Қазақстан аумағында болу кезеңі IX-XII ғасырларға келеді. Оғыз тайпаларының едәуір топтары қазақ, өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар құрамына енді. X ғ. ортаазиялық даланың батысқа Хазарияға дейін созылып жатқан үлкен кеңістіктері – мафазат-әл-ғұз, яғни оғыз даласы. Орталық Азияда оғыздардан қалған айтарлықтай іздерге қарамастан, олардың материалдық мәдениеті осы күнге дейін тарих бетіндегі ақтаңдақ болып табылады. Қазақстан даласындағы жоғалған ірі қалалардың бірі – оғыз қалаларын зерттеу бір кездегі көп және белгілі болған осы халықтың тарихының құпиясын ашуға мүмкіндік береді.

Ұлы Жібек жолы бойында дамып өркендеген рухани мәдениет тарихында «Әлемнің басты жері және исламның ең үлкен шекаралық шеті» деп аталған орта ғасырлардағы Жент қаласы айрықша аталады. Жент – ерекше сақталған ортағасырлық қала мәдениетінің тамаша үлгісі. Сондай-ақ оғыз тайпаларының тарихында селжұқ кезеңі туралы, сондай-ақ моңғол шапқыншылығының бірінші кезеңі туралы баяндайтын барлық жазба деректерде кездесетін ірі қала. Түрікмен мен оғыздар тарихының аса ірі зерттеушісі С.Г.Агаджанов біріктірген «Оғыз мәселелері» деп аталған сұрақтар шеңберіне кіреді.

Жент қаласымен көптеген тарихи маңызды оқиғалар байланысты. Олардың ішінде X ғасырдағы оғыздар мен түрікмендердің қоныс аударуы, Жент облысы аумағы мен тікелей Жент қаласын селжұқтардың басқаруы, селжұқтардың Жанкент билеушісі Әлимен, оның ұлы Шах-Меликпен, және Жент қаласының билеушісінің өкілімен күресі, селжұқ пен хорезмшахтардың Сырдарияның төменгі жағы мен Жент қаласы

үшін күресін атап айтуға болады. Бұл 1220 жылы Жошының қаланы басып алуы болатын, кейін ол қалада өзінің ордасын құрды. Қаланың атауы моңғолдарға ерлік тойтарыс берген Ходженд өміршісі Темір-Мәліктің күресімен байланысты. Осы атақты қаланың атауымен облыс аталды, Арал теңізі Жент көлі деп аталды, ал Қызылқұм шөлі Жент шөлі деп аталды. Қала, мысалы, Фахр ад-Дин Али ибн Абул-Қасым ал-Дженди секілді белгілі аттарды берді. Бұл туралы ан-Насави: «тағдыр оған көмектесті, ол билікте қалды және атақты адамдар жетпеген жетістіктерге қол жеткізді» деп жазады. Мұндай айырмашылықтарға тек әртүрлі елдерде атақты және Хорасан мен Ирактың көрнекті қайраткерлері мойындаған аздаған адамдар ғана лайық деп танылды. Хорезмшахтардың басқару кезеңінің көрнекті ақыны Гийас ад-Дин Абу-л-Маджд Мухаммад ибн ал-Хасан ибн Ибрахим ал-Дженди болды. Ибн әл-Фуватидің айтуынша, ол ең әдемі ақындардың бірі және оның өлеңдері керемет болған.

Женттен ақын және жазушы Якуб бин Ширине ал-Джунди және Абу Наср Ахмада бин Фазл бин Муса ал-Джанди шықты. Селжұқтердің басшысы Жентте жерленген. Сонымен қатар Шейх Баба (1273) деп аталатын белгілі Камалиддина ал-Хорезмидің зираты бар. Ақырында, Жент хорезмшахтар үшін (жарлықтарда айтылғандай) «әлемнің ең басты жері және исламның ең үлкен шекаралық шегі» болды. Жент біздің жеңіспен аяқталған мемлекетіміздің басы, хорезмшахтар Жентке Хорезмге қарағандай аса мән береді.

Ұлы Жібек жолы тарихындағы маңызды қала ретінде X ғасырда Ибн Хаукаль Сырдария қалалары арасынан Янгикент қаласын атайды және «ол – оғыздар мемлекетінің астанасы, онда оғыздар патшасы тұрады» деп атап өтеді. П.И. Лерх ұсынған

Янгикентті оқшаулау әрекеті күмән тудырмайды. Оған Қазалы қаласынан 15 шақырым жерде орналасқан, Жанкент қалашығы сәйкес келеді. Бұл қаланы зерттеу археология тарихының қызықты беттерінің бірін құрайды. Ортағасырлық дереккөздерге сүйенсек, Янгикент жанында Джуvara (Хувара, Хора) қаласы орналасқан. Зерттеушілердің пікірінше, Джуvara Янгикентке (Жаңа қалаға) қарама-қарсы оғыздардың ескі астанасы болған. Кескен-Күйік қала деп аталатын оның қалдықтары Жанкент қалашығына жақын, қаланың оңтүстігіне қарай 25 шақырым жерде орналасқан.

Оғыз қалаларын зерттеу оғыз тайпаларының мәдениеті мен тұрмысы туралы түсінік беретін бірегей материалға қол жеткізді. Мәселен, Кескен-Күйік қалашығында археологтар оғыздар ғибадатханасын ашты, оның құрамына ауқымды төртбағаналы зал, ғұрыптық ыдыстар қоймасы, қасиетті күлді сақтауға арналған бөлме, қойдың басы түріндегі керамикалық бейнелермен әшекейленген көптеген алтарьлар кіреді. Ғибадатхананы зерттеу барысында түрлі пішіндегі бөлмеге хош иісті түтін шығаратын керамикалық аспап табылды. Кескен-Күйік қала қалашығында түркеш, таң, хорезм, бухархудат тиындары, әшекейлер, шетелде жасалған белдік жиынтықтарының ұштары мен тоғалары жинақталды, бұл қаланың халықаралық байланыстарын көрсетеді. Оғыз жабғуының астаналары – Кескен-Күйік қала мен Жанкентті зерттеген кезде алынған археологиялық материалдар оларды Орталық Қазақстаннан Хорезм мен Еділге керуен жолдары өткен Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда орталықтары ретінде айтуға мүмкіндік береді.

Еуразия кіндігінде орналасқан, Ұлы Жібек жолының дархан даласына айналған өлкеде ертеден қала соғылды,

мәдени ошақтар салынды. Ғажайыбы сырға толы өзен-көлдер мен тау-тастар, ормандар мен шөлейіттер массиві тарихи кезеңдердің куәсі болды. Мыңжылдық өркениет тоғысы бар шежірелі қалалар талай соғысты бастан өткізді. Қазақ хандығының, Қыпшақ ұлысының, Түрік қағанатының астанасы болған қалалар да жетерлік. Ондай қалалардағы ескерткіштер, мәдени орындар, ескі ғимараттар шежірелі тарих болып қалмақ. Осы ретте 1500 жылдан астам тарихы бар, Қазақ хандығының астанасы болған, шартарапқа кеткен керуен жолдарының тоғысқан жері, Ұлы Жібек жолының орталығына айналған Түркістан қаласының халықтардың рухани мәдениетін қалыптастырудағы маңызы ерекше мәнге ие.

Түркістан қаласы – Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Шығысында тарихи қала Отырар, батысы Қызылорда облысының Жаңақорған ауданымен, солтүстігінде Созақ, Кентау қаласымен шектесіп жатқан киелі жер.

Түркістан қаласының тарихы 2 мыңжылдықтан бері келе жатыр. Алғаш қала атауы Шавғар деген атпен араб жазбаларындағы деректерде кездеседі. Ол – ежелден Орта Азия мен Тұран даласындағы ең көне қала.

XIV ғасырда Қожа Ахмет Иассауи кесенесі салынғаннан кейін түркі әлемінің діни орталығына айналды. XV ғасырдан бастап Түркістан қаласы саяси және экономикалық орталық болды. 1598 жылы ол біржолата Қазақ хандығының астанасы деп танылды.

Түркістан қаласы қазақ хандығының ең бірінші астанасы. Қаланың көне атауы –Яссы. Яссы Ұлы Жібек жолының сауда орталығы және округі болған. XII ғасырда әсіресе Қ.А Яссауи көшіп келген соң ерекше атаққа ие болған. Түркістан атақты шейх-көріпкел ақын Хазрет-сұлтан аталған Қожа Ахмет

Яссауидің арқасында әлемге әйгілі болған. Ол кезде қала атауы –Яссы болатын. XIV ғасыр аяғында Түркістан Ұлы Әмір Темір арқасында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі салынған соң атақты болды.

Мұсылман әлемінде Қожа Ахмет Яссауи кесенесі екінші Мекке болып саналады.

Түркістан қаласы – діни білім мен ортағасырлық ғылым орталықтарының бірі болды. Қалада Абд әл-Ғафур Түркістани жазып кеткен бір топ мектеп пен медресе жұмыс жасады.

Түркістан қаласы орта ғасырдың өзінде ірі білім орталығы болды. Шаһардың мәдени өмірінде дәруіш ақындардың, ислам дінін уағыздаушылардың да шығармалары үлкен орын алады. «Ол Ұлы Жібек жолындағы дала гаванына айналды» (Қозыбаев: 2001: 99)

4.3. Ұлы Жібек жолы бойындағы халықтардың мәдениеті.

Түркілерде 7 ғасырда сына жазуын қолданды. Ол жазу ғылымда 17 ғасырдың 20-ж. белгілі болды. Енисей өзендері бойынан табылған бұл жазуды неміс ғалымы Д.Мессершмидт пен оның жанында болған швед офицері И.Страленберг ашты. Скандинавиядан табылған руна жазуларына ұқсас болғандықтан бұл жазуды да руна деп атады. 1889 ж. орыс ғалымы Н.М.Ядринцев Солтүстік Монголияда Орхон өзені аңғарынан да тапты. Тексті дат ғалымы В.Томсен мен орыс ғалымы В.Радлов оқыды. Негізгі ескерткіштерінің табылған жеріне байланысты бұл жазу Орхон-Енисей деп аталынады. Орта Азия мен Қазақстанда руна жазуы ферғаналық (керамикаға түскен ұсақ таңба) және жетісулық (қырғыз және қазақ жерлерінде

табылған) деп екіге бөлінеді. Біртіндеп түркі жазуын араб жазуы ығыстырды. Халықтың тілі түркі тілі болып қалғанымен, оқымыстылар өз еңбектерін араб тілінде жазды.

Ұлы Жібек жолы мәдениеті тәжірибесінен туындайтын тарихи сабақтың бірі – еуропоцентризмдегі номадизмді қалалық мәдениетке қарсы қою. Бұл жерде басты ұсынылатын тезис – көшпелілер қалалық мәдениетке қарсы қиратушы күш болды.

Осы мәселені нақтылы талдау мақсатында ортағасырларда көшпелілердің арасында болып қайтқан мұсылман және еуропалық саяхатшылар мен зерттеушілердің кейбір айғақтарын келтірейік.

Әл-Мұхтадир халифтің Бұлғар патшалығына жіберген елшісі Ахмад Ибн-Фадлан естеліктерінде отырықшы славяндар, бұлғарлар, хазарлар мен көшпелі түркілік ұлыстардың арасында тығыз байланыс болғандығы анық айтылды: әрине, Ибн-Фадлан, араларында өзі болған оғыздардың мәдениетін, арабтікінен мүлдем басқаша бағалайды: «Оларды Ғұз елі деп атайды екен. Өздері көшпелі, үйлеріне жапқандары жүннен басылған киіз, жайлаудан-жайлауға көшіп-қонып жүреді. Үйлерінің бірі анда, бірі мұнда, шашыраңқы. Көшпенділердің тірлігі осындай, ешбір сүйсінетін жері жоқ. Өздері жолынан көз жазып, адасқан, аллаға сыйынатындары – өздерінің ата-бабалары мен қарт-қариялары. Егер олардың біреуі өз руының көсемінен кеңес сұраса, ол: «Ой, тәңірі-ай, менің қолымда не тұр?» дейді. Барлық істі олар өзара кеңесіп шешеді. Егер бір нәрсеге мойын қойып кіріскен болса, олардың жаман-жәуітігіне дейін сол жоспарды қайта бұзып жібере алады.

Олар дене, тән тазалығына аса мән бермейді, іш дәрет алмайды, беті-қолын жумайды. Су дегенді, әсіресе қыс

айларында, біле бермейді. Әйелдері беттері мен дене мүшелерін ерлерден жасырмайды. Бірде біз сол елдегі бір адамның үйінде қонақ болдық. Оның әйелі бізбен қатар отырды. Әңгіме үстінде әлгі әйел басындағы жаулығын алып, қасына тастады. Біз бетімізді жауып алып: «Кешіре гөр, жаратушы ием» дедік. Үй иесі күліп, тілмашқа: «Сен бұларға айт, біз бұл кимешекті сіздердің алдарыңызда ашып отырмыз. Ол айып емес. Әйел өз абыройын өзі қорғайды. Басқаға жол жоқ. Бұл жаулық тұмшаланып жүрсе де, бойын алдырып алғаннан көп жақсы» депті. Олардың әйелдері басқалармен көңіл қосуды білмейді. Егер ондай жағдай байқала қалса, сол адамның денесін қақ айырып өлтіреді. Екі теректің басын иіп тұрады да, біріне қолын, біріне аяқтарын байлап қоя бергенде, бұты – бұт, қолы – қол болып бөлініп қалады» (Путешествие Ибн-Фадлана на Волгу: 1939: 105)

Егер біз отырықшы елдердің көшпелілерге жалпы менсінбей қарауынан сәл көтеріле білсек, көшпелілердің өзіне тән мәдени реттеу тетіктері болғанын көре аламыз. Осыған тіпті көне заманның өзінде атақты скиф ғұламасы Анархсис өте дәл жауап бере білген: «Сіздер, грек тілі әріптерін анық айтпайтын, менің тіліме күлесіздер. Афиндіктер скиф тілінде нашар сөйлейтіні сияқты. Анахарсис грек тілінде нашар сөйлейді. Әңгіме адам игіліктері болып тұрғанда, мәселе тілге емес, ал бір грек басқа гректен ерекшеленетін, олардың көзқарастарына келіп тіреледі. Спартаандықтар таза аттикалық мәнермен сөйлесе алмағанымен, алайда өздерінің ерліктерімен әр жерде данққа бөленген және жаппай құрметтелуге лайық. Скифтер қажетті нәрсе туралы айтылған сөздерді жазғырмайды, бірақ бос сөздерді құптамайды. Сіздер өздеріне емшілерді Египеттен, кеме жүргізушілерді Финикиядан шақырасыздар, тек

сатушылардың грек тілінде жақсы сөйлейтіндерінен, оларға тиесіліден артық төлемей, керектеріңізді базардан сатып аласыздар.

Ибн-Фадлан көшпелі түркілердің құдайлары жабайы сенімді емес, ал сол қоғамдағы келеңсіздіктерден адамдарды қорғау қызметін атқаратынына назар аударады. Ибн-Фадлан былай дейді: «Дінді білмегендіктен оларда мынадай наным бар екен. Әр адам бір тұтам ағашты кесіп алып, төсіне іліп қояды. Жолға шықса немесе дұшпанына кезіксе, ағашты сүйіп: «О, тәңірім, маған жар бола гөр» деп сыйынады. Мен тілмашқа бұрылып: «Бұлардың бірінен сұрап көріңізші, бір тұтам ағашты байлап жүрудің нендей сыры бар? Оған не себепті «тәңірі» деп сыйынады?» дедім. Сонда ол: «Менің тегім басында осындай ағаштан жаралған, сондықтан одан басқаға біз сыйынбаймыз» деп жауап қатты. Олардың біреуі өзі сыйынатын тәңірінің саны он екі екенін айтты. Олар: «қыс иесі, жаз иесі, жаңбыр иесі, жер иесі, ағаш иесі, адам иесі, жылқы иесі, су иесі, күн және түн иесі, ажал иесі, жел иесі, ал аспандағы тәңірі – солардың ең үлкені. Бұлар бірінің ісін бірі қолдайды. Әр заттың иесі не ұйғарса, басқалары соған келіседі. Тәңірі солардың бәрінен де жоғары, ұлы, бұзық ниетке салынғандарға жол бермейді» деді (Путешествие Ибн-Фадлана на Волгу: 1939: 118)

Ұлы Жібек жолы бойындағы көшпелілер мен отырықшы (қалалық) мәдениеттердің арақатынасын қарастырғанда, олардың түбегейлі бөлек құрылымдарда – қала және көшпелі қауым бірігетінін есте ұстаған жөн. Қала ең басынан қолөнер мен сауданың орталықтары, иерархиялық жүйелердің әкімшілік орталықтары ретінде қалыптасты. Алайда өркениеттің аграрлық толқыны үстемдік етіп тұрған шығыстық (әсіресе, суармалы империялар – Қытай, Үнді, Халифат т.т.) жүйелер номадтармен

материалды және рухани мәдениет өнімдерімен айырбас жасауға мүдделі болды.

Қол өнершілер көшпелілерден тері, жүн, сүйек сияқты өнімдерді алып тұруға мүдделі болды. Бұл әсіресе Орталық Азияға тән болды. Зерттеушілер атап өткендей, Қарахандар мемлекетінде көшпелілерден шыққан билеушілер қыста қалалардағы сарайларында болғанымен, жазда міндетті түрде жайлауларға көшетін болған.

Ұлы Жібек жолы бойында көшпелілік және қалалық мәдениеттердің арасындағы байланыстарда, әрине, қақтығыстар мен соғыстар болып тұрған. Алайда ортағасырларда соғыс, біріншіден, отырықшы империялар мен мемлекеттердің арасында да жиі орын алған. Екіншіден, отырықшылар мен көшпелілердің арасында уақыт жағынан соғыстардан гөрі бейбіт өмір сүру көбірек болған. Себебі олар бір-бірінен тәуелді еді. Үшіншіден, мысалы, Шыңғыс хан шапқыншылығының нәтижесінде қалалардағы көптеген қолөнершілердің жойылуы олармен байланысты көшпелі құрылымдардың да қиратылуына әкелді. Өйткені айырбас адамдық қатынастардың әмбебап, құтты, креативті формасына жатады. Айталық, Ұлы географиялық жаңалықтардың нәтижесінде Еуропадан Шығысқа қарай теңіз жолының ашылуы Ұлы Жібек жолының маңызын төмендетті және бұл аталған аймақта бұл мәдени құлдырауға әкелді.

Белгілі этноантрополог О.Ысмағұлов «Ұлы Жібек жолы бойындағы этномәдени процестер Орталық Азия халықтарының қалыптасуында маңызды рөл атқарды» деген тұжырымға келді (Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути: 1991: 21). Бұл әсіресе осы аймақ халықтарының нәсілдік типтерін ерекшелеуде шешуші қызмет

атқарды, нәсілдердің араласуы нәтижесінде тұрандық (оңтүстіксібірлік) нәсіл қалыптасты, оның субстратында басым моңғолоидтік элементтермен қатар үндіеуропалық нәсіл де өз үлесін қосты.

Мәдениаралық ауысулардың мысалына ұсталық өнер жатады. Бұл көшпелі және отырықшы мәдениеттердің арасында тек қарапайым натуралды айырбас емес, сонымен бірге технологиялық алмасулардың болғанын да көрсетеді. Қолөнерлік және сауда орталықтарында, әсіресе Ұлы Жібек жолы аймағында, кумулятивтік «ортақ өндіріс» қалыптаса бастады. Мысалы, сауда керуендері дем алатын орындарда зергерлік бұйымдар, кілемдер, қоржындар, ат әбзелдері т.т. үнемі сатылып жатты. Олардың көпшілігін көшпелілерден шыққан ұста, шеберлер дайындады.

Ұлы Жібек жолы бойындағы көшпелі қолөнершілердің үлкен жетістігіне қыш құмыралар жасау өнері жатады. Мысалы, қыпшақ даласының аймағы Сығанақта қышты өндеудің ерекше бір стилі қалыптасқан. Оны «дала керамикасы» деп атайды. Ұлы Жібек жолы көшпелі мәдениеттің әлеуметтік құрылымын өзгертіп және күрделендіріп жіберді. Бұл сараптама бойынша, артефактілер мен экофактілер негізінде номадтардың арасында малшы-көшпелілермен қатар, симбиотикалық типтер, түйе айдаушылар, қарауылдар, күзетші иттерді тәрбиелеушілер, т.б. пайда болды.

Ұлы Жібек жолы бойында көшпелілер мен отырықшылардың арасындағы қарым-қатынастардың төмендегідей модельдерін атап өтуге болады:

- Сауда-саттық қатынастар басым болып келеді. Оған шөлдер мен тастақтардың ортасындағы оқшау мәдениеттер жатады.

- Уақытша саяси бірігулердің нәтижесінде пайда болатын байланыстар. Мысалы, Хорезм және оның маңайындағы шөлейт аймақтар.

- Бір мәдени ареал шектеріндегі тұрақты қарым-қатыстар.

- Көшпелілердің өзен аңғарларына жаппай қоныс аударуынан қалыптасатын қарым-қатыстар

Орталық Азияда көшпелілер рөлінде әдетте түркі тайпалары, ал отырықшы жер өңдеушілер сапасында иран тілді халықтар әрекет етті. Орталық Азиядағы мәдени ауысуларда атақты скиф триадасы (салтаттылар өркениеті, әскери демократия және аң стилі) маңызды рөл атқарды. Археологтардың деректері бойынша, «ат иесі» сюжеті Антика мен Уғаритте, Пазырық қорғанында, бүкіл Орталық Азияда кездесіп отырды. 3. Самашевтің түсіндірмесіндегі бұғытастағы жылқыны екі жыртқыш талап жатқаны туралы тастағы кескін Монғолия мен Крит аралында қатар табылды.

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің қалыптасуындағы тағы бір факторға отырықшы елдерді жаулап алған көшпелілердің өмір салтын түбегейлі өзгертуінен де көрініс табады. Бұл бір жағынан әбден өзгеріссіз тұрақтанып қалған қоғамдарға мәдени серпін беріп, оларды жаңа талаптарға икемделуіне мәжбүрледі. Мысалы, II-IV ғасырларда ғұндардың бір бөлігі Соғды арқылы өтіп, бұрынғы қушандықтардың иеліктерін тартып алады. Бұрынғы малшылар өз жайылымдарынан айырылғаннан кейін қалалықтар мен жер өңдеушілердің қатарын толықтырды, олар жаңа кәсіптерді меңгеруге тиіс болды. Көшпелілердің билеушілері жаңа жұмыс күшін сауда-саттықты нығайтуға бағыттады және өзінің бұл әрекетінде осы саудадағы ыңғайлы соғдылық элитаға сүйенді. Ұлы Жібек жолы бойында соғдылық мәдени экспансиясы жаңа қуатқа ие болды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени қарым-қатынастарының үдерісі нәтижесінде өнер саласында да жаңа феномендер мен стильдер қалыптаса бастады. Бұл процесті тіпті монғол шапқыншылығы да тоқтата алмады.

Мәдениеті жоғары аймақтарда билік жүргізіп тұрған Шыңғыс хан ұрпақтары тез уақытта жергілікті халықтың мәдениетін қабылдады. Сонымен бірге көшпелілер қол астындағы халық арасына өз мәнерлерін, рәміздерін, әлеуметтік реттеу тетіктерін алып келді. Мысалы, XIII ғасырдан бастап Орталық Азияда «Темірлан стилі» немесе Ирандағы «Монғол стилін» алсақ, онда Қытайдағы фарфор өнеріне еліктеу нәтижесінде туындағын «Кобальт типін» атап өтуге болады. Бұл стильде ақ және көк түстерге басымдық берілді, өйткені бұл түстер көшпелілер арасында қасиеттілік, тазалық, әділдікпен теңестірілген болатын.

Дәл осындай процестер Оңтүстік Қазақстан аймағында да жүріп жатты. Қыш құмырасындағы ою-өрнектерді композициялық шешімдердің анықтылығы мен қарапайымдылығы, өсімдік, зооморфтық, геометриялық мотивтердің үйлесуі кең тарады. Бұл жалпы көшпелілердің дүниетүйсінуге жақын болды.

Ұлы Жібек жолы мәдениеті көшпелі мен аграрлық отырықшы өркениеттердің тоғысуының басты тетігі болған. Жазба тарихи көне заманнан желі тартатын Орталық Азия көшпелілері мәдени мұрасы туралы сөз қозғағанда, оның ең алдымен түрлі мәдени артефактылардың сұқбаттастығы нәтижесінде қалыптасқаны көзге түседі. Сақ заманында Еуразияның көшпелі тайпаларында мал өсіруге негізделген мәдени ареалдың қалыптасуы Оңтүстік Сібір, Алтай, Қазақстан, Еділ-Жайық, Қара теңіз жағасындағы қыруар ру-ұлыстар

арасындағы айырбасты, мәдениеттегі ұқсастықты орнықтырды. Бұл кейін Ұлы Жібек жолы мәдениетінде өзінің қисынды жалғасын тапты.

Ұлы Жібек жолы мәдениеті қалыптасуы үшін еуроазиялық даладағы мәдени үрдістердің күрделенуі маңызды рөл атқарды. Геродоттың скифтер туралы жазбаларында, агриппейлердің тақыр даланы мекендейтіні, ағаштың сөлін ішетіні, қыста ағаш бұтағына киіз жауып, соны пана тұтып, жазда киізін алып, ағашты жалаңаш тастап кететіні айтылады. Сақ-скифтер алғашқы ерте дәуірде үйдің осындай түрін пайдалана келе, кейін оны өздерімен бірге қысы-жазы ала жүруге ыңғайлы, арба үстіне қондырылған көшпелі үй дәрежесіне жетілдірген. Бұл туралы Геродот алты, төрт доңғалақты арба үстіндегі үйлер туралы хабарлайды. Тіпті көшпелілерде оңтүстікте саман, кірпіш, солтүстікте бөренеден салынған тұрақты үйлері де болған. Археология деректері олардың төбесі шатырланып және дөңгелете жабылатын киіз үйдің жасалуына жеткізген баспалдақ екенінде шүбә болмаса керек.

Қытайдан келген саяхатшылар да түркілердің мәдени деңгейінің жоғары екендігін куәландырады. Қытайлық будда дінін насихаттаушы монах Сюань-Цзян Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағында орналасқан Тараз бен Исфиджаб қалаларын атап өтеді, өзінің түркі қағаны мен кездесуін суреттеп жазады. Қағанның өзін қалай қабылдағанын сипаттай отырып, «Ұлы Тан әулеті кезіндегі Батыс өлкесі туралы жазбаларында» түрік зиялыларының салтанатты жібек киімдерінің молдығын бірнеше қайтара айтып, сонымен бірге өзіне көрсетілген сый-сияпат ішінде: «Қызғылт түсті жылтыр шыттан тілгілген неше алуан киімдер санатын және елу

кездеме жібек» бергені жөнінде хабарлайды (Сюань-цзан: 2012: 223).

Ұлы Жібек жолы қазіргі тілмен айтқанда нағыз трансмагистралды халықаралық, аймақтық жол ретінде әлемдік өркениет тарихына енді. Бұл жол әлемдік деңгейдегі сауда қатынастарын дамытып қана қоймай, ғылым мен мәдениетті де дамытты. Мысалы, ежелгі Отырар қаласында бүкіл дүние жүзіне белгілі ғұлама ғалым, ойшыл Әбунасыр әл-Фараби өмірге келіп, балалық шағын өткізген.

Жол бағыттары бойындағы қалалар мен тұрақтар – сауда орталықтары ғана емес, ғылым мен мәдениет орталықтары да болды. Мәселен, Отырар – ұлы энциклопедист-ғалым, «әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама Әбунасыр әл-Фарабидің Отаны, одан кейін ғылымға келген Шығыстың барлық ұлы ғалымдары – Авиценна, әл-Бируни, Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Ұлықбек және басқалары өздерін оның шәкірттері деп санады.

Жібек жолымен Шығысқа сапар шеккен діндарлар мен саудагерлер үнді мен арабтың, грек пен испанның, иран мен парсының мәдениетін де таратты. Осылайша бұл жол бойымен діни идеялар, тауарлар және олардың өндірісі туралы ақпарат атап айтқанда, жібекті, түрлі-түсті шыныны, қағазды, кітап басуды, оқ-дәрі мен зеңбіректі дайындау тәсілдері таралды.

«Жібек жолын» «қағаз жолы» деп атауға болар еді, себебі дәп осы жолмен қытайлар бүкіл әлемге өздерінің ойлап тапқан жаңалығы – қағазды таратты. Қағаз өндірісі Қытайдан Орталық Азияға келді, ол жерден қағаз батысқа тарап, бұрынғы жазу материалы – пергамент пен папирусты ығыстырып шығарды.

Адамдар мен идеялардың еркін қозғалыста болуы аса көрнекті энциклопедияшылардың, ғалымдардың, ақындар мен философтардың және олардың мектептерінің пайда болуына

ықпал етті. Саудасыз айырбас – білім айырбасының орасан зор маңызы бар. Әбу Райхан әл-Бирунидің «Фармакология» энциклопедиясының трактаты (XI ғасырдың басы) мен Ибн Синаның (Авиценна) «Дәрігерлік ғылымның каноны» еңбегі ғана бүкіл шығыс әлеміне зор ықпал етіп қана қоймай, Батыс Еуропаның медицинасына да шешуші әсер етті.

Әлемдік өркениет тарихында өшпес із қалдырған Ұлы Жібек жолы «түркі тектес халықтардың бір-бірімен өзара байланысын жақсартумен қатар, басқа халықтармен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, сауда, мәдени және ғылыми байланыстарды қамтамасыз етіп отырды»

Жібек жолымен саяхаттаған саудагерлер мен жиһангездер өз елдерінің үнді, араб, грек, испан, парсы мәдениеттерін де насихаттау арқылы діни наным-сенімдерді, түрлі тауарларды, жібек өндіру, шыны, қағаз, кітап шығару, әскери қару-жарақты дайындау әдістерін таратты. Осы сауда жолының арқасында дүние жүзіне Қытайда алғаш рет іске асқан әлемдік жаңалық – қағаз бен оның өндірісі Орталық Азия жеріне келді де, одан әрі батыс елдеріне кеңінен тарады.

4.4. Ұлы Жібек жолы бойындағы әйгілі ғұламалар мен олардың еңбектері.

Ұлы Жібек жолы әлемдік өркениеттің феномендік құбылысы ретінде «түркі тектес халықтардың бір-бірімен өзара байланысын жақсартумен қатар, басқа халықтармен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, сауда, мәдени және ғылыми байланыстарды қамтамасыз етіп отырды» (Есназарова, Темірбеков: 1999: 27)

Бұл тарихи жол халықтардың рухани мәдениетін қалыптастыруда айрықша рөл атқарып, үлкен маңызға ие болды. Қазақстан жерін қадым заманнан бері мекендей бастаған дала тайпаларының кейініректегі түркі-қыпшақ, моңғол қосындыларымен біте қайнасқан, түп-тамыры бірегей, орта ғасырлардағы түркі-араб-парсы рухани жетістіктерімен жалғасқан өзіндік көне мәдениеті болғанын, сол заманда Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан байырғы қалалар мен елді мекендерде туып өскен, бүкіл өмірі өткен әлемдік мәдениеттің аса көрнекті өкілдері ретінде бүкіл дүние жүзіне танылған ұлы ойшылдардың еңбектері дәлелдей түседі. Олар: ұлы ғалым Әл-Хорезми, Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», «Шығыстың ұстазы» атанған ғұлама Әбу Нәсір әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йасауи, Махмұт Қашғари, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри және т.б. түркі ойшылдары мен ақындары, ғалымдары сол замандағы Ұлы Жібек жолы бойындағы халықтардың рухани мәдениетін қалыптастыруда ерекше рөл атқарып, әлемдік өркениетте үлкен із қалдырды.

Ұлы Жібек жолы бойында туған ғұлама ғалым Әл-Хорезми, толық есімі – Әбу Абдаллах (немесе Абу Жаббар) Мұхаммед ибн Мұса Әл Хорезми (783–850) адамзат өркениетінің дамуына және қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан, көне өркениеттер тағылымының тал бесіктерінің бірі Ежелгі Хорезм еліндегі Хиуа қаласында дүниеге келген. Ол – әйгілі «Шығыстың жеті жұлдызының» бірі, әлемдік қазіргі алгебра ғылымының негізін салушы ретінде белгілі. Орта ғасырлық ұлы ғалым-математик, астроном (жұлдызшы), тарихшы, жағрапияшы. Деректер бойынша арғы аталары бұл аймақта, Соғды әлемінде кең таралған зороастризм дінінің қасиетті абыздарынан болған.

Жасынан зерек болып өскен Хорезми жергілікті медреседе оқып сауатын ашқан, одан кейін өз бетімен білімін көтеріп тереңдеткен. Орта Азияның бірнеше қаласына барып, тарих, география, астрономия ілімдерін меңгереді. Ана тілімен қатар парсы, араб және ежелгі санскрит тілін үйренген. Сонымен бірге ескі еврей тілін де білген. Жиырма жасында ғылым қуып, Бағдатқа келеді. «Дарынды және еңбек сүйгіш Хорезми Бағдатта ғылыми жұмыстармен шұғылданған. Ежелгі грек тілін үйренген... Бес тілді еркін білген математик, астроном, географ, тарихшы, дәрігер Хорезми Бағдатта аға ғалым ретінде танылған. Кітапхана мен обсерваторияны басқару, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру 35 жастағы Хорезмиге тапсырылған. Бұл іс жүзінде академия президентінің қызметі еді» (Депман, Исақов, Мұхаммед Хорезми 1964: 31).

Ғалымның латынша есімі «Алгоризми», «Алгоритми» түрінде айтылған. **Әл-Хорезми** – жан-жақты энциклопедист ғалым болған тарихи ерекше тұлға. Оның есімі негізінен әлемге, кейінгі ұрпақтарға математика саласындағы зерттеулермен танымал болды. Сондықтан, қазіргі математика ғылымдарының, алгебра ғылымының атасы болып саналады. Қазіргі «алгебра», «алгол» және «алгоритм» сөздері соған байланысты. Яғни бұл ғұламаның есімінен (Алгоритми) тікелей шыққан...

Әлемге танымал ғалымның негізгі ғылыми өмірі негізінен Араб халифатының Орталығы болған Бағдад қаласындағы «Даналық үйінде» өткен. Бұл ғылыми Академияға халифаттың түкіпір-түкпірінен данышпан ғалымдар жиналған және аса ірі обсерватория және ғылыми-тарихи қолжазбалар қоры мол кітапхана бар еді. Ғалымды замандастары «Әл Мажуси» деп мадақтаған. Бұл араб тілінен алғанда «Ғажайыптар иесі» деген мағынадағы сөз.

Әл-Хорезми өзінің ұрпаққа өлмес мұра етіп қалдырған төмендегідей 9 ірі көлемді шығармалардың авторы болып саналады:

1. Үндістан арифметикасы туралы кітап - Көне Үндістан есептерінің және амалдарының талдануына арналған;

2. Алгебра (Ал-джабр) және алмукабаланың есептеулері туралы қысқаша кітап - Алгебра ғылымының негізгі қағидалары мен амалдарын жинақтауға арналған;

3. Астрономиялық таблицалар (зидж) – Жұлдызнамалық еңбек, яғни аспан денелерінің, ғаламшарлардың қозғалысын зерттеуге арналған ;

4. Жер шары бейнесінің кітабы - Планетамыздың жағрапиясы, яғни Жер бедерін, елдер мен өзен, көлдерді, таулар мен шөлдердің орналасуын анықтап, картаға түсіруге бағытталған;

5. Астролябияның көмегімен жасалатын зерттеу әдістері туралы кітап;

6. Күн сағаттары туралы кітап;

8. Еврейлер дәуірінің (пайғамбарлар дәуірі) сипаты және оның мейрамдары туралы трактат;

9. Тарих кітабы – адамзат тарихына арналған туынды.

Әл-Хорезмидің жазған еңбектері оның замандастарының көрсетуінше берілген. Алайда қазір оның шығармаларына түсіндірмелер жазған, көшірмелер жасаған және көне латын тіліне аударылған еңбектеріннің бүгінге дейін сақталғандарының барлық санын қосып есептегенде, бізге оның осы жоғарыда аталған шығармаларының жетеуінің ғана көшірмелері немесе жалпы мазмұны жетті. Анықтап көрсеткенде, жоғарыдағы тізімнің ішінен соңғы екеуі, адамзат мәдениеті мен тарихына

арналған шығармалары бізге дейінсақталып жетпеген, тек атауы ғана таныс.

Оның арифметика тарихындағы жетекші орнын айқындап берген шығармаларының негізгі түпнұсқасы мен арабша мәтіні жоғалып кеткен, тек қана латынша қысқаша аудармасының жалғыз данасы ғана Кембридж кітапханасында сақтаулы. Онда есептеудің ондық санау жүйесі туралы толық мәліметтер мен талдаулар берілген. Қазіргі кезде бастапқы негізге сүйеніп, белгілі бір ережеге бағына, жалғасып-сабақтасып жүретін есептеу жүйесін «алгоритм» деп атайды. «Китаб мухтасаб ал-джабр и ва-л-мукабала» («Құрастырулар мен қарсылықтар (салыстырулар) туралы») кітабы екі тараудан құралған: алгебра мен геометрия туралы қағидалар бөлімі және тәжірибелік-есептеулер бөлімдерінен. Кітаптың теориялық бөлімінде тізбектік және шаршылық теңдеулердің (линиялық және квадраттық) шешілу жолдары анықталады.

Келесі еңбектерінің бірі тригонометриялық және астрономиялық таблицаларға арналған. Ол хронология мен күнтізбе туралы мәліметтен басталады және алғашқы зидждардың (сызбалар) бірі болып табылады. Араб ай күнтізбесі мен юлиан күнтізбесін салыстыра отырып, «тасқын су дәуірі» (Нұх пайғамбар заманы) мен Селевк дәуірі (көне Грек кезеңі), «темір ғасырының» хронологиялары туралы мәліметтер береді. Келесі еңбегі сол замандағы астрономиялық зерттеулерде кеңінен қолданылған құрал - астрологияны пайдаланудың қыр-сыры туралы мәселелерге арналған.

Осындай астрономиялық және математикалық еңбектерімен бірге оның жағрапия саласындағы шығармасының да орны бар. Хорезми адам мекендейтін құрылықтың, онда орналасқан әртүрлі халықтар мен жер бедерін, өзен-көлдерін,

тау-құмдарын, теңіз-мұхиттарын, мемлекеттері мен қалаларын мен сауда жолдарын көрсете қамтитын жер шарының жағрапиялық картасын құрастырды. Бұл мақсатта ол түрлі ғылыми саяхатшылардың, алысқа сапар шегерін саудагерлердің мәліметтерін пайдаланумен қатар, Византия, Хазария және Ауғанстан елдеріне ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, бұл саяхаттарға, шәкірттерімен бірге зерттеуші ретінде тікелей өзі қатысқан. Мысалы, ол карта құрастыру барысында жер меридианының бір градусының ұзындығы туралы өте дәл есептеулер жүргізді.

Әл-Хорезми негізін салған Алгебра ғылымы және оның жасаған есептеулері мен теңдеулері қазір жер шарының барлық оқу орындарында мектептерде оқытылады. Әлемдік, адамзат ақыл-ойының және ғылымның тарихын жазған Дж Сартон: «Әл-Хорезми - адамзат тарихындағы ең ұлы математиктердің бірі» деп баға берді. Қазіргі әлем жұртшылығы, өркениетті адамзат пен тарихшылар Әл Хорезмиді негізінен Ұлы математик, қазіргі алгебра ғылымының негізін салушы ретінде, Ислам әлемінің ежелгі Орта Азиядан шыққан ғұламасы ретінде біледі.

Халиф Әл-Мамунның (313-833) тұсында Ислам Академиясы атанған Бағдадтағы «Даналық үйі» кітапханасын басқарған. Ал Хали Әл-Васикенің (842-847) кезінде Хазарияға барған ғылыми-зерттеу экспедициясының жетекшісі болған.

1983 жылы Әлем жұртшылығы Ұлы Ұстаздың туғанына 1200 толғанын халықаралық деңгейде атап өтті.

Ұлы Жібек жолы бойында Отырар, Сүткент, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Баршынкент, Жезд, Исфиджаб-Сайрам, Тараз, Баласағұн секілді үлкенді-кішілі мәдени, ғылыми, рухани орталықтар болды. Соның ішінде тек бір ғана Отырарды ғана алсақ, ол әлем мәдениетіне өзіндік үлес қосқан Әбу Насыр әл-

Фараби және басқа да дарынды парасат иелерін берді. Белгілі шығыстанушы-ғалым, академик Ә.Дербісәлі: «Жұрттың көпшілігі күні бүгінге дейін тек Әбу Насыр әл-Фарабиді ғана біледі. Шынында да Отырар тек Әбу Насырды ғана берді ме? Біздің зерттеулеріміз Отырардан 30-дан астам майталмандардың шыққанын көрсетіп отыр. Олар әртүрлі ғылым, білім, мәдениет пен дін салаларының өкілдері. Бірқатарының өмірі жайлы мағлұматтар, еңбектері біздің заманымызға жетсе, бағзылары туралы деректер бірер жолдардан аспайды. Әйтсе де олар біз үшін аса қымбат» деп жазған еді (Дербісәлі: 2021: 88)

Шынында да Ұлы Жібек жолы осындай талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағынан шыққан көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтар бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі де бірегейі – бүкіл дүние жүзіне әйгілі ғұлама ғалым, ойшыл **Әбу Насыр әл-Фараби**.

Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс өзені Сырға барып құятын өңірдегі, Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби, яғни әкесі Ұзлағ, арғы атасы Тархан. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбунасыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр атанған. Бұл қаланың орны қазіргі Шәуілдір ауданы, Шымкент облысының территориясында. Сол тұста өмір сүргендердің

қалдырған нұсқаларына карағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Замандастары жазған шежірелер бойынша алғанда, оның арғы аталарының есімдері таза түркі тілінде келтіріледі. ӘбуНасыр әл Фараби(Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлақ әл-Фараби ат-Түрки) (870-950) – Аристотельден кейін дүниежүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, энциклопедист ғалым. Энциклопедист, ғалым, ойшыл, философ, математик, астролог, музыка теоретигі – ғалымның жан-жақты тұлғасын көрсетеді. Деректерде сауатын Түрікше ашқаны, өзін ақын және күйші, әнші ретінде танытқаны айтылады. Оның өлеңдерінен үзінділер де сақталған. Фарабидің күйшілік өнері туралы әңгімелер көптеп кездеседі.

Туған жері Сырдария бойындағы ерте заманда түркі халықтарының орталығы болған Отырар қаласы. Отырарды арабтар «Фараб» деп атаған. Қай жерден шыққанын білдіру үшін аты жөніне өзінің туған мекенінің атауын тіркейтін сол заманның дәстүрімен ұлы ұстаз Фараби аталған. Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат түрк» атты еңбегінде Фараб қаласының түрікше аты «Қарышоқы» деп көрсетеді.

Әл Фараби заманында бүкіл ОртаАзия мен Түркістан Араб халифатының ықпалында болған. Соған байланысты қала халқы сауда саттық мәселесінде ислам қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан араб, парсы, түркі тілдерін қатар қолданған. Соның ішінде рухани, ғылыми тіл араб тіл болған. Сондықтан осы қалада сауат ашып, осы қалада білімге, ғылымға деген құмарлығы оянған Әл Фарабидің осы үш тілді жетік білуі заңдылық еді. Ол кейін білім ғылым іздеп, көп жерді аралайды. Ақыры сол кезде әлемнің ғылым дүниесінің орталығы болған

Бағдадқа келіп, сонда тұрақтап қалады. Сол кездің әйгілі ғалымдарымен кездесіп, олармен сырлас болады.

Одан кейін ғылыми жолға түсіп, Грек, латын, санскрит және басқа тілдерді үйренеді. Ол өз заманындағы дамыған ғылым салаларының бәріне, өнеріне өзіндік үлес қосып, елеулі із қалдырады. Одан қалған ғылыми еңбектердің өзінің саны жүзден астам. Сол еңбектерді ғылым салаларына қарай бөлетін болсақ, олар мынандай: астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғат ғылымдары, социология, лингвистика, поэзия риторика, философия болып келеді.

XX ғасырдың екінші жартысынан бері қарай Қазақстан ғалымдары да ұлы ұстаздың бай мұрасын жинап, зерттеп тануға өз үлестерін қоса бастады. Қазір Қазақстан Ғылым академиясының кітапханасында Әл Фарабидің елу шақты еңбегі бар. Олардың ішінде басқа тілге аударылмаған, ғалымдар арасында осы күнге дейін белгісіз болып келген: «Алмагестке түсініктеме», «Геометриялық сызықтар жасаудың әдістері», «Астрология», «Китаб әл мусики әл кабир» секілді әрқайсысы бір бір ғылымның шыңын көрсететін аса ірі туындылары бар. Мұның сыртында соңғы жылдары Қазақстанның Иранда алғашқы Төтенше және Өкілетті елшісі болған ғалым Мырзатай Жолдасбеков тауып әкеліп, Алматыдағы Әл Фараби атындағы ұлттық университеттің кітапханасына тапсырған Әл Фарабидің қолжазбалары - өз алдына бір пара қазына. Олардың көшірмесі (он үш қолжазба) бүгінде Еуразия ұлттық университетінің Отырар кітапханасында сақтаулы. Өмірінің соңына қарай Әл Фараби Мысыр, Шам, Халеб қалаларында болып, ақырында Шам шахарында келіп, сонда тұрақтайды. Осында қайтыс болады. Оның денесі Шам шахарының Кіші қақпа (Баб ас Сағир) жағындағы зиратқа қойылады.

Әл-Фарабидің ісін жалғастырған, ғылымға берілген шәкірттері көп болған. Олардың ішінен, ең алдымен, Орта Азияның ұлы ғалымы Әбу Әли ибн Синаның (Авиценна) есімін атауға болады. Кейінгі кездегі шығыс ғалымдары оларды бөліп жармай «Қос Фараби» деп те атайды. Сондай ақ еңбектері ұлы ұстаз еңбектерімен сабақтасып жатқан ұлы ғалымдар Беруни, Бозжани, Омар Хайямдар да өздерін Әл Фарабидің шәкірттеріміз деп есептеген. Бұл ұлы ғұламаның өзінен кейінгі талай ұлыларға да үлгі болғанын көрсетеді.

Әл-Фарабиді неміс шығыстанушылары ұлы, бірегей тұлға деп ерекше атап көрсетеді. «Ғалым-энциклопедист, Ренессанс дәуірінің қайнар бастауында тұрған ғұлама көзі тірісінде-ақ Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған» (Қазақтар анықтамалығы: 1998: 31). Ол жастайынан ұлы Аристотельдің, Платонның, ерте дүниедегі Грецияның басқа да философтарының шығармаларымен түп нұсқасынан танысқан.

Білімге, ізденуге деген құштарлықтың жетелеуімен ол, жас шағында, дүниедегі құбылыс біткеннің бәрі кісіге әрі ғажап, әрі таңсық көрінетін кезде саяхат жасап, сол замандағы мәдени әлемнің көптеген орталықтары: Хорасанда, Бағдадта, Дамаскіде (Шам), Алеппада, Каирда (Мысыр) болған. Өз өмірінің көп жылдарын ол, араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған, Бағдадта өткізді. Мұнда ол өз білімін әбден тиянақты меңгеріп, толықтырады, көрнекті ғалымдармен байланыс жасайды, сөйтіп өзінің білімдарлығы, ақылының алғырлығы және асқан байсалдылығы арқасында көп ұзамай олардың арасында үлкен аброй-беделге ие болды. Бірақ өресі тайыз кертартпа хадисшілер оны жек керіп, күндей бастаған, әсіресе, олар әл-Фарабидің бүкіл ойының негізгі мәніне қарсы шыққан, өйткені, оның дүниеге көзқарасы шынайы болмысты танып

білуге, адам бақытын о дүниеден іздеп табуға мезгейтін еді. Ақыр соңында әл-Фараби лажсыздан Бағдадтан кетеді. Өзінің «Фусул ал-мадани» («Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері») деген соңғы шығармасында ол: «Адам ғылымға түрліше тосқауыл жасайтын мемлекеттен кетіп, ғылыми өркен жайған елде тұруға тиіс»,— дейді. Әл-Фараби александриялық (мысырлық) ғалымдар, яғни бір кезде Александриядан ығыстырылған несторианшыл христиандар тұратын Хоранға келіп қоныс тебеді. Өмірінің соңғы жылдарын Алеппо мен Дамаскіде өткізеді, мұнда ол солтүстік Сирияның жетекшісі саяси қайраткері Сейд ад-Дуаль Хамданиге аса кәдірлі болды. Әл-Фараби 950 жылы 80 жасында қайтыс болды. Бейігі қазір Сирия жеріндегі Баб әс-Сағир зиратында жатыр.

Біздің заманға әл-Фарабидің тек негізгі шығармалары ғана келіп жетті. Ол шығармалардың ежелден бері-ақ жұртшылыққа танымал болып, философиялық және ғылыми ойдың одан кейінгі дамуына тигізген әсері толассыз.

«Мұсылман Ренессансы» деген атауға ие болған сол заманға тән белгілері оның шығармаларымен белгілі бір дәрежеде өз орнын алады. Әл-Фарабидің шығармаларында көне замандағы дәстүрдің және «Бірінші Ұстаз» деп шығыста аталып кеткен Аристотельдің тарих барысында қалдырған әсері, неоплатонизмнің несторионшылдықтың әсері және исламның әсерімен Аристотель идеяларының өзгеруі айқын көрінеді. Әл-Фарабидің Аристотельге бас игені сөзсіз. Сол сияқты ол Аристотель идеяларының ең жақсылары мен бағалыларын әрдайым таңдап ала бермейтіні де даусыз. Бірақ біз үшін ерекше бағалы жағы сол — ол Аристотель ілімінің формалдық жағымен ғана шектелмейді, ол диалектика элементтеріне, мәселені қарама - қарсы қоюына белгілі дәрежеде көңіл бөледі,

сыртқы дүние мен сезім мүшелері арқылы жүзеге асатын байланыс таным логикасының ірге тасы болып табылатынын дәлелдейді.

Фараби Аристотельдің, Әл-Киндидің ізін қуып, философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетеді. Мәселен, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш.Штейнцнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А.Атеш –160, ал тәжік ғалымы Б.Ғафуров – 200 трактат деп көрсетеді.

Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «категориялар», «метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топикасы» мен 4 сопылық еңбектеріне түсініктемелер жазды. Ол еңбектері күні бүгінге дейін де мәні — маңызын жоғалтқан жоқ. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін таныстыруда зор роль атқарды.

Сондықтан да XI ғасырда өмір сүрген Фарабидің ізін қуушы атақты Ибн-Сина (980—1037) тек Әбу Насыр түсіндірмелері арқылы ғана Аристотель еңбектерінің ойын ұғып, қуанғанынан қайыршыларға садақа үлестіргені жайлы жазған екен.

Анығырақ айтсақ, Аристотель шығармалары сол кездің өзінде-ақ араб тіліне аударылып үлгіргенді. Араб шығысында Аристотельдің кейбір құнды ойлары бұрмаланып көрсетілді. Бірақ көп еңбектері тәржімаланбағандықтан ұлы грек философиясының ойын түсіну қиын болды. Сондықтан да, көп тілдерді жетік білген ұлы ғалым жерлесіміз Аристотель шығармаларына араб тілінде түсіндірме жазуды ұйғарды. Сөйтіп, ол ұлы философтың мұраларын жаңсақ пікірлерден тазартып, өз қалпында дұрыс түсіндіре біліп, өзінің бірінші

ұстазға деген ғылым саласындағы үлкен адамгершілік, азаматтық іс әрекетін таныта білді. Сондықтан да, шығыс философтары оны «Ал муалим ас-саны» - «екінші ұстаз» деп атаған.

Әл-Фараби Аристотельдің философиясын дамыта отырып, өз тарапынан да «Ғалымдардың шығуы», «Ғалымдар энциклопедиясы немесе тізбегі», «Кемеңгерлік меруеті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Музыканың үлкен кітабы», «Философияны аңсап үйрену үшін алдан ала не білу кажеттігі жайлы», «Ақылдың мәні туралы», «Әлеуметтік-этникалық трактаттар», «Философиялық трактаттар», т. б. көптеген философиялық еңбектер жазған. Фараби ғылымның философиялық-логикалық ірге тасын дұрыстап қайта қалап шықты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика т. б. ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше зор. Тарихқа неғұрлым терең үңілген сайын, біз жеке ұрпақтардың, тайпалар мен ұлттардың мәдениеті мүлде оқшау дамиды деген "теорияның" негізсіздігін соғұрлым айқын көріп отырмыз. Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған сол көрнекті қайраткерлер, шындығында, адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүние жүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, иранның, үндінің ежелгі дүние мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Дәл, сондықтан да, ол таяз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле білді, өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді ете білді. «Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық

болжам жасамаған бірде-бір білім саласы жоқ деуге болады» (Қасымжанов: 1987: 47)

Араб шапқыншылығы Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік аймағындағы территорияда феодалдық қатынастардың дамуына дем берді. Терең ішкі қайшылықтар, еркін қауым мүшелерінен феодалдарға тәуелді адамдарға айналған шаруалар қозғалысы және басқа да тәуелді күштер халифаның ыдырауына себепкер болғанымен, феодалдық қатынастардың дамуын тоқтата алған жоқ. X ғасыр мәдени өрлеу заманы болды. Бұл Европадағы қайта өркендеу заманына ұқсас мұсылман Ренессансы деп аталды. Осы өрлеуге ықпалын тигізген жағдайлардың қатарында сауаттылықтың біршама кең өріс алғанын, қолжазба жинау, аудару ісінің жолға қойылғанын, жеке меншік және қоғамдық кітапханалардың құрылғанын атап өтуге болады.

Егер Қазақстан, Орта Азия және Таяу Шығыс елдерін сипаттайтын әлеуметтік, этникалық және мәдени процестердің барлық айқыш-ұйқыш қиын өрнектерінің бетінде әл-Фарабидің саяхат сапарларын көрсетсек, осының өзі IX—X ғасырлардағы мәдени байланыстардың мүмкін жолдарын тамаша етіп көрсеткен болар еді. Мүмкін, осының өзі, араб халифатының ішінде шетке тарту әрекеттеріне және оның іс жүзінде күйреуіне байланысты, сол заманда Оңтүстік Қазақстан «Мұсылман дүниесі» деп аталатын дүниенің мәдени-саяси өмірінің көшіп келіп отырған орталықтарының біріне айналғанын көрсеткен болар еді. Бұрынғы орталықтар, өзінің бір замандағы саяси маңызынан айырылса да, мәдениет ошақтары ретінде сақталғанын көрген болар едік. Мұның бәрі сол замандағы Шығыста Екінші ұстаз аталынып кеткен әл-Фарабидің философиялық көзқарастарынан көрінеді.

Әл-Фараби сарай төңірегіндегі тынышсыз өмірден аулақ болғанды ұнатып, өзіне тамаша лауазымдар ұсынып жатса да, күніне бір дирхемге қанағат тұтып, қарапайым ғана өмір сүрді, өйткені, осы жағдай оны, алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіншілік берді. Оның әшекейге толы бейнесін жасау ақиқаттан алыстау болар еді. Нақ осы сияқты, әл-Фарабиді қазақ етіп көрсетуге тырысу да жасанды әрекет болады. Ол заманда ұлт болып бірігу процесі аяқталудан әлі тіпті алыс еді.

Фактілер негізіне сүйене отырып, әл-Фараби кейін қазақ халқының құрамына қосылған түркі тайпасынан (Қаңлы-қыпшақтардан) шыққанын, оның туған қаласы қазір Қазақ жерінде екенін және ол Шығыс халықтарының мәдениетіне жақын қатынасы бар қайраткер болды дей аламыз.

Тәжіктердің, өзбектердің, қазақтардың, түрікмендердің, қырғыздардың, ұйғырлардың мәдениеті, дәстүрі және тұрмысы өте ерте заманнан бері ортақ болуына байланысты, олар ерекше бірыңғай мәдени аймаққа жатқан. Атап айтқанда, көшпелі мал шаруашылығын жүргізудің бұл екі түрі тіпті таза күйінде бола бермеген. Оңтүстік Қазақстандағы қалалар көшпелі және отырықшы халықтарды байланыстырушы буындар болып келген.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың орта ғасырлық қалаларының және мекенді жерлерінің қалдықтарын археологиялық жағынан зерттеулер орта ғасырлықтың алғашқы дәуірінен бастап (VI-VII ғ.) Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен Орта Азия қалаларының экономикалық және мәдени жағынан біріне-бірі өзара әсер етіп отырғандығын көрсетеді. Бұған, әсіресе, сауда қатынасы қолайлы жағдай жасаған. Батыс пен Шығысты жалғастырған Ұлы Жібек жолын, Мервті, Самарқанды, Бұқара мен Шашты (Ташкент), Таразбен, Исфиджабпен және

Отырармен байланыстырған керуен жолдар мен жалғыз аяқ жолдарды атап көрсетуге болады (Жолдасбайұлы: 1995: 22) Бұл кездерде архитектура, қол өнерінде бәріне ортақ канондар қалыптасады. Бірақ олардың бір-бірімен ұқсастығына қарамастан, әрбір аймақта өзіне ғана тән ерекше мәдени дәстүрлері қалыптасқан. Бұған айғақтың бірі – Айша Бибі мазары. Дала елі мен отырықшы халықтың егіншілік пен көшпелі шаруашылықтың ұштасқан жеріне, сол замандағы аса маңызды сауда жолдарының тоғысқан жеріне осы сынды кесек тұлғаны шығаруы тегін емес.

Әрине, әл-Фараби туған қаласының дәстүрлерінен әлдеқайда кең көлемді дәстүрлерді бойына сіңірді. Өйтпейінше, оның есімі дүние жүзі мәдениеті алыптарының қатарына жазылмас еді. Оның қызметі өзінің сыртқы бейнесі жағынан араби тілдес, Ислам мәдениеті деп аталатын мәдениеттің аймағы шеңберінде кең өріс алды.

Мәдениеттің кейінгі дамуына, соның ішінде, Шығыс, Орта Азия, Қазақстан, Кавказ халықтарының мәдениетіне әл-Фарабидің жасаған ықпалы әр тарапты болды және ұзақ уақытқа созылды. Барлық этникалық топтардың, соның ішінде, түркі тектілер өкілдерінің "мұсылман" Шығысының мәдени өміріне белсенді түрде қатысуы әдеби тілді халықтық негізде дамыту әрекеттеріне қолайлы жағдай туғызды. Түркі тілінде Махмуд Қашқаридің және Жүсіп Баласағұнның шығармаларынан тамаша энциклопедист-ғалым әл-Фарабидің рационалистік және гуманистік идеяларының іздері айқын көрінеді.

Бақыт дегеніміз – ол абсолюттік игілік. Фарабидің айтуынша, адамдар көп нәрселерді өзінің өмірінің мақсаты мен негізі деп ойлайды. Олар — өзіне ұнайтын, керекті нәрселер,

мысалы: ақша, атақ, тағы басқалары. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бақытты дұрыс түсінетін адамдар – данышпан адамдар.

Фарабидің қолжазбалары дүниежүзінің көп кітапханаларына тарап кеткен және сол жерлерде сақтаулы тұр. Сол сияқты көптеген ғалымдар Фарабидің асыл мұраларын зерттеп, оқып үйренуде. Фарабидің көп шығармаларын қазақ және орыс тілдерінде басып шығаруда жергілікті ғалымдарымыз да, өз үлестерін қосуда.

1975 жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1100жылдық, 2020 жылы 1150 жылдық мерейтойлары әлемдік ауқымда ЮНЕСКО деңгейінде атап өтілді.

Ұлы Жібек жолы бойында байырғы қалада туып өскен келесі бір ұлы тұлға **Қожа Ахмет Ясауи** қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын. Өз аты Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Ясауи» ақынның қай жерден шыққандығын көрсетеді. Бірақ нақтылық үшін айтсақ, Йасы қаласы оның туған жері емес, жастайынан жетім қалып, ағайын туыстарының қолына келіп, бала кезнен өскен жері. Ақынның туған жері қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы. Әкесі Ибрахим мұсылманша сауаты бар, сөз қадірін білетін білікті адам болған. Шешесінің аты Қарашаш.

Ахмет Бұхара қаласында Юсуф Хамаданидан діни білім алғаннан кейін, Түркістанға келіп, сол кезде Орталық Азияда кең тараған софылық, діни-тақуалық идеялардың ірі насихатшысына айналады.

Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы – «Диуани хикмет» (Хикмат жинақ). Бұл шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін ол Стамбул, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайыра басылады. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы болатын. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейін өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді.

«Диуани хикметтен» қазақ халқының ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады. Түркістан қаласында жерленген Қожа Ахмет Ясауи әзіреті сұлтан аталып, басына XIV ғасырдың аяғында атақты Ақсақ Темір күмбез орнаттырады.

Ахмет Иасауидің «Диуани хикметі» – XII ғасырда түркі тілінде жазылған түркі әдебиетінің ең көне үлгілерінің бірі. Шығармада дәруіштер мен дәруіштік көп мадақталып, пайғамбар мен оның сахабалары туралы айтылады, әлеуметтік, әскери, саяси мәселелер, мемлекеттік басқаруға байланысты ой-тұжырымдар, тариқат әдебі, имандылық қағидалары кеңінен қамтылады.

«Диуани хикмет» кітабының авторы жас шағынан шығыс поэзиясын мен философиясын жетік меңгереді. Он жеті жасынан бастап өз ана тілі – түркі тілінде өлең жаза бастайды. Сопылық поэзияның ықпалында болып, Бұхара қаласында парсы оқымыстысы Нусуф әл-Хамаданиден білім алады. Кейін Ясыға (Түркістанға) оралып, өмірінің соңына дейін сопылықты,

ислам дінін уағыздайды. 63 жасқа келгенде пайғамбар жасына жеткендігін мойындап, бұдан әрі өмір сүру күпірлік деп санайды да, осы күнгі өзінің кесенесі маңынан жер асты мешітін – хилует салдырып, сонда ғұмыр кешеді. Хилуетте өткізген он жыл ішінде өзінің атақты «Диуани хикмет» атты даналық өлеңдер жинағын жазады. Ақын бәйіттерінде хикметтердің 400 шумақ екенін ескертеді. Ол өлеңдерде діни танымдармен бірге халықты әділдікке, адалдыққа, адамгершілікке шақырған гуманистік идея да арқау етілген. Шығарманың түпнұсқасы сақталмаған. Бізге XV-XVI ғасырларда көшірілген нұсқалары ғана жеткен. «Диуани хикмет» Қазан (1887, 1901), Стамбул (1901), Ташкент (1902, 1911) баспаларында бірнеше рет басылды. Иасауи хикметтері 1991-1992 жылдары Ташкентте екі рет жеке кітап болып жарық көрді. Түрік ғалымы Хайати Биже Қазан басылымы негізінде «Диуани хикметті» 144 хикметтен тұратын кітап түрінде әзірлеп, 1998 жылы Анкарада бастырды.

Түркі халықтарының орта ғасыр кезіндегі Ислам мәдениетінің ықпалының күшеюі және біржола араб жазуына көшуі, өмірге көптеген ойшылдарды алып келді. Сонымен қатар бұл кез шығыс әлемінде сопылық ағымның әсері күшейіп, бірте-бірте канатын кең жая түскен кез еді. Бұл кезең Орта Азия мұсылмандары үшін де аса жауапты уақыт болатын. Осы шақта елдің бірлігін, халықтың татулығын, адамгершілік пен имандылықты, Алла тағала адалдықты көксеген, соны ту етіп, өз шығармаларына арқау еткен. Ақын-шайырлар тобы тарих сахнасына шықты. Олардың ішінде ерекше талантымен көзге түскендер хорезмдік Ахмет Игүнеки, Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани (Отырар өлкесінен) тағы да басқа көптеген сопылық өкілдер болды. Бұлардың арасында асқан шеберлігімен, елге сыйлылығымен, кайырымдылық пен мейірімділікті өміріне

арқау етіп, бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеген, қасиетті әулиесі атанған Қожа Ахмет Хазіреті Сұлтан Ясауи еді. Ахмет Ясауи жөнінде ел арасында көптеген аңыз әңгімелер тараған. Егерде, 0 тарихи деректерге жүгінсек, ақын ежелгі қала Исфиджабта (Сайрам) Ибраһим бин Махмуд деген диханның әулетінде дүниеге келген.

Әйтсе де, Ахметтің әкесі діндар, құдай жолын ұстаған атақты шайкылардың бірі болған секілді. Бұлай дейтін себебіміз, ақынның 149-хикметінде оның шыққан тегі туралы төмендегі сыр шертеді:

... Ысқақ баба жұрыны, шейх Ибраһим Құлыны,

Машайықтар ұлығы – шейхым Ахмет Ясауи.

....Иасы оның арасы, жатыр гауһар парасы,

Машайықтар сарасы – шейхым Ахмед Ясауи (Әдеби жәдігерлер: 2008: 58)

Демек, Ахметтің тегін Бибіфатимадан тарататын халық аңызы шындық, олай болса, Әзірет сұлтанның он бірінші атасы Ысқақ баб әулие болмақ.

Түрік ғалымы, доктор М.Көпрулу өзінің «Түрк әдебиятында илк Мутасаввифлар» атты кітабында Ахметтің әкесі Сайрамдағы Хазрет Әлидің әулеті Ибраһим атты шейх екенін айтады. Осы пікірге орыс зерттеушісі М. Е. Массон да ден қойғанмен, ол Қожа Ахметті түрік нәсілінен еді дейді.

Сопылық «мистикалық» ағымның түркі тілдес тармағының негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауидың өмірбаяны жан-жақты. толық бізге белгілі емес. Өмірінің кейбір деректері ғана жетіп отыр. Ол әлі ғылыми зерттеулерді, ізденістерді қажет етеді. Ұлы бабамыздың туған күні мен жылы белгісіз. Бірақ Әбсаттар Дербісалы қажының жазған деректеріне сүйенсек Қожа Ахмет Ясауи 1093 немесе 1094 жылы туған делінеді. Өлген

жылы — 1166. Ер жеткен соң Түркістан (ол кезде Ясы деп аталған) шаһарына келіп тұрады.

Белгілі ғалым В.Бартольдтің айтуында Түркістан VI ғасырдан XV ғасырға дейін Ясы деген атпен белгілі. Ал, шығыстанушы ғалым Ә.Дербісәлі, қаланың әуелде Шауғар деп аталғанын, кейінірек Ясы болып кеткенін айтады.

Ахмет Ясауидің ержете келе Түркістанға келуі дінге байланысты болса керек. Ақын өз өлеңдерінде Түркістанға келгені жайында былайша баяндайды:

... Он жетімде Түркістанда тұрдым, міне

Он сегізде Шілтеменеи шарап іштім,

Рузы қылды, Жәннат кезіп қорлар құштым,

Хақ Мұстафа жүздерін көрдім, міне... (Әдеби жәдігерлер: 2008: 18)

Ата-анасынан ерте айырылған ол атақты түркі шейхы Арыстан баб және Жүсіп Хамадани деген шейхтардан тәлім-тәрбие, білім, бата алады. Білімін Бұхарадан жалғастырады. Өзінің ұстазы қайтыс болған соң көп ұзамай туған қаласына оқымысты адам, сопы ретінде қайтып оралады.

XII ғасырдағы көне түркі тілінде жазылған «Диуани Хикмет» кітабының авторы – Ахмет Ясауи. «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы») оғыз-қыпшақ тілінде өмірге келген, өте қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жазылған төл әдеби туынды. Ақынның кең өлкені көшіп - қонып жүрген түркі тайпаларының бәріне де түсінікті ауыз екі сөйлеу тілінде әдемі жеткізе алғандығына күмән келтірмейміз.

«Хикметтің» түп нұсқасы сақталмаған. Бізге жеткені XV—XVI ғасырлардағы көшірмелері ғана. Көшірмелері өте көп. Олар негізінен Стамбулда, Қоқанда, Ташкентте, Мәскеуде, Алматыда сақтаулы.

Көптеген түркі халықтары «Хикметті» аудармасыз-ақ қиналмай оқый алады. Дін исламнан хабары бар жанға «Хикмет» тілі өте жеңіл. Оны беріліп оқып, тереңірек үңілген адам, Ахмет жырларының қыпшақ тілдеріне өте жақын екенін байқар еді. Шығарманың тілдік лексиконы әсіресе, лексикогеографиялық ерекшеліктері, этносипаттары «Хикмет» тілінің қыпшақ диалектісіне жақындығын айтуымызға белгілі дәрежеде мүмкіндік береді. Кітаптан Орта Азиялық қалалардың мәуелі бақтарындағы алуан жемістер мен райхан гүлдерінен гөрі даладағы қызғалдақ пен қымыздық иісі аңқиды. Отырықшы тайпалардың кәсіби тілінен гөрі, көшпенді жұрттың тұрмысына тән сөздер молырақ ұшырасады.

Мәселен, «Құлын», «Гүл», «Қызыл», «Қаршыға», «Сұңқар», «Лашын», «аға, іні», «мал-мүлік», «шейід», «бөрік», «сақал-паш», «ата-баба», тағы да басқа көптеген сөздер тек мағыналық жағынан да емес, сонымен қатар отардың айтылуы мен жазылуы да қазіргі қазақ тілінде де осы күйде айтылып, жазылатынын ескерсек, шындыққа бір табан жақындай түсеміз.

Әрине, бұл жерде «сенікі», «менікі» деген ұғым болмауы тиіс. Жалпы адамзаттық биік мәдениет тұрғысынан қарауымыз керек. Себебі Ахмет Ясауи шығармалары тек қазақ еліне ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ рухани мұра екені бәрімізге мәлім. Тарихтан бізге белгілі, ислам дініндегі сопылық ағым VII—VIII ғасырлардан басталады.

«Диуани Хикметте» негізінен төрт нәрсеге аса көңіл бөлінеді. Олар: шариғат, тарихат, хақиқат, мағрифат. «Шариғат» ислам дінінің заңдары мен әдет ғұрыптарының жинағы «тарихат» сопылықтың идеясы, сопылық мүддесіне жеткізген жол, «хақиқат» құдаймен бірігу оған жақындау, «мағрифат» — дін жолын танып, оқып білу. Ахмет Ясауидің пікірінше

«Шариғатсыз», «Тарихатсыз», «Мағрифатсыз» хақиқат болуы мүмкін емес. Ақын мұны өз өлеңінде былай деп өрнектейді:

... Өтті өмірім шариғатқа жете алмадым,
Шариғатсыз тариқатқа өте алмадым,
Хақиқатсыз мағрифатқа бата алмадым,
Қиын жолдар пірсіз қайтіп өтем достар... (Әдеби жәдігерлер: 2008: 88)

Міне, түсініп отырсыздар, мұнда Ясауи сопылық ілімдерінің өте күрделі екенін, діни мистикалық сарындағы бұл төрт қағиданың арғы жағында үлкен философиялық арналардан бұлақ көздері бітеліп жатқанын мезгейді.

Ясауи өз хикметтерінде сопылық дін ілімі туралы ете көп әрі шын беріле айтады, ол бұл шын мәніндегі білім деп айтады, ал сопылықтың барлық ұсақ-түйегін білмейтін адамды ол «надан», «түк білмейтін», «жалған сүйюші», «жалған сопы» деп есептеді.

«Менің асыл хикметімді жаны ауырмасқа айтпағым, Баға жетпес іпжуімді құнын білмеске сатпағын», — деп, бар жан-дүниесімен сопылыққа берілген Ясауи, «егер мен басымнан айырылсам да, бұл жолдан маған жалт беру жоқ», - дейді.

Ахмет Ясауи арқылы сопылық түркі тілдес халықтардың рухани танымында шешуші орын алды. Сопылық философиялық жүйе ретінде адамдардың дүние-танымының қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Бұған дәлел Ясауиден кейінгі көптеген қазақ ақын, жырауларының шығармаларынан да сопылықтың тікелей әсерін байқаймыз.

Қазақстан мен Орта Азия халықтары арасында сопылықтың кеңінен және табыспен таралуына мына жағдай да әсер етті. Ол өз ілімін жеңіл және түсінікті тілмен, әсем бояулы

өлең, жырларымен баяндайды, сопылық идеяларды жергілікті салт жырларымен үйлестіре дәріптейді. Ахмет Ясауидің Орта Азия мен Қазақстанның түркі тілдес халықтары арасында зор беделге ие болуы Ясауидің ислам заңдарын Шығыс сопылық ілімдік және бақсылық жыры элементтерімен икемді үйлестіре алуынан еді

Ясауи былай дейді: «Кімде-кім құдайды есіне алса, ол онымен табысқанын көре алады». Сондықтан да Ясауи үшін құдайды тану өзін-өзі танумен бірдей. Сопылықтағы доктрина құдайды мистикалық сүю болып табылады. Ясауи ілімінде бұл доктрина оның «таным» теориясының бөлінбес бөлігі бола тұрып, ерекше орын алады.

Ясауиден бұрын түркі нәсілдері Тәңірге табынатын болса, енді олар Аллаға сыйынатын болды. Ясауи сопылығы арқылы бүгін шығыс философиясымен, әлемдік діни философиямен хабардар боламыз.

Сопылықтың ықпалын, Ясауиден кейін өмір сүрген көптеген ақын, ойшыл ғұламалардың еңбектерінен кездестіреміз.

Ахмет Ясауи өмірінің ақырғы он жылын жер астында жасалған мінәжатханада өткізеді. Сопы «алпыс үшке келдім, енді былайғы өмірім күпірлік, пайғамбардан аспақ күнә» деп өзіне бір тоқтам жасайды. Халуетте тіршілік еткен ақын өмірдегі жиған-терген, естіген, көрген, оқыған білгендерін сарапқа салып, қияли күй кешеді. Осы фактінің өзі, нақ сол сопылық Мұхамедті жаратылыстан тыс адам ретінде көрсетіп, оны құдай қатарына қосты және ол Мұхаммед заманына оралуды уағыздады.

Қожа Ахмет Ясауидің қанша жыл жасап, ғұмыр кешкені белгісіз. Бір деректе 73 жас, бірде 85 жасты айтады. Халық

аңыздарын негізге ала отырып, Жүсіпбек Аймауытұлы, Ахмет Ясауиді 125 жыл өмір сүрді дейді.

Осы деректі негізге алсақ, Қожа Ахмет Ясауи жаңа санақ бойынша 1041 жылы дүниеге келген болып шығады. Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен одан қалған асыл мұралары әлі де көп ізденістерді, ғылыми зерттеулерді керек етеді. Ахмет Ясауи өзінің ұзақ өмір жолын түйіндей келіп:

Қожа Ахмет, басыңды елге ие біл,

Ақиқатты таза сүйе біл.

Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен

Халық қана дүниеге ие бұл, – деп Ахмет Ясауи тек насихатшысы емес, XII ғасырда өмір сүрген философ, ұлы ғұлама мейірімді кішіпейіл ойшыл акын ретінде түркі жұртына танымал болды. Ол «өзінің діни-пәлсапалық, үгіт-насихаттық мазмұнымен алғаш қыпшақ, оғыз, қарлық тайпалары арасында, кейін жеке-жеке ұлт болып қалыптасқан қазақ, өзбек, түрік, татар, башқұрт, тағы басқа халықтар ішінде кең тарап, ислам дінінің сол мекендерде орнығып қалыптасуына қолайлы жағдай жасады» (Жармұхамедұлы: 2006: 86)

Ахмет Ясауи халқымыздың рухани жебеушісі, кейінгі ұрпақ тәуіп етер қасиетті әулие. Оның мазараты мәдениетіміздің мерейі, ұлтымыздың мақтанышы.

Сондай-ақ Түркістан қаласынан ашылған университетке Қожа Ахмет Ясауи аты берілуі ұлы тұлғаға деген үлкен құрметтің белгісі болса керек.

XIV ғасыр тудырған ғаламаттардың бірі –Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи ескерткіші. Бірақ өкінішке қарай, осы алып ғимараттың оң қанатын сәулеттендіру жұмысы аяқталмай қалған.

Сәулеттік ерекшелігі мен әлеуметтік қызметі күрделі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарының өзіндік сыры мол. Сондықтан да, кесенедегі жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарына арнайы тоқталудың маңызы ерекше деп білеміз. Қалпына келтіру дегеніміз – мұражай ісінде табиғи тозудың әсерінен пайда болған бүлінуді жойып, оны бастапқы қалпына келтіру деген мағынада қолданса керек. Қалпына келтіру тек кәсіби шебер-реставраторлардың қолымен ғылыми негізде іске асырылғанда ғана нәтижелі болатыны сөзсіз. Кесенедегі жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын сипаты мен маңыздылығына қарай бірнеше кезеңге бөліп қарастырған орынды.

Бірінші кезең: кесене салынғалы бергі XX ғ. бас кезі, яғни І дүниежүзілік соғыс басталғанға дейінгі кезеңді қамтиды. Екінші кезең: 1917 жылдан 1950 жылдардың бас кезіне дейінгі кезеңді қамтыса, үшінші кезең: 50 жылдардың бас кезінен, мұражай ашылған 1978 жылға дейінгі уақытты еншілейді, төртінші кезең: мұражай мәртебесі өзгеріп, «Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» болып өзгеріп, «Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» болып аталған 1989 жылдан осы кезеңге дейінгі уақытты қамтиды. Жөндеу және қалпына келтіру саласындағы әр кезеңнің көтерер жүгі жеңіл емес. Осы арқылы қоғамның мәдени мұраға деген көзқарасы танылатындығы сөзсіз.

Бірінші кезеңде атқарылған жұмыстар туралы белгілі шығыстанушы М.Е.Массонның зерттеу еңбегінен көп мағлұматтар кездестіруге болады. Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін Әзірет Сұлтан кесенесін жөндеуге алғаш рет 1872 жылы көңіл бөлінді. Ол жұмыстар кесене төңірегіндегі қоқысты тазалауға бағытталды. Ал, 1884 жылы қазынадан 15

мың сом қаржы бөлініп, кесененің төбесінен су өткізбеу шаралары жасалып, шөге бастаған кесене іргетасы бекітілді. 1886-1887 ж.ж. кесененің батыс бұрышын құлаудан сақтау үшін қабырғаның сыртынан кірпіштен тіреулер өрілді.

Үкіметтік шаралардан бөлек жергілікті тұрғындардан жиналған 12 мың сом қаржыға асхана бөлмесі мен кесенеге әрлеу жұмыстары жүргізілді. 1910 жылы жүргізілген бұл жұмыстан бір жыл өткен соң Түркістан генерал-губернаторлығы арнайы комиссия шығарып, кесенені тиянақты жөндеуден өткізу үшін 100 мың сомның жұмыс көлемін анықтады. Бұл жерде әңгіме қалпына келтіру емес, тек қана жөндеу жұмыстары туралы болып отырғандығын атап айту керек. Сол кездің ақша бағамында бұл қомақты қаржы еді. Әйтсе де І дүниежүзілік соғыс зардабы аталған шараларды іске асыруға мүмкіндік бермеді. Бұл кезеңде жөндеу жұмыстарының ғылыми негіздемесіз тұрпайы технологиямен жүргізілгендігін көреміз. Мысалы, қабырғаның сыртқы бедеріне еуропалық үлгідегі кірпіш қаланып, әрлеудің стилін бұзды, өрнектер әктеудің астында қалды, тіпті орталық бөлмедегі сәндік плиталар алынып тасталды.

Бұл кезеңде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі адам қолымен, қоғам ықпалымен қамқорлыққа алынумен бірге, тағылықпен қирату әрекетін де бастан өткізді. Атап айтқанда, 1864 жылдың 9 шілдесінде полковник Веревкиннің бұйрығымен ғимаратқа зеңбіректен он екі оқ атылды, оның бірі кесене қабырғасына тиіп, зақымдады. Массонның жазуына қарағанда, кесене қабырғаларының жарылғандығын, оның құлаған жағдайда жанындағы әскери гарнизонды басып қалу қаупін желеу етіп, жергілікті әкімшілік Қожа Ахмет Ясауи кесенесін бұзуға қаулы

шығарып, сорақылық жасаған. Бірақ, бұл қаулы Түркістан генерал-губернаторының араласуымен бұзылған.

Ал, кесенені жөндеу және қалпына келтірудің екінші кезеңі ХХ ғ. басындағы әлеуметтік-саяси өзгерістерге байланысты болды. Кеңестер билігі жүргізген әлеуметтік реформалардың қатарында мәдениет ескерткіштері мен өнер туындыларын сақтап қалу мақсатында олардың мемлекеттік меншік деп жарияла-нуын атауға болады. Осындай өзгерістердің ықпалымен Түркістан АКСР-інің Орталық Атқару Комитеті «Мемлекеттік және көркемдік маңызы бар көне ескерткіштер мен өнер туындыларын қорғауға алу» жөніндегі №191 декретін жариялап, бұл жұмыстарды жүзеге асыру Архив басқармасына жүктелді.

Ал, 1921 жылдың 23 мамырында Түркістан Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесі Халық ағарту комиссариаты жанынан өнер туындылары мен табиғат ескерткіштерін қорғаумен және мұражай жұмыстарын ұйымдастырумен айналысатын комитет (Туркомстарис) құрып, оның ережесін бекітті.

1922-1923 ж.ж. профессорлар Д.И.Печкин мен А.А.Семенов басқарған экспедиция Түркістан қаласында болып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін суретке түсірген, архитектуралық өлшемдерін алып, оны қорғаудың қарапайым шараларын ұйымдастырды.

Әйтсе де мамандардың, қаражат пен құрылыс материалдарының жетіспеуіне байланысты ел ішіндегі ескерткіштердің ең маңыздыларын ғана қорғауға алып, жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік болды. Солардың қатарында Айша Бибі кесенесі, Сайрам колонналары мен Сығанақ қаласы қалдықтарымен бірге, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі де бар еді.

1938 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі қаулысына сәйкес прорабтық шаруашылық ұйымдастырылып, ол кейбір жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарымен шұғылданды. Бұл жұмысқа Б.Н.Засыпкин кеңесшілік жасаған. Онда жүргізілген жұмыстар қалпына келтіру талаптарына біршама сай келді.

Өзірет Сұлтан кесенесіндегі қалпына келтіру жұмыстарының үшінші кезеңінің басты ерекшелігі оның ғылыми сипат алуында еді.

Үкімет шешімі бойынша 1945 жылдан бастап Қазақстан аумағындағы архитектуралық ескерткіштерді есепке алу, зерттеу және қалпына келтіру ісі Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы архитектура жөніндегі республикалық басқарма қарамағына көшірілген болатын. 1951-1957 жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіру мақсатында Өзбек КСР Министрлер Кеңесінің Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің арнаулы ғылыми-жөндеу шеберханасы Қазақ КСР-імен арадағы келісім-шарт бойынша елеулі жөндеу жұмыстарын жүргізді.

1951-1954 ж.ж. бұл жұмысқа Б.Н.Засыпкин ғылыми жетекшілік етсе, 1955-1957 жылдары осы шеберхананың ғылыми кеңесі басшылық жасаған. Осы уақыт ішінде архитекторлар В.Филимонов, И.Плетнев, Т.Карумидзенің жобалары бойынша цементтен іргетас орнату, ғимараттың қабырғаларын қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Қазандық күмбезінің төрт және сегіз қырлы қабырғаларын әрлеу жұмысы архитектор Т.Карумидзенің басшылығымен жүзеге асырылды. 1954 жылы ескерткіш іргетасында жатқан топырақ бастапқы деңгейіне дейін аршылып, мәдени қабаттардың қалыңдығы кей тұстарда екі, екі жарым метрге жететіндігі анықталды. Бастапқы кездегі

тыстама қалдықтарын негізге ала отырып, барлық қабырғалар іргесі қалпына келтірілді.

1958 жылы Өзбек КСР-інің жоғарыда аталған өндірістік шеберханасымен жасалған шарт бұзылып, жөндеу жұмыстары 1960 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне тапсырылды.

Деректерге қарағанда, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіру жұмыстарына жауапсыз қараған. 1952 жылы басталған қалпына келтіру жұмысы ұзаққа созылды. Мемлекет тарапынан бөлінген қаржы көп жағдайда тиімсіз пайдаланылды. Қалпына келтіру жұмысы техникалық жағынан төмен дәрежеде жүргізілді, ескерткішке инженерлік бақылау жасалынбады.

Бір өкініштісі, жоғарыда аталған жөндеу жұмыстарының ұзақ мерзімге белгіленіп, кешенді ғылыми негізделген нақтылы жоспары болмады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне ғана баса көңіл бөлініп, іргесіндегі шағын кесенелер, діни ғимараттар мен дәстүрлі тұрғын үй кешендерін жөндеу немесе қалпына келтіру жағы назардан тыс қалды. Соның нәтижесінде аталған жұмыс біржақты сипат алды.

Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің тарихи ескерткіштермен жұмыс жүргізудегі мұндай оралымсыздығы түзетіліп, 1966 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің шешімімен Мәдениет министрлігі жанынан республикалық ғылыми-жөндеу шеберханасы, ал 1972 жылы Түркістан қаласында арнайы жөндеу және қалпына келтіру шеберханасы ашылды. Осы жерде қазақтың біртуар азаматы, Өзбекәлі Жәнібековтің өлшеусіз еңбегін атап өтуіміз керек. Жоғарыдағы

жұмыстар тікелей Өзекеңнің араласуымен қолға алынып, жүзеге асырылды.

Қазақстан археологтары мен сәулетшілері үлкен ғылыми ізденістердің нәтижесінде осы шеберхананың өндірістік базасын және жөндеуші шеберлердің тәжірибесін пайдалана отырып кесенедегі қалпына келтіру жұмыстарына қажетті бояулар, шыңылтырлы кірпіштер дайындаудың жаңа технологиясын жасап, өндіріске енгізді.

1978 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мұражай болып ашылғаннан кейінгі уақытта жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүргізіле бастады. Тарихи ескерткіштің республикалық мұражай мәртебесін алуы, онда кең көлемде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді талап етті.

Осы жылы кешен құрамындағы «Шығыс моншасы» қайта қалпына келтірілді. 1975 жылға дейін үздіксіз жұмыс істеп келген монша тарихи-мәдени ескерткіш ретінде, өзінің негізгі қызметін тоқтатып, 1979 жылдан бастап мұражайға айналдырылды. 1980 жылы қалпына келтірілген Қорған қабырғасы мен Қорғанның қақпасын бұрынғы сақталған сурет, сызбалар негізінде жаңадан тұрғызуға тура келді. Ал, жұма мешітінің 1878 жылы салынған ғимараты бастапқы қалпы сақталып, қайта қалпына келтірілді. XIV ғ. ескерткіші болып табылатын Шілдеhana ішінара қалпына келтіріліп, консервацияланды.

Бұл кезеңде жүргізілген барынша күрделі қалпына келтіру жұмыстары Рәбия Сұлтан Бегім кесенесіне байланысты болды.

Ескерткіш зерттеудегі Б.Засыпкин, археолог К.Шахурин, сәулетші Т.Карумидзелердің еңбектері кесенені қалпына келтірудің жоспарына ғылыми негіз болды. Әсіресе, 1958 жылы

К.Шахуриннің археологиялық қазба жұмыстары кесененің іргетасы мен қабырғаларының сұлбасын анықтауға мүмкіндік берді.

Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі – «Казпроектреставрация» институтының жобасы бойынша қайта қалпына келтірілген түрі. Ол – бір күмбезді құрылыс, биіктігі 20,60 см. Сыртқы қарама-қарсы қабырғаларының ара қашықтығы 16,65 см., және 14, 25 см. Кесененің күмбезі биік мойындықпен көтерілген. Күмбездің диаметрі 8,65 см². Құрылысы қос қабатты күмбезбен көмкерілген. Сыртқы күмбезі төрт бұрышты көк плиталармен қапталған, ішкі күмбезі күйдірілген кірпіштен өрілген, ол құрылыстық міндет атқарса, сыртқы күмбез көркемдік міндет атқарады.

Түркістандағы зерттеу және қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыруға бірқатар үкіметтік қаулылар қабылданды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі отандық қалпына келтірушілердің мектебіне айналды, онда қазақстандық алғашқы қалпына келтіруші-шеберлер Х.Шахапов, Б.Атаханов, А.Оразбаев жұмыс істеді. Осы аталған жұмыстар кесене кешеніндегі қалпына келтірудің шешуші, соңғы кезеңіндегі табысты жұмыстарға берік негіз қалады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қалпына келтіру жұмыстарының төртінші кезеңі еліміздің тәуелсіздік алуымен байланысты болды. Жетпіс жыл бойы халқымыздың ұлттық рухын бұғаулаған тоталитарлық жүйе қасиетті ғимараттың тарихи-мәдени құндылық ретінде әлеуметтік мүмкіндігін пайдалануды шектегендіктен жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары біржақты жүргізілді. Кесенеге сәулет өнерінің үздік туындысы ретінде мән берілгенімен, оның тарихи, рухани сипатын қалпына келтіру екінші кезекке ысырылды.

Тәуелсіздік жағдайында ұлттық мүддеден туындаған мәдени, рухани өрлеу көптеген құндылықтарды қайта қарауды, қайта бағалауды қажет етті. 1992 жылдың 29 мамырында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау туралы» қаулысы қабылданды. Осы қаулының ізімен 2.07.1992 ж. «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жарыққа шықты. Бұл заң еліміздің тәуелсіздік жағдайында тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауды және оны қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастырудың құқықтық негізін қалады.

Дегенмен, тарихи ескерткіштерді қорғау мәселесіне қатысты заңдық нормативтік құжаттарды және оны жүргізудің технологиясын халықаралық стандартқа сәйкестендіруге байланысты жаңа міндеттер туындады. Осы кезге дейінгі жүргізілген қалпына келтіру жұмыстары халықаралық талаптарға сай келмейтін еді.

Сәл шегініс жасап, деректерге сүйенсек, 1964 жылы 21-31 мамыр аралығында Венеция қаласында архитекторлар мен тарихи ескерткіштер бойынша техникалық мамандардың II Халықаралық конгресінде консервациялау мен қалпына келтіруде басшылыққа алынатын іргелі қағидалар бекітілген. Соның нәтижесінде мәдени құндылықтарды консервациялау және реставрациялау саласы бойынша халықаралық зерттеу орталығы құрылды. Әлемдік деңгейдегі ескерткіштердің сақталуы, қалпына келтіру жұмыстарына ғылыми-әдістемелік жетекшілік жасап, халықаралық стандарттардың орындалуын қатаң қадағалайтын бұл орталықтың маңызы ерекше еді.

Венеция хартиясы қағидаларын басшылыққа алу Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі жұмыстарды ұйымдастырудың басты бағдары болды. Әрине, қалпына келтіруге қойылатын жоғары

талаптар өндіріске жоғары технологияларды және қазіргі заманғы инженерлік шешімдер қолдануды қажет етеді. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында экономикалық инфрақұрылымның әлсіздігі, ғылыми өндірістік әлеуеттің төмендігі отандық қалпына келтірушілерге жұмысты кең көлемде жүргізуге қолбайлау болды.

Елімізде жүргізілген реформаларға сәйкес, экономиканы дамытуға шетелдік инвестиция тартыла бастады. Ал, Қазақстанның білімі мен мәдениеті саласына алғаш инвестиция салған Түрік Республикасы болды. 1992 жылдың 23 желтоқ-санында Қожа Ахмет Ясауи кесенесін жөндеу және қалпына келтіруге байланысты Қазақстан және Түркия Республикасы арасында ынтымақтастық пен міндет бөлісу хаттамасына қол қойылды.

Бұл кезең қалпына келтіру жұмыстары кесенесінің іргетасын бекітуге бағытталды. Түркиялық мамандар 1993-1995 жылдары бұл міндетті ойдағыдай атқарды. Он төрт метр тереңдікке жоғары қысыммен сұйық бетон ерітіндісі құйылды. Алып кесененің іргетасын тұтас темір бетонмен бір мезгілде көтеру мүмкін емес еді. Сондықтан 1,5 метр аралатып құю әдісі қолданылды. Бұл технологияның артықшылығы оның көмегімен іргетас конструкциясын жасап, оны бекітуге мүмкіндік береді. Іргетасқа тіреулер дайындау үшін жоғары технологиялы құрал-жабдықтар керек еді. Мұндай күрделі жұмысты Түркияның STFA «Темел Арыстармаши» фирмасы ойдағыдай орындап шықты. Іргетас бекітуде алғаш рет қолданылған бұл әдіс мамандар тарапынан оң бағасын алды Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қалпына келтіру жұмыстары мемлекеттік маңызды мәселе екендігі сөзсіз еді.

Жалпы, Түркия тарапынан кесенедегі қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген “Вакиф Иншаат” фирмасы біршама оң жұмыстар атқарды. Кесенедегі қалпына келтіру жұмыстары 2000 жылы, яғни Түркістан тойының қарсаңында толық бітті.

Кейінгі жылдарда туған жерімізде қолға алынған тағы бір іргелі іс жайында сіздерге разылықпен айтқым келеді. Ол – мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы. Мұндай бағдарлама әлемнің ең дамыған елдерінде де сирек кездеседі” деп ағынан жарылды. Үстіміздегі жылы осы бағдарламаның іске асырыла бастағанына екінші жыл. Елімізде азғантай уақыттың ішінде көптеген іс тындырылды. Ал, Әлқожа ата XVI ғ., Рәбия Сұлтан Бегім XVI ғ. кесенелері музейдің өз қаржысы есебінен қайта жаңғыртылды. Биыл «Шығыс моншасы» музейінің ғимараты осы бағдарлама бойынша қайта қалпына келтірілуде. Ал, келесі жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің үстіңгі қабаты мен күмбезіндегі су өткен жерлерін де қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу көзделіп отыр.

Сидақ ата, Сауран қалаларында археологиялық қазба-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Сидақ атадағы қазба жұмыстарын қаржыландыру музейдің тапқан табысы есебінен шешілді. Ұзақ жылдардан бері қазба жұмыстарын Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының ғалымдарымен бірлесіп жүргізіп келе жатырмыз. Саурандағы экспедицияға осы институттың директоры, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы қоғамдық бірлестігінің академигі К.М.Байпақов мырза жетекшілік етті. Сауран тарихы тереңде жатқан көне қала. Мұнда бұрын кешенді қазба жұмыстары жүргізілген емес. Қазірдің өзінде көптеген құнды дүниелер табылып жатыр. Қорғаны сақталған Саурандай қала Қазақстанда жоқ. Оны

сақтап қалуымыз керек. Қазірдің өзінде табиғаттың әсерінен жылдан-жылға көз алдымызда шөгіп бара жатыр. Сақтап қалу үшін мемлекет тарапынан үлкен қаржылай қолдау керек. Консервация жасамаса сақтап қалу мүмкін емес. Туристерді алып баруға жағдай жасау керек. Сол кезде Сауранға туристерді көптеп тартуға болады. Түркістан аумағындағы көне қалалар мен қоныстарда ұзақ жылдардан бері жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған көне заттардан археология және этнография музейін ашуды мақсат етіп отыр.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы – Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында орналасқан. 1978 жылдың 30 қыркүйегінде Қазақ ССР министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша Қожа Ахмет кесенесі негізінде «Республикалық Ахмет Ясауи сәулет кешені музейі» болып ашылып 1989 жылдың 28 тамызындағы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің № 265 қаулысы бойынша «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі болып қайта құрылды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Қазақстандағы бүкіләлемдік мұралар тізіміне (ЮНЕСКО) алынған тарихи ескерткіш (2003 жыл, маусым айы).

Қорық музейі Түркістан қаласында көне Жібек Жолы бойында қазіргі Шымкент-Қызылорда автожолының бойында Тәуке хан даңғылы мен алматы алаңының қиылысында орналасқан. Қорық музейдің құрамында 100-ден астам тарихи-мәдени және археологиялық ескерткіш бар. Олардың жалпы қорғау аймағы 529,4 гектарды алып жатыр. Ал кесене орналасқан қаланың тарихи орталығының қорғау аймағы 88,7 гектар. Осы аймақта орналасқан 8 тарихи ескерткіш музейлендіріліп халыққа қызмет көрсетіп жатыр. Олар:

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі музейі. XIV ғасыр.
Экспозициялық алаңы 654,98 шаршы метр.

Қылуат жер асты мешіті музейі. XII ғасыр. 702 шаршы метр.

Жұма мешіті музейі. XIX ғ. 603,6 шаршы метр.

Шығыс моншасы музейі. XVI ғ. 130 шаршы метр.

Түркістан тарихы музей. XIX ғ. 1050 шаршы метр.

Археология және этнография музейі. XIX ғ. 140 шаршы метр.

Рабия Сұлтан бегім кесенесі музейі. XV ғ. 62 шаршы метр.

Түркістан көшесі музейі. XIX ғ. 452 шаршы метр.

Музейлердің жалпы экспозициялық алаңы 3794,52 шаршы метр.

Әулиелердің сұлтаны атанған Қожа Ахмет Ясауи көз жұмған соң ХЫІІ-ші ғасырдың екінші жартысында оның мазарының басында екі бөлмелі шағын кесене тұрғызылады. Қазіргі үлкен кесене, тамаша сәулет өнерінің туындысы ХЫВ ғ. соңында Әмір Темірдің бұйрығымен салынған. Ғимарат бас ұста Мәулен Убайдулла Садырдың басшылығымен тұрғызылады. Орталық Азияда Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне тең келетін сәулет өнерінің туындысы жоқ. Оның сыртқы биіктігі 41 метр. Ұзындығы 65, ені 46,5 метр. Сыртқы қабырғаларының қалыңдығы 2 метр, Қазандық бөлмесінің қабырғалары 3 метр. Барлығы 35 бөлме бар. Орталық залдың күмбезінің диаметр 18,3 метр. Тайқазан 12399 жылы 25 шақырым жерде тұрған Қарнақ қаласында Әбділәзиз Шарафутдинұлы Тебризи құйған. Салмағы 2 тонна болатын қазанға 3 мың литр су сияды. XVI ғасырдан бастап кесене маңына хандар мен билер, атақты кісілер жерленетін болды. Оларды жерлеу рәсімі бастарына

жеке кесене — мазарлар және діни құрылыстар салумен қатар жүрді.

«Әзірет Сұлтан» кесенесін жөндеуге алғаш рет 1872 жылы көңіл бөлінді. Ол жұмыстар кесене төңірегіндегі қоқысты тазалауға бағытталды. Осы кезден бастап кесенедегі жөндеу және қайта қалпына келтіру жұмыстары бірнеше кезеңде жүргізіліп отырды.

1966 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің шешімімен Мәдениет министрлігі жанынан республикалық ғылыми-жөндеу шеберханасы, ал 1972 жылы Түркістан қаласында арнайы жөндеу және қалпына келтіру шеберханасы ашылды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі музей болып ашылғаннан кейін кешен құрамындағы «Шығыс моншасы» қайта қалпына келтірілді. 1975 жылға дейін үздіксіз жұмыс істеп келген монша тарихи мәдени ескерткіш ретінде, өзінің негізгі қызметін тоқтатып, 1979 жылдан бастап мұражайға айналдырылды. 1980 жылы қалпына келтірілген Қорған қабырғасы мен Қорғанның қақпасын бұрынғы сақталған сурет, сызбалар негізінде жаңадан тұрғызуға тура келді. Ал, Жұма мешітінің 1878 жылы салынған ғимараты бастапқы қалпы сақталып, қайта қалпына келтірілді. XIV ғ. ескерткіші болып табылатын Шілдехана ішінара қалпына келтіріліп, консервацияланды.

1979 жылы кесене төңірегіндегі ортағасырлық сәулет ескерткіші «Шығыс моншасы» көне ескерткіші сақтау мақсатында музейлендірілді. 1982 жылы «Жұма мешіті» ескерткіші орнынан «Археологиялық табыстар» атты музейі ұйымдастырылды.

1996 жылы Қожа Ахмет Ясауи өмірімен байланысты тарихи орын, жерасты мекені, сопылық орталық болып

саналатын «Қылуат» мешіті музей қызметкерлерінің күшімен экспозиция қойылып, музей ретінде ашылды.

«Түркістан тарихы» музейі орналасқан ғимарат XIX ғасырда салынып әскери казарма ретінде пайдаланылған. Кеңес заманында тігін тоқыма фабрикасы қызметін атқарған. Бұл сәулет ескерткіші мемлекет қарауына алынып, жөндеу жұмыстары жүргізіліп 2000 жылы «Түркістан тарихы» музейі-тарихи қаланың 1500 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылып пайдалануға берілді. Музейден тарихи, рухани қаланың өткені, кешегісі туралы толық мағлұмат алуға болады. Музей экспозициясы үлкен-үлкен сегіз бөлімнен тұрады. Музей қызметкерлерінің мақсаты көне қаланы «музейлер қаласы, рухани орталық» ретінде түрленде беру. Сондықтан «Әзірет Сұлтан» қорық музейінің халқымыздың рухани өсіп өркендеуінде алатын оны ерекше.

Музейде мынадай құрылымдық бөлімдер бар: ғылыми-зерттеу бөлімі, ғылыми кітапхана, ғылыми қор бөлімі, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі.

Болашақта осы бөлімдерді кеңейтіп, жаңа ғылыми зерттеу салаларын ашу жоспарланып отыр. Олар: археологиялық-ескерткіштерді зерттеу бөлімі, этнография және этнология бөлімі, дін тарихы бөлімі, мәдени көпшілік және насихат бөлімі, экспозиция және көрмелер бөлімі, туризм және сервис жұмыстары.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі Қазақстандағы ерекше маңызы бар рухани орталық болып табылады. Мұнда:қазақ халқының тарихы мен рухы насихатталады, қазақтың ел билеген хандары мен елін жерін қорғаған батырлары, би-шешендерінің мәңгілік мекендері ретінде олардың рухтарына тағзым етіледі, халқымызды

имандылыққа, адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелейтін Қожа Ахмет Ясауидің мұрасы насихатталады.

Ұлы Жібек жолының осы магистраль бойындағы халықтардың рухани мәдениетін қалыптастырудағы маңызынатоқталған кезде ХІ ғасырда өмір сүрген ғұлама ғалым Махмұт Қашқари (1029-1101) туралы айтпай кету мүмкін емес. Атақты жол үстіндегі қалада туып өскен ол – аса көрнекті түркі ақыны, ойшылы Жүсіп Баласағұнның тұстасы, замандасы. Махмұт Қашқари Талас – Шу алқабындағы Барысхан қаласында Қарахан әулетінде өмірге келген. Қашғарда білім алып, Бұхара мен Бағдадта оқуын жалғастырған. Түркі халықтары мекен еткен жерлерді түгел дерлік аралап, өзінің басты еңбегі – «Диуани лұғат-ит- түрк» атты түркі тілдерінің жинағын жазып шығады.

М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» – орта ғасырлардағы түркі халықтарының энциклопедиясы, 3 томнан, 8 кітаптан тұратын құнды еңбекте 6800 түркі сөзі ғылыми жүйеге түсірілген. Түркі халықтарын аралап материал жинау барысында ғалым түркі тілдес түрлі тайпалардың ерекшеліктеріне мән бере отырып, түркі тілінің айтылу, жазылу заңдылықтарын, қолдану аясына қатысты айырым белгілерін зерттеді, әлемдік түркітану тарихында алғаш рет тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісін қолданып, диалектология ғылымының негізін салды.

«Түрік сөздігінде» түркі халықтарының ауыз әдебиеті үлгілері де кеңінен қамтылған, сөздерге түсінік беруде 242 бәйіт пен 262 мақал-мәтел пайдаланылған. Еңбекте 29 түрлі түркі тайпасының этноним, топонимдері, туыстық атаулары мен этнографиялық ерекшеліктері кеңінен сипатталған.

М.Қашқаридің «Түрік сөздігінің» бұл томы үш бөлімнен тұрады. «Сәлім кітабы» атты бірінші бөлімде түркі тіліндегі

арабша таңбамен берілген екі, үш, төрт және бес әріпті етістіктердің түрленуі мен сипаттарының баяны және қолданылуы баяндалады, соңында осы бөлімдегі етістіктердің бірнеше сипатта болуына байланысты түсініктеме беріледі. Етістіктердің қолданылу қағидасы айтылған кезде көне түркі поэзиясынан жыр үзінділері мен мақал-мәтелдер келтіріліп, нақты дәйектелген.

«Сәлім кітабы» бөлімінің соңы: «Ұлы Тәңірге шүкір, Сәлім кітабы бітті» деп аяқталады.

«Мұзоаф кітабы», яғни «Әлсіз етістіктер кітабы» атты екінші бөлім екі, үш, төрт әріпті есімдердің қолданылу қағидасына арналса, «Мұзоаф етістіктер кітабы» атты үшінші бөлім екі, үш және төрт әріпті етістіктер қағидасын баяндайды, соңында осы етістіктерді қолдану ережесі берілген.

М.Қашқари «Түркі сөздігін» жазу мақсаты туралы: «Түрік, түрікмен, оғыз, жігіл, яғма, қырғыздардың сөздері мен сөйлеу мәнерін зерттеп, қажеттісін пайдаландым. Әрқайсысының тілі мен салты санама әбден қалыптасты. Соларды мұқият зерттеп, арнайы әліппелік тәртіпке келтірдім. Мәңгілік ескерткіш әрі таусылмас әдеби-көркем мұра боп қалсын деген ниетпен түркі елдерінің сөздігін жасап, кітапқа «Түркі сөздерінің жинағы» деп ат қойдым, жинақты сегіз бөлімге топтастырдым... Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға болатын түбір сөздерін ғана алдым... Түркі халықтарының... бәйіт жырлары мен мақал-мәтелдерінен мысалдар келтірдім. Бұл кітапты пайдаланғандар кейінгілерге, олар өздерінен кейінгілерге жеткізсін деген ниетпен тағы біраз табылмайтын тіркестерді пайдаландым» деп сөздік құрылымына нақты тоқталады (Әдеби жәдігерлер: 2007: 98).

Орта ғасырда өмір сүрген аса көрнекті түркі ақыны, ойшылы Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн Ұлы Жібек жолын бүкіл адамзат тарихындағы феномен мәдени құбылыс ретіндебүкіл әлемге танытты. Қазақ жерінде орналасқан ежелгі Баласағұн қаласында өмірге келген Жүсіп есейе келе Фараб (Отырар), Қашқар, Бұхара қалаларынан білім алған өз заманының алдыңғы қатарлы зиялы адамдарының бірі. Өзінің «Құтты білік» философиялық дастанын Қарахан әулетінен шыққан Табғаш Қара Боғранға арнап жазған. Бұл еңбегі үшін Жүсіпке Хас Қажыб атағы беріледі.

«Құтты білік» («Құтадғу біліг») – әлем өркениеті тарихынан мәңгілік орын алған түркі тектес халықтардың тұңғыш классикалық шығармасы. Түркі тіліндегі энциклопедиялық туынды болып саналатын дастанды орта ғасырларда ирандықтар – «Туран шаһнамасы», туған жұрты – түркілер – «Хандардың әдеп-қағидалары», машындықтар – «Мемлекеттің дәстүрі», бүкіл шығыс әлемі «Өмір зейнеті», «Падишаларға насихат» деп таныған, түркі зиялылары «Құтты білік» деп атап, бұл кітапты ұлылықтың негізі деп білген.

Жүсіп Баласағұнның атақты дастанында адамгершілік, философиялық тәмсілдер, парасат пен ақыл-ой сұлулығы, жар таңдау, бала тәрбиесі, елдік құру, мемлекет түзу, ел басқару, тәлім-тәрбие мен білім-ғылым сияқты өмірлік, әлеуметтік мәні зор көкейтесті мәселелер жырланған. Ақын шығармаларын тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, зерттеулер жазған белгілі әдебиеттанушы-ғалым А.Егеубай: «Оқыған сайын қарапайым даналығымен таңдандырып, үйіре беретін, халықтың елдігін, өнері мен сезім кереметін ұғындыра түсетін осы ұлы жазудың қасиетті түркі мәдениетінің, оның ішінде қазақ жерінде осыдан он ғасыр бұрын ғұмыр кешкен бабамыздың

ұлылығын, даналығын, сана-сезім, салт-дәстүріміздің ата тегін қолмен қойғандай айқын меңзеп беретіндігі»деп жазған болатын (Егеубаев: 1998: 108).

Поэманы көрнекті түркітанушы ғалым В.В.Радлов 1891-1900 жылдары алғаш рет түркі тілінен неміс тіліне түпнұсқасынан аударып, бүкіл әлемге танытты. 1971 жылы Н.Гребнев «Бақытты болу ғылымы» деген атпен дастанның орыс тіліндегі еркін аудармасын жасады. 1983 жылы С.Н.Иванов «Благодатное знание» деген атпен алғаш рет орыс тіліне аударды. 1986 жылы белгілі ақын, әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Құрмашұлы Егеубаев (1950-2006) дастанды алғаш рет қазақ тіліне аударып, оқырман назарына ұсынды. Ғалымның бұл аудармасы 1989 жылы Пекин қаласындағы «Ұлттар» баспасында араб әрпімен екінші қайтара басылды.

Халықтардың рухани мәдениетін қалыптастырудағы Ұлы Жібек жолыныңтарихи маңыздылығы тұрғысынан сол заманда «Хакім ата» лақабымен танымал болған Сүлеймен Бақырғани (1091-1186) шығармалары да маңызды. Ол да Ұлы Жібек жолы бойындағы қазіргі Қарақалпақстан жеріндегі Бақырған кентінде дүниеге келген. Ол – «Түркістан пірі» атанған Қожа Ахмет Иасауидің атақты төрт шәкіртінің бірі. Бар ғұмырын Хақ жолына арнаған Бақырғани түркі сөз өнерінің дамуына өз үлесін қосты. Оның қаламынан жүзден аса даналық сөз (хикмет), сондай-ақ «Ақыр заман», «Миғражнама», «Исмайыл қиссасы», «Бибі Мәриям» секілді дастандар дүниеге келді. Бақырғани бар ғұмырын Хақты тану жолына арнағандықтан да, шығармаларында Аллаға ғашықтық мәселесі кеңінен жырланды.

Осы жолға ғибадатты әнбия керек,

Халал, харам айырушы ол тақуалар керек.

Түсте көріп, халын сұраған әнбия керек,
Хикмет үстінде әрбір жерде өнсе болар ма?!

Құл Сүлеймен ұйымаған сұхбаттың саны,
Ішің-сыртың қайнап толды хикмет кені,
Барша сөздер айтар едім білікті, қане,

Хақты қойып, адасқанға құлдық етсе болар ма?! – деп
адамгершілік, имандылық қасиеттерді жырлайды (Әдеби
жәдігерлер: 2008: 296).

Біздің заманымызға дейін хаттаттардың көшірген
қолжазбалары арқылы жетіп келген ақын мұрасын жариялау
XIX ғасырдың орта тұсында мықтап қолға алынды. Алғаш рет
1846 жылы Қазан университетінен қадим әліппесімен басылған
Бақырғани шығармалары өткен ғасырдың жиырмасыншы
жылдарына дейін он алты рет жарық көрді. Кешегі кеңес
заманында түркі халықтарының әдебиет тарихына қатысты
томдар мен жинақтарда ақын хикметтерінен үзінділер
жарияланды. Тек өткен ғасырдың соңына қарай 1991 жылы
Ташкентте (Өзбекстан), 2000 жылы Қазанда (Татарстан) бұрын
Қазан төңкерісіне дейін жарияланған литографиялар негізінде
қайта басылды.

Сондай-ақ Бақырғанидың бірнеше хикметтері
Б.Сағындықов, Р.Ахметов және Н.Мәтбек тарапынан қазақшаға
тәржімаланып, жарық көрді. Алайда осы уақытқа дейін жарық
көрген кітаптарға ақынның барлық шығармалары енгізілместен,
тек үзінділері ғана жарияланды. Тіпті XIX ғасырда Қазанда
басылған литографиялық нұсқалар да ақынның мұрасын толық
қамтыған жоқ. Онысы түсінікті де. Себебі орта ғасырда
Алтайдан Кіші Азияға дейін жалғасып жатқан түркі мұсылман
жұртына кеңінен тараған ақын хикметтері түркі

диалектілерінде «өңделіп», бірнеше нұсқада жеткендіктен де оның бәрін жинақтап жариялау көп машақат пен қажырлы еңбекті талап етері анық. Оның үстіне Бақырғанидың барлық мұрасы ешқашанда бір кітап немесе бір жинақ ретінде жарыққа шықпаған. Сондай-ақ бүкілдей ақын шығармаларын қамтыған қолжазбаларды да кездестіру қиын. Осы күндері түркі мұсылман әлемінде кездесетін орта ғасырлық түркі шайырларының немесе сопы ақындардың шығармаларына қатысты баяздардың (антологиялардың) ішінен тек «Құл Сүлеймен», «Хакім ата», «Хакім қожа», «Бақырғани» секілді тахәллуспен (бүркеншік атпен) жазылған хикметтер мен даналық сөздерді іріктеп алып жарыққа шығару, Бақырғани мұрасын жариялаудағы негізгі мәселенің бірі болмақ.

Ұлы Жібек жолы заманында халық арасына кең тараған шығармалардың бірі – «Гүлстан би-т-түрки» («Түркіше Гүлстан») шығармасы. Парсы-тәжік әдебиетінің классигі Сағдидің бұл «Гүлстан» атты дастаны әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. Зерттеуші Р.Әлиевтің көрсетуінше, ХҮІІ ғасырда латын және неміс тілдеріне аударылса, ХҮІІІ ғасырда ағылшын, орыс тілдеріне аударылған. Бір ғажабы сол: Сағдидің бұл шығармасы ең алғаш рет түркі тіліне, Әмір Нәжіптің термині бойынша қыпшақ-оғыз әдеби тіліне аударылған екен. Аударма 1391 жылы мәмлүктік Египетте жасалған. Аударушы Алтын Орданың астанасы Сарай қаласынан шыққан ақын Сәйф Сарайи. Ақынның өмірі туралы мағлұмат жоқтың қасы. Еңбектің соңында берілген бір өлеңінде аударма аяқталған сол 1391 жылы жетпіс жаста екені туралы айтқан екен.

Аударманың жалғыз көшірмесі бар. Ол көшірме қазір Голландиядағы Лейден университетінің кітапханасында сақтаулы. Көшірген кім, көшірме Голландияға қалай барды, ол

жағы әзірге белгісіз. Өкініштісі сол: қолжазба ғасырлар бойы ешкімнің көзіне түспей, кітапханалар қорында сартап болып жатып қалды. Х.Ю.Миннегуловтың көрсетуінше, қолжазба туралы алғаш хабарлаған Р.Дози деген Голландия ғалымы екен. Ол 1851 жылы жарияланған бір мақаласында оның Сағди шығармасының түркіше аудармасы екенін, аударған Сәйф Сарайи екенін және 1391 жылы аяқталғанын көрсеткен. 1915 жылы «Милли тетаббулар маджмуасы» деген бір түрік журналы Венгер ғалымы Тори Иозефке сілтеме жасай отырып, Голландияда Сағди «Гүлстанының» ең көне түркіше аудармасының сақталып тұрғаны жайында өз оқырмандарын хабардар етті.

Түрік ғалымы профессор Ф.Н.Үзлүк 1950 жылы Лейден нұсқасының фотокөшірмесін түсіріп алып, 1954 жылы Анкара қаласында жеке кітап етіп бастырды. Аударманың көлемі 372 бет. Әр бетте 13 жол жазу бар.

1968 жылы Э.Фазылов орыс графикасымен транскрипциялап, Ташкентте бастырды. Ескерткіштің латын алфавитімен транскрипцияланған мәтіні 1969 жылы Будапешт қаласында жарық көрді. Транскрипциялаған А.Бодроглигети. Бұл басылымда ағылшын тілінде жазылған көлемді кіріспе бар. Екінші бөлімінде сөздік берілген. Ол да ағылшын тілінде.

Э.Фазыловтың «Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века» (т. I-II. Ташкент. 1966-1977) деп аталатын 2 томдық сөздігінде де «Гүлстан» ескерткішіндегі сөздер де қамтылған.

Татар ғалымы Х.Ю.Миннегулов 1972 жылы «Переводы и оригинальные произведения Саифа Сарайи» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. «Сәйф Сарайи. Тормышы һәм ижаты» (Казань, 1976) деген кітап шығарды.

«Гүлстанның» аудармасы және аударманың тілі жөнінде зерттеу жұмысын жүргізген түрік ғалымы А.Баттал-Таймас еңбек қыпшақ тілінің негізінде жазылған деген қорытындыға келеді.

Бұл құнды мұраның зерттелу тарихында көрнекті түркітанушы Ә.Нәжіптің сіңірген еңбегі айрықша. Ф.Н.Үзлүк бастырған қолжазбада көптеген беттер ауысып түскен. Ең алдымен, осы басылымды «Гүлстанның» парсы тіліндегі нұсқасымен салыстыра отырып, беттерін ретке келтірді. Кейбір көмескі тартқан беттердегі оқылуы қиын сөздерді оқыды.

Ә.Нәжіп өзінің докторлық диссертациясында аталған ескерткіштің лексикасын, фонетикасын, сондай-ақ грамматикасын да жан-жақты талдап шығып, қыпшақ-оғыз әдеби тілінде жазылғандығын анықтады. Ол әдеби тіл, автордың пікірінше, Алтын Орда хандығы мен Египет мемлекетіне де ортақ болған.

Ә.Нәжіптің бұл еңбегі «Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарайи и его язык» деген атпен 1975 жылы Алматыда жарық көрді. Еңбек екі кітаптан тұрады. Бірінші кітапта XI-XIV ғасырлар аралығында Жетісу, Сырдарияның төменгі жағы, Орта Азия, сондай-ақ Алтын Орда мен Египетте жазылған әдеби ескерткіштер мен тарихи сөздіктер сол кезде аталған аймақтарда өмір сүрген түркі тайпаларының тарихымен байланысты қарастырылады. Ескерткіштің қолжазбасына жан-жақты сипаттама беріліп, морфологиясына лингвистикалық талдау жасалған. Екінші кітапта бастан-аяқ «Гүлстанның» лексикасы сөз болады. Ескерткіште кездесетін түркі сөздерінің бәрі алфавит тәртібімен берілген де, ол сөздер көне және қазіргі түркі тілдерінің материалдарымен салыстырыла талданған. Кітаптың соңында қосымша ретінде

қолжазбадан үзінділер келтіріліп, олар латын әрпімен транскрипцияланған. Бір сөзбен айтқанда, аталған еңбекте тіл тарихымен айналысушылар үшін керекті аса мол материалдар қамтылған.

Қолжазбаның соңында XIV ғасырда өмір сүрген сегіз атақты ақынның бір-бір өлеңдері және оларға қайтарған Сәйф Сарайидің жауаптары берілген. Ол ақындардың аттары: Мәвла Қазы Мухсин, Мәвлана Исхақ, Мәвлана Имад Мәвләвий, Ахмад Хожа ас-Сарайи, Хоразми, Әбдулмәжид, Туғлыхожа, Хасанұлы.

Профессор Ф.Көпрүлү Хасанұлын азербайжан ақыны дейді. Ал азербайжан әдебиеттанушылары оны азербайжан дүнияуи поэзиясының негізін салушы деп есептейді. Ә.Нәжіп Хоразми «Мухаббат-наменің» авторы болуы мүмкін деп жорамалдайды. Басқа ақындар осы уақытқа дейін белгісіз болып келген. Ә.Нәжіптің айтуынша, Мәвлана деген лақап ат белгілі ақындарға ғана берілген екен.

Ә.Нәжіп Сәйф Сарайи еңбегіндегі қанатты сөздерді іріктеп алып, транскрипциясын жасады. Орыс тіліне аударып жеке жинақтарда, монографияларында жариялады. Аттары аталған сегіз ақынның өлеңдерін де транскрипциялап, түпнұсқасымен қоса берді. Бірақ аударған жоқ.

Профессор А.Қыраубаева С.Сарайи «Гүлстанынан» қысқа-қысқа он бір хикаяттың, екі хикмет және екі өлеңін аударып, «Ежелгі дәуір әдебиеті» хрестоматиялық оқу құралының (1991 ж) екінші кітабына енгізген болатын.

«Гүлстан би-т-түрки» парсы тіліндегі түпнұсқасы сияқты 8 баптан тұрады. Алғашқы 7 бапта 179 хикаят берілген. Кіріспеде тағы бір қысқа хикаят бар. Соны қоса есептегенде хикаяттардың жалпы саны – 180. Соңғы, 8-бапта, 56 хикмет, 19 насихат бар. Осы

8 бапқа енген әңгімелер, хикметтер мен насихаттар қазақ тіліне толық аударылды.

Сәйф Сарайи тамаша ақын, шебер аудармашы, араб, парсы және түркі әдеби тілдерін жетік меңгерген ғұлама. Осындай талантына тәнті болғандықтан, арабтың сол дәуірдегі бір ғұламасы Сағдидің «Гүлстанын» түркі тіліне аудару туралы кеңес берген екен. Ол туралы ақын қысқаша әңгімелеп, кітаптың бас жағына енгізген. Зерттеушілердің айтуынша еңбек қыпшақ тілінде жазылған.

Ұлы Жібек жолы заманындағы рухани мәдениеттің тағы бір белді өкілі, Алтын Орда тұсында XIV ғасырда өмір сүрген Насируддин Бурхануддин Рабғұзи «Қиссас ул-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы») атты шығармасымен кеңінен белгілі болды. Халық арасына бұл еңбек «Қиссас ул-әнбие», «Қиссас ул-әнбие Рабғузи», «Қиссас ул-әнбие 'әләйһи әс-сәләм» және «Қиссаи Рабғузи» деген атпен кең тараған. Себебі XIX–XX ғасырларда Қазан және Ташкент баспаханаларында осындай аттармен басылған бұл жәдігер жалпы көлемі он шақты рет жарық көрген.

Әлемнің жаратылысынан бастап Хазірет Хусейннің соңғы өміріне дейін тұтастай қамтитын бұл шығарма һижри күн санағы бойынша 709 жылы (1309–1310 жж.) жазылған. Бас-аяғы бір жылда жазылған бұл шығарма, негізінен, пайғамбарлар тарихына арналғанымен де, орта ғасырлық түркі сөз өнері мен фольклорына қатысты мәліметтерді де кеңінен қамтиды.

Шығарманы әр жылдары П.М. Мелиоранский, А.В. Ерофеев, С.Е. Малов, Н.П. Остроумов, Н.Ф. Катанов, В.В. Радлов, Н.И. Ильминский, В.Р. Розен, М.М. Габдерахимов, Ғ.Х. Арифған, Ә.Н. Нәжіп, Ә.Р. Тенишев, Г.Г. Фитрат, Н. Маллаев, Э. Фазылов секілді секілді түркітанушылармен бірге, I. Jalil, S.

Cagatay, K. Gronbech, J. Schinkewitsch, J. Thuri, F. Koprulu, H.E. Boeschoten, M.V. Damme сияқты Батыс ориенталистері мен түрік ғалымдары зерттеді. Сондай-ақ Рабғұзи мұрасын зерттеуде Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, А. Қыраубаева, Н. Келімбетов, Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, Н. Сағындықов секілді қазақ ғалымдары да Рабғұзи мұрасын әдеби һәм тілдік тұрғыдан зерттеуде өз үлестерін қосты. Әсіресе А. Қыраубаеваның осы әдеби жәдігерді зерттеп, ғылыми диссертация жазғанын ерекше атап өткен жөн.

Рабғұзи шығармасының ең көне қолжазбасы Лондондағы Британия музейінің кітапханасында сақтаулы тұр. Осы нұсқа XV ғасырда жазылған, бүгінгі ғылымға белгілі ең толық әрі көне нұсқа болып саналады. XVI ғасырда көшірілген нұсқасы Санкт-Петербургтағы М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында сақталған. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, осы кітапханада Рабғұзидың шығармасына қатысты 6 қолжазба, Швецияда 2 қолжазба, Париж бен Бакуде бір қолжазбадан сақталған. Бұлардан басқа бұл еңбек XX ғасырдың басында Қазандағы Шәмсуддин Хусаинов пен Ташкенттегі Хасан Арифджанов баспаханаларында да бірнеше рет жарық көрді. Десек те бұл аталмыш литографиялық нұсқаларда баспахана тарапынан жасалған аздаған өзгертулер мен түзетулерді жоққа шығаруға болмайды.

Соңғы жылдары «Рабғұзи қиссасынан» Н.Сағындықов аударған жекелеген үзінділер «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты христоматияға енгізілсе, жазушы Р.Мұқанованың жасаған тәржімасы «Қисса-сул-Әнбия-и Адам-атадан Мұхаммед ғалайһи уәссәләмға дейін» деген атпен жарыққа шықты (Алматы, 2001).

Шығыстанушы К.Гренбектің Лондон нұсқасының көшірмесін (факсимилесін) жариялауы (1948 ж.) бұл салаға үлкен қозғау салды. Осы нұсқаның негізінде УзССР ФА Х. Сулайманов атындағы Қолжазбалар институты 1991 жылы мәтінді жарияласа, 1997 жылы Түркиядағы Ататүрік атындағы Тіл құрымы Рабғұзи шығармасының көшірме мәтінімен бірге транскрипциясын жарыққа шығарды.

XIV ғасырда өмір сүрген Махмұт ибн Ғали әл-Булғари әс-Сараи әл-Кердеридің«Нәһжул-Фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы») деген шығармасы да Ұлы Жібек жолы рухани мәдениетінің тағылымды бір туындысы болып табылады.

Алтын Орда жазба мұрасынан саналатын Махмұт ибн Ғали әл-Булғари әс-Сараи әл-Кердеридің«Нәһжул-Фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы») атты шығармасы 1358 жылы жазылып біткен. Бұл еңбектің басында автор пайғамбардың: «Бір мұсылман не муәххид менің хадистерімнен қырық хадисті естімегендерге жеткізсе, білмегендерге үйретсе, Хақ Тағала оны ғалымдар қатарына жазады және қиямет күні болғанда (сендік және жүректе бекіттік) шәһидтер қатарында тұрғызады», - деген өсиетін келтіреді де, өзінің де осындай жауапты іске қол ұрып отырғанына тоқталады. Орта ғасырда ақын, жазушылар тарапынан кеңінен қолданылған «Арбағин» (Қырықтық) үлгісінде жазылған бұл шығарма төрт баптан тұрады. Әр бап іштей он бөлімге бөлінген. Әр бап белгілі бір тақырыпқа арналған да, сол баптың мазмұны іштегі бөлімдерде кеңінен ашылған. Әр бөлімнің басында пайғамбардың хадисі келтірілген. Негізгі мақсаты қырық хадисті талдауға арналған бұл шығармада, сонымен бірге, сахабалар мен табиндердің, әулие-әмбиелердің де ғибратқа толы ғұмырларының өнегелі тұстарынан қысқа-қысқа қисса, хикаялар да берілген. Шығарма

адамгершілік, имандылық, туралық секілді адамзат баласын ізгілікке жетелейтін рухани құндылықтарды кеңінен қозғайды. Сондықтан да автор: «Және бұл кітапқа «Нәһджул-фәрадис» деп ат бердік. Мағынасы: «Жұмақтардың ашық жолы» деген сөз. Бұл кітапты оқығандар осы кітап сөздерімен амал қылады және бұл кітап оларға Хақ Тағаланың жұмақтарына жол сілтеуші болады деп үміттенеміз», - деп, шығарманы жазудағы мақсатын ашып айтады.

Осындай құнды шығарманы әр жылдары А.Самойлович, Ш.Марджани, Ш.Абилов, Э.Наджип, Б.Яфаров, Я.Кемаль, Э.Фазылов, Ф.Нуриева, С.Вахиди секілді түркітанушыларымен бірге, Я.Экман, З.Уәлиди, Е.Блоше, Ф.Көпрүлү, У.Киуаметдин сияқты Батыс және Түрік ғалымдары да бұл әдеби жәдігерді зерттеуде өз үлестерін қосты. Сондай-ақ соңғы жылдары қазақ ғалымдарының бұл жазба мұраға деген қызығушылығы артып, зерттеу нысанына айналып келеді. «Қазақ әдебиетінің тарихы» 10 томдығының Ежелгі және орта ғасырлық әдебиетке қатысты 3-ші томында Махмұт ибн әл-Кердеридің шығармасы алғаш рет ұлттық дүниетаным тұрғысынан қарастырылды.

XIV ғасырда, анығы 1358 жылы соңғы нүктесі қойылған бұл шығарма біздің күнімізге дейін бірнеше нұсқада жетіп келді. Бүгінде бұл шығарманың қолжазбалары Санкт-Петербург (бір), Уфа (бір), Ульянов (бір), Астрахан (бір), Қазан (жеті), Стамбул секілді қалалардағы кітапханаларда сақталған. Бұл аталған қолжазбалардың ішіндегі ең көнесі – Стамбулдағы нұсқа болып есептеледі. Бұл нұсқаның қай жылы көшірілгені туралы кәтиб: «Бұл кітап тарих жеті жүз алпыс бірде, Алланың қасиетті айы – Жумәдул-улә айының алтыншы күні сәске уақытында аяқталды. Және бұл кітаптың авторы осы жексенбі күні өткінші дүниеден мәңгілік дүниеге аттанды», - деп,

шығарманың біздің жыл санағымыз бойынша 1360 жылы көшірілгенін, сондай-ақ, шығарма авторының осы жексенбі күні дүниеден өткеніне тоқталған. Ғылымға белгілі бұл ең көне нұсқаны түрколог-ғалым Я.Экман 1956 жылы Түркияда жариялаған. Біз шығарманы тәржімалау барысында осы нұсқаға сүйендік. Сондай-ақ Стамбул нұсқасынан отыз жылдан кейін көшірілген тағы бір нұсқаны Ялта музейінің ғылыми қызметкері Я.Кемал Қырымнан тауып, бірнеше бөліктерін жариялаған. Өкінішке қарай бұл нұсқа жоғалған.

4.5. Әмір Темір және оның ұрпақтарының Ұлы Жібек жолының мәдени өміріне ықпалы

Ұлы Жібек жолы кезінде атақты Әмір Темір билік құрған мемлекетінде ислам дінін мемлекеттік деңгейге көтеруі – оны өзге әлем жаулаушыларынан ерекшелеп тұрады. Ол ислам дінінің сопылық бағытын ұстанған Әмір Темірдің дінді жоғары көтеруі арқылы мәдени өмірге де үлкен ілгерілеушілік байқалды. Әмір Темір ғылымға көңіл бөліп, түрлі ғылым салаларын өз мемлекетінде дамыту үшін ғалымдар шақыртқан, олармен Алтын Орда, Ақ Орда, Хорасан, Иран, Батыс Мағриб аймағындағы мәселелерді талқылауға өзі де қатысып отырған. Түрлі саяси мәселелер талқыланып, Темірдің тарапынан оларға зор ілтипат көрсетілген.

Әмір Темірдің адами ерекшелігі ол бар байлықты жеке басына емес, мемлекет мүддесіне қарай пайдалануды көздеді. Сондықтан да оның ұлан-байтақ империясында әртүрлі елден келген қолөнершілер мен сәулетшілер, ғалымдар жұмысқа тартылды. Олар Мауереннахер қалаларын салуда, өркендетуде орасан зор үлес қосты. Исфаган, Шираз, Сирия, кіші Азия,

Азербайжан т.б. елдерден келген мамандар Самарқандта бірнеше тамаша сарайлар, мешітпен медресе т.б. салдырды.

Әмір Темір өз заманының ірі әскер қолбасшысы ғана емес, сонымен қатар мемлекетті құру, ішкі қатынастарды шешуде де үлкен ақыл-ой иесі болды. Орта Азиядағы ислам өркениетіне үлкен үлес қосты.

Әмір Темірдің немересі, ғұлама ғалым, заманында ғылым мен өнердің қамқоры болған Ұлықбектің Ұлы Жібек жолы бойындағы рухани мәдениет тарихында орны ерекше. Темір әулетінде 1394 жылы дүниеге Мұхаммед Тарағай деген бала келді. Кейін оған Ұлықбек деген лақап ат беріледі. Оның әкесі Шахрух Темірдің үшінші баласы еді. Шахрух біраз уақыт билеуші болып, кезінде ғылымның өркендеуіне үлкен қайырым жасаған кісі. Ұлықбек жастайынан поэзияға, тарихи білімге, астрономия мен математикаға құмарланады. Ұлықбектің ғалымдығының қалыптасуына оның атасы Темірге ілесіп мәдени, ғылыми дәстүрлері бай елдерді аралауы үлкен әсер етеді. Ұлықбек жас шағында осылай Армения, Әзербайжан, Грузия, Иран, Түркия және Ауғанстандарды аралап көреді. Бұған қосымша, Ұлықбектің ғалым болып шығуына әкесі Шахрух жиыстырған Самарқандағы аса бай кітапхана да зор себепші болады.

Ұлықбек Апплатун, Аристотел, Гиппарх, Птолемей сияқты ежелгі грек ғалымдарының классикалық еңбектерімен жақсы таныс болады. Сонымен қатар, ол өзінен бұрын өмір сүрген Орта Азияның көрнекті оқымыстылары Хорезми, Фараби, Ферғани, Бируни, Ибн Сина, Насыреддин әт-Тусилердің негізгі еңбектерін жете білген.

Бірақ жас Ұлықбекті қоршаған билеуші топ оның ғылымға ден қоюын құптамайды. Темір өлгеннен кейін империясы екі

бөлікке бөлінеді: бірі Хорасан, екіншісі Мавераннахр. Соның екіншісіне 15 жасар Ұлықбекті әкім сайлайды. Айта кетерлік бір жәйт оңтүстік Қазақстанның көп қалалары (Отырар, Тараз, т.б.) осы Ұлықбекке тиеді. Сарай төңірегіндегілер Ұлықбектің әскери қызметке, дипломатиялық өнерге деген құмарлығын арттыруға бар күшін салып бағады, оның асқан ғалым емес, ата жолын қуушы әмір болуын көздейді. Бұл ықпалдан шыға алмаған Ұлықбек алғашқы жылдары (1425 және 1427 жылдары) бірсыпыра жорықтарды басқарып, олардың кейбірін сәтті аяқтап жүреді. Ол ел басқарушылық және әскери талантының бар екенін танытады.

Алайда, Ұлықбек мәдени құрылыстарға көп көңіл бөледі. Самарқанда, Ғиждуанда, Бухарада және басқа қол астындағы қалаларда көрнекті-көрнекті құрылыстар салдырады және Темірдің тұсында аяқталмай қалған құрылыстарды аяқтайды. Ұлықбектің өнер-білімге деген іңкәрлігі күн асқан сайын күшейе түседі. Ол қаңқұйлы соғыстардан гөрі әлем сырын ашып, оның құпиясын білуге ынтығады. Оның ғылыми мұрасын зерттеген атақты өзбек ғалымы, академик Т.Н.Қары-Ниязов өзінің «Ұлықбектің астрономиялық мектебі» атты еңбегінде: “Ұлықбектің қызмет -әрекеттері көп жағынан ілгерілерінен бөлек болды, оның өз кезінде, әсіресе, ғылым саласында прогрестік роль атқарған сөзсіз» деп Ұлықбектіңөз заманындағы асқан білімпаз билеуші-әмір ретіндегі қасиетін жоғары бағалайды (Қары-Ниязов: 1950: 15).

Ұлықбектің мемлекеттік қайраткер ретінде істеген ең ірі жұмысы – Самарқанда аса зор астрономиялық обсерватория салдыруы болды. Бұл Ұлықбектің ғылым мүддесін көздеп, болашақ үшін жасаған үлкен ерлігі болып саналады. Бұл обсерватория еріккен әкімнің атаққұмар жеңіл мінезінен туған

нәрсе емес. Ол қайта, ғылыми келешегін дұрыс бағалап, шын жаңкүйері бола білген оқымыстының ғылымға тартқан тартымды сыйы еді.

Ұлықбек обсерваториясы одан бұрынғы батыс және шығыс елдерінің обсерваторияларының бай дәстүрлері негізінде салынады. Бұл тұрғыдан, әсіресе, XII ғасырда Азербайджанда көрнекті математик және астроном Насыреддин әт-Тусидің басшылығымен салынған Марага обсерваториясының тәжірбиесі көп игілікті ықпал жасады. Бұл обсерваторияда “Ельхан астрономиялық таблицалары” деген еңбек жазылған болатын. Ұлықбек обсерваториясының салынуына XV ғасырдағы аса дарынды ғалым Жәмшид Гиясэддин әл-Кәшидің көп көмегі тиді. кейінгі зерттеулер әл-Кәшидің Ұлықбекке дейін де обсерватория салу туралы бірнеше рет мәселелер қойғанын анықтады. Бірақ керітартпа әкімдер ғалымның игілікті ұсынысына құлақ аспайды. Әл-Кәшидің бұл ниеті Ұлықбектің тұсында жүзеге асады. Ұлықбек обсерваториясының негізгі мақсаты – дәлдігі өте жоғары бақылаулар жасай отырып, Марага обсерваториясында жасалған астрономиялық таблицалардың қателерін түзету болды.

Обсерваторияның құрылысын және оны астрономиялық құралдармен жабдықтау жағын әл-Кәши басқарады. Обсерватория үш жылда салынып бітеді, бірақ небәрі 27-28 жыл ғана жұмыс істейді. Обсерваторияның басқарушысы әл-Кәши өлгеннен кейін Қазы-Заде Руми, ол өлгеннен кейін әл-Құшшы басқарады. Ұлықбек обсерваториясынан бұрын да шығыстың түрлі елдерінде әркезде бірнеше обсерваториялар салынған-ды. Бірақ, олардың бірде бірі көлемі, жабдықталуы, алдына қойған мақсаты жағынан бұл обсерваторияға тең келе алмайды. Мұнда телескоп ойлап табылғанға дейінгі негізгі астрономиялық аспап-

құралдардың барлаға да – горизонталь дөңгелек, биіктігі 50 метрге жуық алып квадрант. Күн және астрономия сағаттары, сан түрлі бұрыш өлшегіш нәзік құралдар болды.

Міне, осылардың көмегімен обсерваторияда көптеген сындарлы астрономиялық бақылаулар мен зерттеулер жүргізіледі.

Ұлықбек өз дәуірінің алдыңғы қатарлы, озат ойлы адам болды. Ол жан-жағына ілім шарапатын мол шашуға тырысты. Ғылым мен мәдениетті дамыту мүддесін ескеріп, Ұлықбек бірнеше жерде (Бухарада, Ғиждуанда, Самарқанда) жаңа типті оқу орындарын ашты. Бұларда сабақ беру үшін мұғалімдері діни дәрежесіне емес, білім дәрежесіне қарай іріктеп алды (Ысқақов: 1994: 17)

Ұлықбекке ғылымға өзі белсене араласып қана қоймай сол тұстағы Орта Азияның көрнекті оқымыстыларын маңына топтастырған. Медресе мен обсерваторияның жұмысына «Заманының Аплатоны (Платоны)» атанған Қазы Заде ар-Руми, жоғарыда аталған атақты математик және астроном Жәмшид әл-Кәши, оның баласы Мансур Кәши сол дәуірдің Птоломейі атанған Алаеддин әл-Құсшы және басқа да бірсыпыра оқымыстылар ат салысады. Ұлықбек оларды қадірлеп, пікір-кеңестеріне әрдайым құлақ асып отырған. Мәселен, обсерватория салардан бұрын Қазы-Заде ар-Руми бұрынғы ескі обсерватория жұмыстары жөнінде түсінік берген, әл Жәмшид әл Кәши астрономиялық аспап құралдар жайында нұсқау-кітап жазған.

Ұлықбек маңына топталған бұл ғалымдар –математика және астрономия салаларында едәуір еңбек етіп, ғылым тарихында белгілі із қалдырған оқымыстылар. Солардың бірі – Қазы Заде ар-Руми Кіші Азияда туып өскен. Ол жоғары білімді

Хорасанда және Мавераннахрда алады. Самарқанда ол талантты ғалым, әрі ұстаз ретінде аса үлкен даңққа ие болды. Қазы-Заде Ұлықбектің мұғалімі болған. Ол «Арифметика туралы», «Астрономияға түсініктеме», «Фигуралар туралы түсініктеме», «Синус туралы» трактаттар жазған.

Обсерваторияда қызмет еткен оқымыстылардың барлығы ғылыми еңбектерін сол кездегі дүние жүзілік ғылым тілі саналған араб тілінде жазған. Ара-кідік парсы тілінде жазылған шығармалар да кездеседі.

Ұлықбек обсерваториясының ең басты еңбегі – «Зидж Гурганидың» («Ұлықбек зиджі») жасалуы болып табылады. Бұл Ұлықбектің басшылығымен жүргізілген көп оқымыстылардың коллективтік еңбегі болып табылады. «Зидж» деген парсы сөзі, ол астрономдар мен географтар үшін жасалған таблицалар жинағы дегенді білдіреді.

Ұлықбектің обсерваториясында түрлі елдердің байырғы астрономиялық білім-дағдылары жинақталып, «Ұлықбектің баяндауындағы Қытайдың, Сирияның, гректің, арабтың, парсының, Хорезмның атақты астрономдары» деген атпен жеке кітап болып жарыққа шығады. Мұнда астрономияның теориялық негіздерімен қатар 1019 жұлдыздың орнын көрсететін каталог жасалған.

Бұл каталог дәлдігі жөнінен Тихо Брагениң бақылауларына дейінгі барлық каталогтардан тәуір болды. Ол Лондонда 1650-65 жылдардың өзінде қатарынан үш рет басылып шықты. XIX ғасырдың орта кезінде Ұлықбек таблицаларының Лондондағы астрономиялық қоғам қайта бастырады. «Кіріспенің» толық аудармасы жарияланады. Салыстыра зерттеу үшін ол таблицалардың маңызы келешекте де еш төмендемек емес.

Ұлықбек обсерваториясында да экватордың эклиптикаға көлбеулігі бес планетаның орташа жылдық қозғалысы жұлдыздық жылдың ұзақтығы жөнінде дәлдігі өте жоғары өлшеулер жүргізілді. Ұлықбектің өлшеуі бойынша бір жылда 365 күн 6 сағат 9 минут 15 секунд бар. Сонда жіберілген қате бір минуттан да аз. Осылармен қатар Ұлықбек обсерваториясында жылдық процессияның мәнін бұрынғыларға қарағанда дәлірек тапты деуге негіз бар.

Осы обсерваториядағы жүргізілген өлшеулердің тамаша дәлдігіне дән риза болған оқымысты Лаплас Ұлықбекті өте көрнекті бақылағыш деп бағалаған.

Ұлықбек обсерваториясында астрономиямен қатар, математиканың да көп тараулары зерттеліп, ілгері дамытылады. Астрономия мұқтаждығын өтеу мақсатында аса кемелдендірілген тригонометриялық таблицалар жасалған. Мұнда олар математикалық жаңа әдістер мен есептеулерді қолданады.

Ұлықбек орта ғасырларда діни фанатизмнің өршіп тұрған кезінде өмір сүрді. Бірақ оның өз басы мұсылмандық жолдан оқшау тұрды. Ұлықбек көптеген діни әдет ғұрыптарды сақтамады, сондықтан да оны мұсылман дін басылары барынша жек көрді. Ұлықбектің еркін ойлығын сипаттайтын мындай бір фактыны келтіруге болады. Ұлықбектің әкесі Шахрухтың қарамағында Шейх Қасым Әнуар дейтін мұсылман жолынан ауытқушы мистик өмір сүреді. Ол Шахрухқа қастандық жасады деп айыпталып, елден аластылады. Алайда, Ұлықбек Самарқанда оны жақсы қарсы алып, Әнуармен достасып, пікірлес жақын адам болады. Бұл олардың идеяларының өте жақын екендігін көрсетеді.

Ұлықбектің ғылымға өте беріліп кетуі, прогресшіл еркін ойлары, шейхылардан ғылым адамдарын жоғары қоюы мұсылман дін басшылары арасында қатты наразылық туғызды. Олар Ұлықбекті райынан қайтарып, ғылымнан бездіргісі келеді, үгіттейді атасы мен әкесін үлгі етеді. Адам ақыл-ойының күшіне сенімі мол Ұлықбек ғылымды тастай алмайды, ол көңілдегі күдігін ашық айтып салады: «Дін тұманша сейіледі, патшалық жойылады, ал ғылыми еңбек мәңгі бақи сақталады».

Ұлықбек Самарқаннан Меккеге кетуге мәжбүр болады. 1449 жылы 27 қазанда «діннен безді» деген атақ тағылып, Меккеге кетіп бара жатқан Ұлықбекті діншілдердің үгіттеуімен Ұлықбектің өз баласы Әбдел-Латифтың жеңдеттері қылышпен шауып өлтіреді. Орта Азия мәдениетінің тамаша өкілі, өз заманының асқан ғалымы, көрнекті астроном Ұлықбектің өмірі аяқталады.

Профессор Қары-Ниязов Ұлықбектің кертартпа мұсылман дін басыларының тікелей нұсқауымен басы кесілуін Джордано Бруноның христиан инквизициясының әмірі бойынша отқа өртелу фактісімен орында салыстырады. Бұл Европада да, Азия да, Батыста да, Шығыста да дінінің ғылымға жау болғанын сипаттайды.

Ұлықбектің ғылым жолындағы жасалған ерлігін діншілдер қанша әрекеттенгенмен, жоқ ете алмайды. Халық ұлықбек есімін әр кезде жоғары тұтып, оның мәдениет үшін істеген көрнекті еңбегін аңыз етіп, айтып жүреді. Ұлықбектен сәл кейін өмір сүрген данышпан ақын Әлішер Науаи ол туралы былай деп дазған: «Сұлтан Ұлықбек, Әмір Темірдің әулеті, дүниеде теңдесі жоқ патша болды. Оның туысқандарының бәрі ол дүниеге сапар шекті. Оларды қазір кім біледі? Ал Ұлықбек ғылымға қол созып көп нәрсені игерді. Ол десе аспан төмен

түсіп, жұлдыздар жақын келер еді. Оның ашқан заңдары мен ережелері дүниенің ақырына дейін әр уақытта адамдар кәдесіне жарай береді...»

Ұлықбек өлгеннен кейін мұсылман фанатиктері обсерваторияны талқандап, кітап-құралдарды шашып, талан таржға салады. Ұлықбек мектебінің белсенді өкілі әл-Құшпы Меккеге тауап қылуды сылтау етіп, ең басты ғылыми еңбектерді шет елге алып кетпегенде, Ұлықбектің астрономиялық мектебінің тамаша жетістіктері жайлы тарих еш нәрсе білмей қалған болар еді. Алғаш әл-Құшпы, кейіннен Қазы-Заденің немересі Мариям Шелеби ол еңбектерді іріктеп, түсініктемелер жазып, Стамбулда жарыққа шығарады. Осылар арқылы Ұлықбек обсерваториясының негізгі жетістіктері Европада кейіннен ғылымның дамуына белгілі дәрежеде ықпалын тигізеді.

Ұлы Жібек Жолының рухани-мәдени құндылықтарықатарында орта ғасырларда Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан үлкен ойшыл, кемеңгер ғалымдардың бірі – ЗахириддинБабыр туралы арнайы айтқан жөн. Оның ғажайып ерлікке толы өмірі, саяси-әлеуметтік қызметі, әсіресе «Бабырнама» атты шығармасы Орта Азия мен Қазақстанның мәдени тарихынан елеулі орын алады.

Захириддин Бабыр (1483-1530) – көрнекті мемлекет қайраткері, даңқты қолбасшы, ғажайып өлең-жыр жазып кеткен ғұлама ақын, тарихшы. Жастайынан өнерге, білімге өнерге құштар болған Бабыр түркі тілдерімен қатар араб және парсы тілдерін де жақсы меңгеріп, Шығыстың классикалық поэзиясынан еркін сусындаған, тарих, философия, табиғаттану ғылымдары бойынша, сәулетшілік және соғыс өнерті бойынша өз заманына лайықты едәуір білім алған. Ержүрек батырлығы

үшін оны бала кезден-ақ Бабыр (арабша «бабур» – «арыстан» деген сөз) деп атап кеткен.

Бабыр тек жалаң саясатшы, жауынгер қолбасшы ғана болмаған, сонымен бірге ол XVI ғасырдың атақты ойшылдарының бірі. Бабыр жазушы-ғалым ретінде өз артынан едәуір әдеби мұра қалдырған адам. Оның біздің заманымызға жеткен еңбектерінің ішінен «Бабырнаманы», «Мубайин» атты өлеңдер жинағын, «Хәтти Бабри» атты өзі жасаған жаңа алфавитті, махаббат тақырыбына жазылған көптеген газелдер мен төрт жолдық өлең шумақтарын ерекше атуға болады. Бабыр сонымен бірге музыка, поэзия және соғыс туралы да көптеген трактаттар жазған.

Захириддиннің «Бабырнамасы» – энциклопедиялық еңбек. Ол тарихшылар мен этнографтар, әдебиетшілер мен тілшілер үшін де баға жетпес құнды деректері бар, орта ғасырлар тынысын дәл де анық жеткізе білген бағалы туынды. Бұл құнды еңбек орта ғасырдан бастап, әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Бабырдың есімін әлемге паш еткен шығармасы – «Бабыр-наме». Кезіндегі түркі халықтарының бәріне бірдей ортақ болып келген әдеби тілде – шағатай тілінде жазылған бұл прозалық шығарма үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде –XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың бас кезіндегі Орта Азиядағы негізгі саяси оқиғалар баяндалады. Ол кезде «Кабул-уәлаяты» деп аталатын, қазіргі Ауғанстан аумағындағы маңызды тарихи оқиғаларды екінші бөлімінен оқуға болады. Үшінші бөлімінде солтүстік Үндістандағы саяси оқиғаларды, елдің жағдайын, географиясын, табиғатын, халқын, әдет-ғұрпын, салт-санасын т.б. көркем тілімен бейнелеп көрсетуге арналған. Бұл еңбек жайында Бабыр өзі былай дейді: «Мұнда жазылғанның

бәрі ақиқат. Мен өзіме-өзім мынадай шарт қойдым: әрбір оқиға қалай болғанын-дәл осылай етіп жазамын, мен жазған әрбір сөз шындық болсын. Сондықтан, өзімнің туысқандарымның жақсы жақтарын да, жаман жақтарын да жасырмай айттым. Өзіме жақын жандардың да, жат кісілердің де кемшіліктері мен игі қасиеттерін баян еттім...» (Әдеби жәдігерлер: 2011: 13).

Бабыр еңбектерінің ішінде «Бабырнаманың» алатын орны ерекше. Бабыр парсы тілін жақсы білгенімен, «Бабырнаманы» өзінің ана тілі – түркі тілінде жазған. Бұл шығарма Бабырдың есейген шағында, патша болып тұрған кезінде, Үндістанда жазылған. Сондықтан да автор мұнда көбінесе өзінің жастық шағын, өзі туып өскен жерлерді сағынышпен еске түсіреді. Кітап сол кездің әдебиетіне тән сөзуарлық, тақуалық, тілмарлықтан аулақ, халыққа түсінікті қарапайым тілмен жазылған. Шығарманың басты кейіпкері автордың өзі. Шығармада, ол бір жағынан, айлакер, саясатшы, қатал қолбасшы ретінде көрінсе, екінші жағынан, әдебиетке, өнерге, ғылымға ерекше ықыласпен қараған, қамқорлық жасаған кісі болып танылады.

Бірақ «Бабырнама» – тек түрік монархының ғана өмірбаяны емес, сонымен бірге ол өз заманының тамаша тарихы. Бұдан XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында Орта Азия, Хорасан, Ауғанстан және Үндістанда болған саяси оқиғалар мен ұрыстар тарихын анық көресін. Автор сонымен бірге өз замандастарының – әмірлері мен бектердің, ақындар мен ғалымдардың, суретшілер мен зергелердің тамаша бейнесін бере білген. Олардың түрі, киімі, әдет-ғұрпы, талғамына дейін бастан аяқ суреттеген. Сол сияқты өзі жүрген елдің географиялық жағдайын, ауа райы, шаруашылығын, кәсіпшілігін де жазып отырған.

«Бабырнамада» сонымен бірге падишах пен әмірлерге, әскер басыларымен тарихандарға да елеулі орын берілген. Өйткені бұлар Орта Азия мен Хорасанның XV-XVI ғасырладағы тарихында елеулі рөл атқарған. Бабыр тархандар мен әскер басылардың қорқаулығын, сараңдығын, мансапқорлығын шебер суреттейді. Олардың қандай жолмен болса да, басып алуға тырысқан әрекеттерін әшкерелейді.

Бабыр өз кітабында тек әмірлер мен тархандардың ғана бейнелерін жасамаған, сонымен бірге ол заманда өмір сүрген Орта Азияның аса ірі мәдениет және әдебиет қайраткерлерінің де бейнелерін бере білген. Ол тәжік әдебиетінің ұлы классигі Абдрахман Жәми, түркі әдеби тілінің негізін салушы Әлішер Науаи, XVI ғасырдың атақты суретшілері Камаладдин Бекзад, Шах-Музаффар және басқалар туралы өте жоғары пікір айтады. Мәселен, Бабыр Әлішер Науаи жөнінде былай деп жазады: «Әлішер бек теңдесі жоқ адам еді. Түркі тілінде өлең жазғандардың ішінде одан көп және одан жақсы жазғаны жоқ. Әлішер бек сияқты ғылым мен өнерге қамқорлық жасаған адам бұран-сонды болды ма? Ұста бекзад пен Шах Музаффар да Әлішердің қамқорлығы мен көмегінің арқасында өз өнерлерін өрістетіп, үлкен атаққа ие болды. Ол салдыран пайдалы құрылыстар сияқты жүргізген адам кемдекем» (Әдеби жәдігерлер: 2011: 351).

Белгілі шығыстанушы-ғалым, академик В.В.Бартольд «Бабырнаманың» көркемдік дәрежесін атай келіп, оны «түркі тіліндегі прозалық шығармалардың ең жақсы үлгілерінің бірі» деп жоғары бағалады (Бартольд: 1973: 488).

4.6. Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихшы ғалымдар мен олардың еңбектері

Ұлы Жібек жолы кезіндегі рухани мәдениетке өлшеусіз үлес қосқан атақты тарихшы Қадырғали Қосымұлы Жалаири XVI ғасырдың ортасы мен XVII ғасырдың басында өмір сүріп, қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырды. Ресейдің атақты патшасы Борис Годуновтың қол астында жүріп, 1602 жылы «Жылнамалар жинағын» жазып бітірген. Бұл – қазақ тілінде жазылған тұңғыш ғылыми еңбек. Қадырғалидың ата-бабалары Қарахандар әулеті билігінен бері үздіксіз хан сарайында қызмет етіп, ханның ақылшы-кеңесшісі, қол бастар батырлары болған. Жастай білім алып, бірнеше тіл меңгерген Қадырғалидың өзі де хан сарайында қызмет атқарып, хан балаларын тәрбиелеу ісімен айналысқан. Шығай ханның баласы Ондан сұлтан жау қолынан өлген соң, оның 13 жасар баласы Ораз-Мұхаммедті алып, өзіне қараған елмен Сібірдің Көшім ханының қол астына көшіп кетеді. Қадырғалидың білімділігіне, ақыл-парасатына риза болған Көшім хан оны төбе би етіп сайлайды, өзінің ақылгөй кеңесшісі етеді. Бірақ ол онда ұзақ бола алмайды, кейін Сібір кінәзі Сейдектің ықпалымен, онымен бірігіп, Көшім ханға қарсы шығады. Сөйтіп ол енді Ораз-Мұхаммедпен бірігіп, Сейдектің мәртебесін көтереді. Осында жүргенде оларды Сібір воеводасы Данило Чулков алдап тұтқынға түсіреді. Қадырғалиды Ораз-Мұхаммедпен бірге Мәскеуге жөнелтеді. Кейін шведтерге, Қырым хандығына қарсы соғыста ерлік көрсеткені үшін орыс патшасы Ораз-Мұхаммедке Ока бойындағы Қасым хандығынан иелігіне жер бөліп береді. 1600 ж. орыстың жаңа патшасы Борис Годунов оны Қасым хандығының ханы етіп қояды. Қадырғалионың төртбиінің бірі болыптағайындалады. Ол осында

ғылыммен шындап айналысады. Ана тілі мен біргеараб, парсы тілдерін де жақсы меңгеріп, Шығыстың әдебиеті мен мәдениетін, ғылымын терең зерттейді. Соның нәтижесінде ол Орта Азияның сол кездегі атақты ғұламаларының деңгейіне көтеріледі.

Жалайыри кейін «Жами ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») деген атпен әлемге әйгілі болған өзінің атақты еңбегін жазады. «Жылнамалар жинағы» – орта ғасырдағы қазақ тілінде жазылған тұңғыш тарихи шығармалардың бірі. Мұнда Қазақ хандығының Х ғасырдың басынан бергі ішкі-сыртқы жағдайлары, қазақ тайпаларының халық болып қалыптасуы, оның халықаралық жағдайлары, хандардың және олардың төңірегіндегі түрлі әлеуметтік топтардың саяси ахуалдары жөнінде аса құнды мәліметтер берілген.

Қазақ ғылымында Қадырғали Жалайыридің осы еңбегі туралы тұңғыш рет көрнекті ғалымдар, ҚР ҰҒА академия Р.Сыздықова мен тарих ғылымының докторы, профессор М.Қойгелдиев 1991 жылы «Қадырғали би Қосымұлы және оның шежірелер жинағы» атты зерттеу жазып шығарса, 1996 жылы тарихшы-ғалымдар Б.Көмеков, Н.Мингулов және С.Өтениязов «Шежірелер жинағын» алғаш рет қазақ тіліне аударып, жеке кітап етіп бастырды.

Орта Азия және Қазақстан халықтарының рухани мәдениетін қалыптастырудағы Ұлы Жібек жолының тарихында орны ерекше Мұхаммед Хайдар Дулати – Орталық Азиядағы түркі халқының ғылымы мен мәдениеті һәм әдебиетінің де қалыптасуына үлес қосқан үлкен майталман, өз заманының озық ойлы әмбебап дарын иесі. Сол себепті де тәуелсіздігін алғалы өткеніне үңіліп, өшкенін тауып жатқан республикамыздың өз ғалымдары ғана емес, сондай-ақ әлемнің көптеген елдерінің оқымыстылары да Мұхаммед Хайдар

Дулатисыз қазақ тарихының бастауын елестетудің қиын екендігін мойындайды. Ойшыл шығармашылығына құрметпен қарап, үлкен баға береді.

Ерен еңбегі және игі қызметімен де түркі халқына тұлға болған осындай ойшылды базбір жұрт зиялылары «Мұхаммед Хайдар түрік» деп оның түркі текті екеніне мән берсе, кейбір ел ғалымдары дарабоз дарынды Мырза Хайдар Дұғлат деп тегін парсы тілінің ауанына қарай жазған. Сондай-ақ оны Әмірзада Кашмири деп көрсеткендер де жоқ емес .

Мұхаммед Хайдар Дулати өмір сүрген кезеңнен бастап оның атақты «Тарих-и Рашиди» атты классикалық шығармасы аса ділгірлікке байланысты ғасыр сайын көшіріліп отырған. Мысалы ол XVI ғ. – 3 рет, XVII ғ. – 5, X XVIII ғ. – 3, XIX ғ. тіпті 12 рет хатқа түскен. Мұның өзі осы еңбекке деген қажеттіліктің ешуақытта да күн тәртібінен түспегенін дәлелдейді. Сондықтан асыл дүниенің нұсқаларын қазір де Англия, Франция, Германия, Ресей секілді Еуропа елдерімен қатар Үндістан, Пәкстан, Иран, Өзбекстан және Шығыс Түркістан кітапханаларының қолжазба қорларынан кездестіруге болады.

Ұлы ғалым шығармасына орта ғасырлардың өзінде-ақ Орталық Азия тарихын зерделегендердің соқпай кеткені некен-саяқ. Олар әсіресе Кашмир, Шығыс Түркістан, Тибет секілді көпке дейін жұмбақ, бимағлұм болған елдер жайлы жазғанда көбінесе Мұхаммед Хайдар Дулати деректеріне иек артқан. «Тарих-и Рашидиді» жазба жәдігерлік, сенімді бұлақ көзі ретінде пайдаланған. «Тарих-и Рашидиге» ерекше ынта қойған XIX ғасыр ғалымдарының бірі – Шоқан Уәлиханов. Ол Санкт-Петербургтегі Ресей ғылым академиясы мұражайынан «Тарих-и Рашидидің» қолжазбасын ұшыратып, ол жайлы ойларын өрнектеген. Шығарманың кейбір тұсын мазмұндай аударған.

Соңыра «Тарих-и Рашидиді» атақты Ресей шығыстанушылары В.В.Вельяминов-Зернов, В.В.Бартольд те өз еңбектерінде пайдаланған.

XX ғасырда да Мұхаммед Хайдар Дулати шығармасы ғалымдар назарынан түскен жоқ. Атақты ғалым Әлкей Марғұлан 1941 жылы «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында ол жайлы «Қазақтың тұңғыш тарихшысы» атты арнайы мақала жазып халқымыздың тарихының тереңде екеніне көңіл аударған.

Ал, Еуропа жұртшылығы Дулати шығармасымен бұдан 100 жылдай бұрын-ақ танысқан. «Тарих-и Рашиди» табылған соң шығыстанушы Денисон Россоны ағылшын тіліне аударып Нэй Илайестың үлкен алғысөзімен 1895 және 1898 жылдары Лондонда екі рет бастырған. Осы аударма Мырза Хайдар шығармасының әлемге таралуына кең жол ашты.

Батыс Еуропа шығыстанушылары Х.Беверидж, В.Беллюю, Дж. Бригтс, Дж. Даусон, Х.Джэррит, Р. Шоу, Э.Эллиот, В.Эрскайн де Үндістан тарихын зерделегенде ұлы ғалым еңбегіне сан рет жүгінген.

Әйтсе де «Тарих-и Рашидидің» көпке дейін орыс, қазақ тілдеріне тәржімаланбауына байланысты біртуар кемеңгер жайлы жазылған еңбектер республикамызда аз болды. Мүмкін ол Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының парсы, ежелгі түркі тілінде жазылып дүние жүзіне шашырап кеткендігінен де болар.

Дегенмен 1996 жылы Ташкентте үлкен парасат иесінің «Тарих-и Рашидиі» орыс тіліне тәржімаланып жариялануы һәм оны республикалық «Санат» баспасы 1999 жылы өз оқырмандарымен қауыштырған соң, ғалым мұрасына қызығушылық арта түсті. 2003 жылы «Тарих-и Рашиди»

тұңғыш рет парсы тіліндегі қолжазбадан шығыстанушы, ғалым Ислам Жеменей тәржімасымен де Алматыда жарық көрді. Ежелгі Тараз және әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеттері ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық бірнеше конференциялар өткізді. Тараз мемлекеттік университетіне, Алматы мен Астана және Қазақстанның өзге де қалаларының көшелеріне Мұхаммед Хайдар Дулатидың аты берілді.

Ғалымның 500 жылдық мүшел тойы ЮНЕСКО құзырына ілігіп 1999 жылы оны Қазақстаннан басқа әлемнің бірқатар елдері де атап өтті. Сөйтіп ол көрнекті жазушы Ә.Кекілбаев орынды айтқандай Әбу Насыр әл-Фарабидің 1975 жылы өткен 1100 жылдық мүшелтойынан кейін қазақ елінің рухани, мәдени, ғылыми өміріндегі тағы бір ірі де елеулі оқиға болды.

Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің ұзақ та емес, бірақ жарқын оқиғаларға толы жалынды да мәнді ғұмырында сирек ұшырасатын дарындылығы һәм өз шығармаларында ойшылдығы, парасаттылығы, қарымды қаламгерлігімен ерекше тұлғалана көрінген талант иесі. Оның ХҮІ ғасырда түркі жұртын әлемге тағы бір жарқ еткізіп атын ілім, білім көкжиегіне алтын әріппен жаздырған қайталанбас ерекше феномен екенін енді ғана түсіне де, сезіне бастады.

Мұхаммед Хайдар Дулатиды біз негізінен тарихшы ретінде танып, бағалап келдік. Десек те кейбір еңбектерде оның ақын болғандығы жайлы айтылғанымен поэзиясы жайлы ешқандай нақтылы дерек келтірілмейді.

Әйтсе де оның қаламынан «Тарих-и Рашиди» секілді классикалық еңбектен басқа «Жаһан наме» атты поэма да туған. Ғалым еңбектерінің әлем кітапханалары мен қолжазба

қорларына шашырап кеткендігі сияқты поэма да көпке дейін мәлімсіз болып келді. Оны Берлин кітапханасынан кездейсоқ ұшыратып, оқып 1937 жылы неміс тілінде ол туралы шағын да болса тұңғыш мақала жазған атақты башқұрт ғалымы Ахмет Зәки Валиди Тоған болатын.

Әуелі ол поэманың еш жерінде автордың аты аталмайтынына көңіл аударған. Сол себепті, әрі поэма ежелгі түркі әдеби тілінде жазылып Орталық Азияда болған тарихи оқиғалар баяндалатындықтан ба, неміс шығыстанушысы И.М.Хартман (1764-1827) оны Қожа Ахмет Йасауи өлеңдерінен тұратын жинаққа қосқан. Содан оны Ахмет Зәки Валиди оқи келе поэманы жазған Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатиден басқа ешкім де емес деп пышақ кесті тұжырым жасаған. Башқұрт ғалымының уәжін орынды көрген ағылшын шығыстанушысы Ч.А.Стори (1888-1967) парсы әдебиеті тарихына арналған белгілі еңбегінде Мырза Хайдар шығармашылығына бірнеше бет арнай отырып, Хартман коллекциясындағы география туралы өлеңмен түркі тілінде жазылған авторы белгісіз «Жаһан наме» атты шығарманың Ахмет Зәки Валиди дәлелдегендей, Мырза Хайдар еңбегі екенін дәлелдейді. «Жаһан наменің» Берлин нұсқасы 1328, Қашғар нұсқасы 1329 бәйіттен тұрады. Ара-арасында қазақ батырлар жырындағы сияқты қарасөз де араласып отырады. Мұнда әсіресе араб, парсы сөздері мен сөз тіркестері жиі ұшырасады.

Поэманы шартты түрде бірнеше бөлімге бөлуге болады. Алғашқы 110 бәйтті шығарманың «Кіріспесі» дер едік. Оның өзін де көтерген тақырыбы, айтылар жәйттерге орай бірнеше тараушаларға таратуға болады.

Ежелгі мұсылман Шығысы әдебиетінде кейбір көркем дүниелер әдетте «хамд» - мақтау, «мунажат»- мұнажат, «наът» - теңеу (эпитет), «мадх» - мадақ және «сабаби назми китаб» - кітаптың жазылу себебі іспетті шартты бөлімдерден тұрады. «Жаһан намеде» де осы қағида бұзылмаған. Әйтсе де Кеңес дәуірінде ондай шығармалардың көпшілігінің осы бөлімі коммунистік идеология шарттарына сай келмейтіндіктен алып тасталынатын. Біз ол әдетті бұзып поэманың қылауына да тимей, дастан мәтінін толық та түгел бердік. Сонымен дастанның «мақтау» бөлімінде Дулати әуелі (1-14 бәйіттерде) Жаратушыны жырға қосады.

Ал 35 бәйіттен бастап «Тарих-и Рашидидің» «екінші дәптерінде» тәптіштей жазған өмірбаянын мұнда қысқаша өлеңмен жырлауға көшеді.

Уалайатта тұрып едім неше жыл,
Маған ол отандай болып еді, біл
дейді (Әдеби жәдігерлер: 2011: 47).

Автордың «уалайат» деп отырғаны Орта Азия. Өйткені орта ғасырларда Түркістан, Ташкент, Самарқан мен Бұхара, Өндіжан мен Ферғана секілді шаһарлары бар аймақ «уалайат» деп аталғаны тарихи деректерден мәлім.

Мұхаммед Хайдар Дулатиосы уалайатта өткен жастық шағына бірнеше бәйіттер арнаған. Онда ол «көктем мен күз айларында биік төбеге шығып, шалғында шапқылап, көңіл қалаған жерде мәжіліс құрып, немесе әдемі баққа жиылып ойнап-күлген, қуаныш пен шаттықта өткен жастық шағын» сағына еске алады. Бірақ тағдыр жазмышымен ақыры достар тобының ажырап әрқайсысы әр қиянға аттағаны туралы сөз ете келе автор енді 1513-1514 жылдар оқиғасы, яғни «Тарих-и

Рашидиде» айтылғандай өздері Әндіжан аймағында тұрған кездері мұнда Әбу Бәкірдің шапқыншылық жасағанын суреттеуге көшеді.

Автор мұнда «Тарих-и Рашидидің» жеті-сегіз тарауына жүк болған сан-алуан оқиғаларды бар-жоғы оншақты бәйтке сыйдырып жіберген. Әрі онда сол кездегі қоғамдық саяси-жағдай, ел өмірі, халық басына қасырет әкелген Әбу Бәкірдің зұлымдығы, бірақ оның өзінің де ақыры мерт болғаны суреттелген. Ақын Әбу Бәкірге Саид ханның әділеттілігін, парасаттылығын қарсы қояды. Бір қызығы бірақ Дулати 60-бәйтте Әбу Бәкірді Әбу-л-Қасым Фирдаусидің (940-1030) «Шаһ намесінің» бас кейіпкері Рүстем батырмен салыстырып, мақтап отырған сияқты көрінеді. Әйтсе де оның айтайын деп отырғаны Әбу Бәкірдің Рүстем сияқты алып тұлғалы болғандығы ғана.

Саид хан таққа отырып көңілі жайланғаннан кейін бұрынғы дұшпандарының көпшілігіне кешірім жасап оларды өз жағына тартуға тырысқан. Халықтың тұрмыс жағдайын түзетіп, шекарасын кеңейтіп, нығайтуға әрекет жасаған. Қираған қалалар мен елді мекендерді қалпына келтіріп, мешіт, медреселер салдырған.

Поэманың «Негізгі бөлімі» сөйтіп осы 1290 бәйтпен біткен. Әрі қарай 1306 бәйтке дейін Дулатидың өмір, тағдыр жайлы философиялық толғанысы берілген.

Бұл ретте Мұхаммед Хайдар Дулати: «өміріңнің тұлпары жүргелі тұр, ал сен кейде ояу, кейде ұйқылысың, бейқамсың. Уақытты бос өткізбей тіршілік ет. Өйткені өмір өте шығады. Ал артыңда еңбегің, игі істерің, қол жеткен табысың жеміс боп қалады. Сондықтан ешқашан бос жүрме» деген салиқалы да мәнді ой айтады.

Мұхаммед Хайдар Дулати әділ әмірші, әділ патшаны идеал етті. Қарапайым халыққа жақын болды. Олардың мұң-зарын түсіне білді.

Оның «Тарих-и Рашиди» еңбегінің құндылығы оның қазақ тарихы мен әдебиетін және мәдениетін өткен түркілік дәуірмен, исламдық тарихи кезеңмен сабақтастыра алуы болды. Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларын жан-жақты зерттеген көрнекті шығыстанушы-ғалым Ә.Дербісәлі: «Тарих-и Рашиди» секілді «Жаһан наме» де тарих төрінде, халық жүрегінде тұратын классикалық асыл мұра. Ал асыл мұралар әдетте халқымен бірге мәңгі жасайды» деп әділ бағасын берген еді (Дербісәлі: 2006: 47).

Ұлы Жібек жолы бойында өмір сүрген халықтардың рухани мәдениетінде XVII ғасырда өмір сүрген көрнекті қоғам қайраткері, тарихшы Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресі» («Шежіре-и түрк») атты еңбегінің мән-маңызы зор.

Жошы ұрпағынан тараған Хорезм ханы Арабмұхамедтің отбасында туып өскен Әбілғазы жас кезінде әкесі салдырған медреседе білім алып, ғұламалардың дәрістерін тыңдайды, халық ауыз әдебиетін, тарихты оқып біледі, әскери өнер мен мемлекетті басқару ісін меңгереді. 16 жасынан Хорезм хандығының астанасы Үргеніштің жарты бөлігіне билік етеді. Хандық билік үшін талас күшейіп, 1621 жылы ауыр жараланған жас ханзада әрең қашып құтылады. Маңғыстаудағы түрікмендерді, қазақ хандары Есім мен Тұрсын хандарды паналайды. 1628 жылы ағаларының қолына түсіп, Иранға жер аударылады. Он жылдай Исфаһан қаласында айдауда болып, 1638 жылы қашып шығып, түрікмен руларының арасында жасырынады. 1640-1641 жылдары Жем өзені бойындағы қалмақ ханы Хо-Үрліктің ордасында тұрған оны Арал қазақтары көп сыйлық беріп сұрап алып, өздеріне хан көтереді. 1643 жылы

Хиуа ханы Аспандиярға қарсы көтерілген Арал қазақтарына Әбілғазы қолдау көрсетіп, бұл іске өзбектер мен қарақалпақтарды да жұмылдырады. Бірлескен іс-қимыл нәтижесінде 1645 жылы олар Хиуаға иелік етіп, Әбілғазы хан болып жарияланады. Жиырма жылға жуық уақыт бойы Хиуа хандығына билік еткен Әбілғазы ұзақ жылдар түрікмен тайпаларымен соғысып, хандыққа баса көктеп кірген қалмақтармен қиян-кескі шайқастар жүргізеді, Бұхараға шабуыл жасайды. 1663 жылы ғана хандық биліктен қажыған Әбілғазы тағын ұлы Ануш Мұхамедке береді де, өзі толығымен шығармашылықпен айналысады.

Әбілғазы Баһадүр хан (1603-1664) шығыстың аса білімді адамдарының бірі ретінде танылып, жазушы, ақын, тарихшы, шежіреші болды, араб, парсы, түркі және т.б. тілдерді жақсы білді. Тарихи әдебиетті көп оқып, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, ру-тайпалар шежірелерін терең меңгерді. «Шежіре-и тарихима» («Түрікмен шежіресі») және «Шежіре-и түрік» («Түрік шежіресі») атты екі үлкен іргелі тарихи еңбек жазып қалдырды. Хандық құрған кездегі негізгі әскери жорықтары аяқталғаннан кейін 1659-1661 жылдары жазылған «Түрікмен шежіресі» – мәліметтерінің молдығы мен құндылығы жағынан XVI-XVII ғасырлардағы түрікмендер тарихы жайлы сирек кездесетін түбегейлі еңбек. Ол алғаш рет 1897 жылы Ашхабадта орыс тіліне аударылды.

«Түрік шежіресі» әуел баста «Шежіре түрк» деген атпен кеңінен танылды. Әбілғазы бұл атақты еңбегін 1663 жылдан жазуын бастап, ол қайтыс болғаннан кейін 1665 жылы баласы Ануш хан аяқтайды. «Түрік шежіресі» кітабы ғылыми ортаға XVIII ғасырдың бас кезінде мәлім болды. Кітаптың қолжазбасын Ресей тұтқынында болған швед офицерлері Тобыл қаласынан

тауып, оны Бұхар ахунына орысша аудартқан. Қазіргі қазақ тіліне өте ұқсас көне түркі тілінде жазылған қолжазба алғаш рет француз (1726), орыс (1770, 1780) және неміс (1780) тілдеріне аударылып, жеке кітап болып шықты. 1825 жылы шежіренің араб әрпімен жазылған түпнұсқасы граф Н.И.Румянцевтің араласуымен Қазанда басылып шыққаннан кейін ғана ғылыми айналымға енгізілді. Академик Х.Френ бұл басылымды «шығыстану ғылымының даңқын шығаратын үлкен іс» деп бағалады. 1854 жылы профессор И.Н.Березин «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» жинағының 3-томына шығыстанушы-ғалым Г.С.Саблуков жасаған орысша аударманы кіргізді.

Әбілғазының «Түрік шежіресі» кітабы – Шыңғыс ханнан бұрынғы және одан кейінгі дәуірлерде Қазақстан, Орталық Азия, Таяу Шығыс елдерінде болған оқиғалар мен сол тұстағы ел басқарған хандар жүргізген саясат туралы жылнама. Еңбекте қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың көне тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті туралы құнды деректер келтірілген.

Қазақ ғылымында белгілі тілші-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Бабаһ Әбілқасымұлы 1991 жылы Әбілғазының «Түрік шежіресін» алғаш рет қазақ тіліне аударып, кіріспесін және ғылыми түсініктерін жазып шығарды. Ғалым 2000 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы. XV-XVIII ғ.ғ.» кітабына осы құнды еңбек туралы алғаш рет ғылыми тарау жазды. Ал жаңа жарық көрген он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 2-томында белгілі әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Н.Келімбетовтің «Әбілғазы Баһадүр хан» атты тарауы жарияланды.

Ұлы Жібек жолы он бесінші ғасырға дейін өмір сүрді. Бүгін жаңа заманда, ХХІ ғасыр басында қайта түлеген тарихи жол арқылы экономика, сауда, руханият, мәдениет және ғылым салалары бойынша елдер арасындағы қарым-қатынастарды қазіргі заман ағымына қарай жаңа үрдісте сабақтастырып жалғастыру аймақтарда, республикаларда мемлекеттік деңгейде қолға алынып, нақты жүзеге асуда. 1987 жылы Парижде ЮНЕСКО-ның Бас конференциясында бұл жолды қайта жаңғырту ісін әлемдік деңгейге көтеру мәселесі айқындалып, «Жібек жолы– диалог жолы» атты халықаралық жоба мәлімделді де, осы маңызды бағдарламаның мақсат-міндеттері үдесінде әр мемлекетте Ұлы Жібек жолының жүздеген жылдарғасозылған бірнеше ғасырлық тарихы мен мән-маңызын зерделеп саралау істері нақты орындалды (Қазақстан тарихы энциклопедиясы: 2020: 595).

Жиырма бірінші ғасыр басында Қытай Халық Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы екі мың жыл бұрын Еуропа және Азия құрылықтары арасында халықаралық сауда және мәдениет салаларын дамытып өркендету арнасы ретінде маңызды рөл атқарған Ұлы Жібек жолын Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі мамандандырылған мекемесі –ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізуге өтініш түсірген болатын. Осы бастама қорытындысында 2014 жылы 22 маусымда Таяу Шығыстағы Катар мемлекетінің астанасы – Доха қаласында осы халықаралық ұйымның Бүкіләлемдік мұра комитеті өзінің 38-ші сессиясының мәжілісінде бұл өтінімді құптап, Ұлы Жібек жолын ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізді. Сонымен бірге өтінімге Жібек жолы бағыттары өңірлеріндегі 33 тарихи жер

енді. Ал бұл тарихи елді мекендердің жиырма екісі Қытай елінде, сегізі Қазақстан аймағында, үшеуі – Қырғызстан аумағында болыпты.

Ұлы Жібек жолының Еуразия континентінің шығысы мен батысын, оңтүстігі мен солтүстігін жалғастырып, тұтастай өркендеуіне қосқан баға жетпес үлесін жоғары бағалаған ЮНЕСКО халықаралық ұйымы бағдарламасын қабылдады. Бағдарламаның басты мұраты – Ұлы Жібек жолы арналарымен бірнеше ғасырлар аралығында сол замандағы мемлекеттер мен ұлттар арасында тығыз байланыстар орнатылып, экономиканың негізгі көрсеткіші болған сауда саласындағы өзара айырбас үрдістері мен әдебиет, өнер және ғылым жүйесінде жан-жақты ықпалдастықтың дамығанын нақты мысалдар арқылы айқындап таныту болды да, оны кәсіби мамандардан тұратын халықаралық топ іс жүзіне асырды.

«Жібек жолы» бағдарламасының «Ұлы Жібек жолы» атты соңғы қорытынды конференциясы Париж қаласында өз мәресіне жетті. Осы ғылыми мәслихатта Орталық Азия халықтарының бірнеше ғасырлар шеңберіндегі мәдени табыстарын паш еткен ауқымды көрме өткізілді.

Ұлы Жібек жолы – бүкілдүниежүзілік өркениеттің феномендік деңгейдегі құбылысы, әлемде болған тарихи оқиғалардың куәсі. Өйткені, бұл жол көптеген жүзжылдықтар бойы Еуразия аймағындағы ондаған мемлекеттер мен түрлі халықтардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамып өркендеуінде аса маңызды мәнге ие болды.

Ұлы Жібек жолы ерекше қарқынмен өрістеген саудамен бірге рухани мәдениеттің дамуына, көптеген қалалардың пайда болуына, өркендеуіне жол ашты. Бұл жол мемлекеттердің қалыптасуында, әлемдік өркениеттің дамуында үлкен рөл

атқарды. Шығыс пен Батыс мәдениеті арасындағы байланыстырушы көпір саналды. Жол бағыттарында қалалар мен тұрақтар, сауда орталықтары ғана емес, ғылым мен мәдениет ошақтары да орналасты.

Құрлықаралық трансмагистралды күрежол ретінде Ұлы Жібек жолы он бесінші ғасырға шейін Еуропа және Азия елдерін – алып құрлықтардың батысы мен шығысын барлық сала бойынша тығыз ұштастыра білген алтын арқау мағынасына жетті. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО-ның Бүкіл әлемдік мұрасы нысандарының тізіміне «Ұлы Жібек жолы» аталымы бойынша өз аумағындағы отыздан астам тарих және археология ескерткіштерін енгізді.

Бұл айтылған ойлардың барлығы Қазақ мемлекетінің ұзын сонар тарихында Ұлы Жібек жолының дамуы экономикалық жағынан ғана емес, сондай-ақ саяси-мәдени құндылықтар өлшемінің іргесін қалағанын айқын байқатады. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында қабылданып жүзеге асып жатқан «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамалық маңызды бір бөлігі ретінде Жібек жолының арнайы қарастырылуы құптарлық.

XXI ғасырдың бас кезінде Қазақстан Республикасының Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық жолы құрылысы жобасын іске асырудың басы-қасында болуы көп жайтты аңғартса керек. Әлемдік деңгейдегі бұл трансмагистралды құрлықаралық жолдың біздің еліміздің бес облысының аумағы арқылы өтетін бөлігінің жалпы қашықтығы үш мыңдай шақырым болады. Ұлы Жібек жолының тарихи бағыттары жаңа ғасырда осылайша қайта жаңғыру үстінде. Әлемдік қауымдастық та бұл көкейтесті ғаламдық мәселеге айрықша көңіл бөліп, ортақ іске жұмыла кірісуде.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 13-т.: Мұхаммед Хайдар Дулати. Жаһаннаме. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. – 480 бет.
- Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 14-т.: Захираддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. – 480 бет.
- Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 4-т.: Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 608 бет.
- Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 6-т.: Қожа Ахмет Иасауи. Даналық кітабы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 488 бет.
- Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 7-т.: Сүлеймен Бақырғани. Ақырзаман. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 480 бет.
- Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және орта ғасырлық Қазақстан. – Алматы, Қазақстан, 1992. – 208 б.
- Бартольд В.В. Сочинения. Работы по источниковедению. – М : Наука, 1973. –Т.9. –725 с.
- Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути: тезисы докладов международного семинара ЮНЕСКО. - Алматы: Ғылым, 1991. – С.120.
- Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1967. – 504 с.
- Депман И.Я., Исқақов М.Ө. Мұхаммед Хорезми. Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XI ғасырлары). – Құраст: Исқақов Б. –Алматы, 1964. – 185 б.
- Дербісәлі Ә. Жақсыдан қалған жәдігер. – Кітап: Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (Аяз). Жаһан наме: (Дастан). – Алматы: «Білім» баспасы, 2006. – 432 бет.
- Дербісәлі Ә. Отырарлық отыз ғалым // Жұлдыз. 2021. № 4.

- Докашева Е.С. Великий шелковый путь. Полная история. – М.: «Издательство АСТ», 2020. – 165 с.
- Егеубаев А. Кісілік кітабы: (ғылыми эссе). – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 320 б.
- Есназарова Ұ.А., Темірбеков А.Т. Түркі тілдес елдер географиясы. – Анкара, 1999. – 184 б.
- Жармұхамедұлы М. Қожа Ахмет Иасауи. – Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 2-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2006. – 448 б.
- Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. – Алматы, 1995. – 195 б.
- Кары-Ниязов Т.Н. Астрономическая школа Угугбека. – М.-Л., Издательство Академии наук СССР, 1950. – 325 с.
- Касымжанов А. Абу-Наср аль-Фараби. – М.: Мысль, 1982. – 198 с.
- Қазақстан тарихы. Энциклопедия. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2020. – Т.3. – 824 бет.
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – Т.9. – 688 бет.
- Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. – Алматы: Қазақстандаму институты: II том. Тарихи тұлғалар. 1998. – 533 б.
- Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001. – 369 б.
- Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). – Алматы, 1998. – 344 б.
- Путешествие Ибн-Фадлана на Волгу. – М.; Л.: Издательство Академии наук СССР, 1939. – 228 с.
- Садықов Т.С., Жолдасбаев С. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. – Алматы: «Атамұра», 2007. – 240 бет.

Сюань-цзан. Записки о западных странах Великой Тан (Да Тан си юй цзи). – М.: Восточная литература, 2012. – 464 с.

Ұмытылмас есімдер /Құраст. Б.Ысқақов. Алматы: Қазақстан, 1994. –224 бет.

V ТАРАУ. КӨНЕ ҚАЛАЛАР МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ЖІБЕК ЖОЛЫНА ИЕЛІК ҮШІН КҮРЕСТЕР

5.1. Көне қалалар мәдениеті

Ұлы Далада өмір сүрген түркі жұрты ортағасырлық өркениеттің даму жолында ерекше орын алады. Өйткені бұл кезең ислам мәдениетінің түркі дүниесіне енуі және әлеуметтік-экономикалық тұрғыда көшпелілер мен отырықшы шаруашылықтың өзара ықпалдастығының нәтижесінде қалалардың жылдам өсіп, оның мәдениетінің қарыштап дамуымен айшықталады. Ұлы Дала елінің дамуындағы бұл маңызды өзгерістер әл-Фарабидің қала мәселесіне ерекше ден қойып, арнайы философиялық шығарма жазуына себепкер болды. Ол «Қайырымды қала тұрғындары» атты трактаты болатын. Сондықтан бұл кезеңде түркілердегі қалалардың өсуі және олардың мұсылман-араб елдеріндегі қала мәдениетінің дамуына ықпалын арнайы қарастыру қажеттілік болып табылады.

Ұлы Даладағы түркілер дәуірі кезеңінде қалалардың өсуіне көптеген саяси, әлеуметтік және экономикалық факторлар ықпал етті. Олардың ең бастылары мыналар: Ұлы Жібек жолына байланысты сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі көшпелілердің рөлі, көшпелілердің іргелес отырған отырықшы шаруашылықпен саяси қарым-қатынастары, ортақ діни наным-сенімдердің таралуы және т.б. Бұл факторлар Ұлы Далаға қоныстанған барлық түркі тектес халықтарға тән болды. Сонымен қатар, Орта Азиядағы Ұлы Жібек жолының дені Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірлері

және де оның тармақтары Қазақстанның орталық, батыс және солтүстік аймақтарының үстінен өтетін. Ұлы Далада ислам дінінің ішкерілеп енуінің күшеюі де нақ осы түркілер үстемдігі заманына сәйкес келді. Жалпы түркілердегі қалалардың пайда болуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктері де бар. Бұл ерекшеліктердің қайнар көзі, бір сөзбен айтқанда, қалалардың дала көшпелілері мен жер өңдеушілікпен айналысатын оазистік аймақтардағы отырықшылықпен тікелей байланысатын жерінде орналасуында болды.

IX-X ғасырларда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өлкесінде қалалардың өсуі жоғары қарқынмен жүрді. Оған, бір жағынан, Ұлы Жібек жолы арқылы сауданың өркендеуі ықпал етсе, екінші жағынан, көшпелілер мен жартылай көшпелі және жер өңдеумен айналысатын отырықшылардың бір-бірімен тығыз байланысқан өңірге айналуының зор маңызы болды.

Кең көлемде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері барлық аймақтағы (Оңтүстік Қазақстан, Жетісудың оңтүстік батысы, Жетісудың солтүстік шығысы) қала мәдениеті ескерткіштерінің типологиясын жасауға мүмкіндік береді.

Оңтүстік-батыс Жетісу өңірінде – Жікіл, Балү, Шелже, Такабкет, Көл, Кенжек және Шу-Талас аңғарындағы қала жұрттарымен бірге қалалар саны 36 ға-ға жеткен. Бұл жақтағы қалалардың көлемді бірінші тобындағы ірі қалаларға Тараз, Суяб, Невакет жатса, орташа топқа Текабкет, Сус, Мирки, Аспара, Жол, ал кішігірім қала жұртына Құлан, Шөміш және т.б. ұсақ жұрттар кіреді. Солтүстік-шығыс Жетісудың қалаларын жоғарыдағыдай топтарға бөлетін болсақ, біріншісіне Дүнгене, Қаялық, Шілік, екіншісіне Талғар, Сүмбе, Ақмола, ал үшіншісіне Лавар, Алмалық, Қапал, Арасам және т.б. жатады.

Шу және Талас аңғарларындағы аумақта барлығы 36 қала жұрты табылып, олардағы VIII-IX ғасырлардың мәдени қабаттары анықталды (Кожемяко: 1959: 65-130). Ол IX-X ғғ. хан ордасы ретінде қалыптасқан. Бұл өлкеде осынша көп жаңа қаланың пайда болуы ауданда отырықшылықтағы шаруашылықтың қала өмірімен тығыз байланыста дамығанын көрсетеді. Қазба жұмыстары кезінде қала жұрттарынан алуан түрлі керамика, әйнек, теңгелер, қолөнер шеберханалары мен өндірістік күл-қоқыстар табылуы мұнда қолөнер мен сауданың дамығанын дәлелдейді.

Зерттеуші ғалымдар арасында қалыптасқан көзқарас бойынша, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы қалалар салыну, даму ерекшеліктеріне қарай үш аймаққа бөлінеді. Ол қалалар мынадай бөліктерден тұрады: билеуші ақсүйектер тұратын қамал, одан кейін шахристаннан, ал оның сыртында қолөнершілер мен саудагерлер қоныстанған рабаттар болды.

Оңтүстік Қазақстан аумағындағы қалалардың бір тобы Отырар оазисінде орналасқан. Оған бірден-бір себеп – Отырар арқылы Батыс пен Шығыс елдерін байланыстыратын Ұлы Жібек жолының өтуі. Қазіргі кезеңдегі археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп жатқан Отырар қаласының көлемі 200 гектарға жуық. VIII-IX ғасырларда ірі орталыққа айналған Отырар (Фараб) көршілес орналасқан елді мекендердің саяси-экономикалық өмірінде маңызды орын алды. Оған археологтер тапқан көптеген артефакті дәлел. Мысалы, осы өңірде табылған теңгенің бет жағында – түркілердің ру таңбасы, ал екінші жағында Шаш қаласының эмблемасы – арыстан бейнеленген. Отырар теңгесі сол өңірдегі екі халықтың, яғни көшпелі түркі және отырықшы жер өңдеумен айналысатын соғдылықтардың арасында ақшалай сауда қарым-қатынасына негізделген

экономикалық байланыстардың болғанын көрсетеді. «Отырар-төбенің» көлемі 200 гектарға жуық. VI-VIII ғасырларда Отырар облысы ірі орталық бола отырып, көршілес мемлекеттердің саяси өмірінде маңызды рөл атқарды. Осы өңірде табылған теңгенің бет жағында түркілердің ру таңбасы, ал екінші жағында Шаш эмблемасы – арыстан бейнеленген. Теңгенің өзі мыстан жасалғандықтан ол жергілікті рөл атқарғандығын айту керек. Әуелгі орта ғасырда мыс теңгесі шетелдерде айналымға жүре алмай, өзінің сатып алу қабілетін тез жоятын. Сондықтан Отырар теңгесі жергілікті жердегі екі халыққа – түркі мен соғдыларға арналғандығын немесе жергілікті басқарушының түрік билеушісімен туысқан екендігін көрсететін болуы керек. Араб деректерінде Отырар билеушісін «Отырар-бенд патшасы» деп бекер атамаған. Бұл теңге VII ғасырда немесе VIII ғасырдың бірінші жартысында жасалған деп топшылауда негіз бар. Өйткені, VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Орта Азиядағы барлық елдерде теңге шығару халифат үлгісіне көшеді.

Оңтүстік Қазақстан аймағындағы аумағы 30 гектардан асатын қала жұрттарына Сайрам (Исфиджаб), Шортөбе немесе Қараспан-1 (Усбаникет), Отырартөбе (Отырар), Құйрықтөбе (Кедер), Шойтөбе (Шауғар), Жанқала (Жанкент, Янгикент), Сунақ Ата (Сығанақ), Құмкент жатады. Аумағы 15 га-дан 30 га-ға дейін жететін қалалар – Бурух, Хурлуг, Жумишлағу, т.б. 15 га-ға дейін жететін қала жұрттарына Шарапхана (Газгирд), Бұлақ-Қоғал (Манкент), Тамды (Берукент), Қазатлық (Будухкет), т.б. жатады.

Ұлы Даланың оңтүстік-батысындағы ірі қаланың бірі – Тараз қаласы болды. Тараз қаласын әуелден «Он оқ» елі мен Түргеш қағанаты, кейін Қарлық қағанаты биледі.

Археологиялық мәліметтер бойынша қаланың шахристан көлемі солтүстікте 370 м, батыста 160 м, ал оңтүстікте 200 м дейін созылған. Тараздың өрлеуі негізінен IX-X ғасырларға жатады. Егер VII ғасырдың ортасында Тараздың ауданы 2.7 шақырым болса, IX ғасырға қарай ол екі есе ұлғайған. Қаланың өсуі оның аумағының дамуымен тығыз байланысты болды. Тараз округі Атлах, Хамукет, Шігіл, Текабкет, Жұл, Сүс, Шелжі сияқты бірнеше кішігірім қала мен қоныстан тұрды. Жалпы сол кездегі Тараз округіндегі қалаларды олардың даму ерекшеліктері мен шаруашылығына қарай екі топқа бөлуге болады. Солтүстік-батыс бөлігіндегі қалалар, негізінен жер өңдеу, қолөнер және сауда арқылы дамыса, оңтүстік- шығыс жақтағы қалаларда кен, жер қазба байлықтарын өндіру негізгі шаруашылық түріне айналған. Ортағасырлық деректерде Атлах, Хамукет, Шігілде базар, бақ, жүзім шаруашылықтары жайы айтылса, Текабкет, Жұл, Сүс, Шелжі жөнінде олардың тауға жақын тұратыны және кен өндірілетіні көрсетілген. Сонымен Шу бассейні мен Талас жазығындағы мәдени-шаруашылық комплекстің қалыптасуынан ислам мен түркі көшпелілері мәдениеті арасындағы байланысын және олардың өзара ықпалдастығының нәтижесін көреміз. Тараз қаласы исламның бір ірі орталығына айналып, Шу мен Талас бойында біртұтас мәдени-шаруашылық типі қалыптастырды. Бұл әуелгі ортағасырлық Орталық Азия қалаларының дамуындағы ерекше бағыт еді.

Ортағасырлық түркілердің бір ірі қаласы – Тальхиз немесе қазіргі аты бойынша Талғар болды. «Худуд әл-алам» шығармасында ол шігілдер мен қарлықтар арасындағы тау ішінде орналасқан. Тальхиз бен Талғардың бір екендігі ғылыми әдебиеттерде дәлелденген. Бұл қала Іле жазығында түркілердің экономикалық, саяси және мәдени орталығы болып, әсіресе, IX-

ХІІ ғасырларда өзінің гүлдену шегіне жеткен. Қаланың дамуына оның Шығыс пен Батысты байланыстыратын ке руен жолдарының үстінде жатуы бірден-бір әсер еткен фактор болды.

Қазба жұмыстарының нәтижесінде бұл қала ірі қолөнер орталығы болғаны анықталды. Мұнда ұсталық, металл өңдеу, құмыра жасау, шыны және сүйектен жасалған бұйымдарды шығару жоғары дәрежеде дамыған. Х-ХІ ғасырларда тұрғындардың исламды қабылдауына байланысты қала рухани мәдениет орталығына айналды.

Түркі кезеңінде қалыптасқан ірі қалаларға ортақ үлгіні біз әл-Махдисидің Испиджаб қаласын сипаттағанынан көреміз. «Оның рабады мен ел тұратын меинасы бар. Онда (меинада) төбесі жабық базарлар, мақта базары, үлкен мешіт бар. Оның (меинаның) төрт қақпасы: Нуд жакет, Фархан, Шакрана, Бұхара деп аталады және әр қақпаның жанында рабады бар. Рабадтар: нахшебтіктер рабады, бұқаралықтар рабады, самарқандықтар рабады, Қаратегін рабады... Онда (қалада) 1700 рабад бар деседі. Оның рабадын айнала дуал, ал өзінің ішінде бос қалған ішкі қамал бар... Қала таза, өмірі жайлы» (Әл-Мақдиси: 1899: 80-81). Оңтүстік Қазақстанның тау етегіндегі ең ірі қала – Исфиджаб болды (Бартольд: 1963: 232-233). Махмұд Қашғари бұл қала туралы: «Сайрам ақ қаланың аты (Әл-Медина әл – Байда), ол Испиджап деп аталады» (Волин: 1960: 78-80). Испиджабта (қазіргі Сайрам) мұндай көршілес қалалардың аттары бар бірнеше қақпалардың болуы оның іргелес жатқан облыстармен тығыз сауда, мәдени және саяси байланыстардың болғанын да көрсетеді.

Тараз округінің бір елді мекені – Шігіл қалашығы. Әл-Мақдисидің сипаттауынша: «Шігіл – Тараздан кісі айқайы естілетін жерде орналасқан кішігірім елді мекен». А.Н.

Бернштам мұны Қош-төбе қалашығымен сәйкестендірді. Ал Г.И. Пацевич және Т.Н. Сенигова Шігілді Тараздан бір жарым километрдей қашықтықтағы Жалпақ төбе деп түсіндіреді. Түркілер құрамындағы үлкен бір тайпа шігілдер атымен аталғаны мәлім.Түрік көлінің (қазіргі Ыстықкөл) оңтүстік жағалауында Жоғарғы Барсхан қаласы орналасқан. Бұл өңірде де шігілдер тайпасы тұрғанын ортағасырлық деректер хабарлайды (Әл-Мақдиси: 1899: 31).

Жоғарыда аталған ірі қалалардан басқа түркілер үшін маңызды рөл атқарған ұсақ қалаларды атап өту орынды. Әдетте олар бір-біріне жақын бір жерде шоқ болып орналасып, көшпелілер мен отырықшы жағдайдағы елді мекендер арасындағы шаруашылық-мәдени және сауда байланыстарына өте қолайлы жағдайлар туғыза алатын.

Түркі дәуіріндегі осындай ұсақ қалалардың бір шоқ тобы Ыстықкөлдің батысында, оңтүстігі мен шығысында орналасқан. Олардың ішінде батыстағы Маргелан, шығысындағы Төменгі Барсхан және оңтүстіктегі Атбаш ауданындағы қала қалдықтары көзге түседі. Әсіресе Нарын өзеніне құятын Атбаш және Арпа салалары арасында қалалық мекендері өте жиі кездеседі. Солардың ішіндегі үлкені – Ширдакбек. Сонымен қатар Жөргетал мен Казарман жанындағы Чалдывар да түркі қорғандары болып табылады.

Ыстықкөлдің батысында отырықшы мекендермен қатар жайылымдық тұрақтары да аз емес еді. Оған Қызарт, Қошқар және Жуан Арық сияқты мекендерді айтуға болады. Қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған мазарлар мен заттар бұл жерлердің түркі көшпелілері үшін өте маңызды бір аудан болғанын айғақ етеді.

Көшпелі түркілер мекендеген жердегі Нүзкет қаласы да Қайыңдының шығысында, Қара-Балты суының жанында орналасқан. Бұл қала, мұсылман географияшыларының еңбектерінде көрсетілгендей, Нүзкетпен сәйкестен діріледі. Қала жанында су бассейндері мен канал жүйелерінің салынуы, сондай-ақ керамикаларының табылуы мұнда отырықшы шаруашылықтардың кеңінен жүргізілгендігін байқатады.

Шу жазығының Таразға кететін жолдары бар, батысында орналасқан Ашпара қаласы қытай деректерінде А-шипудай, мұсылман географиясында Аспара деп аталады. Шу өзенінің Аспара саласы жиегіндегі бұл қала түргештер дәуірінде көтеріліп, қарлық түркілері кезеңінде өзінің гүлдену шегіне жеткен. Соңғы дәуірге жататын керамикалар мен басқа да қазба бұйымдар Баласағұнда табылған заттармен ұқсастығы байқалады. Аспара қаласының шығысында, Жарлы-Қайың маңында Қайыңды қалашығы да түркі дәуіріне жатады. Жан-жағы су толтырылған каналдармен қоршалған. Оңтүстік-шығыс жағында су бассейнінің орны бар. Қаланың ішкі қамалының үлкендігі – 60х190 м. Қазба жұмыстары нәтижесінде түркі дәуіріне жататын балшықтан жасалған ыдыстар мен құмыралар табылған. Қала VII-X ғасырларға жатады.

Түркілердің бір шоқ қалашықтарының орналасқан жері Пішпектен Алматыға барар жол маңайы, Аламедин өзенінің жиектері болып табылады. Олардың ішіндегі ең үлкені Чумыш мекені болып, үлкенді-кішілі төрт қалашықтың орны табылған. Бұлардың барлығы да түркілер билік еткен дәуірге жатады. Қалашықтардың бір ерекшелігі – өте дәлдікпен төрт бұрышты болып салынуы. IX ғасырда ірге көтерген бұл қалалар XII ғасырға дейін өмір сүрген.

Түркілер арқылы өтетін сауда жолдары Қара-Балты және Ақсу өзендері арасындағы бірнеше керуен-сарайларға тірелген. Бұл жерлерде бірнеше кішкене қалашықтардың болғанын олардың бұзылған қалдықтары дәлелдейді. Олардың ішіндегі ең үлкені қазіргі Полтавкаға жақын орналасқаны болып есептеледі. Мұнда адамдардың аттарымен бірге көмілуі және көшпелілер мазарының табылуы, ол мекендердің қарлықтардан бұрын да, яғни Түрік қағанаты кезінде болғанын аян етеді. Сол сияқты Ақсу мен Сокулук өзендері арасында да бірнеше ұсақ мекендердің қалдықтары керуен жолында орналасқан.

Қалалардың ішкі құрылысының қалыптасуына көптеген әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси факторлар ықпал етіп отырды. Жалпы сол кездегі қалалардың ішкі құрылысын жоғарыда аталған Тальхиз қаласын мысалға ала отырып, көруге болады. Қаланың орналасқан жері шаршы тәріздес, орталық тұсы биік алаңқай болып келеді. Жалпы алып жатқан көлемі 28 га, оның 9-ын орталығы алып жатыр. Қаланың қолайлы жерге орналасқанын байқаймыз. Батыс жағынан қала тұрғындарына қажетті сумен қамтамасыз ететін өзен бар, ал оңтүстігінде қоршаған тау жауды бақылайтын күзет қоюға мүмкіндік берді. Ал солтүстік пен шығыста егістік пен жайылым бар. Тальхиз жергілікті және халықаралық маңызы бар сауда керуендерінің торабында орналасқан еді. Қала өз ішінде тік, тура көшелермен квартал торларын жасай отырып, әр кварталдың өзі 12-14 үй-жайдан тұрды, бір-бірімен ұсақ көшелер арқылы қатынасты. Әр кварталда туысқандық байланыстағы адамдар отбасыларынан тұрды деген пікірлер бар (Шарденова: 1989: 324-325). Әрбір үй-жайдың өзі тұрғын үй және мал қора жайы болып бөлінеді. Мал жайлайтын қоралардың есіктері оңтүстік жаққа қарады. Мұның өзі квартал аралық көшелер арқылы малды суаруға,

жайылымға шығаруға қолайлы жағдай жасады. Қатты қыс кезінде де үй кварталдарының тұрғындарына суық онша сезілмейтін. Өйткені, суық жел тар көшелер мен биік қабырғалар арқылы квартал ішіне өте алмайтын еді.

Қоныстардың қала болып қалыптасып, статус алуына діннің ықпалы зор болды. VIII ғасырдың екінші жартысында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда ислам түрік ру-тайпалары арасына тарай бастады. Ал ислам дінін қабылдағанда қала құрылысында мешіт салу кеңінен орын алды. Ірі мешіттің біріне Баласағұн қаласындағы X-XI ғасырға жататын күйдірілген кірпіштен салынған күмбезді айтуға болады. Сонымен бірге, исламға енген қалаларда қоғамдық моншалар мен қабір-мавзолейлер салынды.

Қарастырып отырған кезеңде қалаларда этникалық процестер жедел жүріп жатты. Қала тұрғындарының түркіленуі күшейді. М. Қашғари Баласағұн, Испиджаб пен Отырардағы соғдылардың түркіленіп кеткенін, солардың әдет-ғұрпын қабылдағандықтарын айтып жазды.

Қала этникалық процестерінде автохтондық тұрғындардың тілдік ассимиляциялануы ерекше орын алды. Түркі тілдес халықтардың Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өлкесінде билік орнатуы бұрынғы жергілікті тұрғындардың, әсіресе, соғдылардың түркі тілімен ассимиляциялану процесі жүрді. Бірақ бұл процесс біркелкі, әрі барлық жерді түгел қамти алмады. Өйткені басқыншылар өздері басып алған өлкенің бұрынғы өндірістік әдісіне тиіспей, тек салық алумен шектелген жағдайда жергілікті тілдің ассимиляциялануы тежеліп отырды.

Көшпелілердің өмірінде өздеріне тәуелді қалалардың мәдениеті маңызды рөл атқарды. VIII-IX ғасырлардағы Тараз

қаласын зерттеу материалдары көшпелі түркілердің өзіндік экономикасы мен мәдениеті бар Шаш және Соғды қалаларымен тығыз байланыста болғанын дәлелдейді. Деректерде 630 жылы Таразда көптеген елдердің саудагерлері тұрады, оның қабырғасынан арабша, парсыша және түркіше сөздер естіліп жатады деп айтылуы ол қала тұрғындарының этникалық тұрғыдан біркелкі болмағанын байқатады.

Қалалардағы қолөнердің дамуына көшпелі түркілердің байланысы, қарым-қатынасы ерекше ықпал етті. Олардың өздері тұрмыс пен шаруашылыққа қажетті құрал-жабдықтарды қаладан алып отырды. Ал мұның өзі қала қолөнерінің шығаратын өнімдеріне деген сұранысты арттырды. Нәтижесінде қолөнершілер шаруашылығы өркендеп қала рабаты ұлғайды.

Қазақстандық зерттеуші ғалымдар арасында қалыптасқан көзқарас бойынша, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы қалалар салыну мен даму ерекшеліктеріне қарай үш аймаққа бөлінеді. Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалардың ерекшеліктері Отырар оазисіндегі қалалардың (мысалы, Баба ата мен Құйрықтөбе мекендері) орнын зерттеуде байқалады. Ол қалалар мынадай бөліктерден: билеуші ақсүйектер тұратын қамалдан, одан кейін шахристаннан, ал оның сыртында қолөнершілер мен саудагерлер тұратын рабаттардан тұрды.

Оңтүстік-батыс Жетісудағы өзгешелік – қамал мен шахристаннан кейін қаланы қоршаған жер учаскелерінің болуы. Мұндай ерекшелік қазіргі Жамбыл облысы жерінде табылған қалалардан жиі кездеседі. Іле бойындағы қалалар жартылай көшпелі түркілердің қыстайтын жұртына, оның ішінде ауқатты ақсүйектер тобының қоныстарында қалыптасып, қала айналасы ұзын, бұрышты дуалдармен қоршалды. Бұған Қойлық, Талхиз (Талғар), т.б. қалалар жатады.

Ұлы Дала қалаларының да дамуына шаруашылық-мәдени типтердің қалыптасуы ерекше көңіл аударарлық мәселе. Осы орайда С.П. Толстов қалалардың дамуын: «Шығыс қоғамының егіншілікпен айналысатын бөлігінің ғана нәтижесі деуге болмайды. Қоғамдық еңбек бөлінісі жағдайында «қала» мал өсірушілер мен егіншілері ара сындағы заттай айырбас орталығы ретінде қоғамның ішкі байланысын сақтап тұратын буын болып табылады», – деп әділ баға береді (Толстов: 1934: 195). Осындай байланыстарды қамтамасыз ететін ішкі нарық Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу өңірлеріндегі қалааралық байланыстарда қалыптасқанын байқаймыз. Ұлытау, Орталық Қазақстан, Шаш және Тараздың экономикалық байланыстарын металдан жасалған қару-жарақтардың таралуынан да көреміз. Мысалы, темірден, қоладан жасалған садақ оқтарының ұштары Ұлытау, Сарысу өзені бойынан, Бетпақдала мәдени қабаттарынан табылған. Жезқазған кен орындарында оқтардың ұшын дайындайтын болған. Әдемі оқтар мен садақтардың Шаш пен Тараздан кездесетінін Фирдоуси өзінің «Шахнамасында» жазды. Мұндай оқтарды дайындайтын орталық кезінде Сығанақ қаласы болған. Егер Сығанақ Шаш пен Таразды қамтамасыз етсе, Сығанақты темірмен жабдықтап тұрған Орталық Қазақстандағы кен орындары болуы керек.

Төлек атты қалалық мекен Ақ-Тепе мен Ақсудың солтүстігінде, Ақсу мен Соқулуктың қосылған жерінде орналасқан. Мұнда түркілердің егін егіп, жайылым қылған және отырықшылыққа бірте-бірте көше бастағанын көреміз. Оған Шу бассейнінің солтүстігі оңтүстігімен байланыста болғаннан көп кейін мекен бола бастауы дәлел. Қала IX-X ғасырдан XII ғасырға дейін өмір сүрген. Жалпы алғанда, Ақ-Тепе мекені

түркілер өмірінің маңызды бір даму кезеңін, яғни бір жағынан көшпелі, екінші жағынан отырықшылыққа көше отырып, керуен сарайларды көбейту арқылы сауда жолына тартылғанын, ақырында бір комплекстік мәдени-шаруашылық типін қалыптастыра алғанын көрсетеді.

Көшпелі түркілердің сарқылмас, үнемі әкеліп тұратын шикізаттарының арқасында қалалардың өздері белгілі бір өнім шығаруға мамандана бастады. Мысалы, әл-Макдисидің хабарлауы бойынша: «Шаштан (Қазіргі Ташкент қаласы – С.С.) сапалы ер-тоқымдар, оқ салғыш қорамсақтар мен орамалдар; тері түріктерден әкеліп иленеді... Ферғана мен Испиджабтан ақ мата, қару, семсерлер, мыс және темір мен түрік құл дары әкелінеді. Тараздан ешкі терісі, Шелжіден күміс келеді. Хутталдан әкелген сияқты Түркістаннан бұл жерлерге жылқы мен қашыр әкелінеді» (Әл-Макдиси: 1934: 82-83).

Қараханидтер әулеті билікке келер алдындағы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда мемлекет ішіндегі маңызы орасан зор болған, ортақ рыноктың қалыптаса бастағаны байқалады. Әрине, мұндай құбылыс сол кезеңде тек отырықшылар мен көшпелілердің неғұрлым тығыз, жақын көршілес тұру нәтижесінде ғана мүмкін бола алды.

Ортағасырлық түркілер қалаларының дамуына көшпелілердің ықпалы зор болды. Қала құрылысы мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы мүмкіндік туғызатын ыңғайда жүргізілді. Мұның өзі жер өңдеу мен мал шаруашылығын қатар жүргізуге, ал соның арқасында қолөнердің де ұлғайып, өсуін қамтамасыз етті. Қалаларды осындай кешендік шаруашылықтардың бір-бірімен тығыз байланыста, бірін-бірі жетілдіру бағытында дамуы олардың географиялық шектерінің өсуіне және қала айналасында берік

экономикалық және мәдени аймақтарының қалыптасуына алып келді.

Көшпелі түркілердің қалаларға қоныстана бастауы үлкен қалалардың дамуына және жергілікті отырықшы халықтың шаруашылығына әсерін тигізді. Қалалар маңында өңделген жерлердің ұлғаюы, қолөнердің дамуы жалпы әлеуметтік жіктелу процесіне ықпал етті.

Қалалардың осындай дәрежеде дамуына сауданың зор ықпалы болды. Сонымен бірге бұл жерлерде бұрыннан қалыптасып қалған Ұлы Жібек жолы бар еді. VIII-X ғасырларда Ұлы Жібек жолының одан әрі өркендеуінде түркілердің рөлі орасан зор болды. Егер VII ғасырға дейін Қытай мен Батыс елдерінің арасын жалғастыратын жол Қашғар – Ферғана арқылы өтсе, VII ғасырдан бастап, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу үстімен жүрді. Өйткені бұл кезде Ферғана өңіріндегі саяси жағдайлар керуен жолдары үшін қолайсыз еді.

Керісінше, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуды мекендеген қарлықтар сауда жолының сақталуына және оның одан әрі дамуына барынша мүдделі болды. Өйткені, бұл жерлер отырықшылар мен көшпелілердің қалың түйіскен аймағында орналасқан еді.

Бұл жолдың маңызының арта түсуіне түркі қағандары ордаларының жиі орналасқаны да ықпал етті. Олар сауданың өз территориясымен жүргеніне мүдделі болды. Деректерде сауда жолының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түркілер қарулы отрядпен керуендерді өз жерлерінен шығарып салып отырғандары айтылады (Бичурин: 1950: 355).

Ұлы Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу бөлігіндегі, яғни түркілер мекендеген территориядағы негізгі салалары: Шаш – Испиджаб – Тараз барып, одан әрі оңтүстікке

қарай Төменгі Барсхан – Қасрабас – Құлан – Меркеге өтіп, Жоғарғы Барсхан арқылы Шығыс Түркістанға бағытталды.

Түркілердің ірі сауда орталығы Испиджаб қаласы болды. Шығыс елдерінің барлық саудагерлері осы қалаға келіп түйісетін. Бұл қала феодалдарының саудаға деген мүддесін арттырып, олар ірі базары бар рабад салды. Қаратегін әмірші болып тұрған кезде бұл базардан айына 7 мың дирхем пайда түсіп отырды. Мұндай рабадтар түркілердің басқа бір қаласы Меркеде де салынды.

Бірнеше керуен жолының түйісуі Таразды сол кездегі ірі сауда орталығы етті. Қала солтүстік-шығыс жағында тікелей көшпелілермен байланысты. Таразда басқа елдерден келген саудагерлер де тұрды. Ал Тараздың өз саудагерлерінің де колониялары болды. Мысалы, Исфаханда көп Тараз көпестері тұрып, саудамен айналысты. Тараздың ірі сауда орталығына айналуына оның аймағында қалалардың жиі орналасуы және олардың түрлі ша руашылық пен өнеркәсіп өнімдерін шығаруы да әсер етті. Ұлы Жібек жолында жатқан түркі ақсүйектерінің қаласы Өрнек VIII-X ғасырлардағы Тараз аймағының территориясына енді.

Іле аңғарындағы Талхызға қарай баратын жолдың ашылуына байланысты Шығыс Түркістан, Алтай және Моңғолияға баратын сауда керуендері жиіледі. Ал Испиджабтан түркілердің жазғы жайылымы болып саналатын Кеңгір, Жезді, Нұра сияқты Орталық Қазақстан өзендері бойындағы елді мекендерге қарай баратын сауда жолдары тарады. Бұл жақта саудагерлер қыпшақтар мен қимақтар арасында сауда жүргізе алатын еді.

Талас жазығының Шу алқабына өтер жолда Қасрабас қаласы орналасқан. Соңғы пікірлер бойынша, бұл – Ақыр тас

қалашығы, яғни керуен-сарай болып аталады. Қарлұқ-түркілерінің қаласы екенін Ақыртас айналасында түркі зираттарының көп болуы да дәлелдей түседі.

Іле жазығындағы Қаялық қаласы қарлық түркілері жабғуының бір сауда орталығы болды. Ол туралы Г. Рубрук өзінің саяхатында былай деп жазды: «Келесі күні оңтүстікке қарай орналасқан ірі таулардың жалғасынан асып түскен соң оң жағында биік таулы, ал сол жақта айналасы 25 күндік көл немесе теңіз тәріздес бір алқапқа келіп кірдік. Таулардан ағып жатқан мол су аталған көлге келіп құяды... Жазықта мал бағуға қолайлы болу үшін татарлар басым бөлігін қиратқан көптеген қалалар болды. Біз сонда үлкен Қаялық қаласын таптық» (Путешествия в восточные страны Платона Карпини и Рубрика: 1957: 112).

Түркі қалаларының жер өңдеу шаруашылығымен және көшпелілермен сауда жолдары арқылы тығыз болғанын Шу өзенінің салалары басталатын Сусамыр тауында Түнек қаласының орналасуынан көрінеді. 600х600 көлемде қамалы бар бұл қала Сусамыр тауларынан ба-сталатын бүкіл жайылымдар мен жер өңдеу шаруашылығы жүргізілетін ауданның ортасында, Ири-Су өзені жағасынан орын тепкен.

Шатқал тау тізбектерінде, жазығында және суларының жиегіндегі Тұзащы, Айғыржал, Чаар-Таш, Шұқыршақ, Салық-Бұлақ сияқты елді мекендер түркі тектес тайпалардың аралас, қоралас болып тұрған жерлер еді. Бұлар бір жағынан Ферғана түркілерімен, екінші жағынан Тәңірі таулары мен Ферғананы басып өтетін сауда жолдарымен байланыстыратын болғандықтан да түркі көшпелілері үшін өте бір маңызды аудан болды.

Сауданың өркендеуіне көшпелі түркілердің ықпалы зор болды. Қала тұрғындары көшпелілерден көп мөлшерде жылқы, мал, жүн, шикі тері, киіз, сүт, айран, қаймақ, ірімшік алып отырды. Селжұқ-түркілері құжаттарының бірінде: «...Олардың заттары мен тауарлары отырықшылықтағы адамдардың байлығының, қанағаттанушылығының себебі болып табылады», – деп жазылды» (Волин: 1960: 82-83)

Халықаралық сауда тауарларының біраз бөлігі Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда қалып отырды. Византия, Соғды, Қытайдың әшекей бұйымдары мен қымбат заттарын түркі қағаны және басқа бай ақсүйектер сатып алатын еді. Оған мысал ретінде осы жерлерде археологиялық қазба жұмыстары арқылы табылған византиялық белгісі бар күміс құмыралар мен олардың алтын теңгелерін, сондай-ақ қытай айналарын айтуға болады. Жетісуда орналасқан түркілердің сауда қатынасында Қытай ерекше орын алды. Одан жібек ала отырып, көшпелі түркілер өздерінің шикізат өнімдерін өткізіп отырды. Алайда олар тек шикізат қана апарып қоймай, сонымен қатар өздері жасаған бұйымдарын өткізді. Мысалы, май, тұз, қалқан және найза, сонымен қатар мата мен мускус жеткізілді. Бұл ретте қытай деректерінің түркілер жөнінде олардың сауда ісін жетік білетін саудагерлер екенін растайтындығын еске ала кету орынды.

IX-X ғасырларда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін сауда жолының одан әрі өркендеуіне ислам дінінің зор ықпалы болды. Олар өз қаражаттарын базарлар мен олардың мекемелерін көбейтуге жұмсап отырды.

Түркілердің көшпелі бөлігінде сауданың еркін дамуына сол кездегі түркілердің қонақжайлылығы, меймандостығы көп септігін тигізді. Өйткені түркілер саудагерлерді ерекше күтіп

қарсы алатын және осы арқылы сол саудагерлер еліне барғанда өздері сондай мүмкіндіктер алуына құқылы болды. Сонымен бірге түркілердің саудасында жылқының маңызы зор болды. Жабайы тұқыммен будандастырылған бұл жылқылар төзімділігі жағынан аңға, жорыққа шығуға немесе көшіп-қону жағдайында өте қолайлы болып шықты.

Сонымен, біз қарастырып отырған кезеңде түркілер Ұлы Далада Ұлы Жібек жолының маңызды торабында орналасып, дүниежүзілік өркениетпен тығыз байланыста болды. Мұның өзі отырықшылар мен көшпелілер дүниесінің өзара ықпалдастығы арқылы ғана мүмкін бола алды.

Қалалардың өсуімен бірге этникалық процестер де жедел жүріп жатты. Қала тұрғындарының түркіленуі күшейді. М. Қашғари Баласағұн, Исфиджаб және Отырарда соғдылардың түркі әдет-ғұрпын қабылдап, түркіленіп кеткенін айтып жазады. Қала этникалық процестерінде автохтондық тұрғындардың тілдік ассимиляциялануы ерекше орын алды. Түркі тілдес халықтардың Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өлкесінде билік орнатуы бұрынғы жергілікті тұрғындардың, әсіресе соғдылардың түркі тілімен ассимиляциялану процесі жүрді. Бірақ бұл процесс біркелкі және барлық жерді түгел қамти алмады. Өйткені араб басқыншылары өздері басып алған өлкенің бұрынғы өндірістік әдісіне тиіспей, тек салық алумен шектелген жағдайда жергілікті тілдің ассимиляциялануы тежеліп отырды.

Көшпелі түркі тайпаларға тәуелді қалалар мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері болды. VIII-IX ғасырлардағы Тараз қаласын зерттеу материалдары оның өзіндік экономикасы мен мәдениеті бар Шаш және Соғды қалаларымен тығыз байланыста болғанын дәлелдейді. Таразда көптеген елдің саудагерлері

тұрады, оның қабырғасынан арабша, парсыша және түркіше сөздер естіліп жатады деп деректерде айтылуы қала тұрғындарының этникалық тұрғыдан да біркелкі еместігін байқатады.

Қалалардың өсуіне көптеген саяси, әлеуметтік және экономикалық факторлар ықпал етті. Олардың ең бастылары: Ұлы жібек жолына байланысты сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету көшпенділер мен отырықшылар іргелес отырған жерлердегі шаруашылық пен саяси қарым-қатынас және діни орталықтардың пайда болуы, т.б.

Қарастырылып отырған кезеңде түркілер орналасқан қалалар – қолөнер мен сауда-саттық байланыстарының ғана емес, сонымен бірге көшпелі мал шаруашылығы және жер өңдейтін отырықшылармен байланыстыратын орталық болды. Бұл құбылыстың өркениеттік маңызы өте жоғары болды. Өйткені ол әл-Фараби өмір сүрген кезеңдегі қала-мемлекеттерден тұратын өркениетті Қарахандар мемлекетінің пайда болуының әлеуметтік-экономикалық алғышарты болып табылады. Жетісу, Мауреннахр, Хорасан, Хорезм аймақтарындағы қалаларда отырықшылыққа көшкен көшпелі түркілердің жаңа этникалық топтары пайда болды. Сонымен қатар аталған өңірлердің далалық аймақтары мен оазистерінің түйіскен жерлерінде көшпелілер мен жер өңдеушілердің өзара ықпалдастығына негізделген өркениетті аудандардың қалыптасуына жағдай жасады. X-XI ғасырларда тұрғындардың исламды қабылдауына байланысты қалалар тек экономикалық және сауда орталығы ғана емес, сонымен бірге мәдени орталықтарға айналды.

Қазақстанның Жібек жолы бойындағы қалаларында Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азияның біріне бірі ұқсамайтын

әртүрлі мәдениеттері өзара ықпалдасу арқылы бірін-бірі байытуына, нәтижесінде әлемдік өркениеттік сипатқа ие болуына қолайлы жағдай жасалды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Әл-Мақдиси. Китаб әл-бад ва-т-тарих. – Париж, 1899

Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия . Соч. – Т. 1. – М., 1963. – 270 с.

Бичурин Н.Я.Собрание сведений о народах,обитавших в Средний Азии в древние времена. – Т. 1-3. – М.-Л., 1950-1953. С.355

Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVI веков о долине реки Талас и смежных районах. // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. ТИИАЭ АН КазССР, 8-й том. – Алма-Ата, 1960.

Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVI веков о долине реки Талас и смежных районах//Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. – ТИИАЭ АН КазССР, 8- том. – Алма-Ата, 1960. – С. 78-81.

Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. Фрунзе: АН Киргизской ССР, 1959. – 188 с.

Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. Редакция, вступительная статья и примечания Н.П. Шастиной.// М.: Гос. изд-во геогр. лит-ры. 1957. 272 с. + карта.

Толстов С.П. Генезис феодализма в кочевых скотоводческих обществах // Известия ГАИМК. – Вып. 103. – М.-Л., 1934. – С. 165-190.

Шарденова З.Ж. Архитектурные особенности жилища средневекового Талгара //Маргуланские чтения (СБ. материалов конференции) Алма-Ата,1989.

5.2. Ұлы Жібек жолының батыс бағыты және Иранның Жібек жолы саудасына кері әсері

а. Жібек туралы қысқаша шолу және жібек саудасының басталуы

2000 жылдық тарихы бар, алғаш рет б.з.д II ғасырда бастау алған Жібек жолы XIX ғасырдың аяғында көпшілік зерттеуіне ілікті². Бұл – Шығыстың жібектен жасалған өнімдерді, одан бөлек құнды тауарларды сыртқы нарыққа шығаруына арналған, ал Батыстың аталған өнімдер мен тауарларды сатып алуға әрекет жасаған керуен жолы. Яғни бұл сауда желісі – Шығыс үшін емес, Батыс елдерінің қажеттіліктерін ескере отырып жасалған бастама. Батыста «жібек», «жібек халқы», «жібек елі» мағыналарында қолданылатын «Жібек» сөзі, Геродот еңбектерінен бастап грек және латын тілдерінде «Серес» қолданысына ие болған. «Серика» сөзі «жібек елі» деген мағынаны білдіреді. Керуен жолының 2000 жылдық тарихы болса да, «Жібек жолы» терминінің алғашқы қолданысы XIX ғасырда пайда болды. Фердинанд фон Рихтофен (1833-1905) есімді неміс ғалымы 1877 жылы бұл терминді ғылыми

² Ұлы Жібек жолының 2000 жылдық тарихы үшін қараңыз Christian, 2000: 80-82.

айналымға алып келді. Бұдан кейін Батыста да, Шығыста да бұл атау кең тарала бастады.

Жібек тарихы әлдеқайда ертеден бастау алады. Жібек өндірісінің нағыз Отаны біздің заманымыздың V-VI ғасырларын қамтитын кезеңдегі Қытай еді. Кейбір археологиялық қазба жұмыстарының деректеріне сәйкес жібектің шығу тарихы б.з.д. 3 ғ. қамтиды. Жібек жіптерін тоқу шамамен б.з.д. 2700 жылдары қолданылған деген жорамалдар да бар. Мыңжылдықтың екінші жартысына дейін жібек Қытайдың өзіне ғана тән, сыры ашылмаған тауары ретінде көрініс тапты (Ferguson, 1978: 589). Санскрит жазбаларына сәйкес үнділер б.з.д. IV ғасырларда өмір сүрген. олар жібек өндірісі туралы хабардар болған секілді (Rtveladze, 1999: 12; Frye, 2009: 165-166). Жібек өндірісі біздің дәуіріміздің I ғасырында басталды. Шығыс Түркістандағы Хами жеріне, Кореяға, тіпті Жапонияға, содан соң, Турфан оазисі мен Хотанға кірді (Rtveladze, 1999: 12). Б.з.д. III ғ. басында қытайлар жібектен қағаз өндірісіне көшті. Сонымен қатар олар алғашқы сәнді Жібек қағазын шығара бастады. Жібек көйлектерді кию Қытайда сән-салтанат деп саналды. Цин әулеті (1644-1911) билігіне дейін шаруаларға жібек көйлек киюге қатаң тыйым салынған. Бірақ барлық сақтық шараларына қарамастан, 419 жылы жібек құрты Қытай ханшайымының шашына тығылып, Шығыс Түркістандағы Хотанға жасырын түрде көшті (Watson, 1983: 549). Содан кейін Орталық Азияның басқа елдеріне, Иранға және осы уақытта Жібек өндірісі басталған Византия империясына таралды. Алайда бұл аймақтарда жібектің сапасы төмен болуы, ал басқа жерлерде өндіріс қымбатқа түсуі Батыс елдерін Қытайдан жібек сатып алуға және сәйкесінше Қытаймен сауда жолдарын зерттеуге итермеледі.

Жібек жолы – бірнеше жол желісі. Біздің дәуіріміздің 107-114 жылдар аралығында өз жұмысын жазған Маринус Тирлидің мәліметтері бойынша, Маес Титиан өз адамдарын осы жолдың учаскелері мен «қашықтық тастарын» зерттеу үшін Шығысқа жібереді. Теңіз арқылы олар Парфия елінен Орта Азияға құрлықпен саяхаттайды. Өйткені олар Кушан еліне кіре алмады. Олар әкелген ақпарат кейінірек екінші дүниежүзілік соғыс кезінде алынды. XIX ғасырдың ортасында географ Клавдий Птоломей арқылы берілді (Warmington, 1974: 99; Ferguson, 1978: 594; Rtveladze, 1999: 23; Tezcan, 2004: 208). Осы дереккөздерден алынған ақпаратқа және Рихтофеннің жіктелуіне сәйкес Жібек жолы төрт негізгі жолмен бірге кіші тармақтарға бөлінеді. Жол негізінен Батыс және Шығыс екі негізгі аймаққа бөлінетіні түсінікті, мұнда Батыстан Шығысқа қарай өтетін жол қазіргі Шығыс Түркістанның Шығыс-Батыс жолымен қиылысады, Памир тау бөктерінде (Таш-Курган) екі аймақтан да тауар алмасу жүзеге асырылады.

Қытай әулеттерінің, олар шығарған Жібек тауарлардың және басқа да қытайлық тауарлардың батыста қаншалықты дамығаны тек екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде белгілі бола бастады. Бұл туралы қытайлардың өздерінде де еш ақпарат болмады. Қытайдың бұл туралы білуге алғашқы әрекеті Император Удидің (б.з.д. 140-87 жж.) кезінде б.з.д. 136 жылы Батысқа саяси мақсатпен жіберілген елші Чжан Цяннан басталды. Бірақ бұл кезде Қытайда қашықтықта мұндай сауда саясаты болған жоқ. Бұл қызмет Қытайдағы Хань әулетінің билігінің соңында басталды (б.з.д. 206 - б.з. 220 ж.) және Қытай Рим империясымен тікелей сауда жасау үшін қаражат іздейді.

Рим империясы мен жалпы Батыстың жібек өндірісі туралы алғашқы мәліметтері Аристотельден басталады (б.з.д.

384-322). Ол жәндіктерден алынған жібек туралы айтқанымен (*Historia Animalium*, V. 11, 19), берік, жұқа және әдемі тоқуды қалай жасау керектігін білмеген болуы мүмкін (Frye, 2009: 166). Оның шәкірті, македониялық Александр, Ахеменидтер империясына (Персия) қарсы шығысқа қарай жорыққа шыққан кезде соңғы император III. Дарий мен парсы сарайы жібекті пайдаланды. Геродот парсылар қолданған ортағасырлық маталар туралы айтқан кезде жібек маталарға да сілтеме жасауы да бекер емес еді. Осыған байланысты Жібек өндірісі Иранда ежелгі дәуірден бері белгілі болған сияқты. Бірақ бұл жібектің Қытай жібегінен айырмашылығы, жабайы жібек болуы. Олардың арасындағы айырмашылық матаның түстерінің сәйкес келмеуі (Haussig, 2001: 82). Жібек тулар мен жалауларды әскери мақсатта қолдану үшін де қолданылған. Мысалы, римдіктер Парфия туын «*vexilla serica*» деп атаған, яғни жібектен жасалған жалау деген мағынаны білдіреді (Haussig, 2001: 85). Сондай-ақ, Александриядағы эллиндік кезеңнен бастап маталар жылтыр жіптермен тоқылған, ал элиталық әйелдер Египет патшайымы VII. Клеопатра жасаған жартылай тартылған көйлектер киген. Солардың ішіндегі ең танымалы Мысыр патшайымы Клеопатра еді (б.з.д. 51-30) (Haussig, 2001: 83-84).

Жібек бұйымдары б.з.д. 46 жылы Рим империясына ене бастады, ал б.з.д. 30 жылы Египетті жаулап алғаннан кейін Рим Шығыспен тікелей сауда жолдарын зерттей бастады. Олар бұл туралы білгенге дейін парфиялықтар Жібек бұйымдарын Римдіктерге қайта сатты, бұл оларға өте қымбатқа түсті. Осыған байланысты Рим арасында Жібек тауарларын сатып алуға және алып жүруге тыйым салу туралы жарлықтар шығарды. Тарихшы Плинийдің айтуынша, Рим Үкіметі ақсүйектер отбасы мен бай, сәнді ұнататын әйелдердің қажеттіліктерін

қанағаттандыру үшін Үндістанға, Шығыстың құнды және сәнді тауарларына, әсіресе Үнді дәмдеуіштеріне қол жеткізу үшін алтын жеткізіп отырған және сатып алған. Өйткені ол кезде Жібектің құны алтынмен өлшенді. Рим және Византия сияқты батыс мемлекеттері, Парфия, Сасанидтер, Кушандар және Қытай секілді өркениеті қалыптасқан Шығыс мемлекеттері Жібек тауарларын экономика мен сән-салтанатқа деген сүйіспеншіліктің көрсеткіші ретінде ғана қарастырған жоқ. Оларды көшпелі, «варварлық» тайпаларға көрсету үшін, сонымен қатар бағынғысы келген, жалдамалы сарбаздарды жинағысы келген көрші мемлекеттерге, өздерінің алып, бай елдермен сауда қатынастары бар екендігін, олармен достық қарым-қатынаста екендіктерін, қажет болған жағдайда бұл тауарларды көшпенділердің басшыларына әр түрлі мақсаттармен беру үшін өз қолдарында ұстады. Мысалы, «варвар» князі Византиямен достық қарым-қатынаста болған кезде, оған немесе оның елшілеріне Жібек маталары мен асыл тастар, дәмдеуіштер және басқа да Шығыс тауарлары берілді (Неуд, 2000: 21). Ғұн немесе түркі дворяндары Қытайды өз жағына тарту үшін және қытай императорлары немесе билеушілері де жібекті саяси мақсатта пайдаланды.

в. Жібек жолының батыс бағыты

Бізде батыстағы Жібек жолының жағдайы және оның алдындағы кезеңдердегі негізгі бағыты туралы ешқандай деректер жоқ. Бірақ біз Ахеменидтер империясының алдындағы және оған дейінгі классикалық кезеңдерде де батыстағы мемлекеттер мен мәдениеттердің Шығыспен сауда жасап, осылайша шығыстан батысқа өте құнды тауарлар, қалайы мен

лапис лазули алғанын білеміз. Батыстағы Рим империясы мен Шығыстағы Персиядағы Парфия империясының дәуірі Батыстың Шығысқа және Жібек жолындағы саудаға қызығушылық таныта бастаған кезеңі ретінде қарастырылады. Жібек жолының бағытын білу үшін Шығысқа барған зерттеушілер де осы парфиялықтар кезінде саяхаттаған.

